



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№10, ҚАЗАН, 2013

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ

Мұхтар ӘУЕЗОВ. Оқудағы құрбыларыма.....3

ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМҒА БАРАР ЖОЛДА

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ. Еуразия ХХІ ғасырда: Жаңару арқылы көшбасшылық.....4

Сайын БОРБАСОВ. Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттары.....10

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Жания ӘБДІБЕК. «Қазіргі қазақ мәселесі».....16

КЕЛЕЛІ КЕҢЕСКЕ ОРАЙ

Сәбетқазы АҚАТАЕВ. Ұлтшыл болу ұят па?.....23

Ерғали ОМАРҒАЗЫ. «Біз бір ұлтты, полиэтносты мемлекетпіз».....25

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Жарылқасын БОРАНБАЙ. Берекет мырза, Сізге айтам, басқаларға да ой салсын.....28

ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ

Сейілбек МҰСАТАЕВ. Қазақ әртүрлі мәдениет пен өркениеттің жетегінде кетпей ме?.....37

ТАЛҚЫ

Назгүл САПИЯНОВА. Нәзір мен Сәкен неге келісе алмады?.....43

ДҮНИЕТАНЫМ

Саясат КӨКЕНАЙ. Сәләф және Сәләфилік ұғымдары арасындағы айырмашылықтар...52

ТАНЫМ

Бекжан БЕЙСЕНБАЙ. Пирамидаларды салған кім?.....56

БІРТУАР

Болат ЖҮНІСБЕКОВ. Отасу.....61

Сейфолла ОСПАН. Тахаңның ұлағаттық қасиеттері.....68

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА	
Бердалы ОСПАН. Жиып-тергендер, көңілге түйгендер.....	77
СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ	
Еділ ЖАҢБЫРШИН. Ақтау ауылынан Ақтау қаласына дейін.....	84
ЖАЗУШЫ КЕЛБЕТІ	
Сәрсен Бек САХАБАТ. Айтары мол «Ақтолғай».....	88
ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
Сайлау БАЙБОСЫН. Екі шығарма-бір оқиға немесе «Жантай батыр» мен «Батыр Баян» дастандары жайлы.....	92
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Құрманғали ДАРКЕНОВ. Күдері ақынның көңіл айтуы.....	97
Айсұлу ӘЛМАШ. Орталық Азияның экологиялық жағдайы.....	100
ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ	
Мендолла ШАМУРАТОВ. Ұялы байланыстың ұяты қайда?.....	104
ОҚЫРМАН ХАТЫ	
Аятжан АХМЕТ. Ұлт болам десең, ұстазыңның халін біл!.....	108
ТАРАЗЫ	
Айман ҚҰЛПАТШАЕВА. Адам ағзасы сауда-саттыққа түсетін тауар емес.....	112
ЖЫЛ – ОН ЕКІ АЙ	
Қараша.....	114
Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	116

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАН, Ерлан АРЫН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТ-ТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӨТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Шәрипа БЕКМАМБЕТОВА (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184

ОҚУДАҒЫ ҚҰРБЫЛАРЫМА

Өзіміз көріп жүрген қандай үлкен нәрсені алсақ, сол үлкенді үлкен қылып тұрған, біраз ғана жиылып шоғырланған алғы кішкене нәрсе. Осы кішкене нәрселер мықты болса, ана үлкендеріміз де мықты болмақ. Ол морт, сынғақ осал болса, әлгі үлкен нәрсе де осал болмақ. Бұл бірді-бірге себеп қылып тізіп, жалғастыра жаратқан жаратушының шебер қолының дүниенің ісіне кіргізген өзгеріссіз жолы.

Жә, осыған қарағанда ұлт тізгінін ұстап тұрған оқығандарымыз, солардың істерінің таудай болып үлкейіп, дабырайып көркеймегіне не шарт? Әрине, бірінші – сол оқығандардың бірлік, берекеде болып шоғырланбағы шарт. Екінші – (олардың) істері маңызды, орнықты, табанды болуы үшін әрбір оқығанның ақтығы, екпіні, білімі (шарт). Рас туғаннан білімді, ұлт ісіне екпінді ақжүрек болып туа қоймалық, бірақ, алдыңғы оқыған қамқор ағалар не ойлап, нені істеп, нені арман қылып жүр. Соны біз істемесек те білу, бетін ұғу керек емес пе?

Біздің мақсатымыз – мал табу, шен тағу емес, надандық неше батпан (болып), үстіне артылып зілдей қылып жатқан ауыр халқымызды өрге сүйреудің әдісін, тәсілін табуға тырысу керек екенін ұмытуға жөн бе? Қашан да болса адам махаббат, мархамат, ақтыққа жастай шөлдесе, жастай сағынып талпынса сүйеге, ұлтшылдыққа, адамшылыққа жеткізбекші емес пе?

Бұл жүректің сіңіргіш таза уақытын өткізіп алсақ, үлкейгенде жыласақ та, қалай өзімізді күйінішке жегізсек те әлгі нәрселер келер ме?

Осы туралы өзіміз ретті оқып жүрген бір буын құрбыға айтатын аз назымыз бар. Бұл мезгіл халқымызға ақыры тез. Бұдан кейінгі мінез өмір бойы мінез болып қалады емес пе? **Осыған қарағанда біздің көбімізде халыққа мінезімен жақсы болмақ түгіл, оқығандар деген атқа кір жұққызатын, жаман мінездер көп. Оның бірі – карта, газет бетіне қарамайтын, қазақ ісінен хабарсыздық, басы құралмайтын берекесіздік, үзілмейтін маскарад. Жас уақытын мұнымен өткізген жігіттің үлкейгенде отты, қажымайтын отаншыл болуы дүдәмал.**

Жігіттер! Ендігі уақыт жазғытұрғы күншуақтай жанға жайлы емес пе? Осы рахымды күннің жылуына қызып біз де аз ғана білімімізді, аз ғана қайратымыздың кішкене қызметін адамшылық жолына салып, ақтыққа жұмылайық. **Қала-қаладан ұйым ашалық. Халықты түзетуді жол қылайық. Бұрынғы жаман әдетті тастауға тырысалық, әйтпесе болыстық тигізетін інілеріміз жетіп келеді деген алдыңғы ағалардың қуанышын күйінішке айналдырып, «қарғайын десе жалғыз, қарғамайын десе жалмауыз» болып жүрмелік. Онда біздің оқымағанымыз, болмағандығымыз артық.**

Мұхтар ӘУЕЗОВ.

1917 жыл, 14 қыркүйек «Сарыарқа» газеті

Өткен қыркүйек айында Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Дамушы нарықтардың Еуразиялық форумы болып өтті. Форум мәжілістеріне Азия, Еуропа, Африка, Латын Америкасындағы 35 елдің ұлттық банктерінің басшылары, қаржы, экономика, индустрия, сауда министрлері, сондай-ақ, Халықаралық валюта қорының, Бүкіләлемдік банктің, Азия даму банкінің, Африка даму банкінің, Еуропа қайта құру және даму банкінің, БҰҰ құрылымдарының басшылары қатысты. Форумға ҚР Елбасы Н. Ә. НАЗАРБАЕВ қатысып, сөз сөйледі.



Н. Ә. НАЗАРБАЕВ:

ЕУРАЗИЯ ХХІ ҒАСЫРДА: Жаңару арқылы көшбасшылық

Мүмкіндіктер көкжиегі кеңеюде

Дамушы нарықтардың Еуразиялық форумына қош келдіңіздер:

Былтыр желтоқсан айында мен «Қазақстан-2050» Стратегиясын жария еттім. Ол Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің біріне айналуын көздейді. Бұл мақсатқа жетуге еліміздің толық мүмкіндігі бар. Біздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріміз бұған айқын дәлел бола алады.

Кеңестік экономиканың күйреген дағдарысы біз үшін өзінің ауқымы жағынан Америкадағы Ұлы күйзеліспен бірдей болды. Республиканың тәуелсіз мемлекет ретіндегі өміршендігіне, оның шекараларын сақтау мен қауіпсіздігіне күмән келтірілді. Бірақ біз бұл қиындықтарды еңсердік. Жаңа өңірлік және жаһандық дағдарыстарға қарамастан, біз өз елімізді жаңғырту жолымен сенімді алға бастық. Біз өз болашағымызды дербес, сындарлы және батыл түрде қалыптастыра бастадық. Енді, Қазақстанда жаңа жетістіктер үшін берік іргетас қаланған кезде, біз өз мүмкіндіктеріміздің көкжиектерін кеңейтудеміз. Біз өзіміздің бәсекелестік артықшылығымызды нақты сезінеміз және оларды экономикалық және әлеуметтік табыстарға қалай айналдыру керектігін білеміз. Біз зор аумаққа, бай табиғи ресурстарға, кең ауқымды ауылшаруашылық алқаптарына және жел мен күн энергиясын дамытудың айтарлықтай әлеуетіне иеміз.

Біз макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз еттік. Жоғары экономикалық өсім тұрақты сипатқа ие болды. Біз мұнай табыстарын басқарудың тиімді саясатын жүзеге асырудамыз. Бүтіндей алғанда елдің алтын-валюта резервтері – 90 миллиард АҚШ доллары. Бұл – еліміз экономикасының 30 пайызға жуығы. Біз толыққанды нарық экономикасы мен демократиялық қоғам қалыптастыру үшін қажетті арқаулық институттар құрдық. Біз инвестициялық және бизнес-ахуалдың көптеген қырлары бойынша өңірде көш басында келеміз. Қазақстанның халқы өсуде. Өмір сапасы мен азаматтар денсаулығының жағдайы жақсаруда, өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа жетті.

Елде жоғары білікті мамандар үлесі артуда. Біз арнаулы зияткерлік мектептер, кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту жөніндегі холдинг және әлемдік деңгейдегі университет құрдық. Біз дамыған елдердің үздік білім беру үлгі-қалыптарына қарай батыл бет алып келеміз. Бүгінде әлем Қазақстанды өзара тиімді ынтымақтастық пен интеграцияны жақтайтын бейбітсүйгіш ел ретінде біледі.

Бізге елдің дамуы жолында ықтимал тосқауылдарға айналуы мүмкін кедергілер жақсы мәлім. Бізде халық тығыздығы төмен – қазақстандықтардың жартысына жуығы ауылдарда тұрады. Көптеген елді мекендер экономикалық өсу орталықтарынан тым шалғай орналасқан.

Бұл сапалы білімге, білікті медициналық жәрдем алуға, өндіріспен айналысуға, инфрақұрылымға жаппай қолжетімділік мүмкіндігін шектейді.

Біз әлі де «голланд ауруының» даму тәуекелі аймағында тұрмыз. Ел экономикасы әлі де өндіріс пен экспортты әртараптандыру үдерісінде тұр. Тікелей шетел инвестицияларының негізгі көлемі экономиканың өндіруші секторына тиесілі.

Біз еңбек өнімділігінің салыстырмалы түрде алғандағы төмен деңгейінде экономиканың жоғары энергия сыйымдылығын мұра етіп алдық. Көлік, тұрғын үй-коммуналдық және инфокоммуникациялық инфрақұрылым жаңғыртуды қажет етеді. Кедргілер – дамуды тежеуге себеп емес, бірақ өзінді өзін жетілдіру үшін жақсы себеп.

«Дамыған ел» – күрделі және көп өлшемді ұғым

Бүгінде «Дамыған ел дегеніміз не?» деген сауал барған сайын жиі қойылуда. Мен дамыған ел күрделі және көп өлшемді ұғым деп ойлаймын, деп жалғады сөзін Н. Назарбаев. Бүгінде отыздыққа кіретін дамыған елдер – жан басына шаққандағы ІЖӨ көлемі неғұрлым жоғары елдер. Бірақ бұл бар болғаны, ел дамуының сапалық өзгерулерін бейнелемейтіні үшін көптеген сарапшылардың сынына ұшыраған сандық көрсеткіш қана. Дамыған елдердің бәрі де қызмет көрсету секторы басымдыққа ие, өнімділігі жоғары, ғылымы жетілген елдер болып табылады.

Ғылыми білімдер мен өнеркәсіптің жоғары технологиялық секторы экономикалық өсімді қамтамасыз етуде негіз қалаушы рөл атқарады. Дамыған ел туралы бүгінгі түсінікті басшылыққа алар болсақ, Қазақстанның алдында дамуда тек сапалы серпіліс жасау міндеті ғана тұрған жоқ. Үдемелі және жан-жақты қамтыған жаңғыртулар қажет. Сараптамалық бағалаулар бойынша, жаһандық трендтердің ықпалы таяудағы 15-20 жылда Қазақстан үшін қолайлы болмақ. Мұның өзі бізге қысқа мерзімде барынша үлкен нәтижелерге қол жеткізу үшін дәл 15-20 жылға «мүмкіндіктер терезесін» бермек. Дамыған елге деген қазақстандық жол әркімнің де өзін өзгертуге, Қазақстанды өзгертуге және оны жаһандық әлемнің бір бөлігі етуге деген тілегінен бастау алуы тиіс. Жаңа сапалық дамуға деген тілек – ұлттың таяу онжылдықтардағы басты идеясы міне осы.

Біз әлемдегі дамудың түрлі нұсқаларына дайын тұрып, неғұрлым дамыған отыздыққа ену жөніндегі мақсатқа жету үшін икемді саясат қалыптастыруымыз қажет, деді Елбасы. Беймәлім әлемде табысқа жетудің кілті болып жатқан өзгерістерге сай тез әрі дұрыс әрекет ету және әлем қалай тез өзгерсе, дәл солай өзгеру мүмкіндігінде жатыр. 2050 жылы әлемнің қандай

боларын ешкім де дәл болжап айта алмайды. Кейбір елеусіз оқиғалардың трендтер күйінде қалыптасып, ал кейбір трендтердің күтпеген жерден, мүлде беймәлім жақтан шыға келуі мүмкін. 1970-ші жылдары ешкім де Қытай 40 жылдан кейін әлемнің екінші экономикасы болады деп ойлаған емес. Ешкім Кеңес Одағының күйреуі мен Жапонияның «жоғалған екі онжылдығын» білген де жоқ. Қазір де дәл солай. Әлемнің шынайы бейнесінің болашақта мүлде басқаша болып шығуы мүмкін.

Неғұрлым дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ғылымды қажет ететін экономикаға көшу ғана экономика өсімінің икемділігін, ырғақтылығы мен тұрақтылығын және бүтіндей елдің әл-ауқатын бір мезгілде қамтамасыз ете алады. Сондықтан Қазақстанның әлемнің дамыған елдерінің отыздығына енуі ғылымды қажет ететін экономика қалыптастыруға негізделуі тиіс.

Қажетті қағидаттар – ынталандырушы күш

Ашық нарықтық экономика, меритократия, әріптестік пен прагматизм, құқықтың үстемдігі, инклюзивтілік, сол сияқты инновациялар арқылы үнемі құрылымдық өзгерістер жасау ғылымды қажет ететін экономика қалыптастырудың қағидаттарына айналуы тиіс.

Бұл қағидаттар азаматтардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асырулары үшін және кәсіпкерлік бастама үшін қажетті ынталандырулар жасайды. Олар әркімге тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер береді. Олар барша үшін де бірдей ойын ережелерін қалыптастырады, еркіндік, адал бәсекелестік пен әділеттілік ахуалын туғызады. Олар үнемі жаңа білімдерге ұмтылу үшін, кәсібиліктің өсуі үшін ынталандырулар жасайды. Біздің бүкіл саясатымыз бен барлық шараларымыз соларға бағынып, солармен нақты келісілген болуы тиіс.

Екі ең маңызды басымдық жаңа экономикалық саясат үшін арқауға айналуы тиіс. Ол, біріншіден, инновациялардың басты қозғаушысы – адамның дамуы үшін барлық қажетті жағдайлар жасау. Екіншіден, бизнес пен кәсіпкерлік бастамаларды дамыту үшін жағдайлар жасайтын институттық ортаны жетілдіру, дей келіп Президент бірінші кезекте адам капиталын дамытуға назар аударды. Білім беру ғылымды қажет ететін экономика құрудың шешуші құралы ретінде білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі жаңа сапаға бағдар ұстануы тиіс. Ол – барлық балалар үшін, соның ішінде ата-аналарының әлеуметтік мәртебесі мен материалдық әл-ауқатына қарамастан, 3 жасқа дейінгі балалар үшін мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиенің қолжетімділігі. Ол – орта, кәсіптік-техникалық және жоғары білім беру сапасының жоғары деңгейі. Білім беру жүйесі тек білім беріп қана қоймай, сонымен

бірге оларды тәжірибеде қолдану үшін қажетті дағдылар да қалыптастырып, оқытудың қазіргі заманғы тәсілдерін тұрақты түрде енгізіп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалануы тиіс.

Бізге кәсіптік-техникалық білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыру қажет, деп жалғайды сөзін Елбасы. Астана мен Алматы қалаларында кем дегенде әлемдік деңгейдегі екі колледж салу біздің жоспарымызда тұр. Бізге бүкіл өмір бойы оқытуды енгізе отырып, еңбек рыногындағы құрылымдық өзгерістерге кідіріссіз жауап беріп отыру қажет. Жоғары білім беруді ғылымды қажет ететін экономика сұраныстарына бейімдеу үшін бізге университеттердің, ғылым мен бизнестің ықпалдастығын қамтамасыз ету қажет. Міндет білім берудің әрбір деңгейінің экономикада да, сонымен бірге өмірде де қажет болатын білімдер мен дағдыларды беруінде тұр. Қазіргі заманғы педагог кадрларды даярлау біз үшін білім беруді дамытудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Біз мұғалімдер біліктілігін арттыру, олардың кәсіби өсуі үшін ынталандырулар жасау және мұғалім кәсібінің қоғамдағы беделін арттыру жөнінде кешенді шаралар қабылдау жолымен келеміз.

Адам капиталы – басты байлығымыз

Адам капиталының дамуы көбіне-көп өмір сапасын – денсаулық сақтау жүйесінің сапасы мен саламатты өмір салтын арттыру үшін жағдайлар жасауға байланысты, деп атап өтті Елбасы. Елдің әрбір тұрғыны таза суға, ауаға және толыққанды биоресурстарға қол жеткізе алуы тиіс. Денсаулық сақтау жүйесінің сапасын арттыру үшін бірінші кезекте біз аурудың алдын алуға және науқастарды ерте анықтауға басымдық береміз. Бастапқы медициналық-санитарлық жәрдем бүкіл қалалық және ауылдық елді мекендерді қамтып, біздің денсаулық сақтау жүйеміздің негізіне айналуы тиіс. Бізге мемлекеттің, жұмыс берушінің және қызметкердің өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидатын енгізу қажет. 2015 жылдан бастап бізде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жұмыс істей бастайды.

Екінші кезекте Президент институттық ортаны жетілдіру мәселесін атады. Біз экономикалық және саяси-құқықтық институттардың икемді және тиімді жүйесін құруымыз қажет. Олардың бірінші кезекті міндеті – кәсіпкерліктің дамуы үшін, әр азаматтың өз мүмкіндігін жүзеге асыруы және олардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін қолайлы орта қалыптастыруды және сақтауды қамтамасыз ету.

2008 жылғы дағдарыс мемлекетті экономикалық үдерістерді реттеуде неғұрлым белсенді рөл атқаруға мәжбүрледі. Ұзақ мерзімді және тұрақты даму үшін мемлекеттің рөлін төмендету

мен нарықтық тетіктерді күшейтудің баламасыз нұсқа болып табылатыны түсінікті. Өнеркәсіп пен инфрақұрылымдық кәсіпорындардағы мемлекет меншігінің үлесін біз тұрақты түрде қысқартып отыратын боламыз. Жекешелендірудің жана сатысы, «Халықтық IPO», сол сияқты құнды қағаздардың үнемі жүзеге асатын қосымша эмиссиялары бұл бағыттағы негізгі шаралар болмақ.

Біз бизнесті жүргізу жағдайларын одан әрі де жетілдіріп, кәсіпкерлік бастамашылықты дамытуға жағдай жасауға тиіспіз. Ол үшін бізге әкімшілік кедергілерді азайту жөніндегі саясатты жүзеге асыруды жалғастырудың маңызы зор. Бірінші кезекте халықаралық саудадағы кедергілерді жойып, кедендік әкімшілендіруді жетілдіру және бүтіндей алғанда сыртқы сауда қызметін реттеу қажет. Экономикадағы құрылымдық өзгерістер, ғылымды қажет ететін экономикаға көшу зияткерлік меншікті қорғаудың маңызын күшейте түседі. Осыған байланысты біз үшін зияткерлік меншік нысандарын қорғау құжаттарын тіркеуді жеңілдету мен жеделдету жөніндегі жұмыстардың маңызы зор.

Нарық экономикасындағы тиімділікке, қоғамдағы әріптестік пен прагматизмге қарым-қатынастардың орталықсыздандырылған жүйесі арқылы қол жетеді.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді айқын шектеу, жергілікті бюджеттердің кіріс көздерін нығайту және жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту өмір деңгейін өңірлік дәрежеде теңдестіру мәселелерінің шешімі болуы тиіс. Бұл мәселе мектептер, ауруханалар, ЖОО-лар қызметінің дербестігін арттыруға да қатысты. Қамқоршылық кеңестер құру тәжірибесін тарату да біздің жоспарымызда тұр. Біз оларға үлкен дербестік бере отырып, мемлекеттік сектордың ұйымдарында корпоративтік басқару тәжірибесін дамытатын боламыз. Бірақ бұл ретте ол ұйымдар қызметінің нәтижелеріне стратегиялық бақылау жасаудың маңызы үлкен.

Заң үстемдігін толық сезіндіру парыз

Заңның үстемдігіне мемлекеттік басқарудың тиімділігіне, сот жүйесінің мөлдірлігіне және баршаның да заң алдында тең екендігін толық сезінумен кепілдік беріледі. Сот жүйесі теория жүзінде емес, іс жүзінде қолжетімді және мөлдір болып, дауларды қарапайым әрі тез шешуі тиіс. Соттардың кәсіптік міндеттерін адал және таза атқаруы, сот шешімдерін қабылдаудағы олардың тәуелсіздігі бұзылған құқықтардың тиімділікпен қалпына келуіне кепілдік береді. Ол қоғамда соттың әділдігіне, туралығы мен тәуелсіздігіне деген сенімді нығайтады. Бұл – біздің міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлықты жою – кәсіпкерлік бастамашылықтың өсуі мен елдің әр азаматының

шығармашылық дамуына бастайтын басты алғышарттардың бірі. Біз құқық қорғау жүйесіне кешенді институттық реформа жүргізіп, адамның өз міндеттерін адал атқаруына ықпал ететіндей жаңа институттар мен қарым-қатынастар жүйесін құратын боламыз. Бұл талаптардың бәрі Үкімет таяу уақытта Парламентке енгізетін жаңа Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде шешімін табады.

Демократия жолындағы ауқымды қадам

Бізге мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру қажет.

Мемлекеттік қызметте меритократия қағидаттарын тереңдету, «әлеуметтік лифтілер» құру, кәсібилікті нығайту, оның ішінде «А корпусының» тиімді менеджерлерін қалыптастыру есебінен нығайту принципті тұрғыда маңызды.

Биыл Қазақстанда 2,5 мың дерлік аудандық маңыздағы қалаларда, ауылдық округтерде, кенттер мен ауылдарда әкімдер сайлауы өткізілді. Бұл қоғамды одан әрі демократияландыру жолындағы ауқымды қадам. Біз одан әрі де жергілікті өзін-өзі басқару институтын нығайта отырып, демократиялық реформаларды сатылап тереңдете беретін боламыз.

Мақсат – жайлы және қауіпсіз қалалар қалыптастыру

Институттық ортаны жетілдіру мен адам капиталын дамыту біздің елімізге ұзақ мерзімді перспективада ғылыми ауқымды экономика мен бәсекелестік қалыптастыру үшін берік іргетас қалайтынына сенімдімін. Осы екі басты басымдық таяудағы онжылдықта басым бағытқа ие болулары тиіс. Институттар мен адам капиталының күшті базасы Қазақстан ұзақ мерзімді перспективада ауқымды өзгерістерді жүзеге асырып, жаһандық өзгерістерге қарсы тұра алатын негіз болады.

Енді аумақтық даму туралы.

Бұл – біздің ұлан-байтақ аумағымызды және тұрғындардың сирек қоныстануын есепке алғанда маңызды мәселе. Біздің таңдауымыз – қала агломерацияларын – экономикалық өсім нүктелерін оларға жапсарлас жатқан спутник-қалалармен қоса дамыту. Еліміздің ұзақ мерзімді мақсаттары әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті төрт агломерация-мегаполиспен бірқатар «ақылды», «жасыл», жайлы және қауіпсіз қалалар қалыптастыру болады. Бұл ғылыми ауқымды экономика қалыптастырудың қолға ұстарлықтай қаңқасы болады.

Өзге елдердің тәжірибесі инновациялар ірі қалаларда дамиды деп үйретеді. Тұрғындардың тығыз қоныстануы, инфрақұрылымдардың әртараптандырылуы мен дамуы, адам капиталы білім алмасу мен таратуды күшейтеді. Бұл

өзгерістер инновациялар мен экономиканың жаңа бағыттарының туындауы үдерістеріне ықпал етеді.

Біздің аса ірі қалаларымыз – Астана мен Алматы агломерация орталықтары бола алады. Оларға басқа қалаларды да қосуға болады. Бұл қалаларда шағын және орта бизнес белсендірек дамыса, оларда еңбекке жарамды халықтың үлкен үлесі тұрады, оларда барынша дамыған инфрақұрылымдар бар. Енді біз олардан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін, инновациялар мен кәсіпкерлікті дамытатын ірі орталықтар қалыптастырып, интеллектуалдық-инновациялық кластерлердің немесе ғылыми парктар деп аталатындардың желісін құруымыз керек.

Алғашқы интеллектуалдық-инновациялық кластер бізде қазірдің өзінде Астанадағы Назарбаев университеті арқауында қалыптастырылуда. Кейін аталған тәжірибе басқа агломерацияларға көшірілуге тиіс. Олар жоғары сапалы білім беруді, ақпараттық және көліктік қызмет көрсетуді ұсыну, бәсекелестіктің интенсивтілігі, сондай-ақ инвестициялар үшін жағымды жағдайлар есебінен ел тұрғындарын тартудың орталықтары болуы тиіс. Осы өсу орталықтарында заманауи инфрақұрылымдарды енгізу – жүрдек автобус маршруттары мен жеңіл рельсті трамвай желілерін және метроны дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңейту қажет.

Бізге ғылым мен инновацияларды дамыту мен қолдау жөніндегі институттардың тиімділігін арттыру қажет. Бұл үшін венчурлық қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыру бойынша заңнама жетілдірілуі тиіс болады.

Қуат көздері жаңа стратегияны қалайды

Елбасы келесі кезекте білім экономикасына көшу үшін біз энергетикалық ресурстарды басқару, қайталама қуат көздерін дамыту мен қуат тиімділігін, индустриялық дамуды қамтамасыз ету саласында өзіміздің стратегияларымызды теңдестіруіміз және үйлестіруіміз керек, екенін атап көрсетті.

Бірінші – көмірсутегі ресурстарын басқаруға қатысты қадамдарымызды өзгерту. Шикізат қорлары, атап айтқанда, энергия ресурстары мемлекет табысының арқаулық көзі болудан қалуы, бірақ көпсалалы ұлттық экономиканың өсімін қолдауы тиіс. Бұл – Үкіметтің өзекті міндеті. Осыған байланысты энергетика саласындағы саясат бірізділікке, орнықтылық пен энергия ресурстарын пайдалануда экологиялық қауіпсіздікке қайта бағдарланған болуы тиіс.

Бізге мұнай қорларының ұзақ мерзімді экспорттық әлеуетін сақтап, қайталама қуат

Ізгілікті қоғамға барар жолда

көздерін дамыту, сондай-ақ энергия тиімділігін қамтамасыз ету қажет. Мұнай қорларын басқару саясатында түрлі тәсілдерді – оларды өндірудің басқыншылық сценарийінен консервативтік сценарийіне дейінгі тәсілдерді мұқият қарастыру қажет. Ұзақ мерзімді перспективада активтердің үш түрінен – кен орындарындағы мұнай қорларынан, Ұлттық қордағы қаржы активтері мен әлеуметтік инфрақұрылымдардан – алынбаған мұнай қорлары табыстылықтың оң деңгейіне ие. Ресурстарды өндірудің қандай деңгейі бізге жеткілікті екенін анықтап, соған тоқтау керек.

Консервативтік тұрғыдан келгенде, 2050 жылға дейін мұнай қорларын өндіру мен экспорттаудың орнықтылығы және Ұлттық қорға кірістердің түсу тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Басқыншылық сценарийі жағдайында біз мұнай қорларын экспорттау мүмкіндігін тез жоғалтып аламыз. Бұдан бөлек, бұл «голланд ауруын» дамыту тәуекелін айтарлықтай күшейтеді.

Екінші, энергияның баламалы көздерін дамыту және қуат тиімділігін арттыру қажет. Қазақстан энергияның баламалы көздерін дамыту үшін айтарлықтай әлеуетке ие және 2050 жылға қарай солардың есебінен экономиканың энергия сыйымдылығын бір мезгілде қысқарта отырып, электр энергиясының жалпы көлемі өндірісінің 50 пайызын қамтамасыз ете алады. Бізге 2050 жылға дейін экономиканың энергия сыйымдылығын төмендету мақсатында ел экономикасының қуат тиімділігін Қытай деңгейіне дейін жеткізу қажет. Бұл 2020 жылға дейін қуат тұтынуды жыл сайын төмендету 2,5 пайыздан, 2020 жылдан кейін 3,5 пайыздан кем емес болуы тиіс дегенді білдіреді. Ол үшін бізге Таза энергетиканы дамыту жөніндегі агенттік, Энергияның баламалы көздері саласындағы жобаларды қолдау жөніндегі қор құруды, энергия сервистік компаниялар мен «Қуат тиімділігіндегі көшбасшы» бағдарламасын жасауды қоса алғанда, кешенді институттық қадам қалыптастыру қажет.

Үшінші – индустриялық саясатқа түзету енгізу. Біз индустрияландырудың ағымдағы басымдықтарын оңтайландырып, «өндірістің қатып-семген салаларынан» бас тартуымыз керек. Бізге үдемелі индустриялық-инновациялық саясат жүргізу үшін басымдық берілген салалардың санын шектеу қажет. Керісінше жағдайда, бұл ресурстардың желге ұшуы мен нақты нәтижелердің жоғалуына соқтырады. Болашақта бәсекеге қабілетті болу үшін бізге қазірдің өзінде өндірістің жоғары технологиялы салаларына мамандану қажет.

Н. Назарбаев осыған байланысты өндірістің «таза энергетика», роботты техника, нанотехнологиялар, ауыл шаруашылығындағы гендік инженерия және аэроғарыштық өндірістері бос

технологиялық қуыстар секілді салаларында зерттеу әлеуетін күшейту қажет екеніне назар аударды. Біз сондай-ақ қызмет көрсетудің жоғары технологиялы секторын, бірінші кезекте, геологиялық барлау және инжинирингтік қызмет көрсету, ақпараттық-коммуникациялық қызмет көрсету, сондай-ақ реакторлар мен атом стансалары өндірісі мен оларға қызмет көрсету бойынша кешенді қызметтер қалыптастыруымыз керек.

Ауыл шаруашылығы – әлеуеті зор сала

Ауыл шаруашылығы секторы ұзақ мерзімді даму перспективасында орасан әлеуетке ие екені сөзсіз. Азық-түлік тауарларына өсе түсіп отырған әлемдік сұраныс, дамушы елдерде тұрғындар санының артуы, жаһандық климаттық өзгерістер осы секторды дамыту үшін айтарлықтай қызығушылық туғызады. Бізге жаңа технологиялар енгізіп, құрғақшылықты және жартылай шөлейт өңірлердегі бұған дейін игерілмеген жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына қосу маңызды.

Ауыл шаруашылығы саласында ғылыми зерттеулерді белсенділендіру, саланың инвестициялық тартымдылығын жоғарылату үшін жағдай жасау және қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейту маңызды. Ресурстарды тиімді пайдалануға, оның ішінде гендік-модификацияланған азық-түлікті дамыту арқылы көшудің маңызы зор. Экономикалық саясатқа жаңа қадамдар «жасыл экономика» қағидаттарымен үйлесім табуы тиіс. Бұл – орнықты даму, экономиканың төмен энергия сыйымдылығы, энергияның баламалы көздерін дамыту мен ресурстарды тиімді пайдалану. Бұл – қоршаған ортаға аз әсер ететін инновациялық даму.

Ашықтық – орнықты деуге апаратын жол

Соңғы айтарымыз – ықпалдастық мәселелері. Ел аумағының ұзаққа созылып жатқаны, тұрғындар санының аздығы, теңізге шығу жолының жоқтығы Қазақстаннан ашық, белсенді ықпалдастық саясат пен елдің әлемдік қоғамдастықтың белсенді мүшесі ретінде қалыптасуын талап етеді. Бұл бір ғана себеп емес. Елдердің халықаралық сауда үшін ашықтығы барлық жедел дамушы елдерде орнықты өсуге қол жеткізу себептерінің бірі болды. Қазіргі әлемнің соғыстан кейінгі кезеңдегі дамыған елдері осындай жолдармен жүрді.

Біз еліміздің географиялық басымдығын Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқан ел ретінде пайдалана аламыз. Транзиттік әлеует дамудың үлкен перспективаларына ие. Ашықтық пен прагматизм біздің басқа мемлекеттермен

саудадағы өзара қатынасымыздың барлық бағыттарына дендей снуі тиіс. Бұл Кеден одағына, ДСҰ-ға және Орталық Азия өңіріне қатысты.

Президент көрші елдердің тұрақты экономикалық дамуы мен әл-ауқатының жақсаруы Қазақстан дамуына оң ықпал ететінін де көлденең тартты. Осы елдердегі игіліктің артуы сондай-ақ есірткі трафигінің өсуімен, терроризм, діни экстремизм қатерімен және этностық жанжалдардың ушығуымен байланысты әлеуетті тәуекелдерді азайтуға да ықпал ететін болады.

Күрделі міндеттерді шешуге қабілетті ел

Мен өзімнің Қазақстанның ұзақ мерзімді перспективадағы дамуына болжамым мен көзқарасымды ықшам түрде мазмұндап бердім. Іс-қимылдың егжей-тегжейлі жоспары жасалып жатыр және жақын арада жарияланатын болады. Мұның Қазақстанның барынша дамыған мемлекеттердің отыздығына снуіне және 2050 жылдан кейінгі жаңа шептерді еңсеру үшін негіз қалауға мүмкіндік беретініне сенімдімін. Біз бұл жұмыстарға кірісіп кеттік.

Өткен жылы Үкіметке Қазақстанның аса дамыған елдердің отыздығына сну тұжырымдамасын жасауға тапсырма берілген еді. Бүгінгі талқылауды ескере отырып, Үкіметке тұжырымдама жобасын жасау барысында айтылған ұсыныстарды қаперге алу және үстіміздегі жылдың соңына дейін жоба жасау жұмысын аяқтау керек.

Біз 20 жылдан астам уақыттан бері жұдырықтай жұмылып, бүгінгі барымызға – қоғамның игілігіне, қуатты, жедел дамыған экономикаға қол жеткіздік, деп жалғады сөзін Мемлекет басшысы. Бұл – сөреден жаңа аттанулар үшін сенімді негіз. «2030 Стратегиясын» орындай отырып, біз елімізді одан әрі дамытатын қазіргіден де күрделі міндеттерді шешуге қабілетті қалыптасқан мемлекет болдық. Бірақ біздің келесі ұрпағымыздың лайықты да сенімді болашағы үшін бүгін әлі де көп нәрсе істеуіміз керек.

Біздің төңірегіміз де өзгерді. Ол біздің өзіміз секілді өзгеруін жалғастыратын болады.

Уақыт – зымыран. 37 жылдан соң келетін 2050 жылғы перспектива қазір дерексіздеу, бұлдыр көрінгенімен, тарихи өлшем бойынша аз ғана уақыт аралығы болып табылады. Осы кезге дейін уақыт біздің одақтасымыз болып келді, әрі қарай да осылай болады деп үміттенемін. Сондықтан біз болашаққа қойылған мақсаттарымызды барынша қамтамасыз ету үшін бүгін іс-қимыл танытуымыз қажет.

Алдымызда мақсат болған жағдайда, біз қайда ұмтылсақ, қашанда сонда келеміз. Мен біздің болашақ ұрпақтарымыздың өзінің мәдениеті мен

дәстүрін сақтаған, азат, үлкен мүмкіндікке ие бейбіт Қазақстанда тұрғанын қалаймын. Заңдары жеке бастамаларын ынталандыратын және қоғам мүддесі үшін іс-қимыл танытатын елде өмір сүрсе екен деймін. Өзара жауапкершілікті және әріптестікті қоғамда ғұмыр кешсе екен деймін. Мен қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілердің химияда, генетикада, физикада және техникада әлемдік көшбасшылар тарапынан мойындалғанын, ал кәсіпкерлеріміз жаңа технологияларды қолдануда көшбасшылар болғанын қалаймын. Қазақстандықтар өмір сүрудің жоғары стандарттарына ие әлемдегі аса саламатты ұлттардың бірі болады деп үміттенемін.

Дами және өркендей отырып, бейбітсүйгіш ел және сенімді әріптес болып қала отырып, Қазақстан әлемдегі жетекші елдер қатарынан табылатын болады.

2050 жылы дамыған Қазақстан қандай болатынын ой елегінен өткізе отырып, мен еліміздің даму прогресін бағамдайтын тарихшыны көз алдыма елестетуге әрекеттендім, деді сөзінің соңына таман Н.Назарбаев. 2050 жылдың басында Үкімет өткен жолдың қорытындысын шығарса, ал қазіргі студент – болашақ тарихшы былай деп жазар:

«2012 жылдың желтоқсанында сол кездегі Президент әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына сну мақсатын жариялады. Біз бұл мақсатқа қол жеткіздік. Қысқа ғана қырық жылдай уақыт ішінде адам басына 12 мың АҚШ долларынан келетін орташа табысы бар елден біз аса дамыған 30 мемлекеттің қатарында тұратын деңгейге көтерілдік. Біз жеке бастамаларды қолдайтын және тұрғындардың әлсіз жіктерін тиімді қорғауды қамтамасыз ететін институттар құрдық. Біз табиғи ресурстарымызды дамуымызды тежейтіндей емес, қолдайтындай етіп пайдаландық. Біздің экономикалық табысымыздың үлкен бөлігіне жедел индустрияландыру мен қызмет көрсету салаларын дамытудың арқасында қол жетті. «Жасыл экономикаға» өту жүзеге асырылды. Қазақстан еңбек ресурстары базасын дамытуда зор табыстарға жетті.

Біз де әлемдегі аса жетекші білім беру жүйелерінің бірі орныққан. Еліміз өз азаматтарының медициналық көмекке сұраныстарын қанағаттандыруда көш бастап келеді.

Біз – бейбіт елміз. Ешбір елге қатер төндірмей, баршаға құшағын бірдей жайған дос бола отырып, Қазақстан әлемдегі жетекші елдер қатарынан лайықты орын алды. Енді біз көшбасшылығымызды одан әрі нығайтуға тиіспіз. Жаңа ұрпақ бұл сынақтарды құштарлықпен және табысқа сенімділікпен қабылдағанын қалаймын».



Сайын БОРБАСОВ,
саяси ғылымдарының
докторы, профессор

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстанның әлемдегі беделінің нығая түсуі, оның Еуропа Одағына (ЕО) біріккен мемлекеттерімен байланысының жақсаруымен байланысты. Президент Н.Ә. Назарбаев сыртқы саясаттың осы бағытын Жандандыру мақсатында «Еуропаға жол» бағдарламасын ұсынды. Әлемде озық технология, жоғарғы сапа мен тиімділікке негізделген экономикасы бар Еуропа елдерімен жан-жақты байланыстар орнату Қазақстан үшін өте пайдалы. Қазақстан осы бағытты қалыптастыруды 1992 жылы Еуропаға ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымына (ЕЫҚҰ) мүше болумен басталды. Қазақстан дипломатиясы әлемдік нарықтың негізгі үш орталығы АҚШ, Батыс Еуропа және Жапония деп есептеді. Олармен ынтымақтасу елді әлемдік қауымдастыққа енгізудің ең оңтайлы жолы саналады. Батыс Еуропамен қатынастардың жақсаруы ең алдымен ЕЫҚҰ, НАТО, Европарламент, Еуропа Кеңесі сияқты халықаралық ұйымдардың қызметіне Қазақстанның белсене араласуына байланысты болды.

Евроодақ елдерінің ұлы державаларға қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар:

Бірінші, Евроодақ экономикалық, саяси және әлеуметтік интеграцияға түскен мемлекеттердің бірлестігі. Дамыған Еуропа елдеріндегі бұл интеграциялану, өзара жақындасу үдерістері әлі де жалғасуда. **Екінші,** ЕО мүшесінің халықаралық еңбек бөлінісінде өз орны бар, өзіндік ерекше мүдделері бар. Олардың ұлттық мүдделерін қорғауы бұл елдің толық бірлесіп кетуіне жібермеуде. **Үшіншіден,** ЕО елдерінің даму деңгейлері әркелкі. Әсіресе, ЕО кейінірек кірген Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің даму деңгейі төмен. ЕО тірегі Германия мен Франция сияқты қуатты экономикалық державалар. **Төртіншіден,** 1951 жылы құрылған Еуропадағы көмір мен болат бірлестігі негізінде пайда болған

ЕО өзінің ғаламдық мәселелерге қатысты саясатын АҚШ-тың ұлттық мүдделерін қорғау саясатымен тығыз байланыстырады. АҚШ пен ЕО экономикалық қана емес әскери одақтастар. **Бесіншіден,** ЕО мемлекеттері Қазақстанның мұнай, газ, түсті металдар секторына қызығушылық танытады. Атом электр станциялары аса көп Франция, Ұлыбритания сияқты мемлекеттер Қазақстанның уран өнімдеріне зәру. Еуропалық трансұлттық компанияларды Қазақстандағы қолайлы инвестициялық ахуал қызықтырады.

Токсаныншы жылдардың бас кезінде ЕО елдерінің Қазақстанмен танысуы басталып, 1992 жылы ресми дипломатиялық қатынастар орнатылды. Ал, тоқсаныншы жылдардың ортасынан бастап Батыс Еуропалық компаниялардың Қазақстанның мұнай, газ секторын игеруіне кірісті. XX ғасырдың аяқ шенінде Ауғанстандағы тәлібтер режимінің теократиялық, фундаменталды мемлекет құрып әлемдік терроризмнің, наркотрафиктің, діни экстремизмнің тірегіне айналуы еуропалық қауіпсіздікке зиянын тигізе бастады. Заңсыз қару сату, адам саудасы, жасырын иммиграция сияқты құбылыстар да ЕО елдерінде алаңдаушылық әкелді. Сондықтан, ЕО мемлекеттері Ауғанстанға жақын орналасқан Орталық Азия елдері мен Қазақстанды өзіне тартып, ынтымақтастық қатынастар орнатуға мүдделі болды. Бір жағынан мұнай, газға деген зәрулік, екінші жағынан халықаралық терроризм мен наркотрафикке қарсы күрес мүдделері ЕО пен Қазақстанның әріптестігінің нығаюына объективті себеп болды.

Қазақстанда қомақты саны бар неміс, поляк диаспораларының болуы Германия мен Польша сияқты ЕО ірі мемлекеттердің Қазақстанмен мәдени-әлеуметтік қатынастарды тереңдетуге деген мүдделігін тудырды. Қазақстанның ұлы державалардың мүдделері түйіскен геосаяси нүктеде тұруы, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы діни экстремистік күштерден қорғаудағы Қазақстанның буферлік рөлі, оның ашық демократиялық мемлекет құруға деген құлшынысы және т.б. фактілер ЕО мемлекеттерінің Қазақстанмен тығыз ынтымақтастық қатынастар орнатуға

мүдделі болуына объективті себеп болды. Қазақстанға инвестиция құю, саяси және мәдени-гуманитарлық ынтымақты нығайту арқылы ЕО елдері өзінің геосаяси мүдделерін қорғауды мақсат тұтты. ЕО елдері Қазақстанда нарықтық реформалар жасауға, экономиканы либерализациялауға, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек, ғылыми зерттеулер салаларының жұмыстарын жандандыруға көмектесті. 1992-2000 жылдар тек ТАСИС бағдарламасы шеңберінде Қазақстанға 120 млн. евро көлемінде техникалық көмек берілді. Бұл көмектің 50 пайызы банк секторын жандандыруға, шағын және орта бизнесті ұйымдастыруға кеңестер беруге, ал 25 пайызы шағын жобаларды жасауды қаржыландыруға жұмсалды. Қазақстандағы нарықтық қатынастарды ұйымдастырудың әдістемелік істерін игеруде ЕО елдерінің көмегінің пайдасы зор болды.

Қазақстан үшін ТАСИС-тің экологиялық бағдарламалары қажет болды. Семей ядролық полигонында жасалған сынақтарының салдарын анықтау және жою, Арал теңізі бассейнінің мәселелерін шешу, Алматы қаласының әуе бассейнінің ластауын азайту мәселелеріне қатысты бағдарламалардың әкелген пайдасы қомақты болды. Сонымен қатар, Қазақстанда азаматтық қоғам институттарын дамыту шараларына қатысты жобаларды да қаржыландырды. Жалпы Қазақстандағы демократия үдерістерінің өрістеуінде және құқықтық мемлекет қалыптастыруда Батыс Еуропа мемлекеттерінің үлгісінің ықпалды болғандығын айта кеткен дұрыс. Мысалы, әлеуметтік жағынан нашар халық топтарына көмек көрсету ұйымдарын қолдануға ТАСИС бағдарламасынан 300 мың евро бөлінді. Осымен қатар ТРАСЕКА (Еуропа-Кавказ-Орталық Азия тасымалдау дәлізін ашуға көмектесу); ИНОГЕИТ (Орталық Азиядан Еуропаға көмірсутекті шикізат тасымалдау жүйесін әртараптандыру инвестициялау жобасы); Темпус (ЕО жағынан білім беру саласынан көмек бағдарламасы) сияқты түрлі жобалар Қазақстанда дамыған өркениетті қоғам құруға өз септігін тигізеді.

Қазақстан Евроодаққа кіретін мемлекеттермен өзара қарым-қатынастарын Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік ұйымының қызметіне белсене араласу арқылы жандандыра түсті. ЕЫҚҰ мүшелері көптеген талқылаулардан соң 2007 жылы желтоқсанда осы ұйымның төрағасы ретінде ТМД мемлекеттерінің ішінен алғашқы болып Қазақстанды таңдады. ЕЫҚҰ қауымдасқан 56 мемлекеттің сыртқы істер министрлері Қазақстанға өз даусын берді. 2010 жылғы Қазақстанның сыртқы саясатының даму

бағыттары мен басымдылықтарын ЕЫҚҰ төрағалық қызмет атқарды анықтады деп есептеуге болады. Қазақстан бұл ұйымның қызметін ренимациялау жоспарын іске асыра алды. Қазақстандық төрағалықтың шешуші міндеті қауіпсіздіктің іргелі мәселелері бойынша консенсус алаңын кеңейту және нығайту болды. Қазіргі қауіп-қатерлер мен сынақтарды түсіну және сараптау арқылы мемлекеттердің үйлесімді іс-қимылдар жасауы мәселесі ұсынылды. 2010 жылы 1-2 желтоқсанда ЕЫҚҰ кіретін 56 мемлекеттің басшылары мен өкілдері Астана саммитіне жиналды. Бұл саммитке 28 елдің президенті, 10 елдің премьер-министрі, 75 делегация, 700 журналистер келді. Әлемдік беделді халықаралық ұйымдар Астана саммитіне өз делегацияларын жіберді.

Қазақстанда осы уақытқа дейін осыншама елдердің басшылары жиналған жиын болған емес. Сондықтан, ЕЫҚҰ Астана саммиті Қазақстан үшін тарихи оқиға болды.

Қазақстан ЕЫҚҰ-на өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан қиыншылықтар мен келіспеушіліктерді бірлік, келісім, толеранттық, сұхбаттасу арқылы бейбіт жолдармен шешу тәжірибесін ұсынды. Қазақстанның тәуелсіздік ала салысымен өз жеріндегі ядролық қарулардан бас тартуы осы бейбітшілікті жақтау саясатының заңды көрінісі еді. Егеменді Қазақстан 1991 жылдан бастап өзінің сыртқы саясатында ынтымақтасу, бейбітшілік, өзара пайдалы сауда-экономикалық қатынастар, өркениеттердің үн қатысуы принциптерін бұлжытпай басшылыққа алып отырды. Соның нәтижесінде ЕЫҚҰ Қазақстан төрағалығы «Trust – Traditions – Transparency – Tolerance» немесе сенім, дәстүр, ашықтық, төзімділік ұрандарымен жүрді. Қазақстан, біріншіден Батыс пен Шығысты жақындастыруға, олардың өзара үн қосуына үлес қосуды көздеді. Екіншіден, әлемдік қайшылықтар мен аймақтық соғыстарға себеп болып отырған күрделі мәселелер: Ауғанстан, Таулы Қарабақ, Днестр бойы, Кавказдағы соғыстар сияқты қайшылықтар көзін шешуді мақсат тұтты. Төрағалық қызметі барысында Қазақстанның сыртқы істер министрлігі өкілдері осындай қауіпті нүктелердің барлығында болып, Евразия кеңістігінде бейбітшілікті нақты нығайту шараларын қарастырды. Қазақстан осымен қатар, үшіншіден, әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстардан шығудың жолдары мен тәсілдерін Евразия мемлекеттеріне ұсынды. Төртіншіден, гуманитарлық, діни, мәдени салалардағы толеранттылық пен мәдениетаралық сұхбат мәселелері көтерілді.

Қазақстанның ЕЫҚҰ төрағалық қызметінің белсенділігінің нәтижесінде Ван-куверден Владивостокқа дейінгі кеңістікте орналасқан 56 мемлекетті қамтитын Евро-атлантикалық және Евразиялық қауіпсіздік парадигмасы берік орнықты. Қазақстанның әлемдік ядролық сынақтарды тоқтату, ядролық қаруларды таратпау туралы ұсыныстарды БҰҰ, НАТО, ЕО, ШЫҰ, ТМД, ҰҚШҰ (ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы), ИБҰ (ислам ынтымақтастық ұйымы) сияқты халықаралық ұйымдардан белсенді қолдау тапты. Қазақстан әлемдік саясатты Кеңес Одағы мен Батыс арасында «суық соғыс» жылдары (XX ғасырдың 50-ші 70-ші жылдары) қалыптасқан екі қоғамдық жүйе арасындағы конфронтация идеологиясын және санасын жеңу жолдарын ұсынды. Шығыс пен Батыс өркениеттердің өзгешеліктеріне қарамастан біртұтас азаматтық құндылықтар төңірегінде топтасуға міндетті.

Қазақстан ЕЫҚҰ-ын тек дамыған елдер үшін ғана емес, дамушы елдер үшін де қауіпсіздік негіздерін қалыптастыратын ұйымға айналдыруды көздеді. Ұйымға төраға ел ретінде Қазақстан гуманитарлық немесе адами өлшемдерді есепке ала отырып Ұйымның «үш корзинасын» бірдей толықтыруға ұмтылды. **Біріншіден**, діндер мен халықтар арасындағы диалогты күшейту. Бұл іске Қазақстанда өткізіліп жүрген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Форумы маңызды рөл атқармақ. **Екіншіден**, 1975 жылдан бастау алған Еуропадағы бейбітшілік пен қауіпсіздік Кеңесінің Хельсинки қортынды актісінде көрсетілген демократияны, адам құқығын және азаматтық қоғамды дамыту идеяларына адалдық. **Үшіншіден**, сайлау жүйесіндегі тазалықты, ашықтықты және әділеттілікті қамтамасыз ету. Саяси партиялардың парламент, Президент сайлауларында өздеріне тән қызмет бағыттарын толықтай іске асыруына мүмкіндіктер тудыру. Мәселені шешуде ҚР 2009 жылы «БАҚ туралы», «Сайлау туралы», «Саяси партиялар туралы» заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіп өз үлесін қосты.

Мемлекеттік деңгейде қабылданған «Еуропаға жол» бағдарламасы аясында Қазақстанда әлемдік өркениет жетістіктері болып табылатын еуропалық саяси-құқықтық, философиялық және моральдық құндылықтардың негізінде құқықтық, жаяси, қоғамдық және азаматтық жүйелерді қалыптастырудың кең көлемдегі шараларын іске асыру көзделді. Қазақстанның ЕЫҚҰ төрағалығының заңды нәтижесі Астана саммитінің нәтижелі өткізілуі болды. 1999

жылы Ыстамбулда ЕЫҚҰ соңғы саммиті өткізілген болатын. Содан кейінгі 11 жылдан соң Астана саммитінің өткізілуі және Астана Декларациясының қабылдануы ЕЫҚҰ-ның қызметін жаңғыртты. Астана Декларациясы ЕЫҚҰ одан әрі дамуына, Евразия кеңістігінде рөлінің артуына, аймақта ынтымақтастық пен қауіпсіздіктің беки түсуіне ықпал етті. 35 жыл өмір сүрген ЕЫҚҰ-ның ұстанған «Хельсинки процесін» Евразия кеңістігінде таралуына өз көмегін тизізді. Бейбітшілікті баянды ететін қоғамдық қатынастарды демократияландыру, түрлі қайшылықтарды бейбіт, келіссөздер арқылы шешу, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан шекаралардың мызғымастығы, ғаламдық мәселелерді бірігіп шешу сияқты принциптер баянды бола түсті.

Қазақстанның сыртқы саясатының келесі бағыты Орталық Азия аймағындағы көршілер, бауырлас мемлекеттермен ынтымақтасу, әріптестік және бейбітшілік саясатын жүргізу. Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан мен Тәжікстан басшылары Қазақстанға сан мәрте ресми, бейресми сапарлармен келді. Бұл мемлекеттер ТМД, ШЫҰ, ҰҚШҰ (ұйымдық қауіпсіздік келісім шарты), АСӨКШ (Азиядағы сенім мен өзара келісім шарты) ұйымдары шеңберінде Орталық Азия мемлекеттерінде өзара сауда, экономикалық және саяси байланыстарын жүзеге асырды. ТМД шеңберіндегі қарым-қатынастарға Түркіменстан бейтарап саясат ұстануы нәтижесінде аса көп белсенділік көрсете қойған жоқ. Өзбекстан жабық қоғам құруы нәтижесінде басқа мемлекеттермен тым-тығыз қатынастар жасауға мүдделілік танытпады. Ал, Қырғызстанда 2000-шы жылдардың бас кезінде басталған билікке талас, халықтың ереуілдеу процесі 10 жылдан астам уақытқа созылып бұл елдің экономикасын тұралатып тастады. Сондықтан Қазақстан бауырлас Қырғызстанға көмек көрсету саясатын басшылыққа алды.

Қазақстан көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен шекарасын бейбіт келісімдер арқылы белгілеуге қол жеткізді. Трансұлттық өзендерді әділ және экологиялық қорғау тұрғысынан пайдалану мәселелерін күн тәртібіне қойды. Азаматтардың Орталық Азия мемлекеттері арасында еркін жүріп-тұруына заңдық негіз жасауды ұсынды. Қуатты Қазақстан экономикасы 2000 жылдан бастап әр жылда Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттерінен 1 миллионға жуық еңбек мигранттарын қабылдап оларға құрылыстан, ауыл шаруашылығынан, қызмет көрсету салаларынан жұмыс берді. Қазақстан басшылығы мен бизнесінің бұл саясаты Орталық Азия мемлекеттеріндегі

жұмыссыздықтан туған әлеуметтік қиындықтарды жеңілдетуге үлкен көмегін тигізді. Олар әр жылда бірнеше миллиард АҚШ доллары көлеміндегі қаржыларын өз елдеріне аударып отырды. Аталған мемлекеттер халқы үшін бұл ақшаның зор көмек болғандығын айтқан жөн.

Өкінішке орай, Қазақстанның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасы екі жақты талаптар мен мүдделерге толыққанды жауап бере алған жоқ. Ресми Ташкент өзінің сыртқы саясатының басымдылықтарын өзгертіп отырды. Өзбек басшылығы тәуелсіз дамудың бастапқы кезеңінде Ресейден біршама шектеп АҚШ-қа бетбұрыс жасаса, одан соң қайтадан Ресейге жақындай бастады. Ал, соңғы жылдарда Ташкент сыртқы саясатта белсенділікті АҚШ-пен ЕО-қа әріптестікті бағыттауда.

Қырғызстанның сыртқы саясатында да бірізділік болған жоқ. Ресми Бішкек АҚШ-тың әуе базасын Манас әуежайына орналастырып Ресейді ренжітті. Соңғы жылдарда бұл базаны жабу әрекеттері байқалуда. Қырғызстан Ресеймен жақындасу мақсатында оған да Бішкектің қасынан әуе базасын ашуға рұқсат берді. Қырғызстан басшылығының бұл қадамына Өзбекстан Президенті Ислам Каримов наразылық білдірді. Каримов өзінің Орталық Азияның әлемдік державалардың әскери базаларының алаңына айналып кетуіне қарсы екендігін айтып, «ұлы державалар арасындағы әскери жарыстың» құрбандығы болмауға шақырды. Ташкент билігінің 2005 жылғы Әндіжандағы билікке қарсы көтерілісті аямай жазалауы көптеген көтерілісшілердің шығын болуы өзбек басшылығын нағыз авторитарлық билік ретінде көрсетті. Осыған қарамастан АҚШ Өзбекстанды Орталық Азиядағы өз мүддесі үшін пайдалануға күш салуда. АҚШ-қа Өзбекстан басшылығының Ресейден тәуелсіз саясат жүргізуі ұнайды.

Өзбекстан билігі өз ішіндегі радикалды ислам оппозициясының күшеюінен қорқады. Сондықтан, АҚШ-тың Ауғанстандағы, Тәжікстандағы антитеррористік қызметін қолдайды. Сонымен қатар, Қырғызстандағы өзбек диаспорының осы елдегі билікке қарсы көтерілістер барысында 2003, 2010 жылдардағы қақтығыстарда зардап шегуі де Ташкентті қатты алаңдатууда. Әсіресе, 2010 жылғы Ош облысында болған этносаралық қақтығыстар бауырлас екі мемлекет арасын тіптен суытып жіберді. Ресми Ташкент қырғыз-өзбек қатынастарында салқынқандылық танытып, жиі-жиі қайталанған Қырғыз көтерілістері кезінде екі халықтың арасында өшпенділік болмауына күш салды. Осыған қарамастан өзбек-қырғыз қатынастары

орталық Азиядағы саяси тұрақтылық пен ынтымақтастықты нығайтып отыр деп айта алмаймыз. Осы ретте Түркіменстанның бейтарап, Тәжікстанның көпвекторлы саясат ұстануы Орталық Азиядағы Қазақстан көксеген біртұтас одақтың болуына кесірін тигізуде. Тәжікстанның Ауғанстанның ислами экстремистік террористік топтарының әрекет ету алаңына айналу қаупі күшейе түсуде. Сондықтан буферлік рөл атқарып отырған Тәжікстандағы саяси биліктің мығым болуына Орталық Азия мемлекеттерінің барлығы мүдделі.

Қазақстан Орталық Азияда Өзбекстан Республикасымен өзара түсіністік және ынтымақ қатынастарында болуға ерекше мүдделі. **Біріншіден**, Қазақстанның 12 мың шақырымнан астам мемлекеттік шекарасының 2351 шақырымы Өзбекстанға келеді. Бұл ресей-қазақ шекарасынан кейінгі екінші ұзақ шекара. **Екіншіден**, өзбек-қазақ байланыстары ортақ түркілік тамырдан шығып күрделеніп өзгерістерге ұшыраған қарым-қатынастардан тұрады. Екі халықтың мәдени-экономикалық байланыстарға ұласып кеткен. **Үшіншіден**, Өзбекстанда аса ірі 1,5 миллионнан астам қазақ диаспорасы өмір сүруде. Ресми деректерде оның саны 1 млн. қазақ деп көрсетіліп жүр. Қазақстан қазақ ұлтының 10 пайыздан астамын құрайтын бұл диаспорамен тығыз қатынаста болуға мүдделі. Өзбекстандағы қазақтар Қазақстанның демографиялық жаңғыруының көздерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл елдегі қазақ диаспорасының өз Отанына қайтуына Қазақстан ерекше мүдделі. **Төртіншіден**, Қазақстан мен Өзбекстан Орталық Азияда лидерлік рөл атқару үшін өзара бәсекелестікке де жол беріп отыр. Даму тетіктерін, ел шаруашылығын реформалау жолдарын таңдауды Қазақстан ашық қоғам мен ашық экономика орнатуға ұмтылса, Өзбекстан негізінен өзінің ішкі мүмкіндіктерін, демографиялық потенциалын пайдалануға ұмтылуда. Экономиканы басқарудың авторитарлық, этатистік тәсілдері Өзбекстан басшылығына жақын. Ал, Қазақстан либералистік экономиканы мемлекеттік реттеу саясатын негізгі ұстаным ретінде таңдап отыр.

Қазақстан мен Өзбекстан Ауғанстандағы шиеленіскен мәселелерді бейбіт жолмен шешуді, әлемдік терроризм, наркотрафик, адам саудасы, заңсыз қару сату сияқты қауіп-қатерлерге қарсы бірлесіп күрес жүргізуді жақтады. Екі мемлекеттегі екі түрлі экономикалық даму деңгейі, діни фактор Өзбекстандағы қазақ диаспорасының тарихи Отанына жаппай көшуіне себепкер болды. Сонымен қатар, екі ел арасында 2351

шақырымға созылатын үлкен мемлекеттік шекараны делимитациялау барысында кейбір түсініспеушіліктер орын алды. Екі мемлекет тәуелсіздік жолымен өз таңдаулары бойынша дамып келе жатыр. Екі елдің демографиялық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлары әр түрлі. Мысалы 1 шаршы шақырым жерде Өзбекстанда 46 адам өмір сүрсе, Қазақстанда – 6,2 адам өмір сүруде. Ферғана, Зарафшан аңғарларында 1 кв. км жерде 600 ден астам адам бар /1/. Сол себепті Өзбекстан да Қытай, Жапония, Үндістан сияқты халқын сыртқа лақтыратын «вулкан мемлекет» қатарында. Қазақстанда жүздеген мың өзбек еңбек мигранттарының жұмыс істеп, нәпақа табуына мүмкіндік берілген.

Қазақстан өзінің сыртқы саясатында туысқан Қырғызстан Республикасымен тең, достық және ынтымақ қатынастармен нығайта беруге мүдделі. Өкінішке орай, Қырғызстандағы ішкі саяси ахуал 2000-шы жылдардың бас кезінен бастап 10 жыл уақыттай шиеленісумен ерекшеленеді. Елдегі түрлі кландық топтардың, солтүстік пен оңтүстік аймақтардың басқарушы және бизнес элиталары арасындағы билік пен байлық жолындағы перманентті күрес бұл елдің экономикалық дамуын тежеді. Елдің қарапайым халқының басым көпшілігі кедейленген әлеуметтік топты көбейте берді. Ел халқының люмпенденуі қауіпті шекке келді. Елдегі ішкі ахуалдың нашарлауы Қырғызстан басшылығына тиімді сыртқы саясат жүргізуіне мүрсат бермеді. Қырғыз басшылары алғашқы кезде президент Асқар Ақаевтың кезінде-ақ Батыс пен Ресей арасында саяси ойын ойнауға ұмтылды. Қырғызстан Орталық Азиядағы АҚШ-тың алғашқы әскери-әуе базасын ашуға рұқсат берді. Пентагон жылына 60 млн. доллар төлеп «Манас» әуежайын пайдаланса, Ресей қысымынан кейін бұрынғы Президент Құрманбек Бакиев Мәскеуде Бішкектен 20 шақырым жердегі әскери базаны пайдалануға берді. Бішкектің әлемдік екі басым державаларға өз жерінен әскери базалар ашуға рұқсат етуі ресми Ташкентке ұнамады. Өзбекстан мен Қырғызстан арасында су-энергетика, заңсыз көші-қон, есірткі айналымы, діни экстремизм, ұлттық сепаратизм, шекараның ұдайы жабылып қалуы, тарифтік және транзиттік шектеулер сияқты «базалық қауіптер» жиі-жиі қайталанып тұрды. Осындай жағдайда Қазақстанның Қырғызстанмен қатынасын жақсартуға ұмтылысына шешілмеген проблемалар қалды. Мысалы, трансшекаралық өзендерді пайдаланудағы су квотасы үнемі өзгеріске ұшырай берді. Қырғыз жағы Ыстықкөл аумағында Кеңес Одағы кезінде салынған қазақстандық демалыс

базаларының тағдырын шешпей, тәлкекке салып қойды. Қырғызстан аумағындағы наркотрафик пен заңсыз қару айналымы да қазақ-қырғыз қатынастарындағы қиындық тудыратын мәселелер.

Қырғызстандағы әлеуметтік-этникалық қатынастардың шиеленісуі 2003, 2010 жылдардағы екі мәрте болған «қызғалдақ революциялары» бұл елдегі саяси-экономикалық ахуалды тіптен шиеленістіріп жіберді. Қазақстан өзімен 729 шақырым ортақ шекарасы бар, өзін оңтүстік бағыттағы түрлі қауіптерден қорғап тұрған бауырлас Қырғызстанға көмек көрсетті. 2010 жылы ғана Қазақстан Қырғызстанға 20 млн. 300 мың АҚШ доллары көлемінде гуманитарлық көмек берді /2/. Бұл көмекке көктемдегі егіс егуіне дизель жанар майы, азық-түлік, құрылыс материалдары, көмір, т.б. тұтыныс заттары кірді.

Негізінен әлемдік және екі жақты мәселелерге байланысты қазақ-қырғыз қатынастарында түсінбеушіліктер мен мәнді қайшылықтар жоқ. Екі ел арасындағы қатынастарды дамыта түсу мақсатында Жоғарғы мемлекетаралық кеңес екі елдің премьер-министрлерінің төрағалығымен Үкіметаралық Кеңес, екі елдің сыртқы істер министрлігі Кеңесі құрылған. Аталған ұйымдар қазақ-қырғыз қатынастарының өзекті мәселелерін дер кезінде шешіп отыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясат бағытын жүргізе отыра басқа мемлекеттермен бірігіп өзінің ықпал ету аймағында мемлекетаралық қатынастардың қазіргі заманғы жүйесін қалыптастырды. **Біріншіден**, Орталық Азия мен Қазақстан ядролық қарудан азат аймаққа айналды. **Екіншіден**, осы аймақ жаһандық энергетикалық орталықтардың бірі болуға лайықты потенциалға ие екендігін көрсетті. **Үшіншіден**, Орталық Азия арқылы Батыс пен Шығысты жалғастыратын транзиттік жүйенің іске қосылатыны белгілі болды. **Төртіншіден**, осы аймақтан өтетін мұнай, газ құбырлары әлемдік экономиканың дамуына өз ықпалын тигізетіндей дәрежеге көтеру міндеті шешіліп жатты. **Бесіншіден**, Қазақстанның аса бай уран қоры бейбіт ядролық энергетиканы дамытуға өзінің қомақты үлесін қоса бастады. **Алтыншыдан**, өңір халықаралық терроризм, экстремизм, заңсыз көші-қон, есірткі транзитті, адам саудасы сияқты сын-қатерлермен күресте әлемдік өркениетті мемлекеттер қауымдастығының сенімді тірегіне айналды. **Жетіншіден**, Қазақстан жаһандық сын-қатерлермен күресте БҰҰ, ЕЫҚҰ, ҰҚШҰ, ШЫҰ, НАТО, ИЫҰ сияқты халықаралық

ұйымдардың қызметіне белсене атсалысты және олардың қызметтерін жандандыруға бағытталған түрлі ұсыныстар берді.

Кеңес Одағы ыдырауының алдында 1991 жылы 31 тамызда Қазақ ССР-нің Президенті Н. Назарбаев «Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы Жарлыққа» қол қойды. Қазақстан өз жерін Кеңес Одағының ядролық арсеналынан тазарту ісіне кірісті. Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында елдің ядролық потенциалына қызыққан Иран, Туркия, Пәкістан сияқты жақын орналасқан мемлекеттер мен қатар алыста жатқан Египет, Ливия, Сауд Арабиясы, БАӘ, Кувейт сияқты мұсылман мемлекеттері Қазақстанда өз ықпалын күшейтуге тырысып бақты. Олардың кейбірі Қазақстанға ядролық қару немесе ядролық технологияларды сатып алуға ұсыныстар жасады. Алайда Қазақстан осы күрделі мәселелерге байланысты тәуелсіз саясат жүргізіп әлемдік беделге ие бола алды.

Қазақстанның ядролық полигонды жабу және ядролық қауіпсіздікті нығайту ұсыныстары өзінің нәтижелерін берді, бүкіл әлемдік қауымдастыққа өз үлгісін таратты. Семей ядролық полигоны жабылған соң АҚШ-тың Невададағы, Қытайдың Лоб-Нордағы, АҚШ-тың Жаңа Жердегі және Францияның Муроруа атомындағы ядролық сынақ полигондарының үнін өшірді. Қазақстанның «Семей-Невада» қозғалысы үлгісімен басталған әлемдік антиядролық қозғалыс және қарсылық акциялары ондаған ядролық сынақтарды мерзімінен бұрын тоқтауға ықпал етті.

Әрине, Ресейдің әскери-өндірістік кешеннің өкілдері Қазақстан полигонын бұрынғыша пайдалануды көздеп бақты. Семей ядролық полигонын жабу Қазақстанға біртіндеп халықаралық девиденттер әкеле бастады. Ядролық сынақ алаңы жабылғанда әуелі АҚШ, Ресей, Англия, одан кейін Қытай мен Франция Қазақстанның ядролық қауіпсіздігіне кепілдік берді.

Қазақстан осы маңызды қадамымен алыс-жақын көрші елдерге үлгі болды. Орта Азия мемлекеттері ядролық қарусыз аймақ құру жөнінде Семей келісіміне қол қойды. Қазақстан Президентінің шақыруымен 182 мемлекет ядролық жарылыстан бас тарту туралы келісімге келді. Олардың 154 мемлекеті бұл келісімді ратификациялады /3/.

Қазақстан БҰҰ мүше болып енгеннен кейін оның арнаулы мекемелерінде белсенді жұмыс жүргізе бастады. Бұл ынтымақтастық елдің сыртқы саясатының басым бағдарларының біріне айналды. БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун «ядролық қарудан өз

еркімен бас тарту, Семей полигонын жабу әлемдік тәжірибедегі ерекше жағдай болып табылады», – деп жазды /4/. БҰҰ Бас хатшысы 2010 жылы Қазақстанға 2 мәрте ресми сапар жасады.

Ғасырлар тоғысқан кезеңде адамзатқа түрлі қауіп-қатерлер күшейе түсті. Оның ең қауіптілерінің бірі ядролық қарудың тарауы және қолданылуы болды. Осыған орай тәуелсіздік жылдары Қазақстан ядролық қарусыздану мәселесін үнемі көтеріп келді. Бейбіт атомды игеруді әлемнің 44 мемлекеті жүргізуде. 15 мемлекет атом электростансаларын салуда /5/. Қазақстан бейбіт мақсаттағы атомдық технологияларды лаңкестік топтар өздерінің терроршылдық мақсатына пайдаланып кетпеуіне назар салуды ұсынды. Қазақстан әлем елдерінің көшбасшысы болып табылатын «үлкен сегіздіктің» жаппай қырып-жоятын қаруға қарсы жаһандық әріптестікке қосылды. 2005 жылы ядролық материалдарды физикалық қорғау туралы конвенцияның түзетулерін ратификациялады. Президент Н. Назарбаевтың Қазақстанның ядролық қарудан өз еркімен бас тарту туралы ұсынысы әлем мемлекеттерінің басшыларының қолдауына ие болды.

Қазақстан өзінің көпвекторлы сыртқы саясатын тұрақты жүргізуі арқасында әлем мемлекеттерінің арасында нақты беделге ие болды. Елдің геосаяси тұрғыдағы маңыздылығы, экономикалық және сауда қатынастары тұрғысындағы тартымдылығы, шикізат ресурстары тұрғысынан пайдалылығы оның әлемдік сауда-экономикалық қауымдастығына жылдам енуіне негіз болды. Қазақстанның бейбіт сүйгіш сыртқы саясаты әлемдегі ынтымақ, теңдік, өзара сенім атмосферасын нығайтуға үлес қоса бастады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Узбеков У.У. Политические аспекты казахстанско-узбекских отношений. Алматы, 2000. с. 12.
2. Методические пособие по разъяснению основных положений Послания Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Построим будущее вместе!» Астана. 2011. 203 с.
3. Алдан Смайыл. Тұлғалар табысса, құрлықтар тоғысады // Егемен Қазақстан. 2012. 5 сәуір. 4 б.
4. Шарипов М. Казахстан в ООН: активной и ответственный участник // Казахстанская правда. 2012. 3 марта. С. 3.
5. Алдан Смайыл. Тұлғалар табысса, құрлықтар тоғысады // Егемен Қазақстан. 2012. 5 сәуір. 4 б.



Жания ӘБДІБЕК,
журналист

«ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ МӘСЕЛЕСІ»

Бұл күндері адамзат баласы үшінші мыңжылдықты басынан өткізуде. Әлемдік экономикалық, саяси, мәдени текетірестер мен өркениеттер қақтығысы да осынау кезеңде жүріп жатыр. Дүниежүзін ғаламдастыру салқыны шарпуда. Міне, осы тұста, сөз жоқ қазіргі қазақ мәселесін жан-жақты талдап-талқыламау мүмкін емес. Оны алдымен үш бағыт-бағдарда алып қараған жөн. Бірінші ұлтымыздың мемлекеттік (саяси), екінші қоғамдық (әлеуметтік-тұрмыстық), үшінші мемлекеттің иесі ретіндегі алатын орнын елеп-екшеу әрі саралау. Жалпы, ұлтымыздың болашағы қандай деген сауал да осы тұстан өрбиді. Осыған орай, келелі кеңесімізге Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Темірхан Медетбек, саясаткер Дос Көшім, философ Әбдірәшит Бәкірұлы, жазушы-публицист Талғат Айтбайұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к. Асқар Лесхан, режиссер Еркін Рақышевті шақырып, олардың қазіргі қазақ мәселесі туралы ойларын білген едік. Енді, назарларыңызға сондағы айтылған пікір-тұжырымдарды ұсынып отырмыз.

— Қазіргі Қазақстан қандай кескін-келбеттегі, түр-түстегі, мазмұн-мәндегі мемлекет? Ондағы қазақтың алатын орны қандай? Сөз жоқ, Қазақстан — қазақ мемлекеті. Тұрғындардың жартысынан көбі қазақтар. Дей тұрғанменде, кей тұстары біздер республикамызды көпұлтты, көпдінді мемлекет шеңберінде алып қарайтынымыз бар. Соған қарамастан, онда қазақ мәдениеті мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүр, тілі де, ділі де, діні де негізгі рөл атқаруы тиіс. Әйтсе де, қазіргі күндері біздің жартымыз еуропаланып, енді бір жартымыз Таяу Шығыс, яғни, Араб, Иран, Ирак мәдениетіне тән киімдер киіп, тіліміз де, дініміз де, діліміз де ала-құлаланып бара жатқан сияқты. Сіздер осынау мәселелерге қалай қарайсыздар?



Әбдірәшит Бәкірұлы: — Қазақ дегенде, ең алдымен ойыма ұлтымыздың Тәуелсіздігін жариялаған сәті оралады. Ғасырлар бойы аңсаған арманға қол жетіп, өз мәселемізді өзіміз шешетін күнге де жеттік. Шындығына келгенде,

сол бір кезеңде мен үшін қазақ мәселесі жоқ секілді көрінетін. Өйткені, тәуелсіздік бар қазақты тұтастырып, ұлттың проблемасы екінші қатарға ысырылған сияқты еді.

Енді, қазақ мәселесі пайда болса, оның бірден бір себебі, *Ата Заңымыздағы «...байырғы қазақ жерінде деген» жолдар жердің тарихи иесі қазақ ұлты екендігін алға тартқанмен, алайда, Конституциямызда қазақ тек объект ретінде атап көрсетіледі де, қоғамды — тарихи процеске араласушы субъекті ретінде көрсетілмейді. Сондықтан да, қазақ мемлекет құрушы ұлт ретіндегі миссиясынан ажырап қалған сияқты. Міне, осыдан келіп қазақ мәселесі туындап отыр.* Ал, оның тұтатушысы, яғни, детонаторы бүгінде тіл мәселесі болып көрінуі мүмкін. Шынында, тіл — қазақтың рухының, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрінің, мәдениетінің іргетасы. Сондай-ақ, тіл — қазақты қазақ етіп, небір қиын кездерде біріктірген, жауға қарсы қойған, елді, жерді қорғаған, сөйтіп оны сақтап келген ұлт болмысының айнасы. Сондықтан да, бүгінде біздерді қазақ рухының әлсірей бастағаны қатты алаңдатады. Денеде жан кете бастағанда хайуанды үрей билейді. Бұл соған ұқсас құбылыс.

Жалпы, ұлттық мемлекет болып отырған жерде, мұндай ұлт туралы

мәселенің көтерілуін нонсенс дер едім. Бұл алаңдаушылық тек тіл емес, одан кең түрде рухты, мәдениетті, ұлттық психологияны, ұлттың тұлғалық келбетін, соған сай экономика және сыртқы саясатын, яғни, қоғам өмірінің барлық жақтарын талай қамтып отыр. Сондықтан, қазіргі қазақ мәселесі қазақтардың болашаққа деген сенімдерінің сөгінуінен туындайды. Бізде қазір сырттан төніп тұрған агрессор жоқ. Әрине, экспансия жүріп жатыр. Оған тек мықты ұлттық болмыспен ғана қарсы тұра аламыз.



Темірхан Медетбек: – Біздің өз жерімізде, өз елімізде, өз Отанымызда қазақ мәселесін көтеріп отырғанымыз ұят секілді. Соған қарағанда, біз шетелде тұрып жатқан, мәселе

шешілмеген үлкен бір этникалық топ, диаспора сияқтымыз. Ұлттық проблеманы қайта-қайта көтереміз. Қай газетті, журналды алып қарамаңыз, сондай-ақ, кіммен сөйлесеңіз де қазіргі қазақ жағдайының мүшкіл екенін алға тартады. Бұл Әбдірәшит айтып өткендей, Конституцияның өзіндегі осалдықтан болып отыр. *Одан кейінгі үлкен бір проблема – мемлекеттік тіл. Әр мемлекет өзінің тілін өзі қорғауы керек, ол мемлекеттік деңгейде жұмыс істеуі тиіс. Заңда: «Мемлекеттік тіл–қазақ тілі» деп жазылды ма, билік те, халық та соны орындауы қажет-ақ. Өкінішке орай, бізде олай емес.*

Қазақ мәселесін айта берсек, проблемадан кейін проблема туындайды. Соның ең қатерлісі – жемқорлық. Билік басындағылар жемқорлыққа тосқауыл қоямыз дегенмен де, әлі шарасыз. Өйткені, олардың кейбіреулерінің өздері көпті тонаған, халықтың ақшасына байығандар. Жеріміздің асты-үстіндегі қазба байлықтарының қайда кетіп жатқандықтары да сұрақ. Қазіргі Қашаған төңірегіндегі әр түрлі алып-қашпа әңгімелердің де сыры сонда. Ал, шетелдерде қалай? Біреудің жеріндегі көлі тұрмақ, шалшығына бетінді жуа алмайсың. Өйткені, ол біреудің қорығы. Жерімізде Ресейдің 6 полигоны бар. Алты полигонға ит тұмсығы кіре алмайды, миллиондаған гектар жерді алып жатыр. Бұл полигондар бізді қорғау ма?! Бұл да беймәлім. Оған қоса демографиялық жағдайымыз да мәз емес. Сырттан қазақтар келіп қатарымызды молайтар ма десек, олардың да көші саябырсыды. Яғни, бұл оралмандарға жағдай жасалынбады деген

сөз. Оған экологиялық жағдайды қоссақ, мәселе тіпті күрделене түседі. Кешегі төбеден төгілген гептил айналасының бәрін улап жатыр. Ол «500 жылға дейін кетпейді» дегенді мамандар айтады.

Ұлт мәселесі дегенде, менің ең қатты қорқатыным – қазақтың самарқаулығы әрі немқұрайлылығы. Бойымызды немкеттілік билеп алған: ешқандай іске білек сыбанып кіріспейміз. Ол азғантай топқа ғана керек сияқты. Бұл немқұрайлық пен самарқаулық әрі немкеттілік кеңестік санадан қалған, құлдық психологияның жемісі. Мінеки, осындай мәселелерді айтқанда қазақ мәселесі осыншама қалың, күрмеуі қиын проблема екенін аңғарамыз. Мұндай проблемаларды айта беруден шаршамауымыз керек. Қатарымыз бүгін аз болса, шамалы уақыттан кейін әлі де арта түседі деп ойлаймын. Сондықтан, айтудан жалықпауымыз керек.



Дос Көшім: – Біз қазір қандай мемлекетпіз деген сұраққа: *«біз – дүбәрә мемлекетпіз»* деп жауап бергім келеді де тұрады. Әрине, бұл менің пікірім. Егер, салыстырмалы түрде қарасақ, біздің қазіргі жағдайымыз

Түркия мемлекетінің 60 жылдардағы кезеңімен сәйкес келетін сияқты. Кезінде Түркия «Мәдениеті Еуропаға жақын ба, әлде мұсылман мемлекетіне тән ба» деген секілді екі бағыттың өтінде тұрды. Ал, бізде қазір 4-5 бағыт бар: *біріншіден*, Кеңес үкіметінен қалған идеологиялық бағыт, *екінші* орыстiлдi қоғамның салқынынан арылмағандығымыз, *үшінші* діни бағыт-бағдардағы қайшылықтарымыз, *төртінші* ұлттық мемлекет құрамыз деген ниеттен туған саяси ұстаным. Қысқасы, біз әлі мемлекетіміздің даму бағытын дұрыс айқындаған жоқпыз. Бірақ, диалектиканың заңы бойынша, бәрібір қазақтың саны артып, көрсеткіші сапаға айналып жатыр десек қателеспейміз. Міне, осы тұста мемлекет өзі атын алған ұлт жағында болуы тиіс. Бізде қазір екі жол бар. *Бірінші* мемлекет басындағылар Конституциямызда көрсетілген унитарлы – мемлекеттік құрылымды ұлттық негізде сақтап қала ала ма, *екінші* оны, әйтпесе, көпұлтты деген ұғым-түсініктегі бағыт-бағдарға салып, «америкалық ұлт» кескін-кейпін түсіре ме? Сондықтан бұл – біз үшін үлкен бір қонырау.

Темекен тілге тиек еткендей, проблеманың айтылу және орындалу мәселесі. Біз айтып та жазып та жатырмыз, алайда ешкімнің үн қосып, қозғалатын түрі жоқ. Мүмкін, біз оларға ойымызды дәлелді әрі нақты жеткізе алмай жүрген шығармыз? Сондықтан, бізге саяси-қоғамдық бағыттағы жұмысымызды жаңа бір сатыға көтеруіміз керек шығар. Біз бұрынғы ескі тоқсаныншы жылдардағы әдіспен жұмыс істеп келе жатырмыз. **Карл Маркстің айтуынша: «Жағдай 24 сағатта қалай өзгерсе, тактиканы да солай өзгерту керек» көрінеді. Сол секілді біз, қазақтың ұлттық бағыттағы мемлекетін құру жолында жұмыс істеп жүрген азаматтар, жұмыс бағытын, саяси жұмысымызды, технологиямызды түбірлі өзгертуіміз керек.** Бұл осыдан төрт бес жыл бұрынғы қойылған мәселе. Біз бұған әлі келген жоқпыз. Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану жағынан көп артта қалып қойдық. Біздің тек **«қазақта қандай проблема бар»** деуіміздің сыры сонда. Оның шешу жолдары қандай деген сұраққа 30 пайызымыз ғана жауап бере аламыз, ал, оның саяси жолдары мен технологиясын іздегенде 1 пайыз адам айта ала ма, белгісіз. Сондықтан, қазақ мәселесін шешудің, жаңартудың жауапкершілігі өзімізде жатыр. Яғни, ол ұлттық бағыттағы қайраткерлердің, саясаткерлердің жауапкершілігінде. Біз үшін тек уақыт өзгергенде, өзіміз өзгермей қалған сияқтымыз. Тағы бір мәселе, қазақтың саны барлық халықтың жартысынан көбін құрайтынына қуанудың қажеті жоқ. Себебі, 5% қазақ болса да өзіміздің Қазақ мемлекеті екенімізді білуіміз керек. Ол тарихи түрде де, саяси түрде қазақ мемлекеті болып қалады. Ата Заңымыздағы **«байырғы қазақ жерінде»** деген тіркес маған да ұнамайды. Себебі, онда байырғы қазақ болғанымен, қазіргі қазақ жоқ секілді әсер қалдырады. 1993 жылғы Ата Заңда мұндай сөз жоқ болатын, жалпы, оған дейінгі құжаттардың бәрінде қазақтың мемлекеттің иесі екендігі көрсетілген. Ал, 1995 жылғы Конституцияда осындай тіркеске жол берілді. Меніңше, мұны да жетінші бап секілді мәселе етіп көтеріп, осы сөзді алып тастау керек секілді.



Мұндай мәселелердің бас көтеруі, қазіргі уақыт талабынан туындап отыр.

Талғат Айтбайұлы: — «Қазақ мәселесі» деген проблема ұлтымыздың елі мен жеріне қауіп төнген кезде туындайтын

жағдай. Мысалы, Жоңғар шапқыншылығы, Қалмақ басқыншылығы, одан кейінгі Патшалы Ресейдің отаршылық саясаты кезінде қазақ мәселесі жан-жақты көтерілген. Онда қазақтың алдында ұлт болып қаламыз ба, қалмаймыз ба деген сұрақ тұрды. Ендеше, қазір біз қайтадан, сол қазақ мәселесін қозғап жатсақ, онда оның артында бір себеп-салдардың барлығы. Бұл меніңше, ғаламдастыру атты аждаһаның аузына түсіп кетпейік деген үрейден туған сұрақ. **Біздің Кеңес үкіметі жетпіс жыл бойы жеңе алмаған қазақы рухымыз, соңғы жиырма жылдың ішінде сырттан әрі іштен әсер еткен әр түрлі ағымдар салдарынан әлсіреген сияқты. Бізде ұлттық — мемлекеттілікке тән атрибуттардың бәрі бар. Біз соны неге толыққанды пайдалана алмай отырмыз? Міне, мәселе сонда.** Әлсіздік танытатын қадір-қасиеттеріміз де сол тұстан қылаң беріп қалады. Қазіргі қазақ мәселесі де содан туындап отыр. Естеріңізде болса, 1986 жылы Колбин бір айда қазақша сөйлеймін деп те уәде беріп жіберді. Қазақ тілінің сөздіктері көптен шығарыла бастады, т.с.с. Сол сияқты қазір де қазақша сөйлеуді үйренемін деп, өз уәдесін жұтып қоятын билік өкілдері бар. Ал, бүгінгі таңда Жарылқап Қалыбайдың ұшақ қызметкерлерінің қазақша сөйлеуін талап етуінің өзі министрлікті тік тұрғызды. Ол аяқ астынан бас қосу өткізіп, біздегі әуе компаниялардың стюардессаларын қазақ тілінен тест тапсыруға мәжбүрледі. Бұдан шығатын қорытынды біреу-ақ! Яғни, біз бағанағы Темекен айтқандай, немқұрайлықтан, самарқаулықтан, неметтіліктен арылуымыз керек.



Асқар Лесхан: — Философия ғылымында **мазмұн және форма** деген екі түрлі категория бар. **Бұл екеуі үнемі сәйкес келуі керек. Ал, біздің жағдайымызда екеуі сәйкес келмей жатыр, сондықтан, осындай мәселелер туындайды.**

Бұл екі ұғым мемлекеттің, ұлттың барлық саласында: руханият, мәдениет, экономикада, саясатта болмасын сәйкес келуі тиіс. Кезінде қазақ мәселесі деген мүлде болған жоқ. Өйткені, кеңес үкіметі тұсында қазақ мәселесін айта алмайтын жағдайда болдық. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұста бұл мәселе неге қайта туындады? Мұның барлығы, меніңше, құлдық психологияның салдарынан болып отыр. Біз бұдан арылуымыз

керек. Содан кейін, біздің мәдениетіміздегі ала-құлалық мәселесін де екі жағынан қарастыруға тиіспіз. Оның да форма және мазмұны бар. Кейбіреулер еуропаша киінгенімен, ойы, жан-дүниесі қазақы болып келеді. Ал, кейбіреуі қазақы шапан кие тұрып, басқа мәселені айтып жүреді. Рухымызды оятпай біз ешуақытта қазақ бола алмаймыз. Әрбір қазақ өзінің қазақ екенін, өзі – Отан, ал, Отан – өзі екенін түсініп-білген кезде ғана біз жоғарыда айтқан формамыз бен мазмұнымызға сәйкестене бастаймыз.

Қазір қарап отырсақ, жұрттың барлығы тарихпен айналыса бастады. Білсін, білмесін зерттеп жүр. Алайда әркім өз ісін жақсы білуі тиіс. Өз ісіне немқұрайлы қарамай, басқаның ісінде шаруасы болмасын. Бұдан шығатын қорытынды, әлі күнге дейін еліміздің объективті тарихы жоқ. Біздің санамызды оятатын бірден бір дүние – ұлттық тарихымыз болып қалады. Өйткені, қазір елімізде рушылдық, жүзшілдік көбейіп бара жатқан секілді. Неге бұлай? Хандық дәуірдің өзінде рушылдық, ру арасындағы жанжал деген болған емес. Ал, қазір қай салада болмасын рушылдық дендеп, тіпті, билікке жетудің өзінде рулық саясат қолданылып отыр. Бірін-біріне айдап салу, рушылдық дүрдараздықтарды туындату – билікке ұмтылғандардың, жемқорлардың тіріліктері.

Біздің айтқан сөзіміз бен істеген ісіміз сәйкес келмейді. Мазмұн мен форма проблемасы осы тұстан туындайды. Яғни, ішкі мазмұнымыз басқаша, әлдеқайда әлсіз болып келеді. Проблеманың барлығы осыдан келіп туындайды.



Еркін Рақышев:

– Біз, қазақ қоғамы – кезінде батыр, дана, кеменгер халық болғанбыз деп айтуға шеберміз. Иә, болған да шығармыз, бірақ, қазір заман мен заң өзгерді.

Заман өзгерген сайын қоғам да өзгереді. Кеше кең байтақ жерді иеленіп отырсаңыз, ертең жерсіз де қалуыңыз мүмкін. Бұл заманның ағымына байланысты. Біз ел боламыз десек, өзімізге сын көзбен қарап үйренуіміз керек. Өзімізге салсақ, мақтану, дарақыланудан өзгені білмейміз. Біз әлемдегі қуатты елу елдің қатарына кіргенімізбен де, ал, бірақ, араға уақыт сала заман, жағдай өзгеріп артта қалып қалуымыз да мүмкін ғой. Бұлай деп отырғаным әрі менің бойымды билейтін қорқыныш, суицид, жезөкшелік, туберкулез,

нашақорлық, ішімдік ішу секілді адами қасиеттерден бездіретін жаман әрекеттерден елулік емес, әлемдегі ең алғашқы елдердің қатарында екендігіміз. Мұндай жағдайға кездейсоқтық деп қарамау керек. Бұл қазақ ұлтын аяқ асты ететін қадір-қасиеттер. Мұның арғы жағында жаһандану ықпалы мен батыстың кері әсері тұр. Рухсызданған адам қорқақ, намыссыз, жігерсіз болады. Бізді мұндай жағдайға жеткізген – құлдық сана.

Мына бір мәселеге қараңыз, Қазақстан сәби өлімі жөнінде әлемдегі алғашқы мемлекеттердің бірі көрінеді. Сонда Ауғанстан, Пәкістан секілді артта қалған елдердің алдына шығып кеткенбіз бе? Неге бұлай? Осыған қарап, «Біздің тұрмыс деңгейіміз, әлеуметтік жағдайымыз өте нашар ма?» деп те ойлайсың. Осы өзінді өзін жеген сұрақтың ар жағында шындық бар сияқты болады да тұрады, маған. Мұндағы жауапкершілік алдымен ұлт зиялыларына келіп түседі. Қазір ұлт зиялылары әсеке дара болып бөлінбей, бір тұтастық танытып, ұлттық мәселелерді бірігіп шешу керек. Бір данышпан: «Ұлт зиялылары алдарына ұлы мақсаттар қойып, сол мақсаттарға жету жолында керек десеңіз өзі әсек көретін адамымен де жұмыс істеуге дайын болуы керек» деген екен. Егер, осыны істей алсақ қана біз дамимыз, өркендейміз, өсеміз.

– Қазақстандағы титулдық ұлт, яғни, кіндік ұлт ретінде қазақ халқының мақсат-мүдделері қаншалықты қорғалған? Әлде, полиэтникалық Қазақстандағы Халықтар Ассамблеясының көлеңкесінде қалып қойған көп ұлттардың бірі ғана болып отыр ма?

Әбдірәшит Бәкірұлы: – Біздегі Қазақстан Халықтар Ассамблея мүшелері заңдық тұрғыда екі рет сайлау құқығына ие. Ал, Қазақстан азаматында тек бір ғана дауыс беру құқығы бар. Сонда, бұл қаншалықты заңды? Яғни, бұл Қазақстан Халықтар Ассамблеясы еліміздің кіндік ұлты қазақтардан да жоғары тұр деген сөз. Ендеше, қазақ халқы тек саны жағынан титулдық болғанымен, саяси, заңдық, құқықтық тұрғыда көп ұлттың бірі ғана ма? Осыған бір уақыт көз жүгіртіп көріп, ойлансақ артық болмайтын сияқты...

Тарихқа көз салсақ, қазақ мемлекет құруда тәжірибесі өте аз халық. Мұны негізінен қазақ элитасы атқарған. Бірақ, қазіргі кезден айырмашылығы сол, ол кездегі элита өзінің кіндігі қазақтан ажырамаған. Тіпті, халықтың статусы ханнан жоғары тұрған. Ал,

ханның функциясы халықтың арасына араздық салмай, ауызбіршілікті ұстап отыру болды. Қазақтың билері даналық көрсетіп, дала демократиясына салып, ханды қазақтың өзінен емес, төрелерден сайлаған. Тіпті, хан әділетсіз болған жағдайда халық ханды тастап көшіп кеткен жағдайлар да болған. *Ал, қазір көшпенді дәуір аяқталды, біз текетіресіп, өз мүддемізді өзіміз қорғауымыз керек. Дәл осындай жағдайда қазақ халқынан тарихи мінез талап етіледі. Біз мұндай тарихи тәжірибемізден алыстап кеткендігімізден, әкімге де, басқа да бас иеміз, содан келіп, әкім де, басқа да бізді басынады. Шын мәнінде, олардың бәрі халықтың қызметшісі.* Бірақ, сол шіренген әкімдер халықты бастап жүре алады дегенге сене аламыз ба? Жоқ, шетінен ақша ұрлап шетелге қашып кетіп жатыр. Бір Бергейдің, Храпуновтың үлгісі қазақ халқының билікке деген сенімін бір сәтке шайып кеткен жоқ па? Күнделікті ақпаратты қарап отырсаңыз, жер-жерде әкімдер ұсталып жатыр. Сонда да, шығатын қорығанды жоқ. Меніңше, осы тұста халық өзінің құқын заңды түрде қорғауды үйреніп, әлдеқандай пысақай, жемқор әкімдердің заңсыздықтарына жол бермеуді үйренуі тиіс. Сонда *біріншіден*, азаматтардың белсенділігі артар еді, *екіншіден*, мұндай ортада жемқор билік аяғын тартып, болмаса биліктен өз еркімен бас тартар еді.

Дос Көшім: – Мен «титулдық ұлт» дегенді онша құптамаймын да, қолданбаймын да. Бір түрлі келемеж-деп тұрғандай ма, бізді бөлек қоя ма, өзім онша түсінбеймін. *Қазақ – осы мемлекеттің иесі, бірақ, азаматтық құқық жөнінен біз бәріміз теңбіз. Егер, біз демократиялық ел болатын болсақ, қазақтарға ешқандай ерекше құқық берілмейді. Онда әділетті, демократиялы қоғам құрмаймыз. Тек қазақтың мәдениетін, тілін көтеру қазақ мемлекеті екендігінің көрсеткіші болмақ. Ал, тек қазақ болғаны үшін артықшылық, жеңілдік берілуіне мен қарсымын.*

Әлемдегі демократиялық мемлекеттер Франция, Германия, Италия болсын өз азаматтарына ешқандай артықшылық жасамайды. Тек, ол халықтар өздерінің ұлттық ерекшелігімен алдыңғы қатарға шығады. Мысалы, елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде барлық жерде қолданылатын болса,

қазақша шала-шарпы білетін азаматтар екінші орынға шеттеледі. Мұнда тілдік алалау емес, керісінше бәрін теңестіре түседі. Мәселен, Францияны алайық, француз тілінің төрт деңгейін (А,В,С,Д) білген адам Францияның кез келген ЖОО-на түсе алады. Егер, С деңгейін меңгермесе, оқуға түсе алмайды. Мұнда, мәселе француз халқын жоғары көтеруде емес, дәл сондай француз тілін С дәрежесінде білген кез-келген мароккалық, алжирлық университетке түсе алады. Дәл сол секілді, мемлекет иесінің мәдениеттік, тілдік, діндік ерекшеліктері өзінен-өзі көтерілуі тиіс. Әрине, құқықтық мемлекет болғаннан соң мұның барлығын заңдастыру қажет.

Екінші мәселе, полиэтникалық, моноэтникалық дегенді қарастырып көрдім. Кейбір мәліметтерде негізгі ұлт халықтың 70-80 пайызын құраса моноұлттық болып саналады екен. Ал, шетелдерде мұндай нәрсе жоқ. Бұл біздің әлсіздігімізден шығып отырған мәселе. *Қазақ мынаны ұмытпауы керек: біз 5% болсақ та қазақ мемлекеті болып қаламыз. Бұл қазақтың жері, қазақтың тарихы, қазақтың тілі осы мемлекетте қолданылады, қазақтың дәстүрлі діні дамып, оған мемлекет жағдай жасау керек деген секілді нәрсенің бәрі болуы керек. Соған қарамай, басқа ұлттарды еш уақытта кеудесінен итерудің керегі жоқ. Әрбір ұлт өзінің тілін, мәдениетін дамытуға мүмкіндігі болуы тиіс. Қалталы азаматтар мектеп, кинотеатр салсын, газет шығарсын т.б.* Біздегі бір кемшілік, кейбір тұстарда билік мемлекеттік тіл құлдырап бара жатқанда, көмектесудің орнына, басқа тілдерге көмектеседі. Демократиялық елдерде шектеу қоймайды, кәрістер өз театрларын ашатын болса, оған қарсы бола алмаймыз. Бізде Кеңес үкіметіндегідей достық лабораториясы секілді. Мысалы, ОҚО, Сарыағашта тәжіктің екі мектебі бар, алайда, екеуі де жабылуы мүмкін. Мектеп басшысы Ташболатовтың айтуынша, мектептің болашағы жоқ. Себебі, тәжікше ешкім оқығысы келмейді. Көп болса Тәжікстанға оқуға квота беріледі. Ал, олардың ол жаққа барғысы келмейді, себебі ол жақтың орташа жалақысы 14-15 доллар. Ал, қазақша оқыса қызмет істейді, өседі, сондықтан оларға тәжік тілін оқығанда не пайда? Бірақ, жергілікті басшылар мектепті көрсеткіш есебінде бәрібір ұстап отыр. Міне, осындай жасандылық болмауы керек.

Қысқасы, басқа ұлт өкілдерімен біздің

азаматтық құқығымыз тең сақталуы тиіс. Бірақ, Қазақстан мемлекетінің барлық шарттары ұлттық атрибуттар негізінде қызмет істеуі қажет. Ұлттық мемлекеттің өзіндік шарттары бар.

Ол шарттардың кейбіріне тоқталып өтейін. Ұлттық мемлекетте ұлттық мейрам болуы керек. Мысалы, француз халқының тарихи мейрамы – Бастилияны алу. Франция мемлекеттік құрып жатқан тұста, ол тәуелсіздік мейрамы болып бекітілді. Франциядағы басқа ұлттардың барлығы осы мейрамды тойлайды. Ал, қазақта бір ұлттық мейрам бар ма? Біз осы мәселені бірнеше рет көтердік, ең болмаса қаралы күнді немесе тәуелсіздік үшін күрескен ерлердің күні деген секілді мейрамдарды енгізуді ұсындық. Қырғыздардың өзі 1916 жылғы көтерілісті мейрам етуді мәселе етіп қойды. Ұлттық мейрам – мемлекеттің бұл мызғымас бір шарты екенін ұмытпайық. Екіншіден, ұлттың белгілі адамдарының атындағы сыйлықтар, ордендер, марапаттардың жоқтығы. *Мысалы, Ресейде Ломоносов атындағы орден, әскерилерге берілетін Невский, Ушаков атындағы орден, т.б. кете береді. Неге мемлекеттік қайраткерлерге Абылайдың, Абайдың атындағы ордендер берілмесе? Неге әскери бөлімдерге қазақтың батырларының аты берілмейді? Әскерилер: «Мен Кенесары атындағы полкте қызмет еттім, әскери борышымды өтедім»* десе қандай тамаша?! Осы тақырыпты қозғап үш батырдың атын өткізіп үлгердік, одан арғысына шамамыз келмеді. Сондықтан, ұлттық мемлекеттің шарттары орындалса, ұлттар арасындағы қарым-қатынас өзінен өзі белгілі бір жақсы, табиғи түрдегі достастыққа келеді.

Талғат Айтбайұлы: – Біз көпұлтты мемлекет деген саясаттың жетегінде кетіп бара жатқан секілдіміз. Көпдінділік деген ұғым-түсінікке де кең орын бөліп, оның да қоғамдық өмірдегі орнын дәстүрлі діннен бөле-жара қарайтын сияқтымыз. Міне, осындай мәселелер қазіргі қазақ мәселесі дегенде, не дейміз?! Қай кезең, қай уақытта да халықтар теңдігі саясаты өзге ұлттарды, яғни, диаспораларды жергілікті ұлттардан жоғары қою болмаса керек. Еліміздің кез-келген жеріндегі кейбір қақтығыстарда жергілікті азаматтарды кінәлап, оларға тыйым салуға қарағанда, сол келеңсіз жайларға мұрындық болғандарды нақты кінәлап айыптағанға не жетсін?

Асқар Лесхан: – Қазақ мәселесі дегенде менің есіме Байқоңырдағы жағдай түседі. Мәселен, *Байқоңырдағы ресейлік қазақ азаматтары мен қазақстандық қазақтардың әлеуметтік жағдайы жер мен көктей. Ресейліктердің әйелдері 55, ерлері 60 жаста зейнетке шығады.* Тұрмыстық жағдайдың барлығы жасалған. Дәл сол қалада тұратын қазақстандық қазақтардың мүлдем жағдайы жоқ десек те болады. Ал, сіз Алтын Орда жаққа барыңызшы. Қазақтың бет-бейнесі сол жерде көрінеді. Біз барлық деңгейді көруіміз керек. Сол кезде ғана ортақ көзқарас шығады.

Өз жерімізде отырсақ та, біздің жағдайымыз салыстырмалы түрде алғанда қай ұлттан болмасын төмен екенін байқаймыз. *Өзге ұлт өз ұлты үшін мақтана алады, ал, қазақ қазақ болғаны үшін қорланатын сияқты. Оны қазақша сөйлеуге ұялатындардың іс-әрекетінен көруге болады. Өз тілінде сөйлеуге арланатын ұрпақтан не күтуге болады? Содан кейінгі мәселе, біздің полиэтносты мемлекет деуіміз қате пікір. Бізде қазақ ұлты бар, одан кейін басқа ұлттың өкілдері, диаспорасы бар. Ал, Қазақстан – қазақтардың мемлекеті.*

Темірхан Медетбек: – Диаспора деген ұғым бар. Бұл ешқандай кемсітетін ұғым емес. Ол әлем елдерінің бәрінде де бар. Алайда, қай мемлекет біз секілді диаспорасын көкке көтеріп отыр? Мәселен, Германияда түріктер қаптап отыр, бес миллионнан асады. Ал, бірақ, Германия диаспора тілі – түркі тілінде сөйлеп отырған жоқ қой. Біз мемлекеттік тіліміз қазақ тілі дейміз, одан кейінгі ресми тіл орыс тілі деп алып, диаспораның тілінде сөйлейміз. Тіпті, билік басындағылардың өзі диаспора тілінде сөйлеп отырса, не дейсің?

Еркін Рақышев: – Қазақ мәселелерінің тағы бірі көрінісі, ол кезінде қабылданбай қалған *«қазақстандық ұлт»* мәселесі. Егер, ол қабылданып кеткенде өзінің ұлтының атынан өзі жеріген ел ретінде маскара болатын едік. Ұлттардың бәрі тең болуы тиіс дейсіздер. Жоқ, қазақ басқа ұлттардан биік тұруы керек. Себебі, мына кең байтақ жерді аталарымыз қанын төгіп қорғап қалды емес пе?

Қазақтардың басқа ұлттарға қарағанда артықшылықтары бәрібір болуы керек. Сондай артықшылықтар берілсе ғана, қазақ халқы осы жердің иесі екенін нық сезінер еді. Оған түрлі-түрлі жолдармен

қол жеткізуге болады. Олар қазақтың жерінде өмір сүріп, ауасын жұтып, суын ішіп отырғаннан кейін қазақтың тілін де білулері тиіс.

Әбдірәшит Бәкірұлы: – Арабияны алып қарасақ, халқының 15% ғана арабтар. Сол аз ғана арабтарға оқу, медицина, басқа да қызмет түрлері тегін. Мемлекеттік қызметке де тек солар ғана алынады. Халықтың 85% диаспора өкілдері және олардың біреуі де арабтардың құқығындай құқыққа ие емес. Содан кейін, жалға берілетін ғимараттардың барлығы тек арабтарға ғана беріледі. Қалған халық сол араб өкілдерінен жалға алады. Арабияға ешкім сен арабтардың жағдайын жасадың деп айтып отырған жоқ. Өйткені, бұл елдің ішкі жағдайы, саясаты.

Ал, бізде Қазақстанда заң бойынша азаматтың құқығы шектелмеуі тиіс, ол дұрыс. Мемлекетіміздің әлеуметтік құрылымын алып қарасақ, әр ұлттардан тұрады ғой. Конституциямызға унитарлық мемлекет деп жазып отырмыз. Унитарлық мемлекетте міндетті түрде титулды ұлт болады. Мейлі оның саны арабтар секілді аз 15% болсын, Қытайлар секілді 95% көп болсын, болмаса біз секілді орташа 65% болса да оның өзіндік артықшылықтары бәрібір болуы керек.

– ХХІ ғасырдағы қазақ ұлтының бет-бейнесі, ұлттық келбеті, ой-санасы қандай болуы керек?

Әбдірәшит Бәкірұлы: – Қазақ қазір білімге, ғылымға көбірек ден қою керек. Әсіресе, жаңа технологиялар еніп жатқан кезде, сол жаңалықтан қалып қоймауымыз қажет. *Болашақ бағдарламасы бойынша шетелдерге жастар аттандырылып жатыр. Олар оқып келіп, еліміздің дамуына үлес қосып жатқаны шамалы. Мысалы, Ататүріктің жолы бар, Еуропаға жастарды білім алуға емес, кәсіпті үйренуге жіберіп жатты. Үш миллионға жуық түрік Еуропаға барып, кәсіпкерлікті меңгеріп, өз елдерінде дамытты. Яғни, түріктерді ондаған жылдың көлемінде кәсіпкер етіп шығарды, халқын өз мұқтажын өзі өткере алатын деңгейге жеткізді. Біздегі күнделікті сауда, мейрамханалар, орталықтар кәсіп емес. Сондықтан, қазақ та, Қазақстан да кәсіпкерлікті ғылыми негізге сүйене отырып дамыту керек.*

Әр қазақ өз миссиясын орындау қажет. Немересін қазақша тәрбиелеу – атаның жұмысы. Ақсақалдың жолы бар, қыз, келін, жігіт өз жөнін білуі керек. Бұлардың қалыбы (стандарты), жүйесі осыған дейін қалыптасу керек еді. Бірақ, барлығы дүбәрә күйде. Бұл да – қазақ мәселесі.

Дос Көшім: – Жалпы, қазақтың бет-бейнесі, ұлттық келбеті өзгермеуі керек. ХVII ғасырда қазақ қандай болса, қазірге дейін сақталуы тиіс. Тек өркениетке байланысты, жер жүзіндегі процестерге бейімделе білмек болғаны. **Ұлттығымызды мәдениетіміз арқылы сақтап қалмасақ, – болмайды.** Мәселен, қазақша күрес қазақ мәдениетін құртудың басы. Бұл жай ұпай беру. Қазақта мұндай болмаған. Итжығыс, жауырыны жерге тиді деп есептелген. Жапондықтар өздерінің сумоларын толық сақтап қалды. Керек десеңіз шаш қою, киім киісіне дейін толығымен сақталған. Ұлттық бояу, сол мінез жоғалмауы тиіс. Өмірдің өзінің алдына қойған мәселесімен күресе білу керек. Сонда ғана ұлт ретінде сақталып қала аламыз. Әр ұлт өзінің ерекшелігін сақтауы тиіс. Ал, егер ұлттық мінезімізден, тіліміз, дінімізден қол үзетін болсақ, өшкеніміз.

Талғат Айтбайұлы: – Дәл бүгінгі таңда қазақ екіге бөлініп отыр: **бірі** орыс тілді, **екіншісі** қазақ тілді қазақ. Орыс тілді қазақтар қазақты бүгінгі дүбәралық жағдайға жеткізді. Қазақ дейтін азаматтар көбейіп, жалпымыз ұрандатқан кезде ғана қазақтың ұлттық бейнесі сақталады. Қазақ қазақ болып қалады.

Асқар Лесхан: – ХХІ ғасырдағы қазақ ұлтының бет-бейнесі дегенде, ең бірінші білікті, білімді қазақты көргім келеді. Әр адам өз саласында білікті, ұлттық мінезді терең меңгерген азамат болып қалыптасуы керек. Жаңа инновация, креативтілік, жаңашылдық дейміз. Жаңашылдықты ұлттық менталитетке сәйкестендіріп қабылдау қажет!

Темірхан Медетбек: – Біздің ұлтымыздың ұрпағы өте білімді болуы керек, дүниежүзіндегі озық үлгілерді бойына сіңіріп, рухы биік болуы тиіс!

Еркін Рақышев: – Біздің ел болуымыз үшін әділетті қоғам орнатуға тиіспіз, патриоттық сезімді ұштау керек. Егер әрбір қазақ елін сүйсе, халқын сүйсе, ол үлкен прогреске алып келеді!



Сәбетқазы АҚАТАЕВ,
жазушы

ҰЛТШЫЛ БОЛУ ҰЯТ ПА? (Мәні жоғалмаған мақаладан)

Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-саяси ақыл-ой айдынында ұлтшылдықтың бірімен-бірі қабыспайтын, біріне-бірі қарсы тұратын екі түрі бар. Бірі – «ұлы», әміршіл, отарлаушы ұлттың қаскөй ұлтшылдығы. Екіншісі – жергілікті, тоналушы, отарланушы «кішкентай» ұлттың «ұлтшылдығы». Бұл – қазақтың қара тілімен айтсақ, ұлтжандылық, патриоттық. Демек, ұлтшылдық санына қарай «ұлы» және «кішкентай», сипатына қарай өктемшілдік және азаттыққа ұмтылыс түрінде екіге бөлініп, әлеуметтік әділеттілік өресінен «жаман» мен «жақсы» болып бағаланады екен.

Әдетте, орталықтары қызыл комиссарлар бұратана басшыларды мақтағанда – «**нағыз интернационалист**», ал, табалағанда – «**барып тұрған ұлтшыл**» деп, таңбалайды. «**Интернационалист**» болып атанған басшы бұған шен алмаса да, разы болып жатады (*Мәселен, Камалиденов, Меңдібаев, Юсупов және т.т.*), ал, «**ұлтшылдық**» қоңырауы тағылған басшы (*мәселен, Тәшенов, Дәуленов*) орнынан жұлынып, ісі тергеуге кетеді. Жергілікті басшыларды бұлайша «тәрбиелеу» жаппай тәсіл сипатын алып, бала бақшадан бастап, совпартмектебі жүйесіне дейін жайылды. Аудан мен ауыл деңгейіндегі басшылар арнайы совпарт мектепті бітірмей-ақ, мұны «100 пайыз» іске асыруда: қазақты қылқындырып, қазақ еместі көтеріп отырсаң болды. «**Интернационалистік**» философияның жабайы мәні үлкен ұлттың сойылын соғып, өзінді-өзін тежеумен түйінделеді. Көне грек философы Фразимах: «**Әділет дегеніміз – күштінің сөзін сөйлеу**» депті. Сонан бері бұл түсінік өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Мұның шың басына шықты-ау деген сәтін бастан кешіріп жатырмыз. Философия тарихынан бейхабар жандардың бұл концепцияны жақсы меңгергендігіне таңым бар.

– **Ұлтшылдық жаман!** – деп, бұратана халықтарға зеки сөйлеген орыс шовинисі өз ұлтшылдарына қарап, – **Жарайсың, патриотым!** – деп, арқасынан қағып, еркелетіп жатады. Ондайларына шен тағып, атақ-

абырой ұсынып, аузынан тастамайды. Орыс ұлтшылдарының баршасы – «**ұлы**». Олар отаршыл соғыстарға қатысып, шен алған Пушкин, Лермонтовпен ғана немесе құмықтарға қарсы соғыста жүріп олардың тілін үйренген Лев Толстоймен ғана шектелмейді. Бұратана ұлттарды қаламымен ғана қан қақсатып жүрген Д. Лихачев пен В. Быковтар неге тұрады?..

– **Ұлтшылдық жақсы!** – деп күбірлесіп, ішінен тынады бұратана халық өкілі. Айтқан сөзі дастархан басынан аспайды, қатты айта алмайды. Өйткені, бұл сөзді орыс ұлығы естісе түрмеге қамайды, жәбірлейді, жасқайды. Даусы қаттырақ шыққандарды өз билеушілері-ақ ауыздықтап отырады. «**Ұлтшылдығы**» үшін зәбір көрген, таяқ жеген аз санды халықтардың ішінде сормаңдай қазақ та жүр. Ұлтын сүйгендігі үшін жаза кесу, «итжеккенге» айдау жағынан коммунистер патша отаршыларынан да асып түсті. Қазақстанның халқын қырып, жерін тозаққа айналдырды. «**Үлкен**» ұлттың ұлтшылдығы қазақ халқының мойнына бұғау болып түскенін интернационализмнің жарқын көрінісі деп, арқамыздан қағып, күле сөйлеп, мәз қылып отырды. Ал, шынымызды айтсақ, біздей көңбіс халықтың отаршылдыққа қарсы қойылатын ұлтшылдықтан басқа қаруы да жоқ еді. Ұлтшыл болмағандықтан – жерден айрылды.

Ұлтшыл болмағандықтан – Еділ мен Ертістен, Іле мен Есілден айрылды. Енді, елден айырамыз деп қоқандайды қара орыс. Сонда, ұлтшылдықтан басқа бізде не қалды? Демек, отаршылдық үдеген сайын ұлтшылдық та дәуірлей түсіп, отаршылдық бәсеңсесе – ұлтшылдық та бәсеңсіп отыруы заңды. Ұлтшылдықты қоздырушы күш – отаршылдық. Ұлтшылдық өздігінен өзі тумайды. Оның себебі бар. Отаршылдық қысымның кез-келген түрі кездесе беретін Қазақстанда ұлтшылдық бар, бола береді, бола беруге де тиісті. Сондықтан, Желтоқсан оқиғасының шындығын әлемге әйгілеп, қазақтың алғысын алған М. Шахановтың «қазақ ұлтшылдығы жоқ» дегеніне қарсымыз. Қазақ халқының бүгінде дүниеде бар болып, жасап жатқаны рас және келешектен үміті болса, ол – қазағымның бойында ең әуелі ұлттық асыл қасиетінің жоғалмағандығы мен рухының тозбағандығының арқасы. Ал, оған біздің қожайындарымыз қалай ат қояды – оны өздері біледі. Өзімізге беймәлім, бірақ, басқа елдерде дүниежүзін дүрліктірген «қазақ құпиясы» («казахский феномен») деп аталған жаңа құбылыстың есімі – осы. Сөйтіп, біздің қарсыластарымыздың ұлтшыл дегені, біздің бойымыздағы асыл да, киелі қасиетіміз екен. Бұны қазақтың қасиетті жеті қазынасының бірі деп есептеймін, өз басым. Ондай саяси философиялық категорияны ой елегінен өткізіп, оны санамызға орнықтырарлық дәлел іздестіре бастағанда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы ойға оралады. Әлемдік тарихта болат құрсаңған армияға қазақтан басқа қай елдің қару ұстамаған жалаңтөс жастары қарсы шығып еді? Тіпті, Берлин қабырғасыда Қазақстанның желтоқсанынан көп кейін құламады ма? Желтоқсан оқиғасында жалаңаяқ, жалаңбас қазақ жастары көрсеткен көзсіз ерлікке, соларды басып-жаншып, қабырғаларын күйретіп жүрген танкистер, әскерлер МХК, ПК албайлары, түрме қызметкерлері әлі күнге дейін таңдай қағады. Қайратымыздың қаны қазақтың бұл жолда төгілген соңғы қаны болғай. Азаттық үшін енді тек тер төгелік! Қазақтың азаттығы тек термен өлшенбек. Қазағым терді неғұрлым көп төксе – тәуелсіздігі де толығырақ, ал, керісінше аз төксе, аянса – соғұрлым аз болмақ. Тәуелсіздік деген өзінен-өзі келмейтінін, өлшеніп келетінін сол ұрпақ білгені жөн.

Дүниені күрт өзгерткен жаңаша ойлау философиясына түрткі болған қазақ жастарының Желтоқсан дүрбелені екенін

әлем білгенмен, қазақтың сол жастары ұмыта бастаған жоқ па? Біле ме? Әрине, білетіндерінен білмейтіндері көп. Өйткені, тағы да тоқмейілсі қалдық... «Үкімет билігін қолына ұстаған қазақ» және «қарапайым қара қазақ» болып бөлініп, өзара жауықсақ, Қазақстан кімнің қолында қалмақ? Мұны империя бағамдамай, есепке алмай отырған жоқ. Біресе онан, біресе мұнан қаулаған орыс атамандары «қазақ пен қазақ жұлқыласа арашашы болсам, ақыл айтып, ара түсіп, айламды асырсам» деп армандайды. Өз елінде аттан сыпырылып, есігінде қалған ұлт – қазақ болды.

Ұлттық идеологиясыз қазақ ХХІ ғасырға кіргенмен, сол ғасырдан шыға алмауы былай тұрсын-ау, қазіргі экономикалық-әлеуметтік өзгерістер де бос сөз болып қала бермек. Жетістігіне таңдайымызды қағып жүрген Жапония, Корея, Тайланд пен Тайвань ұлттық идеология аркасында төбесі көкке жетіп отыр.

Ұлттық идеологиясыз Қазақстанның болашақтағы иесі кім боларын да айту қиын, бірақ, ол қазақ болмасына мен кепіл. Өйткені, саяси билік қазақтың қолында болғанмен, экономикалық биліктің тұтқасын кім ұстап отыр? Ойлан, қазағым, оян!

Ұлттық идеология дегеніміз, әрине, басқа ұлт өкілдеріне деген қиянатты, құқайлықты насихаттау емес. Бұған ұлт өзіне-өзі қол салсын деген жауыздар ғана барады. Қазақ емес ұлт өкілдеріне қиянаттың кез-келген түрін жасау – сорлы қазаққа жау тауып беру, Қазақстанның әлемдік өркениет алдында сағын сындыру, тәуелсіздік жолына тосқауыл құру. Мәселенің саяси қатпары «көпұлтты» Қазақстанда қай ұлт өзінің саяси билігін қамтамасыз етеді, қысқаша айтқанда, Қазақстан кімдікі?» – осыған саяды...

... Осы уақытқа дейін қазақты торғайдай тоздырып, жерге қаратып келген Ресей еді. Ресеймен – ішіндегі немесе тысындағы – көршілес бір де бір мемлекет я халық оңғанын көре алмады. Маған сенбеген жан КСРО-ның картасына назар салсын. Империя ешкімнің көсегесін көгертпейді, тиіп кеткен жерін оңдыртпайды, наразылық жасаса қан қақсатады. Демек, Ресеймен көрші отыруға шыдағанның ғана жаны қалмақ екен. Ресей өз бетімен жуасымайды. Өйткені, оны жуасытпайтын, бұратана ұлттарға жауықтырып отыратын орыс қоғамында бір ұлы итергіш күш бар. Ол – православие діні. Православие шіркеуінің аз санды халықтарға

күлімсірей қарағанына қазағым алданып қалмағай. Православие дін басылары Руське «киелі» деп айдар таққан дәуірде біз секілді халықтар орыс қаруынан қан жұтқан. Оның алтынмен апталған ашамайының астында айшық белгісі тегіннен тегін шалқасынан 330 туып жатқан жоқ. Айшық – біздің тізе бүккендігіміздің ишарасы. Орыс шіркеулерінің ашамайларының алтын құрамы Қазақстан алтынымен тең. Өйткені, біздің жерден алынған. **Православие философиясының өзегі – ұлы мемлекеттілік (великодержавность),** мемлекет алдында тізе бүгу, соған қызмет ету, құрбаны болу. Сондықтан, орыс қоғамында ғана құлдықтың «қамалдық» (крепостнойлық) тұрпаты сақталған («закон тайги – медведь хозяин»). Мұны Герцен мен Чернышевский «орыс социализмі» десе, Пушкин «орыс ісі» деп атайды. Православиенен құтылмай орыс оңбайтынын ұлт зиялылары сезгенімен, одан құтылудың жолын ойластырған орыс ойшылын мен әлі кездестірмеймін. Біздің эрамыздың IV ғасырынан қуат алған православиеше ойлау жүйесі Грекияны, Византияны, Күнгей Кавказ бен Балқан елдерін күйретіп бітті. Украина, Белоруссия мен Россиядағы қазіргі дағдарыс та соның салдары. Бұл философия дағдарысқа өзі ғана түсіп,

өзінің кесірін өзі ғана тартып отырса менің онда ешқандай шаруам да болмас еді-ау! Мұндай философия бізді де қуратып отыр. Болашақ Қазақстанның «орыс жолына» түсуіне болмайды деп, байбалам салуымыз сондықтан. Бұл жол тұйық: жанжалдан басталып, жанжалға тіреледі...

...Қауіп – зор, өте зор. Бірақ, қорқуға еш негіз жоқ. Қорықсақ, жалтақтасақ, Қазақстаннан айрыламыз. Қорқыту мен үркітуді айлаға айналдырған орыстың күркілдек империясында басқадай дәрмен де қалмады. Саусақтың бірін бұған да бүгін ұстаған жөн. Демек, Қазақстандай алыпты орыс тракторының тіркемесіне айналдыруды үзілді-кесілді доғарған абзал. Орысты теңдік пен достыққа шақыра отырып, қазақтың төл несібесіне қол сұққызбауды, билік маңайындағы құзғын құлқын жылмақайларды аластауды, орыс алдында қазақ намысын жібермеуді, ұлтқа жанашыр адамдарды, бұл істің ебін білетіндерді мемлекет ісіне тартуды саяси машиққа айналдыратындай заман туды.

Халқымыз ұйқыда, бағынуға көнбіс. Сондықтан, дәл осы кезеңде оған қорған болу керек. Оянып алған қазақ Азияның алыбына айналатыны сөзсіз.

«Жас қазақ» газеті, 1992 жыл



Ерғали ОМАРҒАЗЫ,
саясаттану ғылымдарының
кандидаты, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ саясаттану кафедрасының
доценті

– Қазақстандағы қазақ халқының рөлі қандай? Мемлекетті құрушы ұлт па әлде полиэтникалық Қазақстан халықтарының бірі ғана ма? Қай жағы басымдау?

– Қазіргі таңда осы сұрақ өте өзекті болып отыр. Қазақстан полиэтникалық мемлекет болғанымен, ондағы мемлекетті

«БІЗ БІР ҰЛТТЫ, ПОЛИЭТНОСТЫ МЕМЛЕКЕТПІЗ»

құрушы, яғни титулдық ұлт – қазақ халқы. Бұл біріншіден, Конституцияда анықталса, екіншіден, биліктің қайнар көзі халық болса, сол халықтың басым көпшілігі, яғни 65% қазақ ұлты. Сондықтан да, қазақты көпұлттардың бірі деп ешуақытта санауға болмайды. **Қазақстандағы қазақ мәселесіне келсек, елімізде өзге ұлт өкілдерін алалап, дискриминациялаудың керегі жоқ. Бірақ, қазақтың рөлін көтеру керек. Кез-келген елдің мемлекетті құраушы ұлтқа деген көзқарасы ерекше болуы заңды құбылыс. Батыс Еуропа елдерінде ренессанс дәуірінен бастап, XVIII ғасырдан бастап ұлттық мемлекет құру идеясы пайда бола бастады. Ғылымда ұлттың мемлекеттегі рөлін айқындайтын «титулдық ұлт», «этнос», «суперэтнос» деген секілді ұғымдар бар. Ал, қазақ халқы**

өзінің атамекенінде ел болып ұйып отырған мемлекет құрушы ұлт деп нақты айтуға болады.

Саяси тұрғыдан алғанда, Кеңес үкіметі Қазақстанға уникалды өзгерістер енгізді. Нәтижесінде елімізде көптеген ұлт өкілдері диаспора болып бекіп, қазақтан полиэтникалық елге айналды. Яғни, қоғамда қате пікір тудыратын, көпшілік жиі айтатын «көпұлтты» мемлекетке айналды. Осы тұста журналистер қауымына ренішіміз де жоқ емес. Себебі, азаттықтың алғашқы жылдары Конституция қабылданғаннан кейін кейбір журналистер полиэтникалық деген ұғымды қазақшаға көпұлтты деп аударып, қоғам санасына кері әсер етті, санаға солай сіңіп кетті де. Айналып келгенде, Қазақстан көпұлтты мемлекет болып шыға келді. *Алайда, бұл жаңсақ түсінік. Конституциялық түсіндірме сөздікте де, басқа да ғылыми еңбектерде де Қазақстан Республикасы бір ұлтты, полиэтникалық мемлекет деп көрсетіледі. Мұндағы «полиэтникалық» деген ұғым категориялық тұрғыдан алғанда «көпұлтты мемлекет» түсінігіне мүлде қарама-қайшы.* Екеуі екі бөлек ұғым. Кең мағынасында алғанда, «полиэтникалық» деген түсінік шеңберіне жеріміздегі түрлі ұлттар мен ұлыстардың, диаспоралардың өкілдері кіреді. Ал, мемлекеттің негізгі қожайыны — қазақ халқы. Ол ешқандай полиэтникалық құрамға кірмейді.

— Жоғарыда айтып өткеніңіздей, қазақтың мәртебесі Ата Заңда нақты көрсетілген. Осы жайтты тарқатып айта түссеніз. Қай заңда, қай бапта қазақтың негізгі ұлт екендігі қамтылған?

— Қазақтың мемлекетті құрушы ұлт екендігін айқындап тұрған заңдар мен баптар бар. Мысалы, қазақ тілі мәртебесі жөніндегі бап, преамбуладағы қазақтың аталуы т.б. Қазақстан Конституциясының преамбуласының, яғни, алғысөзінде: *«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз» деп жазылған.* Яғни, мұның өзі біріншіден, қазақ халқының рөлін, оның

саяси маңызын көрсетеді. Қазақстан — унитарлы мемлекет, яғни біртұтас, ешқандай федерация, конфедерация емес. Сондықтан да Қазақстанның титулдық ұлты қазақ екендігін айтуымыз керек.

Осы преамбуладағы *«байырғы қазақ жері»* деген тіркес көбіне дау тудырып, қазақ қоғамына түсініксіздеу болып отыр. Бірақ, біз Қазақстанның құқықтық мемлекет екендігін ұмытпауымыз керек. Құқықтық мемлекетте заң жалпыға бірдей түсінікті болуы тиіс. Оны әркім өзінің түсінігі шеңберінде қабылдап, уәж айта берер болса, бұл әрине мемлекеттігімізге сын болар еді. Мысалы, дамыған елдерде, нақтырақ айтқанда Америкада әр адам заңды, оған берілетін түсіндірме сөздікті жақсы біледі және соның шеңбердегі заңды бұрмалауға ешқандай құқы жоқ. Біздің елде де дәл солай. Мемлекеттік Конституция 98 баптан тұрса, оған міндетті түрде түсініктеме беріледі. Соған сүйеніп, заңи тұрғыдан айтар болсақ, байырғы деген сөз қазақтың нағыз өзінің ата-бабасының жерінде мемлекет құрып отыр деген түсінікке саяды. Менің субъективті пікірім осындай.

— Қазақстан Халықтары Ассамблеясына Парламентке тоғыз депутаттық мандат жалпыхалықтық сайлауға түспестен беріледі. Ал, заң бойынша азаматтар тегі мен ұлтына қарамастан бәрі тең. Сайлау жүйесіндегі өзге ұлттарға осындай басымдық беруіміз заңдылық па?

— Бұл мәселе сонау 1992 жылдан бастап қозғала бастады. Өйткені, Елбасының егемендіктің алғашқы жылдары берген есебінде қазақ еліндегі өзге этностардың құқығын қорғау бойынша осы мәселені қозғайды. Мұндай тәжірибе көп әлемнің елдерінде жоқ. *Әрине, заң алдында адамның барлығы тең деген қағиданы ұстанып мемлекет құрғаннан кейін, заң жалпыға бірдей болуы керек. Қоғамда осы мәселеге қатысты «неге тоғыз орын қазақ қатыспай, сайлауға түспестен беріледі» деген секілді уәж жиі айтылады. Бірақ, бұл жерде тағы бір байлам бар. Яғни, заңи тұрғыда өзге ұлт өкілдеріне осындай айрықшалық берілгенімен, Халықтар Ассамблеясын қазақ басқаратынын ұмытпауымыз керек. Президент оның негізгі төрағасы болып саналады. Сондықтан бұл заң жүзінде пропорционалды.*

Біздің еліміздің ең негізгі саясаты — қоғамда тыныштық орнату. Меніңше сайлау жүйесіндегі осындай ерекшелік ішкі араздықтың алдын алу мақсатында жасалып отырған қадам.

Келелі кеңеске орай

— Қазақ халқының билік жүйесіндегі орны қандай?

— Билік жүйесінде қазақ халқының рөлі жоқ деп айта алмаймын. Бірақ ұлтымыздың әлеуметтік, экономикалық жағдайы, содан кейін демографиялық ауытқулар, жалпы қазақ ұлты әлеуеттік тұрғысынан алсақ, өкінішке орай, әлі әлсіздеу. *Қазақстандағы басқа да ұлт өкілдеріне қарағанда, қазақ халқының материалдық ахуалы төмен. Алайда, бұл титулдық ұлттық өзге диаспоралық ұлтқа қарағанда төмендеу болуы дамушы мемлекеттердің барлығына тән проблема деп ойлаймын. Мәселен, іргеміздегі Ресейдің өзін алып қарайық. Ондағы орыстардың жағдайы біздегі орыстардың жағдайына немесе сонда өмір сүріп отырған шешен, грузиндерге қарағанда әлдеқайда төмен. Екіншіден, ұлттың интеллектуалдық деңгейін әлі де көтеру керек. Өйткені, Елбасымыз айтқандай бәсекеге қабілетті ұлт құру мәселесі, яғни адами капитал және интеллектінің болуы. Неге біздің елдегі өзге ұлт азаматтары өзін қазақтың деп айта алмайды, өзге шетелдерде мемлекетті құрушы ұлт болмаса да, сол ұлттың атын мақтана айтып жүретіндер бар. Тіпті, қазақтардың өздері қазақ екеніне ұялатын жағдайлар да бар. Себебі, қазақ халқының деңгейі әлі төмен.*

Тағы бір мәселе, биліктегілер салт-дәстүрімен, ұлттың тамырымен байланысты үзбеу. Қазақ тілі мәселесінің әлі күнге дейін шешімін таппауының себебі де биліктегі таза қазақы, ұлттың нәрмен сусындап өскен адамдардың үлесінің аз болуынан да болып отыр. Жыл сайын мемлекеттік тілді дамыту үшін миллиондаған ақша бөлінеді. Бірақ, нәтиже жоқ. Неліктен? Себебі, билік басында нағыз қазақы ортадан шыққан, өзінің тамырын білетін, ұлтына шын жаны ашитын адам аз. Бұл пропорциясы ұлғайса, тіл мәселесіне ақша бөліп, шешу жолдарын қарастыру қажет болмай, өздігінен шешілер ме еді?..

— Қазіргі қазақ мәселесі аз айтылып, аз жазылып жатқан жоқ. Бірақ, осынау күрмеуі қиын проблеманы шешу жолдары, әдістері мен технологиясы қандай?

— Мұхтар Тайжан: «Өзінің ана тілінде өзінің ұлтының кемшілігін айту, сынап-мінеу — тәрбие. Өзінің халқы туралы өзге тілде жамандау — сатқындық», — дейді. Сондықтан, осындай тақырыпты

көтеріп отырғандарыңыз өте орынды деп есептеймін.

Кез келген елге саяси тұрақтылық керек. Бірақ, соңғы кезде бізде көптеген мәселелер қозғалып, ащы шындықтар ашылып жатыр. Ол заңды құбылыс. Қазақстан ашық мемлекет, сондықтан жан-жақтан әсер етуші күштер көп, іштен іріткі салушылар да бар. Алайда, біз мемлекетімізді консолидациялауды одан әрі қарай, бейбіт түрде жалғастыра беруіміз керек. Ұлттық идеологияның әлсіз тұстары өте көп. Міне, осы мәселелермен нақты жұмыс істесек, қазақ ұлтының Қазақстандағы титулдық ұлтретіндерәлі де, ұлттың деңгейі арта түсер еді. Ол үшін әлеуметтік, материалдық, экономикалық, ең бастысы интеллектуалдық әлеуетін, саяси және құқықтық сауатын көтеру керек. Мұның бәрі түбінде саяси жағдайға әсер етеді. Ал, мұндай оң әсер еліміздің дамуына да алып келеді. Қазір интеллектуалды ұлт капиталын қалыптастыру жолында игі қадамдар жасалынып жатыр. Өйткені, мұның маңыздылығын түсініп келеміз. Табиғи ресурссы аз Жапония мен жері тұнған алмаз, мұнай Африка елдерін алып қарайық. Сондықтан, табиғи ресурстан гөрі адами капиталға көп көңіл бөліну керек. Саясаттану ғылымында «саяси әлеуметтену» деген ұғым бар. Бала дүниеге келгеннен бастап, саяси әлеуметтену үрдісін басынан өткереді. Яғни, өсу, кемелдену. Осы процеске әсер етуші күштерді: қарапайым теледидар, өсе келе интернетті бақылау, мектептегі білім, тәрбие жұмыстары дұрыс жүргізілсе, саналы ұрпақ қалыптасары сөзсіз. Әрине, мұның барлығына жаңа методология керек. Мысалы, тіл мәселесіне қайта келейікші. Қазір білім ошақтарында қазақ тілінің сағаттары қысқартылуда. Мүмкін, оның өзіндік себептері де бар шығар. Алайда, мемлекет пен қоғам арасында келісім болуы керек. Қазақ тілі қысқартылғанмен де, тілді бір-екі жылда үйреніп шығатын ағышын тілі секілді нақты методология енгізілсін.

Қорытындылай айтқанда, ең бірінші интеллектуалдық мәселеге зейін қою керек. Екінші, әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру, үшінші қоғамдағы зәңгі, саяси сауаттылық мәселелерін көтеруді тиімді түрде, нақты жұмыс істейтін методология керек. Міне, сонда ғана еліміз көркейіп, болашағымыз жарқын болады.

Сұхбаттасқан Жания ӘБДІБЕК.



Жарылқасын БОРАНБАЙ,
«Қазақ хандығы» қоғамдық
Қорының төрағасы

БЕРЕКЕТ МЫРЗА, СІЗГЕ АЙТАМ, БАСҚАЛАРҒА ДА ОЙ САЛСЫН

немесе тағы да қазақ
хандығы туралы



Мемлекеттік хатшы М.Тажиннің басқаруымен Астана қаласында үлкен жиын өтіп, тарих ғылымына деген көзқарас қайта қаралып жатқан мезгілде осы салада біршама қызмет жасаған Сіз әртүрлі жиындарға, отырыстарға, телесұхбаттарға жиі-жиі шақырылып, бұл жөнінде өз ойларыңызды жасырмай айта бастадыңыз. Бұған, әрине, біздің қарсылығымыз жоқ. **Бірақ, Сіз сол отырыс, телесұхбат, тіпті жазғандарыңызда философияның «терісті теріске шығару» заңдылығын тарих ғылымына өте шебер пайдаланып жүрсіз. Сіз бұрын айтылғандардың бәрін жосққа шығарып, «жаңалық» аштыңыз. Жаңалығыңыз сол – қазақ хандығының қазығын 1457 жыл деп қаға бастадыңыз.** Қандай бір жұмыр басты пенде болмасын өз туған күнін жақсы білуі тиіс. Себебі, құжат (паспорт) соған қарап толтырылады. Мемлекеттік құрылым да сондай. «Арғы тегіміз – Көк Түрік, одан да әрірек барсақ Сак, Ғұн, Скиф, Арғы-қазақ болып кете береміз...» десек те, қалай қарай оқылса да «қазақ» деп естілетін таңғажайып аты бар, жұмыр жердің тоғыздан бір бөлігін мекендеген ұлы жаратылыс, өзінің тарих табалдырығын оң аяқпен аттаған күнін қалай да білуге тиіс деп ойлаймыз. Осыған, ең алдымен, зер салғандар Алаштың ардақтылары екен. Солардың арасынан суырылып шығып, мамандығы теміржолшы болса да «Қазақ хандығы» тақырыбына қалам тартқан Мұхамеджан Тынышбаев болыпты. 1923 жылы Ташкент қаласынан жарық көрген «Сана» журналында «Түрік-моңғол тарихы» атты еңбегін жариялап, оны **«1. Ең ескі заманнан бастап 1456 жылға шейін» (Өзбек-қазақ айырылған жыл)** деп бөлімге бөледі. Сөйтіп, 1456 жылдың қазақ мемлекеттігінің алтын табалдырығы екенін аңғартып өтеді.

Мұхамеджан Тынышбаевта Қазақ хандығының орнауы жайында мынадай да дерек бар. Міне, оқып көрелік: **«Шағатай ұлысының құрамында болған арғындар Темірдің 1376, 1389 және 1390 жылдардағы жойқын шапқыншылықтарына ұшырады. Одан кейін 15 ғасырдың басында шығыстан жоңғарлардың шабуылы басталды да, 1456 жылы арғындар батысқа қарай кәдімгідей жылжып, Орыс ханның немересі әйгілі Жәнібек ханның қарамағында болады. Шамасы арғындар батысқа қарай 1400-1410 жылдар мәулетінде қозғалса керек...»**

1935 жылы қазақтың тағы бір марғасқа ұлы С.Д.Асфендияров, басқа ұлттың ғалымы П.А. Кунте екеуі бірігіп, Москва қаласынан қазақ тарихына арналған кітап бастырып, онда былай дейді: **«...В это время (около 860-1456 г) Абул-Хайр-хан властвовал в Дашти-Кипчаке, султанам джучидским приходилось от него плохо и двое из них, Джанибек-хан и Гирей хан бежали в Моголистан»** деп көрсетеді (*«Прошлое Казахстана в источниках и материалах» (Государственная публичная библиотека Казахстана и казакской научно-исследовательский институт национальной культуры. Сборник 1(V в. до н.э.-XVIII в н.э) под редакцией проф С.Д. Асфендиярова и проф. П. А. Кунте. Казакское краевое издательство Алма-Ата. 1935. Москва*). Бұл аса құнды кітапты 1997 жылы Алматы, «Қазақстан» баспасы қайта басып халыққа ұсынған.

Осы кітаптың 111-бетінде VI. Казахское ханство (XV-XVII вв) дейтін тарау бар. Онда ол: біріншіден, «По мусульманским источникам» – деп алып былай деп көрсетілген: **«К этим трем векам в сборнике относятся девять источников, охватывающих события с 1456 г. по 1627 г.** Енді, бұл аталмыш кітап (Мухаммед-Хайдар. Вельяминов. 139-140, 150-157, 192-202) деп алып кітапта мынадай дерекөздерін ұсынады: **«...В это время (около 860-1456 г) Абулхайр хан**

владычествовал в дашти-кипчаке султанам джучидским приходилось от него очень плохо и двое из них, Джанибек-хан и Гирей-хан бежали в Моголистан. Иса-Буга-хан принял беглецов хорошо и отвел им край Джу и Козыбаши, который составляет западную окраину Моголистана. Там они зажили спокойно. После смерти Абулхайр-хана улус узбекский пришел в расстройство, начались в нем большие неурядицы. Тогда множество народа откочевало к Гирей-хану и Джанибек-хану. Так что число собиравшихся около них людей возросло вскоре до двухсот тысяч, звать их стали узбеками-казаками. Эпохой, с которой началась собственно власть султанов казакских, надобно считать год 780 (1465-66), впрочем бог лучше знает...» (стр 116) (Бұл жерде де 1456 жыл тұр. Бірақ, Сіз Вельяминов-Зерновқа үзілді-кесілді қарсы боласыз, әйтсе де оған келтірген дәлеліңіз тым әлсіз. Оған кейінірек толық тоқталатын боламыз).

Осы арада ептеп ойласатын нәрсе бар. Ол – Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» жазған, көрсеткен нәрселерінің бәрін ой елегінен өткізіп алмай қабылдай беруге бола ма деген сұрақ. Себебі, ол кітап, өзі аты айтып тұрғандай – «Тарих-и-Рашиди», яғни, «Рашид ханның тарихы». Екіншіден, 1544-1546 жылы «бірінші дәптер» аяқталып, «екінші дәптер» қашан көзі жұмылатын 1550-51 жылдарға дейін созылады. Осыдан-ақ, оқырман бұл кітаптың «Қазақ хандығы» дүниеге келген уақыттан 100 жылдай кейін дүниеге келгенін байқауына болады. Әрі бұл тым шалғайда, Үндістанда, Кашмирде жазылғаны да есте тұруы тиіс. Мұнан бөлек, кітап авторы Қазақ хандарына аса сүйіспеншілік танытпайды. Себебі, олар «Моголстан» мемлекетінің төл перзенттері. Ал, Керей мен Жәнібек Моголстанды әуелі «қоныс сұрап кіріп алып, ақыр соңы «Қазақ хандығына» айналдырып жібергендер». Кітаптың 33-тарауында (Мұхаммед Хайдар Дулати. «Тарих-и-Рашиди» Тұран» баспасы, Алматы. 2003. (305-бет) мынадай сөз бар: «Әбілқайыр хан Дешті Қыпшаққа түгелдей билігін орнатқан кезде Жошы әулетінен шыққан кейбір тіміскішіл сұлтандар одан келер пәленің ісін сезіп қалып, оны орнынан тайдырмақ болды» (Көрдіңіз бе, біздің ұлы мемлекетіміздің бастауында тұрғандарды «тіміскішіл сұлтандар» деп келеке жасайтынын. Сонда, бұл оңған тарих бола ма?!). «Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп, жырылып қалып, біраз уақыт тарығып, әрі сергелденде

болғандықтан оларды «қазақ» деп атады. Бұл лақап ат қазақтарға осылай таңылды», – дейді бұл ойын одан әрман жалғастырып... «Ең ақырында сәтсіз тағдырдың қырсығынан соншама халықтан міне, бүгін төртінші жыл боп барады, ешбір жерде із де қалмапты. Отызыншы жылдары (930(1524 жылы) қазақ саны мың-мың (миллион) болатын. Қырық төртінші жылы (944(1537) сонша халықтан бұл жерде еш белгі қалмаған...») (306-307-беттер).

Иә, Тараз университетінің атын беріп, соншама ардақтайтын, көп ғалымдар зерттеушілер басына жастанып жататын, «көзіне сүртіп оқитын», «қасиетті кітапқа» балайтын, «Тарих-и-Рашидидің» айтары осы. Сонда, көкірегіңе келе беретін «сонша халықтан бұл жерде еш белгі (ең болмаса ізі де) қалмаса», мына біз, «қазақтар» қайдан шықтық?» дейтін сұраққа еш жауап таппай қиналатының бар... «Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдан басталады» деп алып, артынан соған өзі күмәнданып, «Алла жақсы біледі» деп қайырмалай салады. «Алла жақсы білсе», Алланың құзырына қол сұғып несіне әуре болады?! Бірақ, бұл кітаптың бір құнды жері бар, ол Моголстан мемлекетінің тарихын қапысыз баяндауы. Міне, осы жерден қолға сол замандағы саяси жағдайлардың жөн-жобасын біле алатын деректер ілігуі мүмкін екенін жасыра алмаймыз.

Ал, енді, 1964 жылы жарық көрген «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары» топтама кітабына («Мұхаммед Хайдар Дулати» атты зерттеу мақаласын жазған академик Әлкей Марғұлан, осы 1456 жылды бірнеше мәрте шегелей айтады. Дәл осы кітапқа «Қадырғали Қосынұлы Жалайри» атты еңбегін бастырған ғалым Қадырбек Жүнісбаев та осы 1456 жылға тоқталады. 1983 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» 5 томдықтың 2-ші томы. Вильяминов-Зернов, Абусейітова А.А., Мойсеев В.А., Әлкей Марғұлан т.б. Қазақ хандығының басталуын 1456 жыл деп нақты көрсетеді (188-бет). Қазақ ССР энциклопедиясы, Қазақ Ұлттық энциклопедиясы «Қазақ хандығы шамамен 1456-1847 жылдар аралығында өмір сүрді» деп анықтама береді.

Иә, 1983 жылы «Қазақ ССР тарихы» кітабы 5 том болып шықты. Соның 2-томы «Көне заманнан бүгінге дейін» деп аталады. Осы аса құзіретті кітаптың, болса да пәленбай академик қоштап қол қойған 188-бетінде «Әбілқайыр ханның әскерлері мен

Үз Темір тайшы басқарған ойраттардың шайқасы «Көк-Қашан» (Сығанақ төңірегінде) тұсында 1456-1457 жылы болды» деп айшықталып жазып қойылған. Оны мына бір деректерден (107. *Тарих-и-Абу-л-Хайр-хани*, л. 336б-339а, МИКХ, с. 168) оқуға болады. 170. Бартольд В.В., *Абулхайр с. 490*. Ахмедов Б.А. «Государство кочевых узбеков», с. 64-65») деп ап-анық етіп қайдан алынғанын көрсеткен. Бұдан кейін тайға таңба басқандай етіп: «Осы жеңілістен кейін Әбілқайыр хандығының көшпелі халқының бір бөлігі бөлінді де, Керей мен Жәнібек сұлтандардың басшылығымен Моголстанға көшіп, Шу мен Қозыбас өзендерінің жазығына қоныс тепті» дейді. Осыдан кейін 109 (гриф) тұспал санмен: «*Таварих-и-гузидаий-нусрат-наме*», л. 66 б. МИКХ, с. 17, Ахмедов Б.А. «Государства кочевых узбеков» с. 67» – деп көрсетілген. Тағы да мұнда: «Әбілқайыр 1468 жылы Моголстанға жорыққа аттанған тұста кенеттен қайтыс болды», – дейді. Осыдан кейін: Қараңыз: Махмут ибн Уәли (МИКХ, с. 361) ханның жорығы мен өлімінің мерзімі ретінде «тышқан жылын» (1468 жылды) келтіреді. Бұл бұл ма, қазақ жерінен алыста, 1987 жылы Қытайда, Шыңжаңда шыққан «Қазақтың көне тарихы» кітабында белгілі тарихшы Нығымет Мынжан дәл осы 1456 жылға тоқталады. «1456-57 жылдары Әбілқайыр хан Сығанақ маңында Өз (Із) Темір тайшы бастаған ойраттармен соғысып жеңіліп қалды. Әбілқайыр Сығанақ бекінісіне тығылды. Қарсылық көрмеген ойраттар Түркістан мен Ташкент маңайын еркінше тонады. Осы жеңілістен соң көшпелі халықтың бір бөлігі Жәнібек пен Керей сұлтандардың басшылығымен Әбілқайырдан бөлініп, Моголстанға көшіп кетті де, Шу өзенінің аңғарына барып қоныстанды» ((113-бет).

«Әбілқайырдың 1456-57 жылы қалмақтардан ойсырай жеңілуіне байланысты Керей мен Жәнібек шебер пайдаланды». «Керей мен Жәнібек сұлтандар өздеріне қараған қолмен Әбілқайыр хандығынан бөлініп 1456 жылы Моголстанға көшіп келді».

«...Сонымен, жеке Қазақ хандығының тарихы XV ғасырдың екінші жартысынан басталды. Оның құрылуының тарихы 1456 және 1466 жылдардағы Өзбек ұлысының бір бөлігінің бағынбаған сұлтандары Орыс ханның ұрпақтарының бастауымен (көшуімен) Моголстанның шекарасынан тысқары көшірілген және «Көшпелі өзбектер» деп аталатын

мемлекеттің 1468 жылы Әбілқайыр хан өлімінен кейінгі құлдырауымен байланысты».

«1456 жылы Керей хан мен Әз Жәнібек ханның Әбілқайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріне қоныс аударуы қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды оқиға болған еді.

Алғашында қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабы еді. Міне, нақ осы территорияға деректемелерде тұңғыш рет «Қазақстан» деген атау қолданылды» (Уасифи. 16-ғасыр) (Қазақ Совет энциклопедиясы», 6-том, 384-385 беттер).

1468 жылы қыста Әбілқайыр хан қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа аттанды. Бірақ, сапары сәтсіз болып, жорық жолында қаза тапты (Бахыр әл-асырар» 1326-1336-беттер). Әбілқайырдың қаза болуы қазақ хандығының нығаюына және көлемінің ұлғаюына үлкен орай тудырды. Әбілқайыр өлген соң, оның елінде қиян-кескі қырқыс басталып, хандық ыдырай бастады. «Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды, ірі шиеленістер басталды. Оның (қарамағындағылардың) үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті. Мұндай тиімді жағдайды дер кезінде пайдаланған қазақ хандары Керей хан мен Әз Жәнібек бұдан 12 жыл бұрын өздері ауып кеткен ата қонысы Дешті Қыпшаққа қайта оралды» – дейді (Бұл жерде Әбілқайыр хан дүниеден өткен 1468-ден 12-ні алып тастасаңыз тұппатура 1456 жыл шықпай ма?).

Сіз «Әбілқайыр ханның өмірін тарих етіп жазған XVI ғасыр тарихшысы Масуд ибн Осман Кухустани оның қайтыс болуын «874 жылы тышқан жылы 57 жасында» деп көрсетеді», – деп жазасыз («XV-XVIII ғ.ғ. Қазақ хандығы тарихының материалдары» (А. 1969, 171-б). Бірақ, Сіздің бұл айтқаныңыздың дұрыстыққа жатпайтынын тым ертерек, XX ғасырдың басында Қазақ хандығы тарихының білгірі В.В. Бартольд «Абул-хайр» атты еңбегінде «1469-1470 жылға сәйкес келетін хижра бойынша 874 жылға қате теңестірген» деп (390-бет) анықтап қойған (қараңыз: В.В. Бартольд. «Тюрки-Двенадцать лекций»). Бұдан бөлек өз замандасыңыз «Қазақ хандығы» тақырыбына көптен қалам тартып жүрген көзі тірі тарих ғылымының докторы, профессор Сәйденов Жолдасбаев деген әріптесіңіз

Сізге неге «себепсіз» қарсы болады? Ол былай дейді: «Бұл оқиғаны көрсетіп отырған басты себебіміз, біріншіден, Әбілқайыр ханның қаза болған кезін «тышқан жылы» деп жаза отырып, оны хиджраның 874 жылы деп қателесіп, «сиыр» жылының көрсетілуі, – дейді ол ағынан жарылып. – Жалпы, мүшел жыл мен жыл аттарын көрсететін ел аузында сақталған аңыздар ешқашан қате жібермейтінін ескерген жөн. Мәселен, Махмұт ханның түрік сұлтаны Мехмед Фатихқа жолдаған хаты шындығында да тауық жылы хиджраша 870 жылдың 5 ақпанында жазылғанын есепке алып қарағанда шындығында «тышқан жылының» 1468 жыл екендігіне ешбір дау жоқ» (*«Қазақ хандығы қашан құрылған» «Қазақ әдебиеті» 9.03.2001 жыл*).

Бұл «тышқан» жылы енді тілімізге көбірек оралатын болады. Сіз «Сырдың бойынан тышқан жылы қара күзде бір түмен елмен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынқұмға жетті» – дейсіз. Бұл деректі белгілі тарихшы, археолог, «Қазақ хандығы» тақырыбын зерттеуші ғалым Мәдияр Елеуұлы «Шу өңірі: аңыз бен тарих» атты еңбегінен алғансыз. «Сырдың бойынан «тышқан жылы» қара күзде бір түмен елмен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынқұмға жетті» – дейді ол. Мәдияр Елеуұлының, «Сыр бойынан, тышқан жылы, қара күзде...» дегені ойға қонғанмен, «Сыр бойынан» деп көрсеткені тарихи шындыққа келіңкіремейді, себебі, сол Жәнібек сұлтанды Әбілқайыр Сыр бойында орналасқан Сығанақ қаласынан одан 10 жыл бұрын, 1446 жылы қуып шыққан болатын. Ежелгі дәстүрді бұза отырып, Темір мен Жошы ұрпақтарынан тартып алынған жерлерді өз жақтастарына сойырғал-сыйлық ретінде таратады.

Қарт Қаратаудың теріскейіндегі Созақты Бақтияр сұлтанға, Сығанақты-Манеадан оғланға, Үзкентті Уаққас биге ұсынады. Әбілқайырдың Ордасы да осында болды. Сол себепті, Керей мен Жәнібек бұл маңда бола алмайды. Олардың Үз Темір тайшының шапқынына ұшырамауының да ең басты себебі осы еді.

Сонымен Сіз, Мәдияр Елеуов екеуіңіз жыл басы «тышқаннан» айырылғаларыңыз келмесе, әсіресе, Сәйден Жолдасбаев «... шындығында да «тышқан жылының» 1468 екендігінде дау жоқ» десе, ол көрсетіп отырған 1468 жыл – тышқан болғанда,

әрине, 1467 – доңыз, 1466 – ит, 1465 – тауық, 1464 – мешін, 1463 – қой, 1462 – жылқы, 1461 – жылан, 1460 – ұлу, 1459 – қоян, 1458 – барыс, 1457 – сиыр болмай ма?! Ал, енді, 1456 – қайтадан «тышқан» боп шығады. Ал, Сіз «Сырдың бойынан «тышқан» жылы қара күзде бір түмен елмен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынқұмға жетті» дегеніңіз қайда қалады?

Берекет бауырым, бұған қарағанда сіз айтып жүрген 1457 жыл «тышқан» емес, «сиыр» болмай ма? Сонда сіздің «Сырдың бойынан тышқан жылы қара күзде бір түмен елмен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынқұмға жетті» деген сөзіңіз не боп кетеді?! Ал, енді, Сіздің «тышқаныңыз» 1457 жыл болса, онда 1468 жыл «тышқан» емес, анау-мынауы тұмсығымен сүріп тастайтын «доңызға» айнамай ма?! Ал, осы саладан «нан жеп жүрген» өзің сияқты тарихшы, тарих ғылымының докторы, профессор Сәйден Жолдасбаев «доңызға» көне қояр ма екен?! Содан ба екен ол өзің жайлы мынадай аса үлкен «өкінішін» білдірген екен: «Қазақ хандығының құрылғандығы жайлы өз пікірін ашық айтып жүрген жас ғалымдарымыздың бірі – Б.Кәрібаев. Әрі оның ғылыми зерттеу жүргізіп жүрген тақырыбы да осы мезгілмен байланысты. Сондықтан, ғалым бұл мәселеге ерекше назар аударып, соңғы екі-үш жылдың ішінде бұл мәселенің төңірегінде көптеген ғылыми пікірлер айтып, баспасөзде бірнеше мақала жариялады.

Амал қанша, егер, ғалым араб не парсы тілін білгенде бізге көптеген мәселелердің бетін ашып беретіндігі оның мақалаларынан көрініп-ақ тұр» (*«Қазақ хандығы қашан құрылған?» («Қазақ әдебиеті» 3.03.2001 жыл. («Анығына жетіп, ақиқатын айтайық» айдарымен берілген).*

Математика ғылымында белгілі сан арқылы белгісіз мәселені анықтау дейтін тәсіл бар. Соны қолдана отырып Қазақ хандығының қай жылы құрылғанын Шарафеддиннің «Зафар-нәме» кітабы бойынша жұмыс жасап көрелік.

«...В понедельник 15 реджеба 793 г. (18 июня 1391г) Который соответствует году овцы, повелитель мира, увидев что к концу шести дней плохая погода начинает проявляться, соизволил лично заняться выстраиванием армии к бою в местности под названием Кондурча», – деп жазады ол. Енді, осы мерзімнен, амал қанша, қашан

Тарих толқынында

қазақ хандығы орнаған 1456 жылға дейін қолға қалам алып ерінбей-жалықпай есептеуге тура келеді.

Осы кестеге қарап отырып, Қазақ хандығының орнауы 1456 жылдан бастау алатынын кез-келген оқырман түсіне

теуші теріске шығармай, керісінше, оны зерттеушілердің бәрі бірауыздан мойындап отыр» – деп төрелік бересіз. Қателігіңіз сол «Ешбір зерттеуші теріске шығармай, керісінше оны зерттеуші-лердің бәрі бірауыздан мойындап отыр»-деп алып,

1391 жыл, 18 июнь, қой жылы.

(858) (870)

Тышқан		1396	1408	1420	1432	1444	1456	1468	1480	1492
Сиыр		1397	1409	1421	1433	1445	1457	1469	1481	1493
Барыс		1398	1410	1422	1434	1446	1458	1470	1482	1494
Қоян		1399	1411	1423	1435	1447	1459	1471	1483	1495
Ұлу		1400	1412	1424	1436	1448	1460	1472	1484	1496
Жылан		1401	1413	1425	1437	1449	1461	1473	1485	1497
Жылқы		1402	1414	1426	1438	1450	1462	1474	1486	1498
Қой	1391 (793)	1403	1415	1427	1439	1451	1463	1475	1487	1499
Мешін	1392	1404	1416	1428	1440	1452	1464	1476	1488	1500
Тауық	1393	1405	1417	1429	1441	1453	1465	1477	1489	1501
Ит	1394	1406	1418	1430	1442	1454	1466	1478	1490	1502
Доңыз	1395	1407	1419	1431	1443	1455	1467	1479	1491	1503

алады-ау деп ойлаймыз. Мұны, әрине, Сіз де жақсы білесіз. Бірақ, Сізге жұртты «ах-ух» дегізетін сенсация керек боп тұр ма қалай? Болмаса, өзіңіз де сол **1456** жылды қолдап-қолдаумен келе жатқандардың бірі емес пе едіңіз.

«Ана тілі» апталығы (2011 жылы 2-8 маусым. №22) сіздің «Керей мен Жәнібек хандар «Қазақ мемлекетінің негізін қалаушылар болды» деген зерттеуіңізді жариялады. «Тарих ғылымында XIX ғасырдың 60-жылдарынан бері Қазақ хандығының негізін қалаған екі тұлғаның – Керей мен Жәнібектің есімдері анықталып, белгілі болған. В.В. Вельяминов-Зернов алғаш рет рет Оразмұхамед ханның шығу тегін анықтау барысында «Тарих-и-Рашидидің» мәліметтерін айналымға ендіре отыра былай деп жазған болатын: «Қазақтар туралы (В.В.Вельяминов-Зернов қырғыз қайсақтар деп жазады. Б.К.) «Тарих-и-Рашидиде» Мұхаммед Хайдар айтқан мәліметтер хижра бойынша 860 жылдан 944 жылға дейінгі, яғни, 1456 жылдан 1537-38 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Ол 80 жыл ішінде Мұхаммед Хайдар бойынша қазақтардың ең басты тұлғалары: жошылық Керей мен Жәнібек, Керейдің ұлы Бұрындық, Жәнібектің ұлдары Әдік пен Қасым және Әдіктің ұлы Тахир болды», деп көрсеткен дейсіз де:

«...Міне, осы кезден бастап Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығының құрылуындағы тарихи ролі анықталып, қазіргі күндерге дейін оны ешбір зерт-

неге іркіттей ірі бересіз. Орта мектепте 2010 жылға дейін қолданыста болған «Қазақстан тарихында» да **1456** жыл анық жазылған болатын (8-сынып. Авторы Дүйсен Бабаев).

Мұны «өзі жоқтың көзі жоқ» дегендей 1457 жылға әп-сәтте өзгерте саласыз?! Бұған «көндік» деп тұрғанымызда «Егемен Қазақстан» газеті, 1996 жылдың 22 наурыздағы санындағы «Керей хан» деген мақаланызда: «Біз де Т.И. Сұлтановтың дәлелдеулерін негізге ала отырып, қазақ хандығы 1458 жылдың күзінде құрылған деп жазған едік...» дейсіз. Бұнымен де тоқтасаңыз тәуір болар еді-ау... Елдің есін ел-сел жасағыңыз келгендей: «**1446** жылдан бастап Сыр өңірі Әбілқайыр ханға қарады дедік. Осы жылдардан бастап **1457** жылға дейін Керей мен Жәнібек бастаған сұлтандардың Әбілқайыр ханға наразылығы өсе түседі» – деп бір қоясыз. Бұған «мақұл» дей бергенде: «**1457** жылы Сығанақ түбіндегі қалмақтармен ұрысқа түсу үшін...», «Керей бұдан бір мүшел жыл бұрын хан сайланған, яғни **1457-58** жылы хан болған», – деп жібересіз.

«Жазба және ауыз әдебиеті деректерінің мәліметтерін бір-бірімен толықтырып, 1457-1458 жылдар оқиғаларының даму барысын былайша қалпына келтіруге болады. 1457 жылы жазда Әбілқайыр хан қалмақтардың жорығы туралы естіп, қарауындағы елге жасақ жию туралы жарлық

етеді. Сол жылдың күз айларында ол қалмақтардан жеңіледі».

«Екі сұлтан да 1457 жылы жазда өз жайлауында болып, хан жарлығын естіген». «Жарлыққа сай әскер жібермегендіктен, олар Сыр бойындағы қыстауларына барудан қауіптеніп, 1457 жылдың қара күзінде Шу бойына жеткен, әрине, алдын ала Есенбұға ханмен келісе отырып...»

«Ал, келесі жылы, яғни, 1458 жылдың көктемінде Тұлпарсазда Керейді хан етіп сайлаған», – деп нүкте қоясыз да: «Керей 1458 жылы хан сайланса да ол толық дербес мемлекеттің ханы емес еді». «Ал, толығымен дербес мемлекеттің құрылуының аяқталуын біз 1470-71 жылы жүзеге асқан деп санаймыз...» – дейсіз. «Сонда қалай Сіздіңше Керей көктемде Тұлпарсазда ақ кигізге отырғызылып, хан сайланып, Қазақ хандығы күзде құрыла ма?! Бұл не бытпырақ?! Бұл тұста байқадыңыз ба, Берекет мырза, «Шаншар» театры жігіттерінің «Тоқтап, бір жерін айт!» деген қарапайым әзілі керек болатын сияқты. Сонда, бұл не деген «жаңылтпаш?»

Қазақтың ғылыми әлемінде Сәйденов Жолдасов дейтін құрметті азамат бар. Ол да тарих ғылымдарының докторы, профессор. Ол кісі 2001 жылы 9 наурызда «Қазақ әдебиеті» газетінің 10-санында «Қазақ хандығы қай жылы құрылған?» деген тақырыппен зерттеу мақала жариялады. Онда ол: «Жазба деректердің хабарына қарағанда Моғол хандары ағайынды Жүніс пен Есенбұға арасындағы шиеленіс Т.Сұлтанов көрсетіп отырған мерзімнен әлдеқайда ерте – 1455-56 жылы басталған еді» – деп өте әділ көрсетеді (*Мырза Мұхаммед Хайдар. Тарих-и-Рашиди. Таш. 1996 ж. 108-109-бб*). Шынында да, онда мынадай аса құнды дерек бар: «Сол арада Мырза Сұлтан Әбу Сайд Хорасанды жаулап алды. Енді, Иракты да бағындыруды мақсат етті. Бірақ, Есенбұға ханның Ферғана, Шаш және Түркістанға қауіп туғызуына байланысты Иракқа (жорық) жасау кейінге қалды. Сонда, Мырза Сұлтан Әбу Сайд адам жіберіп, ханды Шираздан алдырды да, жоғарыда айтылғандай келісім шарттармен оны Моғолстанға жіберді. Ханның жасы ол кезде 41-ге келген еді. Ол 860 (1455-1456) жыл болатын».

Ал, мен өз басым бұрынғы ғалымдар жазып кеткен 1456 деген жылды дұрыс көремін. Бұл бір дата, нақты көрсеткіш. «Атамдыкі де дұрыс, апамдыкі де дұрыс» дегендей болжам емес.

Бұл – Ұлы көштің қозғалған тұсы.

Әрине, Сіз бір жылда тұрған не бар дерсіз, ойлы оқырман. Дегенмен де зер салып көріңізші, әлемдік тарихқа өз есімін алтын әріппен жазған Осман империясы 1453 жылы Константинопольды басып алып, жалғанның жарығына «Біз ұлы ел болдық!» деп жар салды. Ал, біз қазақ халқы солардан небәрі 3-ақ жыл кейін Қазақ хандығын құрыппыз. Біз соларға жақындаудың орнына 1457-1458-1459-1460-1461-1462-1463-1465-1466-1967-1468-1469-1470-1471-1472-деп кері қарай сіңірдей созуға құмармыз. Өз Тәуелсіздігімізді де «күн жылы, жер қарада» емес, «ақ қар көк мұзда» 16 желтоқсанда жыл бітуге жақындағанда әзер жарияладық емес пе? Ал, біздің қасымызда түркімен, өзбек, қырғыз, тәжіктер жаңа тарихтың табалдырығынан «батыл» да «батыр», «ержүрек» қазақтардан бір күн болса да ілгері аттап үлгерді. Енді, біз неге шегіншектей беруге құмармыз?! Келер ұрпақ өткен тарихты қойып, кешегі Тәуелсіздікті «өзге бауырлас елдердің ең соңынан алуларыңыздың себебі неде? Не кедергі болды?» деген сұраққа өзіңіз сияқты «кәсіпқой» тарихшылар не деп жауап берер еді?! Қазіргі өркениетті елдердің бәрі өз тарихын тым әріден бастап, қолдан «ұзартуға» тырысып жатқанда біздің «көткеншектегеніміз» ұят болмай ма?!

Қазақ тарихына елеулі еңбек сіңірген Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қойшығара Салғараұлы «Хандар кестесі» кітабында, сол айтулы дата – 1456 жылға ойып тұрып орын берді емес пе? Қараңыз: «Қазақ хандығы қашан шаңырақ көтергені жөнінде бірер сөз» (*Егемен Қазақстан*) 28-маусым 1996 жыл).

Қазақ хандығының 1456 жылдан бастау алғаны Мұхтар Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі», (*«Жұлдыз» журналы 1993. №12. 83-151 беттер*) «Қазақ хандарының ғұмырнамасы» атты кітаптарында толықтай талданды. 1456 жыл «Әй, заман-ай, заман-ай», «Бес ғасыр жырлайды» Алматы. 1984 жыл кітабында да бірнеше мәрте қайталай көрсетілген. (*Құрастырушы Мұхтар Мағауин*). Белгілі философ ғалым, сенатор Ғарифолла Есім 2003 жылдың 20 маусымында «Қазақ әдебиеті» газетінде осы 1456 жыл туралы арнайы тоқталады. Қазақстан Республикасы Ата Заңының авторларының бірі академик Сұлтан Сартаев «Нені көкседік, неге жеттік» деп аталатын мақаласында (*«Егемен Қазақстан» 2004. 21. 12*) осы 1456 жылды толық қолдайтынын білдірді. Оқып көрелік: «XV ғасырда Қазақ хандығы құрылды. 1456 жылы Шу өңірінде Қозы-

басы жайлауында Керей мен әз Жәнібек қазақ хандығын – Қазақ мемлекетін құрды». Белгілі қоғам қайраткері Ата Заңымызды жазушылардың бірі Сұлтан Сартаев, біріншіден, аялап «Әз Жәнібек» дейді, екіншіден, олар 1456 жылы Қазақ хандығын емес, «Қазақ мемлекетін құрыпты» дейді. Осы жолдарды оқып отырып, ұлттық рухың аспандап, кереметтей марқайып қалатының бар. Ал, «Қазақстан» Ұлттық мемлекеттік телеарнасы 1456 жыл – Керей мен Жәнібекке ерген Ұлы Көштің басталуы деп бірнеше мәрте көрсетті.

Тарих ғылымының докторы Сәбит Жолдасов «Шежірелі Оңтүстік» кітабының «Оңтүстік өңіріне қатысты оқиғалардың хронологиялық көрсеткішінде» «1456-1466 жж. Керей мен Жәнібек Қазақ хандығын құрды» деп анықтама берді (215-бет, Қазақпарат баспасы. Алматы. 2002 жыл). Ақын, шежіреші Шәкәрім Құдайбердіұлы «Қазақ хандығы, Керей мен Жәнібек көші тіпті 1455 жылы басталды» деп жазды. Жетісулық, Талдықорғандық көне түркілік тарихқа терең түрен салған, Күлтегін жазбаларының сырын ашқан зерделі зерттеуші Тәңірберген Қалилаханов деген зерттеуші өзінің «Қазақнама» (Алматы. 2006) атты кітабының 87-бетінде осы 1456 жылды дұрыс көреді. Республикалық «Түркістан» газеті 2011 жылы 20 қаңтар №3 санында авторы Есенгүл Кәпқызы бірінші бетке «Қазақ хандығына – 555 жыл» айдарымен «Әз Жәнібек пен Керейді қалай ұлықтап жүрміз?!» деп дабыл қакты. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Мақсұтбек Сүлейменов (Торғай облысы) «Халық Әбдіғаппарды неге хан сайлады?» «Егемен Қазақстан» газеті. 12-сәуір 1996 жылғы зерттеу мақаласында «1456 жылдан 1870 жылға дейін созылған үш жүз жылдық қазақ хандығы құлатылды» деп жазды. Созақтық шежіреші Сүлеймен Тәбірізов «Созақ өңірі» кітабында осы 1456-ны қолай көреді (Алматы. Кітап. 2002 жыл).

Аса көрнекті ғалым Ақселеу Сейдімбек 1456 жылды Қазақ хандығының бастапқы кезеңі ретінде өзінің жазған еңбектерінде атап өтіп отырды (қараңыз «Көшпелілер тарихы» «Атамұра-Қазақстан. Алматы. 1995 жыл). «Ел болу жөніндегі ұлы дүмпуге Жәнібек хан мен қолдаса дем беріп (1456-1477 жж) қазақ хандығының іргесін біржола орнықтырды. Жәнібек хан Барақ ханның бел баласы. Керей хан болса Барақ ханның ағасы Болат сұлтанның баласы еді. Яғни, Жәнібек пен Керей немере» (58-59-беттер).

«Алматы қаласы. Көркем суретті тарихы» «Қазақ энциклопедиясы». Алматы, 2009. Бас редакторы Б.Ө. Жакып. Құрастырушы К.Саркенова. Кітап «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Алматы әкімдігінің қолдауымен шығарылған. Бұл кітаптың 66-бетінде «Қазақ мемлекетінің бас хандары» (15-18 ғасырлар) деген кесте берілген. Ол былай басталады: «Қазақ мемлекеті. 1456 жылы Жәнібек Сұлтан, Керей Сұлтан іргесін қалады. Шу, Қозыбасы, Керей 1456-1473 жылдар, Жәнібек 1473-1480, Бұрындық 1480-1503...»

Берекет мырза, Сыр бойының саңлағы, жерлес көкең, ұлы ғұлама Әуелбек Қоңыратбаев та осы 1456 жылды көрсетеді: «Қазақ аңыздары Асан Қайғыны 1456 жылы Қозыбаста қазақ хандығын құратын Жәнібек хан атымен байланыстырады» (91-бет) 93-бетте «Екінші Жәнібек 1456 жылы Өзбек ханы Әбілқайырдан бөлініп, Могол ханы Иса Бұқаны барып сағалайтын қазақтың тұңғыш ханы. Иса Бұқа Жәнібек пен Керейге Қозыбас жерін берген» дейді, ол. Бұлардан бұқаралық ақпарат құралдары да қалыспайды:

«Первое казахское государство – Казахское ханство-образовалось в 1456 году (М.Х.Дулати) султанам Керей и Жанибек параллельно с образованием национальных государств в Европе. В этот период и был образован казахский народ. Его идейными основателями был Асан Сэбитулы. (Асан-кайғы), Қазтуған, Досмамбет, и др.» («Жас қазақ» газеті. №50 (475) 21.12.2010. Саясаттанушы Дастан Ельдосов).

«Қашаннан айтылып жүргеніндей, қазақ тарихында Жәнібек есімді кісілер бірнешеу. Біздіңше, солардың ең алғашқысы – тұңғыш Қазақ хандығының басында болған Әз Жәнібек. Ол XV ғасырда өмір сүрген. Шамамен хан тағына 1456 жылы отырды делініп жүр» («Шақшақ Жәнібек батыр». Алматы «Отан» баспасы. 1993. Сабыржан Шүкірұлы, Болатбек Әлденеұлы. 22-бет). Бұл бұл ма Қытай ғалымы, ұлы мемлекеттің барлық архивін сүзіп шыққан ханзулық Хун Тау дейтін тарихшы «Қазақ хандықтарының қысқаша тарихы» дейтін кітап жазып бастырды. Мұнда Керей мен Жәнібек туралы не дейді екен, соны оқып көрелік: «XV ғасырдың 60-ыншы жылдарында өзбек хандығына Әбілқайыр билік жүргізген кезде (1428-

1468 жылға дейін) билік басындағы топтардың жағында ұлық таластарына орай өзара қырқысқан соғыс туылып, қалың малшы қауымдарды торғайдай тоздырды.

1456 жылы Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр ханның тізе батыруына төзе алмай елін бастап Моголстанға, яғни, кейінгі Шыңжаңға қашып келді. Ол кезде Шыңжаң ауданына Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың ұрпағы Есенбұға үстемдік ететін. Ол өзбек ханымен жау еді. Ол Керей мен Жәнібекті шығысына әкеп қоныстандырып, қарсы жақты дәрменсіз етпек болды. Сол себепті, ол өзіне қарасты жердің шығыс бөлігін, яғни, Шу, Талас, Жетісу өңірін оларға берді. Өзбек хандығынан қол үзген осы малшы халық «қазақтар» деп аталды» делінеді (*Сәбит Жолдасовтың «Шежірелі Оңтүстік» атты кітабын қараңыз. Қазақпарат. Алматы. 2002, 62-63-беттер*).


Берекет, Сіз бұл айтылғандарға мойынсұнбаңыз, онда тапөзіңіз сияқты ғылым докторы, профессор, Қаныш Сәтпаев атындағы Ұлттық техникалық университетінің оқытушысы Керейхан Аманжоловтың «Түрік халықтарының тарихының» 2-кітабын қарап шығуыңызға болады (*Алматы. «Білім». 2002. Толықтырылып екінші рет басылуы. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғарғы оқу орындарының студенттеріне оқу құралы ретінде ұсынған*). Оқып көрелік: «1456-57 жылдары Әбілқайыр хан Сығанақ маңында Өз (Із) Темір тайшы бастаған ойраттармен соғысып жеңіліп қалды. Әбілқайыр Сығанақ бекінісіне тығылды. Қарсылық көрмеген ойраттар Түркістан мен Ташкент маңайын еркінше тонады. Осы жеңілістен соң көшпелі халықтың бір бөлігі Жәнібек пен Керей сұлтандардың басшылығымен Әбілқайырдан бөлініп, Моголстанға көшіп кетті де, Шу өзенінің аңғарына барып қоныстанды» (113-бет).

«Керей мен Жәнібек сұлтандар өздеріне қараған қолмен Әбілқайыр хандығынан бөлініп 1456 жылы Моголстанға көшіп келді».

«...Сонымен, жеке қазақ хандығының тарихы XV ғасырдың екінші жар-тысынан басталды. Оның құрылуының тарихы 1456 және 1466 жылдардағы Өзбек ұлысының бір бөлігінің бағынбаған сұлтандары Орыс ханның ұрпақтарының бастауымен (көшуімен) Моголстанның шекарасынан тысқары көшірілген жә-

не «Көшпелі өзбектер» деп аталатын мемлекеттің 1468 жылы Әбілқайыр хан өлімінен кейінгі құлдырауымен байланысты» – делінген..

Керей мен Жәнібек бастаған ұлы көштің Жетісудың батыс аймағына, Шу өңіріне, Қозыбасы мен Таластың аралығына, Созаққа, қарт Қаратау теріскейіне бағытталуы «Таңбалытаста» айқын бедерленіп қалып қойғалы қашан...



Қазақша мәтіні былай: «Қыпшақ, алшын, арғын, қаракесек, үйсін, табын иллахи қар рәсиге һамиша һаһа рахмет қыл сен алтауын, екінші түрде айтқанда, «О, Ием, үмітіне жету үшін осы алтауына рахметінді бере көр!» Бұл, араб әрпімен жазылған. Тапқан А.И. Шренк пен Х.Бекхожин. Олар оны Л.Кузнецовпен бірлесіп көшіріп алған. «Записки Семипалатинского отдела русского географического общества, Вып. XVI. 16-927 г» жариялаған. Бізге жеткізген академик Әлкей Марғұлан. Міне, қараңыз: «Тамғалы тас сыры» (*«Қазақ тарихы» журналы, 1993 жыл. №3, 28-бет*).

Ал, Сіз «1428 жылы Барақ хан өліп, хандық билік шайбанилық Әбілқайырға көшкенімен, Ақ Орда хандарының ұрпақтары Сыр өңірінде қала берген. Олардың ішінде Керей де, Жәнібек те және басқалар да бар. 1446 жылы Әбілқайыр хан Сыр өңірін Мауренахрды қайтарып, өз астанасын Сығанаққа көшіреді», – дей саласыз. Ең болмаса Асан Қайғының:

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған.
Оймауыттай, тоғай, егіннің,
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың.
Ойылдан елді көшірдің.
Елбең-елбең жүзірген,
Ебелек отқа семірген,
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда да кеңес қылмадың.

Кеңестің түбі нара-ду,
Нәлет, біздің жүріске.
Еділ менен Ақ Жайық,
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң.
Ал қолыңды маларсың,

Алтын менен күміске! – деген толғауында «не айтылды» деп зерделеменіңіз бе?! Олар Сыр өңірінде қала берсе, осы толғаудағы Жемде, Ойылда, Еділде, Жайықта не бітіріп жүр?!

Негізінен күннің екі «айналымы» барын жұрттың бәрі біледі деп ойлаймын. Оның бірі – әрбір үш жүз алпыс бес күн және тәуліктің төрттен бір бөлігіндегі Күн Тоқты (Зодиак бойынша аспанның үлкен шеңбері – Күннің жылдық айналымы өтетін эклиптиканың бойындағы он екі шоқжұлдыздың бірі. Жылдық айналымында Күн бір айда Зодиактың он екі шоқжұлдызының біреуін басып өтеді. Күн Тоқты шоқжұлдызымен қиылысқан көктемгі күн мен түннің теңескен сәті. Эклиптика 360 градусқа бөлінеді. Зодиактың әрбір шоқжұлдызы 30 градусты алып тұрады. Күннің екінші айналымы – осы) шоқжұлдызының бірінші минутында өзгермейтін бір нүктеге айнамай қайтып оралып тұрады. Мұны белгілі акын, әрі математик Омар Хайям «Наурыз-наме» атты кітабында көрсеткен. Сол себепті, жыл сайын бұл мерзім қысқарып отырады. Ай күнтізбесі бойынша жылына 11 (он бір) күн қалдық қалады да, 33 жылда 1 (бір) жылға теңеледі. Енді, Мұхаммед пайғамбардың Меккеден Мәдине қаласына 622 жылдың 24 қыркүйегінде қоныс аударуы – «хижра» – жылдың басы боп саналады. Сонда, Үз-Темір Тайшы мен Әбілқайырдың арасындағы шайқас көктем-жазда болғаны. Себебі, ел жайлауда болған. Соны жақсы білген қалмақ қосыны Сыр бойында моншақтай тізілген қалаларды алаңсыз тонаған. Әбілқайыр хан қашан жұртты жиып жетемін дегенше бықыртын шығарған. Болса да, оған көптеген ру-тайпалар қатыспаған, сырт қалған. Бұл өте аласапыран, әрі алмағайып уақыт қаңтар-ақпан-наурыз-сәуір-мамыр-маусым-шілде-тамыз-қыркүйек (24-іне дейін) айлары кіретін 1456 жылға сәйкес келеді. Осыдан келіп, 1456-1457 жылдың бір-біріне жалғас көрсетіліп келуі шындыққа саяды деп ойлаймын. Ал, енді, Қазақ хандығының құрылуының ең басты факторы – Үз-Темір тайшы мен Әбілқайырдың шайқасында жатқанын мойындауға тура келеді. Енді, хандықтың еңсе көтеруі, орнығуы, өркендеуі туралы әңгіме басқа. Мынаны еске түсіру ләзім. Біріншіден, 1990 жылы біз, Қазақстан Республикасы, Тәуелсіздік Декларациясын жарияладық. Келер 1991 жылдың 16 желтоқсанында біржолата Тәуелсіздігімізді тұғырға қондырдық. Керей мен Жәнібектің 1456 жылғы Ұлы көші – «Тәуелсіздік Декларациясын» жариялауымыз сияқты оқиғаға саяды, ал, 1465-66 жылғы оқиғалар – ол мемлекеттіліктің мекемделуі десек ойға қонымды болмай ма?!

Өткенсіз бүгін, бүгінсіз болашақ жоқ. Күн ұзаған сайын бұрынғы тарих көмескі тарта береді. Сондықтан, оның ақырының аңызға айналып кетуінен сақ болайық. Мен мұныммен, «кеңесіп пішкен тон келте болмас» дегенді де ұмытпайық дегім келеді.

• Дерек пен дәйек

Елбасымыз алға қойған стратегиялық мақсат жүзеге асты

Қазақстан Бүкіләлемдік экономикалық форумның Жаһандық бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі биылғы жылғы бағалауы бойынша әлемдегі ең дамыған елу елдің қатарына кірді. Бұл ел тарихындағы аса елеулі оқиғалардың бірі.

Қазақстан Бүкіләлемдік экономикалық форумның аталған рейтингіне бірнеше жылдардан бері қатысып келеді. Осыдан бес жыл бұрын біздің ел осы рейтинг бойынша 67-ші орында тұрған болатын. Бес жылдың ішінде 17 сатыға көтеріліп, әлемдегі дамыған елу елдің қатарына ендік. Бұл – үлкен жетістік. Өйткені, сол кезде бұрынғы кеңес елінің құрамындағы елдер – Ресей – 63, Әзірбайжан – 51, Литва – 53, Латвия – 68, Украина – 82, Грузия – 90, Тәжікстан – 122, Қырғызстан – 123 орындарды еншілесе Ресей бес жылдың ішінде бір саты төмен сырғып, 64-ші орынмен қанағаттанды. Әзірбайжан 39-шы орынға көтеріліп, Эстония мен Латвия да алға басқан. Украина екі орынға төмен сырғыған. Қырғызстан 121-ші орынды қанағат тұтқан. Грузия 72-ші орында.

Осыдан бес жыл бұрынғыдай жаһандық бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі жаңа тізімді Швейцария бастап келеді.



Сейілбек МҰСАТАЕВ,
саяси ғылымдарының
докторы, әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ саясаттану
кафедрасының профессоры

Сөз басы

Қазіргі қоғамдық ой-пікірде көп көтерілетін мәселелердің қатарында **мәдениет пен өркениет** ұғымдары ерекше орын алады. Кейде бұл екі ұғымды бірін-бірі алмастырушы синоним ретінде қолданушылар да табылып жатады. Өркениетті мемлекет, өркениетті қоғам, мәдени қоғам сияқты толып жатқан тіркестерді кездестіреміз. **Әрбір адам өзін мәдениеттімін деп санап, өркениетті елдің өкілімін деп бағалайды.** Алайда, осы ұғымдардың түп төркіні мен мән-мағынасы туралы ойлана бермейді. **Көп айтылғанымен, аз талданатын осы мәселе қолымызға қалам алуға себепкер болып отыр.** Өңгімені мәдениет ұғымының сөз төркінінен бастар болсақ, бұл қазақ тіліне арабшадан енген кірме сөз болып табылады. Арабша «*маданият*» – қала, қалалық деген мағына береді. Ал, біз білетін орыс тіліндегі «культура» сөзі болса, өз кезегінде орысшаға латыншадан енген кірме сөз. Мәдениет (латынша «*cultura*» – жер өңдеу, кейінірек – тәрбиелеу, білім беру, дамыту, өнеге тұту) – адами іс-әрекеттің түрлі салаларында кеңінен қолданылатын, мағынасы жан-жақты ұғым болып табылады. Сәйкесінше, бұл ұғым қоғамдық ғылымдардың барлығына ортақ мәселе. Мәдениет материалдық және рухани құндылықтарды қамтуына қарай жіктеле отырып, адамзаттың ғасырлар бойы қалыптастырған әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің, мінез-құлқы мен өмір салтының, құндылықтарының, ғылым-білімінің, қол өнері мен сәулет өнерінің жиынтығын білдіретін құбылыс болып табылады. Мәдениеттің латын тіліндегі

Қазақ әртүрлі мәдениет пен өркениеттің жетегінде кетпей ме?

екінші бір мағынасы *culter* – пышақ, кескіш, қашау, шектеуші. Адамдар мәдениеттің ауқымында тәлім-тәрбиеге, мораль мен заңдарға сүйене отырып, жекелеген адамдардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын түзеуді жолға қойып, сол арқылы мәдениет қоғам үшін жағымсыз әрекеттерді шектеудің өзіндік жүйесіне де айналған.

Жалпы, мәдениет мәселесі адамзатты ежелгі заманнан бастап толғандырған. Ежелгі мәдениет үлгілері өзінің әсемдігімен, күрделілігімен, асқан шеберлікпен орындалуымен таңқалдырады. Мысалы, әлемнің жеті кереметін алайық. Оның ішінде бір ғана ежелгі египеттік пирамидалардың құпия сырлары ғылым мен технология барынша дамыған қазіргі заманның өзінде ашылмай отыр. Антикалық Римнің Цицерондай шешені мәдениетті рухани құбылыс қатарына жатқызып, философияны «*жанның мәдениеті*» деп, философия рухы мен ой-санасы мәдениетті адам деген екен. Ал, мәдениет ұғымының дербес қалыптасуына неміс ойшылдары ықпал етті. И.Г. Гердер мәдениет терминін ғылыми айналысқа алғаш ендіруші болды. Ол мәдениет сөзінің төркіні латынша «*жер өңдеу*» екенін негізге ала отырып, қара жерді дұрыстап өңдеп, егін салып, еңбек етсең жемісін үйіп-төгіп беретіні сияқты, қарапайым адамды дұрыс бағытта тәрбиелесе, онда ол адамгершілігі мол, білімді де білікті, жан-жақты адамға айналатынын көрсетеді. Яғни, мәдениетті адам болу үшін жаман әдеттен арылып, жақсы қасиеттерді бойға жинап, әжептеуір тер төгіп еңбектену қажет. С. Пуфендорф болса, мәдениет ұғымы арқылы қоғамда тәрбиеленген «*жасанды адамды*» бейнелеп, оны білімсіз «*табиғи адамнан*» ерекшелеп көрсеткен. Бұл идеяларды одан әрі дамытқан И. Кант мәдениеттің сыртқы «*қабығын*», яғни, «*техникалық*» түрін өркениет деп атаған. Ол өркениеттің қарқынды дамуын, мәдениетті артқа тастап, одан озып кетуін қауіпті үрдіс ретінде қарастырады.

Ұлттық салт-дәстүрдің ұмытылуы, имандылықтың құлдырауымен ерекшеленетін өркениеттің мәдениеттен озық жүруі адамзатқа көп жамандықтар әкелетінін көрсеткен. Орыс жеріне мәдениет ұғымы XIX ғ. енді. 1804 жылы жарық көрген Н.М. Яновскийдің «Алфавит бойынша орналасқан жаңа сөз түсіндіруші» сөздігінде мәдениет сөзі болмаған екен. 1837 жылы шыққан И. Ренофанцтың «Орысша кітаптарды, газеттер мен журналдарды оқуды ұнататындарға арналған қалта кітапшасы» атты жинақта «мәдениет» сөзі алғаш рет орысша берілген.

Жалпы, мәдениет ұғымы адамзаттың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты болғандықтан, бұл мәселені зерттеуге үлес қоспаған ғалымды кездестіру қиын. Тіптен, мәдениетті зерттейтін арнайы ғылым саласы – мәдениеттану да бар. Сондықтан да, әлемдік қоғамдық-саяси ойда мәдениет туралы неше-түрлі теориялар қалыптасқан. Мәдениеттің күрделі құбылыс екендігін орыстың белгілі ақын-жазушысы А. Белый «Мәдениет мәселесі» атты мақаласында былайша көрсеткен екен: «**Понятие «культура» отличается необыкновенной сложностью; легче определить понятие «наука», «искусство», «быт»; культура – цельность, органическое соединение многих сторон человеческой деятельности; проблемы культуры в собственном смысле возникают уже тогда, когда организованы: быт, искусство, наука, личность и общество; культура есть стиль жизни, и в этом стиле она есть творчество самой жизни, но не бессознательное, а – осознанное; культура определяется ростом человеческого самосознания; она есть рассказ о росте нашего «Я»; она – индивидуальна и универсальна одновременно; она предполагает пересечение индивидуума и универса; пересечение это есть наше «Я»; единственно данная нам интуиция; культура всегда есть культура какого-то «Я».** Яғни, мәдениет деген көп қырлы ұғым, сан салалы күрделі құбылыс. Мәдениет адамзат қоғамының сапалық көрсеткіші, рухани жан-дүниесі, мінезі мен қабілеті іспетті.

Мәдениетсіз ұлт жоқ

Қандай да бір ұлтты өзгелерден айшықтайтын белгілердің қатарында мәдениеттің алатын орны ерекше. Яғни, мәдениет ұлттың қадыр-қасиетін айқындайтын құндылығы, мәдениетсіз ұлт жоқ екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Мәдениетін жо-

ғалтқан ұлттың өзі де жойылмақ. Сол үшін әрбір ұлт өзінің біртуар мәдениетін сақтау үшін күреседі. Мәдениетін сақтап қалу үшін ұлтқа күшті «иммунитет» қажет, яғни, рухани ерік-жігермен қатар, сау-саламаттық, әлеуметтік-экономикалық күш-қуат, демографиялық өсім керек. Шетелдерде, өзге ұлттың ішінде өмір сүруге мәжбүр болған шағын ұлттық топтар анкластар құрып, тығыз ұйымдасып, белгілі бір аймақтарға шоғырланып тіршілік етуінің сыры осында.

Осылайша, бүкіл қоғам үшін де, сол сияқты, белгілі бір ұлттық мемлекет үшін де мәдениеттің маңызы аса зор. Оның атқаратын негізгі қызметтері: **біріншіден**, мәдениеттің бейімдеушілік қызметі – адамдардың түрлі табиғи және қоғамдық ортаның ыңғайына қарай бейімделуіне мүмкіндік береді. Қазір жер шарының түпкір-түпкірінде сан-алуан ұлттар мен ұлыстар түрлі географиялық, климаттық белдеулер мен саяси, әлеуметтік, экономикалық құрылыс жағдайларына бейімделіп, тұрмыс-тіршілік етуде. Әр ұлттың мәдениеті өзгелерден ерекше болуына мәдени бейімделе білу тікелей әсер еткен. **Екіншіден**, мәдениет ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жүзеге асырады. Яғни, алдыңғы ұрпақтың қалыптастырған мәдени мұрасын, яғни, ұлттың тектік қорын айқындайтын құнды акпаратты (тіл, діл, дін) жинақтап, жүйелеп, сақтап, келер ұрпаққа жеткізуші. Мәдениеттің бұл қызметі ұлттың сапалық қадыр-қасиетін айқындайды. **Үшіншіден**, мәдениет адамдардың бойында белгілі бір құндылықтар жүйесін қалыптастырып, мәдени қажеттіліктер мен бағыт-бағдарды анықтайды. Мәдени құндылықтарды бойына сіңіре отырып, әрбір адам өмірлік маңызы бар мәселелерден қарапайым нәрселерді ажыратып, оң-солын таниды. **Төртіншіден**, мәдениет адамдардың өзін-өзі айқындауына мүмкіндік береді, сол арқылы адамдар қауымы өзара жіктеліп, өздерінің белгілі бір мәдениет түріне жататындығын айқындайды, өзге мәдениет өкілдерінен ерекшеліктерін сезінеді. **Бесіншіден**, мәдениет қалыпқа салушылық (нормативтік) қызмет те атқарады. Мораль мен құқыққа сүйене отырып, қоғамдық өмірдің түрлі салаларын, сонымен қатар, адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттейді. **Алтыншы** – мәдениеттің коммуникациялық қызметі адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаумен байланысты. Осының нәтижесінде мәдени құндылықтармен алмасу, мәдени ықпалдасу мен үнқатысу

жүзеге асады. Жалпыадамзаттық мәдени кеңістік қалыптасуына негіз болады.

Өз кезегінде мәдениет ұғымы өркениет ұғымымен астасып жатыр. Тіпті, кейде бұл екі ұғымды егіз деп санап, синоним ұғым ретінде қолданушылар да кездеседі. Ондай ғалымдар тарихы ежелгі мыңжылдықтардан бастау алатын елдердің мәдениеті дами келе өркениеттік сипат алатынын айтады. Мысалы, Қытай жай ғана ел емес, ол ерекше мәдениет әрі өзіндік өркениет саналады. Мұндай елдің мәдениеті берік, өркениеті де бірегей. Ал, кейбір зерттеушілер мәдениет пен өркениетті бір-біріне қарама-қарсы қояды. Мысалы, О. Шпенглер мәдениеттен өркениетке өту антикалық дәуірдегі IV ғасырда басталғанын, ал, Батыс Еуропада XIX ғасырдан бастап жүргенін, өркениетке өту мәдениеттің түбіне жететін қауіпті процесс деп көрсеткен. Мәдениет халықтың ішкі жан-дүниесі іспетті. Мәдениет бейне бір тірі ағза сияқты, туу мен өлудің аралығында өмір сүріп, дамудың үш сатысынан өтеді: біріншісі, мәдениеттің жастық жағы, яғни, қалыптасу кезеңі; екіншісі, мәдениеттің толысқан шағы, шығармашылықтың, рухани-материалдық құндылықтардың қарқынды даму шағы; үшіншісі, мәдениеттің құлдырау кезеңінде діни наным-сенім шайқалып, имансыздық күшейеді, жалған философиялық ілімдер басым болады, өнер тоқырап, рухани өмір азып-тозады. Мәдениет өркениетке өтуге бейімделе бастайды. Осылайша, О. Шпенглер бойынша, өлген мәдениет өркениетке айналады, ол Батыс Еуропа мәдениетін тап осындай, өркениетке айналған, өлген мәдениеттің түрі деп көрсеткен.

С. Хантингтон өркениетті жан жақты зерттеп, оның қасиеттерін ашуға тырысты. Ол өркениеттің бірнеше елдердің қосындысынан тұратынын және негізгі айқындаушы белгілеріне мәдениет, тіл, дін жататынын көрсетеді. Осылайша, өркениеттің 8 түрін жіктеп көрсетіп, географиялық жағынан көршілес өркениеттердің арасында қақтығыстар туындайтынын дәлелдеуге тырысқан.

Мәдениетті зерттеуші Н.К. Рерих те «мәдениет-өркениет» мәселесімен арнайы айналысып, екеуінің ара-жігін ашуға тырысқан: ол мәдениет пен өркениетті синоним деп түсінудің өте екендігін дәлелдейді, мәдениет тарихы терең әрі рухани мән-маңызы зор ұғым, ал, өркениет латынның «civilis»

азаматтық, мемлекеттік деген мағына беретін сөзінен туындаған, адамзат өмірін ортақ қоғамдық құрылысқа бейімдеу ұғымы деп көрсеткен. Яғни, мәдениет ұлттардың өзіндік ерекшеліктерін айшықтап көрсетсе, өркениет жалпыға ортақ өмір-салтын қалыптастырады. Қазіргі әлем елдері өздерінің бай ұлттық мәдениеттері бола тұра, негізінен батыстық өркениеттің құндылықтарын басшылыққа ала отырып өмір сүруде.

Орыс ойшылы Н. Бердяев та мәдениетті жоятын қауіпті құбылысқа өркениетті жатқызған. Жоғарғы рухани мәдениет иман-ынсапты, аристократиялы және сапалы, ол дүниеқоңыздық пен нәпсіден, «рахат өмір кешу» сияқты кемшіліктерден таза. Ал, өркениет пендешілік пен санға негізделген, «фәни өмірде барша байлық пен мансапқа қол жеткізіп, барлық қызықты көріп, барынша ішіп-жеу керек» деген жалған өмірге көзсіз құштарлықпен ерекшеленеді. Өркениет жаңа өмір салтын қалыптастырады. Адамдар ашкөздік пен қанағатсыздыққа ұрынып, бір-бірімен бақталастырады, ар-ұяттан ада бола бастайды. Бірақ, өркениет ауқымында мұның бәрі қалыпты жағдай сияқты көрінеді. Н. Бердяев өркениет туындататын осындай соқыр сезімдер мәдениеттің түбіне жетеді деп көрсеткен. Ал, А. Тойнби болса, өзіндік ерекшеліктері бар түрлі мәдениеттердің ортақ өркениетке бірігуіне ықпал ететін факторларды қарастырған. Ондай факторлардың маңдай алдысы – экономикалық бірегейлену (унификация). Экономикалық бірегейлену батыстық экономикалық ілімге негізделген әлемдік экономика ұғымын туындатты. Одан кейінгі фактор – саяси бірегейлену. Бұл барлық елдерге ортақ мемлекеттік белгілердің қалыптасуы (ел халқы, шекара, армия, экономика, территория, астана, саяси билік т.б.), саяси институттардың бірегейленуі (президент, парламент, партия т.б.). А. Тойнби де әлемдік экономика мен саясаттың, сәйкесінше, әлемдік өркениеттің де батыстық үлгіде қалыптасқанын, вестернизация үрдісінің басымдығын көрсетеді. Әдетте, қай елде болмасын ауылдық жерлер ұлттық мәдениеттің ошағы, ал, қалалар өркениеттің бесігі саналады. Урбанизация процесінің қарқынды жүруі ұлттық мәдениеттің үлес салмағын кемітіп, өркениеттің етек жаюына игі ықпал етпек. Батыстағы урбанизация объективті қажеттілік ретінде жүйелі жүрді. Қазақстанда болса,

ауылдық жерлердегі жұмыссыздықтың әсерінен болатын мәжбүрлі болатын, стихиялы, бей-берекет урбанизация әлі жалғасуда. Бұл мәдениетке де, өркениетке де жағымсыз ықпал ететін қатерлі процесс.

Жалпы, адамзатқа ортақ өркениеттік белгілердің туындауы мәдениетке өзіндік ықпал етті. Бұл туралы зерттеген Х. Ортеги-и-Гассет «Бұқараның көтерілісі» атты еңбегінде ертедегі элиталық азшылық мәдениеттің туындатушысы әрі негізгі тұтынушылары болса, кейінірек бұқара халықтың жаппай хат танып, сауаттылыққа қол жеткізуі мәдениетті бұқаралық деңгейге жеткізгенін айтады. Элиталық мәдениет сапаға негізделеді, мәдениетті жасаушы ғұламалар әмбебап ойлайтын, энциклопедиялық білімі бар жеке тұлғалар. Ал, бұқаралық мәдениет санға негізделген, оның өкілдері мәдениетті азшылықтың жасаған туындыларын ешбір ойланбастан тұтынатын, өздерін «мәдениеттіміз» деп санайтын тобыр қауым. Сондықтан, сауатты адамның бәрін мәдениетті деп айта алмаймыз, сауаттылық тек өркениетті өмір сүру үшін қажет сапалардың бірі ғана. Х. Ортеги-и-Гассеттің бұл тұжырымы еріксіз ойға салады. Өркениетті адам болу оңай болғанымен, мәдениетті адам болудың қиындығын, ауыр жауапкершілік жүктейтін адамгершілік қасиет әрі міндет екенін сезінесің. Кейінірек «бұқаралық мәдениет» деген ұғым шықты. Бұқаралық мәдениет – халықтың басым бөлігінің тұрмыс-тіршілігіне, күнделікті күйбең тіршіліктің ырғағына бейімделген, қарапайым, әмбебап, тез игерілетін құбылыс. «Бұқаралық мәдениет» арнайы ұғым ретінде XX ғ. орта шенінде М. Хоркхаймер мен Д.Макдональд деген ғалымдардың теледидарды сынаған еңбектерінде алғаш қолданылды. Басқа да қоғамтанушылар бұқаралық мәдениетті нағыз мәдениетті жоятын дерт ретінде бағалап, ол еліктеу арқылы тез қарқынмен таралатын жұқпалы аурумен теңестірілген. Қазір арзанқол батыстық бұқаралық мәдениеттің айдарынан жел есіп, бүкіл әлемді жайпап тұр.

Жоғарыда келтірілген түрлі ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек, мәдениетсіз ұлт жоқ. Әр ұлттың өзіне тән ұлттық мәдениеті болуы заңдылық, ол ұлттың жан-дүниесі, рухы іспетті. Сонымен бір мезгілде, мәдениет ұлттың қолымен жасалған жасампаз туындылардың бәрін қамтиды.

Мәдениет қоршаған ортамен гармонияда дамиды, табиғатпен қайшылыққа түспеуге тырысады. Өркениет болса, керісінше, ғылым мен техниканың көмегіне сүйеніп, табиғатты бағындыруға, қиратып жоюға құмар. Кезінде О. Сүлейменов жырлағандай, табиғатты адамға сиындырып, бағынышты ету өркениеттің қол жеткізген «жетістігі» болып табылады. Сан ғасырлар сақталған табиғи тепе-теңдікті адамзат бір ғана XX ғасырдың өзінде ғылыми-техникалық прогрестің көмегіне сүйеніп, қолынан келгенше бұзып бақты, қоршаған ортаға адами техногендік әсер ету қазір де қатты қарқынмен жалғасуда. Нәтижесі белгілі – адамзат ғаламдық ауқымдағы экологиялық проблемалардың зардабына душар болып отыр.

Кезінде орыс шовинистері қазақтарды мәдениеттен жұрдай бұратана халық болған деп көрсетуі ақылға сыймайтын, арамза тұжырым еді. Сол арқылы қазақ ұлтын өткен тарихынан айнытып, ұлттық мәдениетінен жерітіп, орыстық һәм батыстық үлгідегі мәдениетке бас идіру жүзеге асты. Осылайша, қазақ ұлты жан-дүниесінің қалай азып тозғанын, ұлттық рухы мен арнамысының қожырағанын білмей қалды. Ал, шын мәнісінде қазақ ұлтының тарихи тамыры терең, мәдениеті бай екенін ежелгі дереккөздер мен бүгінгі археологиялық зерттеулер дәлелдеуде. Қазақтардың қоғамдық құрылысы мен өмір-салты да дербес болған. Көшпелідала мәдениетінің басты ерекшелігі – оның табиғатпен гармониялық үйлесімді өмір сүруі. Ата-бабаларымыз географиялық және климаттық ерекшеліктерге бейімделе отырып, тұрмыс-тіршілігін жасап, шаруашылығын жүргізген. Алайда, мұның барлығы тарихтың еншісінде қалды, бүгінгі қазақ қоғамы әлемдік өркениеттің құндылықтарын басшылыққа алып, соның жетегінде өмір кешуде. «Абай жолында» суреттелген қазақы тұрмыс-тіршілік әсте жоқ. Наурыз мейрамы сияқты мерекелерде ғана ұлттық киімдеріміз киіліп, дәм-тағамдарымыз әзірленіп, киіз үйлеріміз тігіліп, ұлттық ойындарымыз ойналып, ат шабылып қалады. Басқа кезде болса, көшеден Амантай қажыдан басқа ұлттық киім киген адамды кездестірмейсіз. Ұлттық ою-өрнектермен әшекейленген, алтынмен апталып, күміспен күптелген, тері мен жүннен өрілген бұйымдарды мұражайлар мен кәде-сый (сувенир) сататын дүңгіршек дүкендерден көретін

болды. Балаларымыз ұлттық ойындар бар екенін білмей, компьютерлік виртуалды ойындар әлемінде жүр. Ұлттық ертегілерді диснейлік мультфильмдер алмастырды. «Әу демеітін қазақ жоқ» дейтін тойшыл қазақ қазір той-томалаққа әнші-бишіні ақша төлеп шақырып, тамашалайтын көрерменге айналған. Заманауи қазақты «мәдениетті қазақ» деуден гөрі, «өркениетті қазақ» деп атаған ақиқатқа жақын келетін сияқты. **Иә, біз бүгінде батыстық өркениет пен бұқаралық мәдениетті ұстанған «еуропаланған» қазақпыз. Бұл ойландыратын мәселе...** Аманатқа қиянат жоқ деген аталы сөз бар. Келер ұрпаққа біз қандай мәдени мұра қалдырамыз, ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрді қандай күйде жалғастырамыз деп ойланатын кез келді.

Кросс- және мульти- мәдениет пен өркениеттің ұлтқа ықпалы

Қазақстанның күрделі геосаяси ерекшелігі оның мәдени хал-ахуалына өзінің ықпалын тигізіп, кросс-мәдениетті (cross – қиылысу, кесіп өту, араласу) туындатты. Кросс-мәдени ықпалмен қазақтардың өзі бір мезгілде бірнеше түрлі мәдениет пен өркениеттің өкіліне айналды: шығыстық, түркілік, мұсылмандық, қазақы т.б. Көрші жатқан мәдениет ошақтары да әсерін тигізіп бағуда. Әсіресе, тарихи-саяси жағдаймен орыстың мәдениеті қатты ықпал етіп, еліктегіш қазақ біршама орыстанды. Оған қоса, Еуропа мен Азияның, Батыс пен Шығыстың арасында орын тепкен қазақ жерінде түрлі мәдениеттер, діндер, ұлттар мен ұлыстар тоғысты. Осындай тарихи-мәдени факторлардың әсерінен Қазақстан мультикультурализм (*multi – көп түрлі, сан алуан*) саясатын барынша ұстануда. Бұл тұрғыда бір айта кетерлік жәйт бар: кезінде мультикультурализм идеясын ұстанған Еуропа елдері соңғы жылдары оған сын көзбен қарайтындай жағдайға душар болды. А. Меркель, Д. Кэмерон, Н. Саркози сияқты Еуропаның белді саясаткерлерінің өз елдерінде жүргізілген мультикультурализм саясатының сәтсіз болғанын, мигранттар мен ұлттық азшылықтар жайлап алған Еуропа елдерінде титулды ұлттың хал-ахуалы мен мәдениеті күйзеліске ұшырағанын айтып дабыл қаққандары бұған дәлел. **Мультикультурализмнің «есіктен кіріп, төр менікі» дейтін қаупі бар.** Соған қарамастан, Қазақстан мемлекеті

ел халқының құрамындағы этникалық азшылықтардың мәдени әр-алуандылығы сақталуына конституциялық құқық беріп қана қоймай, іс жүзінде институционалдық тетіктер арқылы барынша қолдау жасауда. Мысалы, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы, оның ауқымында түрлі ұлттық-мәдени орталықтардың қызмет етуі, басқа тілдерде БАҚ таралуы, мектептер мен өнер ошақтары болуы т.б. Мұның барлығы адам құқығын қорғау тұрғысынан алсақ, әрине, құптауға да, мақтауға да тұрарлық. **Дегенмен, көпұлтты елміз деп қанша мақтансақ та, біз Қазақстанның ұлттық мемлекет екенін, ондағы негізгі мемлекет құрушы ұлт – қазақ ұлты екенін әлі ашық түрде батыл айта алмайтын сияқтымыз.** Титулды ұлт ұғымын XIX ғасырдың соңында алғаш рет ғылыми айналысқа енгізген француз ғалымы Морис Баррес кез келген ұлттық мемлекеттің күшті болуы үшін екі шарт қажет деп көрсеткен: бірінші, ел ішіндегі азшылық диаспоралар титулды ұлтқа лоялды болып, оның басымдығын мойындап, салт-дәстүрін сыйлап, мәдени ерекшеліктерін құрметтеп, түсіністікпен қарауы тиіс; екінші, титулды ұлт шетелдерде жүрген өзінің қандас бауырларын қорғап, жан-жақты қолдау жасап отыруы тиіс. Осы тұста ойландыратын түйткілді мәселелер баршылық. Еліміздегі қазақтар басым тұратын ауыл-аймақтың әл-ауқаты төмен, мәдениет ошақтары қожыраған. Тұрмыс тауқыметі кешегі өр мінезді сақ, үйсін, ғұн ұрпақтарының жігерін құм етіп бітті. Енді 12-жылдық мектепке көшуді желеу еткен шенеуніктер мектептегі қазақ тілі сабақтарының сағатын қысқартамыз деп отыр. Болмыс санын айқындайтыны ақиқат. Өз отанында тұрып жатқан қазақтардың титулды ұлт ретінде жағдайы оңбай тұрғанда, шетелдегі қазақтарды қорғау мәселесі қайдан оңсын... Шетелдерде шашырап жүрген үш миллионнан астам қазақ диаспораларына төл мәдениетін сақтауға жауап жасалуы, қазақ мектептерінің болуы сияқты көп мәселелердің шешімі табылмай тұр. Алысқа бармай-ақ, солтүстіктегі көршіміз, кедендік одақтасымыз Ресейде миллионға тақау қазақ тұрса да, олардың қазақ тілінде білім алуы қиын. Ресей қазақтарының федералдық ұлттық-мәдени автономиясының президенті Тоқтарбай Дүйсенбаев Азаттық радиосына берген сұхбатында Ресейде дербес қазақ мектебі жоқ екенін айтты. Тіптен, қазақ мектебі былай тұрсын,

амал жоқтан орыс мектебіне баратын қазақ балаларына «Қазақ тілі» пәні толық оқытылмай, қысқартылған факультативтік сабақ жүреді екен. Бір жарым миллиондай қазақ тұратын көрші Қытайда да қазақ мектептері біртіндеп жабылуда... Жоғарыда айтылғандарды түйіндер болсақ, титулды ұлттың құқықтық мәртебесін заңмен бекіту ұлттық мемлекет үшін аса маңызды шаралардың бірі. Сонымен қатар, бұл титулды ұлтты қорғаудың заңдастырылған тетігі болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік алып, ұлттық мәдениетімізді жандандыруға күш салып, тіптен, «Мәдени мұра» сияқты мемлекеттік бағдарлама қабылдап, жүзеге асыруға тырысқанымызбен, әлемдік өркениеттің алып иірімі елімізді өзінің тұңғығына батырып, тереңіне тартып барады. Бұл әлемдік ауқымдағы үрдіс екенін мойындаймыз, барлық елдер мен халықтар заманауи ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктеріне негізделетін бірегей әлемдік өркениетке ұйысып, өмір сүруге машықтанды. Қазіргі әлемде өркениет көшінен қалу мешеулікті, тоқырау мен артта қалуды білдіретіні рас. Әлемдік даму үрдісінде жаңа критерийлер туындап, өркениет жетістіктерін алғаш пайдаланушы елдер дамыған деп есептелетін болды, адамдардың өмір сапасын анықтау да осыған ұқсас. Әлемдік экономика мен саясат та глобализацияға ұшырады, яки, жаһандану (ғаламдану) процесі үдемелі жүріп жатыр. Бұқаралық мәдениет қарқынды дамып, батыстық өмір салты сәнге айналды, ұлттық мәдениеттер оның тасасында қалуда. Ащы болғанымен, бүгінгі өмірдің шынайылығы осындай. Осындай шынайылық жағдайында қазақ ұлты өзінің мәдениетін сақтап, одан әрі дамытып, өзіндік ұлттық болмысын сақтап қала ала ма деген сұрақ туындайды. Жоқ әлде, кезінде О. Шпенглер айтқандай, ұлттық мәдениетіміз өліп, Қазақ елі өркениетке өту сатысына көшті ме? Елімізді жайлаған жемқорлық пен қылмыстың өршуі, имансыздық пен арсыздықтың белең алуы, табиғи тепе-теңдікті бұзу өркениетке өтудің балалық аурулары ма екен? «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы», «Ынсап сайын береке» дейтін рухы биік, ері ел үшін қорған болатын, елі ер үшін тұра білетін намысқой нағыз қазақтар неге азайып кетті? Еліміздің ертеңі қандай болмақ?

Сөз соңы

Толыққанды мәдени адам болу үшін тек сауатты болып, хат тану өте аздық етеді. Сол сауаттылықты пайдаланып, адамзаттың қол жеткізген мәдени құндылықтарын барынша бойға сіңіргенде ғана нағыз мәдениетті адам қалыптаспақ. Мәдениеттің өзі рухани және материалдық болып екі үлкен салаға бөлінеді де, әр саланың ішінен саяси, діни, құқықтық, экономикалық т.б. мәдениетпен қатар, сәулет, колонер, музыка, этика, баспа, сызба сияқты толып жатқан сан тармақты мәдениет түрлері шығады. Әрине, мұның барлығын бірдей кешенді меңгеретін әмбебаптық қасиет барлық адамға бірдей берілмеген. Бірақ, өзін қоғам мүшесімін деп санайтын әрбір азамат жалпы мәдениеттің негізгі қағидаларын меңгеріп, оларды ұлттық мәдениет үлгілерімен үйлестіре отырып ұстануға тырысуы қажет-ақ. Сонда ғана нағыз мәдениетті елге айналып, құқыққа негізделетін өркениетті қоғам орната аламыз. Мәдениетті адам болуды әрбір жеке тұлға өзінен бастап, өзін-өзі және айналасындағыларды сыйлау, ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеу, иманды болу, қоғамдық тәртіпті сақтау, заңға жүгіну, өнерді меңгеру, білім мен тәрбиені қатар алу сияқты қарапайым ғана қағидаларды басшылыққа алып өмір сүрсе, қазіргі қоғамдық қатынастардың бет-бейнесі түбегейлі болмаса да, жақсылыққа қарай едәуір өзгерер еді. Өркениетті болу қиын емес, өркениет өзі-ақ адамды бейімдеп алады, ал, мәдениетті болу оңай емес. Бірақ мәдениетсіз қол жеткізген өркениет орға жығады, адамгершіліктен жүрдай етіп, ұлттық болмысымыздан айырады. Сол үшін, Қазақстан сияқты ұлттық мемлекетте титулды ұлт – қазақтардың мемлекеттің өзегін құрушы ұлт ретінде атқаратын ауыр миссиясы бар. Яғни, мәдениетті ұлт болу үшін оның төрт қабырғасы тең болуы қажет. Бұл өзегі (жұлыны, діңі) үзілген тірі ағзаның тіршілігі үзілетіні сияқты нәзік мәселе. Қазақстандағы титулды төл ұлт – қазақтар мемлекеттің өзегі болғандықтан, оның тілі, мәдениеті, хал-ахуалы, мәртебесі мен мерейі қалай болғанда да үстем болуы шарт. Өркениеттің көшіне соқыр ілесетін, ұлттық мәдениеті өлген ұлттық мемлекет – мәңкүрт һәм мешел мемлекет болмақ. «Жаман айтпай жақсы жоқ» демекші, осындай ауыр зардапқа ұрынбаудың қамын барынша жасауға тиіспіз.



Назгүл САПИЯНОВА,
Сәкен Сейфуллин
мұражайының қызметкері

Кіріспе

«Астана ақшамы» газетінің (12 ақпан 2013) № 18 санында ЕҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры Амантай Шәріптің «Темірқазық» журналының жарық көргеніне – 90 жыл» атты мақаласы жарық көрді. Редакторы Нәзір Төрөкұлұлының еңбегін сөз еткені құптарлық. Бірақ, негізгі еңбектері атаусыз қалып, оның орнына қазақтың Сәкенін сынаған тұсына қаламының бояуын қалың жакқан. Орысша-қазақшаға бірдей жорға Сәкенге тілмаш керек емес, керісінше тілмаш Нәзір Төрөкұловқа керек: **«Орынборда комиссар болып, Қазақ республикасына нұрын шашам деген – ойын сөз».** **«...Біздің қазақ республикасына кеңсе түзу, жергілікті халыққа жақындастыру дегенді кім ойлап отыр. Мен ойлаймын: Сейфуллин жолдастай он мың «Асау тұлпар» жазып, «пролетариат ақыны» болып, даңқын көтерген үлкен санасыз коммунистен екі-үш үйезде жақсы, арзан, епті кеңсе құрып берген жабайы, даңқсыз коммунист анағұрлым артық», – деп те жібереді».** Бұл иран-парсы тілдерінің білгірі, оқыған интеллигенттің жазу стиліне ұқсай ма? Көзкөргендердің бәрі Нәзір қазақша білмейді дейді. Сан сырлы, алуан қырлы сөздер көмбесінен, яғни, қойыртпақ аудармадан не түсіндіңіз? Дұрысында қазақ тіліне жетік тілмаш кімге керек екен? Автор: **«Бірінші кезекте «Кітаптағы 68 өлеңнің төрттен бірі әйелге арналған деп, Сәкеннің «Маржан», «Надежда, Үміт, Үмилә», «Жазғы кеште» секілді лирикалық өлеңдерін түкке тұрғысыз етеді», – деп жазады».** Бар ғұмырын махаббат лирикасына арнаған ақын-жазушылар да бар. Мәселен, Мағжанның өлеңінің 90 пайызы, Жұбан Молдағалиевтің поэзиясының дені «махаббат», оны сезімі селт етпейтіндер ғана түсінбейтін шығар. Сол үшін сөгесіз бе? Шындығында жинаққа енгені

НӘЗІР МЕН СӘКЕН НЕГЕ КЕЛІСЕ АЛМАДЫ?

осы өлеңдер (*Мақала авторы «жинақтың тең жартысы» деп қойынты*). Оның өзінде Сәкен Сейфуллин «Маржан» өлеңінде саны бәленінші байдың тоқалы немесе күңі емес, азаттық алған жұмысшы, кәсіпкер қыз бейнесін сомдаған. «Тоқымашылар», «Фабрикада» өлеңдері қазақ қыздарының өндіріске жұмысқа кірулерін жаңа заман ағымында сипаттайды. Қыз-қырқынға үйір қылып көрсету – халыққа жеккөрінішті етіп, сол арқылы халық көңілін суыту Сәкенге соқтықшыстардың «қармағы».

«Әйел азат болмай – ел азат болмайды» Сәкеннің сүйікті сөзі. Әдебиеттегі түрен жол: әйел – еңбекші. Әйел-ана бақытын еңбектен табуы әйел – қоғам қайраткері. Талантты қазақ қыздарының «Сара Есоваға, Шолпан Иманбаеваға т.б. бәрін шаттана жырға қосты. Сәкеннің «ұлы махаббатын» халқы түсінеді. Себебі, Сәкен қазақ қыздарының бақытын бірінші орынға қояды. Бірінші шығарған қаулысы (1917) – қазақ қыздарының азаттығы «Қалың малды» жою. Оның халқына деген шексіз сүйіспеншілігі – «Қазағым» деп ауызбен үрген желбуаз шар секілділердей емес. Сәкеннің орыс отарлаушыларының кигізген «киргиз» қамытын сыпырып, «қазақ» атауын қайтарғанын екінші біре бермейді. «1923 жылда, кеңес хукіметінің алтыншы жыл дәуірінде халықты бұлай ағартуға болмайды», – деп алыстан сын сәлемдемесін жолдап дуэльге шақырғанын Сәкен пысқырмай: «кеңселер құрып («Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу», Қазақ мемлекеттік жеке архив кеңсесі, сот кеңсесі т.т. құжат жүзінде) қыруар істер атқарып жатты. **«Қазақ тілі – мемлекеттік тіл»** деп декретті тап осы жылы (1923) шығарды және қазақ тілі мемлекеттік тіл болмаса **«Қазақстанның болашағы бұлыңғыр»** деп қазіргі бастан кешіп жатқан жайды қаншама өткір мақаласында жазды. 1923 жылы Қазақтың 2 мың кадрын шұғыл түрде дайындады. Сәкенді мемлекет тарапынан қорғау қажеттігі туындап отыр. Жас қазақ мемлекетін (1917 жылы құрған ұйымының аты да «Жас қазақ») аяғынан тік тұрғызған Сәкенді қоғамдық пікір туғызып, еш дәлелсіз қаралап жатқан М. Мағауин, Т. Жұртбай сияқтыларды қалай түсінеміз?

Сәкеннің қалқаны – шығарған қаулы-қарарлары, қорғаны – жолында шыбын жанын қиған туған қазақ халқы. Автор Нәзір Төрекұлұлының Ахмет Байтұрсыновқа шымшып тиіскен **«Әдет, әдет емес жөн әдет»** мақаласына, Тұрар Рысқұловқа қарсы Түркістан республикасын тарату жөніндегі пікірлерін, Қазақтың бірінші құрылтайына қатыспайтындығын Қоқан автономиясын құратындығын жариялаған мақалаларын неге қатар алып қарастырмайды. Нәзір Қоқанда жатып (1920-1921) Сәкеннің Ақмолада ұйымдастырған **«Қызыл керуен»**, тұңғыш қазақ қалашықтарына, ондағы мектеп, ұстахана, кооператив дүкендері, медпункттері, сауат ашу курстарын ашқан кеңсе-мекемелеріне; Мәскеуде жатып Орынбордағы Сәкеннің үкімет басқарғанына қарсылығын қазақ тілмаштары арқылы газет-журнал беттерінде қарсы саяси мақалалар жариялап, іш қыжылын жеткізеді. Нәзірдің ауызбен **«қазақ»** дегені, **«жүрегімен «өзбек»** дегені. Өйткені, **«топырағына түспеген дән өнбейді»** демекші кіндік қаны тамған (өзбек) жеріне алаңдайды. Дерек көзі: 1917 жылы Қазақтың тұңғыш құрылтайына өкіл ретінде қатыспайтынын, Қоқан автономиясын құратындығын мәлімдеп, **«Қазақ»** газетіне **«Ашық хат»** жазған. Бірбеткей Нәзір солай істеді де. Бұл жөнінде **«Ферғана мәселесі»** атты өзбекше, орысша еңбегі жарық көрген. Отаны алдындағы парызын Тұрар Рысқұловпен бәсекелесе жүріп, Түркістан республикасын таратып, астанасы Ташкентті өзбектерге сыйлаумен өтеді. Шығыс халықтарының жарық жұлдыздарының бірі Төрекұлұлы Нәзірдің ерен еңбегі меніңше латын алфавитіне көшу туралы полемикалық мақалалары. Бұл жерде Ахмет Байтұрсыновтың **«латыншаға көшуді еріккеннің ермегі деп түсінген»** пікіріне кереғар келеді, әйтсе де, ғылыми негізге сүйенген ірі жоба. Сол пікірін қазір көтеріп жатқан актуальды мәселе **«латын графикасы»** тұрғысынан қозғаса нұр үстіне нұр болар еді. **Қазір етек алып кеткен «саяси күндестік» ұрығын ұрпақ санасына егудің еш қажеті жоқ. Ақиқат бәрінен қымбат, сол себепті «құжат жүзінде» диалог құрып «көкірегі ояу» қазіргі оқырмандарға ұсындым.**

**«Қазақ әдебиетіндегі орынды
һәм орынсыз сындар...»**

Төрекұлов Нәзір 1892 жылы Қоқандағы Байбұтта мақаласында қазақ отбасында дүниеге келген. Әкесі Төрекұл – қазақ халқының арасынан шыққан алғашқы

заңгерлердің бірі. Алғашқы білімді Ферғанада бастауыш мұсылман мектебінен алады. Үш жылдан кейін орыс-тузем училищесіне түседі. Сегіз кластық коммерциялық училищені бітіреді. 1913 жылы Мәскеудегі коммерциялық институтқа түседі. **1916 жылы 25 маусымында ақ патшаның жарлығы шығып, Орта Азия мен Қазақстанның жастарын соғыстың қара жұмысына ала бастаған тұста 3 курс студенті Нәзір оқуын тастап, Минск маңындағы қорғаныс шебін салып жүрген жұмысшылардың ортасына өз еркімен келіп қосылады. Күнбатыс майданындағы 1917 жылы 5 ақпанда Земскі және қала одақтары жанынан бұратаналар бөлімін ашады. Бөлім бастығы Ә. Бөкейханов студент Нәзірді қуана қарсы алады. Нұсқаушылық қызмет атқарады. Нәзір бастаған бір топ шоғыр жұлдыздай оқыған қазақ жастарының «Еркін дала» ұйымын құрудағы мақсаты – шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына көмектесу. Халқымыздың көзін ашу, мәдениет жолында ілгері бастыру. Соғыс майданына барып жұмыс істеп қайтқан жігіттердің мұқтаждарына һәм олардың бала-шағаларына жәрдем беруді көздеген. Н. Төрекұлұлының **«Ашық хат» (Қазақ, 1917. № 244, 5 октябрь)** мақаласында **«Жалпы қазақ сиезі»** мен құрылтай жиналысына өкіл болудан бас тартқан. **Қоқан республикасын құратындығын жариялаған. Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесіндегі жаңа үкіметтің ірге тасын қаласты. Ферғана облыстық революциялық комитетінің орынбасары әрі хатшылық міндетін атқарды. Ферғана ревкомының төрағасы қызметіне жоғарлатылды. Басмашылар дүмпуін басты. «Ферғана мәселесі» туралы өзбек тілінде, орыс тілінде еңбек жазды. Тұрар Рысқұлов 1919 жылы Түркістан АССР-ның орталығы – Ташкентке баспа-редакциялық қызметке шақырады. ТҰРАТком төрағасы Тұрар Рысқұловтың жолбасшылығымен Мәскеуге барып, Ленинге жолыққан. Тұрар Рысқұлов Мәскеуге қызмет бабымен ауысқанда, орнына Нәзір Төрекұлұлын қалдырады. Кейін Нәзір Тұрар Рысқұлов құрған Түркістан автономиялы республикасын тарату сықылды қарсы пікір көтеруі екеуінің тіл табыспауына әкеп тіреді. Түркістан Компартиясы Уақытша Орталық комитетінің саяси бюросының жауапты хатшылық қызметін 1920-1922 жылға дейін атқарады. Орнына Сұлтанбек Қожановты қалдырады. Мәскеуде Шығыс халықтарының кіндік баспасын басқарған Нәзір Төрекұлұлы (1922-1928) түркі тілдес халықтардың, оның****

ішінде өз халқының шынайы тарихын, мәдениетін, әдебиетін жарыққа шығаруға зор еңбек сіңірді. Түркі тілдес халықтардың жазу-сызуын латын алфавитіне көшіру жөніндегі Орталық комиссиясының мүшесі, 1929-1936 жылдары Геджаста, Сауд Арабиясында КСРО-ның төтенше және өкілетті елшісі болып қызмет атқарған. Қоғамдық қызметін қаламгерлік жұмыспен тығыз бірлікте жүргізеді. Баспагер, журналист Н. Төрөқұлов публицистикалық бірнеше еңбектер жазды. Әдебиетші, сыншы, лингвист ғалым. Н. Төрөқұлұлы (*«Жаңа әліп-би неге керек?»*. Мәскеу. 1924, 4-бет): **«Сәкен партияның тұтқан жолынан хабарсыз надандығынан «Азияны» жырлайды. Мағжан болса феодализм қараңғылығы көзін басып, соқырлығынан «Алтайды жырлайды», – деп, екеуіне қосарлап тиседі. «Әдет, әдет емес жөн әдет» мақаласы болса А. Байтұрсыновпен латын графикасына қатысты айтысқа құрылған. 1937 жылы атылған репрессия құрбандарының бірі.**

Нәзір Төрөқұлов Сәкен Сейфуллиннің **«жеке сыншысы»** деген тарихи атпен танымал. 1922 жылы Орынборда шыққан **«Асау тұлпар»** өлеңдер жинағын сынауымен полемика жанрының көшбасы болды. Сыни пікір талқысы, оның абырой-беделінің деңгейін не шарықтатты, не төмендетті, оқып көрелік: **«Асау тұлпар»** шынында **«асау» екен, бірақ, «асау» болғанда білімсіз асау екен!**» деп шу дегеннен шүйлігеді. **«Айт күні»** деген өлеңін: **«Сабаз исламды білмейді. Өзің білмеген, нанбаған нәрсеңді жұртқа үлестіруден не пайда? Ермек үшін бардың жоқты шатқаннан кімге пайда? «Орыс ойына келгенін қылады» дегендей, Сәкен де ойына келгенді жазады»**. Сәкен жауабы: **«Нәзірдің мені мінеген сынында бір-ақ дұрыс жері бар. Ол менің 1914 жылы айт күнін өлең қылып жазып, оны «Асау тұлпарға» кіргізгенім. Нәзір мені «исламды білмейді һәм бостандықтың қай күні құшағын ашқанын білмейді» дейді. Рас, менің исламды Нәзірдей білмейтінім рас шығар. Нәзір исламның «бесігінде» туған адам ғой...»**. Ия, Сәкен осылай ақталады, алайда зерделеп қарасаңыз өлеңде ислам қағидалары, діни шариғат айтылмайды, сол себепті теолог ғалымға жүгінудің қажеті де жоқ. Бұл – қазақ ауылдарының тойлайтын қос мейрамының бірі **«Айт күні»** жөнінде жазған өлеңі. Елін сағынған Омбы семинариясының оқушысы Сәкен ауылдың кәрі-жасының **«айттау рәсімін»** суреттейді және көз алдыға сол көріністі әкеледі. Сәкен жауабы: **«Нәзір менің «Жас қазақ марсельезасы», «Кел жігіттер», «Жұмыскерлерге», «Иван**

мен Мырзабекке» деген өлеңдерімді жамандайды. Бұларға ешбір дәлел айтпай, құр әйтеуір **«жаман»** дейді. Мұндай өлеңдермен кісі революция ақыны болмайды...» дейді. Төрешілігін айтсақ, **«Жас қазақ марсельезасы»** – жаңадан құрылған Қазақ республикасының тұңғыш әнұраны. Сәкен әуен-саз таба алмағандықтан емес, Әжен Потьенің әнін қалдырудағы мақсаты қазақ жастарын Француз республикасындай азаттық алуға шақырады және білген адамға **«гимн»** тарихтағы өз міндетін абыройлы атқарды да. Сәкеннің 1922 жылы июньнің 10-ында Орынборда жазылған **«Азия»** өлеңіне тоқталған Нәзір сыны: **«Айтамын ғой, революция өз жөнімен кетіп барады да, Сәкен өз жолымен айдап барады. Бұрылып та қарамайды. Бұл өлеңін жазғанда сабазың не мақсаты бар екен. Антисемитизмге қарсы жазайын деген болса, ниеті жақсы, бірақ, пайдасы жоқ, өйткені, қазақ арасында мұндай нәрсенің жоқтығы бәрімізге белгілі. Европаны жақсы жолға бастайын деген болса, Европаға қазақша жазудан пайда шамалы. Шамалы «ақыннан» шамалы пайда. Орынборда Сәкен деген бір қазақ ақыны осындай бір пікір «шығарыпты десе, сол күні-ақ Сәкенді Орынбордан алып келіп, бір музейге кіргізіп қояр еді. Мұндай «қызық» кісіні музейден басқа жерге қойып та болмайды! Сөздің қысқасы, мұндай білімсіздіктен өлең жазып әуре болып жүрудің өзі ұят. Сәкеннің өз ақылымен жазғандары түкке жарамайды. Не десек те байғұс Сәкен өзінен шығарып бір ұнамды, пікірлі өлең айта алмаған. «Қазақ марсельезасы», «Жұмыскерлерге» деген өлеңдері – бәрі Сәкеннің пайдасына жүрмейді. Бір жақтан парнография жазған, бір жақтан Азия мен Европаны айыра алмай, басындағы ботқасын жұртқа үлестіріп берген, бір жақтан өзінен шығарып жазуға тура келгенде білімсіздігін «интернационализм» қылып көрсеткен кісіні революционер ақын деп айта алмаймыз. Революционер ақын басынан аяғына дейін бір түсте, қалыпта болады... Сөздің қорытындысында, ешнәрсеге жарамаған 69 өлең хақында мұнша ұзын критиканың өте қажеті жоқ та шығар. Сонда да, ұзын критика жазуға мынау пікірлер себеп болды. Бірінші: қазақ республикасы кітапқа кедей жұрт. Мұндай уақытта қазақ оқушысының қолына мұндай кітапты ұстату үлкен қате. Мұндай кітап беру – жұртты кітаптан бездіру деген болады. Екінші: әдебиет – көптің малы. Аяқпай-Таяқпайдың малы бола алмай-**

ды. Бұл себептен әдебиет үйіне кіретіндер әр уақыт «қатты тергеуден» өтуі тиіс. Сәкеннің «Асау тұлпары» болса оқыған кісіге ауыр пікірлер береді. Қазақ халқы әдебиетінің енді аяққа тұрайын деген уақытында мұндай «кітаптың» Қазақ республикасының астанасында шығуы қайырлы емес. Кәзірден қылынатын жұмыс мынау: жас өспірім жігіттерімізге шын революция тәрбиесі берілуіне зиян тимесін деп жастар ұйымы бұл кітапты жастарға оқытпасқа тиіс. Кісі өзінің кім екендігін, дүниеге қалай қарау керектігін білмесе, тұрмысқа жарамайды, революцияны түсінбейді. «Асау тұлпарды» оқыған кісі өзінің кім, дүниенің не екендігін былай тұрсын, оң аяғын білмей қалу ықтималы бар».

Сәкен жауабы: «Нәзір «сынының» басына Абайдан «бісіміллә» келтіреді:

*Таласпа жаным-ай,
Қолыңнан келмесе,
Боларсың бақадай
Көп мүссең егеске...*

Рас-ақ! Бұл қағида екі кісіге бірдей. «Шоттың басын бассаң, сабы мандайыңа соғады» деген. Нәзір сыншы ашуланады: Революция бетімен, сен бір бетіңмен барарсың дейді және де менің 1915 жылы жазған «Жазғы түнде» деген жырымды жамандайды. Жамандағанда бұл ұзын жырдың әйел туралы жазылған 4-5 жолдарын жамандайды. Нәзір сөгеді: «сен жазғы түнде үйде отырмайды екенсің» деп. Және Нәзір айтар: «Сәкеннің өлеңдері тіпті қазақ әдебиетінің заңымен қарағанда да «ботқа» немесе әдепсіздік» деп. Түркістандағы қазақ жігіттері Нәзірдің қолына қазақша үйрен деп Абайдың өлеңдер кітабын берген. Абайдың келтіріп отырғаны да сол Абай кітабынан. Қазақ ақындарының ішінде Абайдан өлеңге шебер жоқ екені рас. Ал, Абайдың ғашықтық өлеңдерінің ішінде бізден де сорақы кеткен жерлері бар. Абайды да Нәзір жақтырмауы керек еді ғой...». Сәкен Абай өлеңдерінен бірнеше мысал келтірген (Төмендегі талдауға қажет болғандықтан ғана бір шумағы ғана алынды).

*Қандай қызда ләззат бар жан
татпаған,
Сұлуы бұл заманның тек жатпаған.
Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,
Алмасы өкпе болар қол батпаған...*

Міне, әйелге айтқан өлеңдері осындай. Нәзір қазақ тілін үйретіп жүргендерден бұл өлеңдерінің мағынасын неге сұрап алмады екен? Әттең тілмаштың аздығы-ай! Бірақ, менің өз басым қазақша жазған

сынын тұтасымен Нәзірдің өзіне жаппаймын. Бір қазақ баласына Нәзір айтқан шығар: «Әйтеуір, басқа-көзге төпелеп бәлемді жамандай бер» деп. Өйткені, Нәзір қазақша білмейтін. Ана жылы Мәскеуде 8-ші Кеңестер съезінің уақытында жолдас Әліби Жангелдин Нәзір мен жолдас Рысқұловты «татуластырамын» деп пәтеріне шақырған. Жангелдиннің пәтеріндемендеболдым. Жолдас Мендешев те һәм басқа бір-екі жолдас болды. Сонда Нәзір мен Рысқұлов кінәласқанда үйде қазақтардан басқа һәм Нәзірден басқа ешкім жоқ. Сонда сөзіне ешкім түсінбейтін болған соң Нәзір қазақтарға орысша сөйлеген (себебі жоғарыда қыс. өмірбаянында айтылды). Һәм былтыр да мен кездескенімде, өзім Нәзірмен қазақша сөйлесе алмай, тағы орысша тілдестік. Бірақ, бәрібір қандай сөз болса да әйтеуір Нәзірдікі дейміз ғой. Ақырында Нәзір менің уақ-түйек переводтарымды жамандайды һәм ол переводтарға нанбайды. «Сәкеннің өз ойынан шығарып жүрген сөздер» дейді. Олар, мәселен, фарсының ақыны Шейх Сағидиан:

*Ән мен күйге түйе де
Шатланар, хайуан десек те,
Сезбейтін оны адамды*

Салпаң құлақ есек те, – деген. Бұл өлеңдер туралы Нәзір айтады: «Шейх Сағидиан мұндай өлең жоқ болса керек еді. Және «о» заманда «бұ» заман түйенің ән мен күйге шатланғанын көргенім жоқ. Ақмоланың түйесі болмаса, өзге жердің түйелері ән мен күйге шатланғанын көргенім жоқ» дейді. Енді Нәзірдің түйе ән мен күйді сезбейді, сезсе жалғыз «Ақмола түйесі сезер» дегеніне келейік: «күйді түйе сезбейді дегенді Нәзір білгіш айтады. Ал өзге жұрт: «хайуандардың бәрі де күйді сезінеді» дейді ... көптің айтқанын алармыз деймін. Сол адам болсын, хайуан болсын күйді һәм биді сезінетін жалпы жанның ішінде Нәзір айтқан «Ақмола түйесі де» сезінуі керек. Жалғыз-ақ, күйді, биді сезбейтін әлгі Сағиди айтқан салпаң құлақ есек болар. Оның ішінде де Түркістанның салпаң құлақ көк есегі болар. Нәзірге әйтеуір жамандау керек». Менің алып-қосарым (авт.) бір ғана дерек: қазақтың «Боз інген» күйін Нәзір Төреқұлұлы қазақ жерінен жырақ өскен себепті білмеді ме екен? Екінші, түрколог Нәзір Төреқұлұлы Сағидидың «Бустан» шығармасын білмеуі мүмкін емес. Сын жазбас бұрын Сағиди шығармаларын зерттеп, бар-жоғын біліп алу керек еді. Не аудармашысы қазақ білмеді. Сәкен

жауабы: «Онан соң Нәзіреккен менің «Азия» деген өлеңімді жамандайды. Бұл өлең Генуиский һәм Гаагский конференциялар болып, Еуропа үкіметтерінің елшілері жиналып, Күншығыс халықтарына арам құлқындарын арандай ашып, обырлық саясаттарын іс жүзінде жүргізбек болып, барлық Азияны тырнақты шенгелдеріне бүріп алмақ болып жатқанда сұм Еуропаның бетіне соққан шоқпар еді бұл. Орысша айтқанда «протест» еді. Шоқпарды, протесті әркім әр түрлі соғады. Бұл сондай пікір. «Күншығыс саясатын» (*восточная политика*) сіз де білсеңіз керек еді...». Байқап отырсақ, дана Абайды рухани пір тұтқан Сәкен, әсіресе, бозбала шағында еліктеп, балауса жырларын Абай үлгісінде жазған, соның таяғын Нәзір сыншыдан жеп отыр. Нәзір сыншы «Маржан» және «Надежда, Үміт, Үмилә» өлеңдерін сынауды «Қатынды не деп біледі, Сәкен» деп бастайды. Сонда, Нәзірдің «қатын мен қыз сөзінің» қазақ тілінде айырымы барын білмегенін қалай түсінуге болады. Оқыған адамға тән этика, әдептің исі де жоқ, не өзбекше сыпайы естілетін «хатун» сөзін ұнатты ма екен? Сәкеннің Ташкентте жазған «Надежда, Үміт, Үмила» өлеңінің бірінші шумағы қыз бала жайында, екінші шумағында көк алма түйін салып, піседі. Әбден піскен алма сағағынан үзіліп түседі, ал, үшінші жолда «Сен алмасың биікте», «Сен әлі жас баласың» түрінде қыз баланы алмаға теңеген. Өлеңді нәзірзерттеуші Ж. Әлмашұлы редакциялап, алғашқы шумақтың үш және төртінші жолына, екінші шумақтың бірінші, екінші жолын былайша қосып, түйін салған алма емес, қыз қылып өзгертеді.

*Надежда, Үміт, Омила,
Аққуымсың, сәулемсің,
(Шырағым, Үміт, Үмилә,
Қарындасым, бауырымсың! дегендерін
алып тастаған)*

*Түйін салып жас балдыр
Алма ержетіп өседі (!)
(Албырап биік саяда
Ұыздай болып піседі (алып тастаған,
81 б.).*

Міне, қаралаудың бұдан өткен түрі бола ма? Бұл – Сәкенді қорлау (81 б.).

Оңтүстікте «Қыздарда да қыздар бар жарылмаған қауындай» немесе «қызыл өрікке» балаған да өлеңдер баршылық қой. Қауыннан көрі, алма көркем поэтикалық теңеу. Бұл – Сәкен кең көлемде талдаған әдебиеттегі Абай үрдісі. Сын диалогы: Н. Төрәкүлұлының сынына жауапты бірінші Сәкен емес, елден жырақта жүрген Москвадағы Күншығыс коммунистік университетінің студенттері

Ғабділрахым Бегалиұлы, Баймырза Ершіұлы, Белмұхамед Алин, Жолдыбай Ахметов, Мәжит Дәулетбайұлы, Ш.Жайлыбековтер «Қазақ әдебиетіндегі орынды һәм орынсыз сындар туралы» бірігіп мақала жазды. Нәзір Төрәкүловтың сынын мінеп: «Асау тұлпар» жаңа өспірім жастарға берілетін кітап емес дегенінің мәнісі не? Жалғыз «Темір қазыққа» жазғанымен қоймай орыс, татар (Қазан) газетінің бетін бояудағы мақсаты не? Достық па, дұшпандық па, жоқ, не болмаса сыншылық па? Біз мұны достық та емес, дұшпандық та емес һәм сыншылық та емес, кеуделік, мақтаншақтық, өте зорайғандық деп білеміз. Мұнан былай сынды келеке, әзіл орнына ұстамай, «найза түртер» қылмай, шыққан әдебиетті сынға салу керек» деп жазды.

Н.Төрәкүлұлының «Революцияға не керек?» мақаласы «Темір қазықтың» 1923 жылғы екінші санында «Бақыт жолында» пьесасына жазған сыны жарияланды: «Сей-фолла ұлының өлең, пьеса кітаптарымен қазақ халқын ағарту жолына Қазақстан баспасөзі бел байлап, әбден кіріссе керек. Сәкеннің қай «философиясы» болсын жүрегінді айнытпай қоймайды. Сәкен жолдасқа айтатын ақыл. Қашанда болса, не істесең де, не сөйлесең де ойлауға керек: революцияға не пайдалы? Не сөйлегенінді өзін білмей, жоқты-барды сөйлем, бірдене деуден бұрын әуелі өзін біліп алуың керек. Басында ақылы бар адам соңғы жолды қабылдаған. Біздің тұсымызда да соңғы жол пайдалы». «Тар жол тайғақ кешу» туралы бірер сөз» деген сыни мақаласында: «Осы күні орысша болсын, қазақша болсын Қазақстандағы төңкеріс қозғалысы жайынан мынау дерлік көрнекті, негізгі бір еңбек жоқ. Ең болмаса келесідегі «ұлы» жұмыстың керегіне жарарлық «шикі» деректер жиналып шықса да біздің әдебиетке үлкен олжа болар еді»... деп тәп-тәуір бастағанымен, «Тар жол, тайғақ кешудің» бетін шиедей етті. Нәзірдің сынын имандай қабылдаған Нәзір Төрәкүловтың шығармашылығын зерттеуші Жолтай Әлмашұлы мынадай комментарий (түсініктеме) береді: «Тар жол тайғақ кешу» мемуарының бірінші кемшілігі: «бұл кітаптың қай жанр түріне жататынын білмей басы қатқанын айтады. Екінші кемшілігі: Сәкен қоғам өмірінің суретін беруге талпынады, саяси қақтығыстарды терең талдағысы келеді, бірақ оған өресі жетпей жатады...» Нәзірдің бұл жазғанымен келісуіміз керек; Үшінші кемшілігі: «Сәкен көрген-білгенін тек хабарлап қана, баяндап қана отырса,

оны түсінуге болар еді, алайда ол сол оқиғаларға өзінше баға бермекші болады, кейбір шалағайларды дәріптеп көрсеткісі келеді, содан кейін барып қателеседі». Сыншының бұл ойын қалай жоққа шығара аламыз?

Түйін

Менің пайымдауымша, Сәкен оттың шаласына емес, осындай жала сөздің шаласына күйген. Нәзір Төреқұловтың шынтуайтында «Тар жол тайғақ кешуге» берілген бағалау ма, қаралау ма? Ақындығын жоққа шығарды, прозалық туындысын қай жанрға жататынын білмей басы дал болды. Қазақ әдебиетінің мемуарлық, құжатты-документалдық жанрының төл басы жанры дүниеге келсе, жоғарыда «шикі» дүние таппай ауа кармалаған Нәзір Төреқұлұлы қуанышын осылай білдіреді. Максим Горький өмірбаяндық мемуар жазса, С. Сейфуллин тарихи кезеңнің «танба басатын жеріне танба, мөр басатын жеріне мөр» басқан тарихи мемуарлық роман жазды, – деген Ғабит Мүсіреповтың аталы бағасына әдеби қауым тоқтаған еді. Сәкен «Тар жол тайғақ кешу» арқылы архив деректеріне сүйеніп жазуға сара жол салды. Сол себепті, сыншы мынауың жалған деп айта алмай, «Тар жол тайғақ кешудің» ішіне ене алмай, сыртын шыр айналады. Фотодеректі де көркем шығармаға енгізген Сәкен. «Тар жол тайғақ кешуде» жарияланған Алаш көсемдерінің фотосуретін қазір бұқаралық ақпарат құралдары кең пайдаланып жүр. «Жер-жердегі жастар, жұмысшылар, мұғалімдер, кеңес қызметкерлері «Тар жол, тайғақ кешуді» сынамақ болған Н. Төреқұлов мақаласына қарсы наразылық білдіріп хаттар жазып жатты. Мұндай хаттарды татардың, қырғыздың, өзбек, башқұрт, каракалпақтың оқушы жастары, жазушылары да көптеп жазады (Е. Ысмайылов. *Ақын және революция*, монография. А., 1983 ж., 57 б.). Жолтай Әлмашұлының Нәзір Төреқұлұлының сынына түсіндірме талдауы – Нәзірді аспандатқанның үстіне аспандату, Сәкенді әдебиеттен иіс алмас қылып құлдырату екенін түсінбей қалған сияқты. Байқап қараңыз, Ж. Әлмашұлы: «Нәзір Төреқұлұлының ұстанған саяси бағыты сырт көзге «қызыл комиссардың» әрекеті сияқты болып көрінгенімен, жүрегінің түкпірінде Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтармен үндес болғаны белгілі (40-б.)» деп «саяси» сойыл соғып қалады. Егер, бұл кісінің пікірі дұрыс болса, онда шынайы революционер Тұрар Рысқұловқа неге соқтыққаны белгілі болды және жоғарыда

өмірбаянын сөз еткенде келтірген «Ашық хатында» жазған «Қоқан республикасын» құру мақсатынан таймаған бірбеткей мінезділігін аңғартады. Осы пікір таласын пайдаланып, өзбектер Самарқандағы астанасын Ташкентке көшіріп алды. Осылайша 1925 жылға дейін Түркістан автономиялы республика болып, астанасы Ташкент жеке-дара отау болып келсе, осы жылы Сырдария, Жетісу өлкелері Қазақстанға қосылып, астана Қызылорда (Ақмешіт) болды. Өлкелік партия комитетінің хатшысы болып, Н. Төреқұлов шәкірті Сұлтанбек Қожанов тағайындалды. Оқу комиссары Смағұл Садуақасов сайланды. Үкімет құрамы түгел өзгертілді. Сәкен айтқан («Жікшілдік тарихы» мақаласынан) «жікшілдік» шындыққа айналды. Куә Сәбит Мұқановқа жүгінейік: «Ең алдымен, Нәзір Төреқұловпен арамыздағы қарым-қатынастар жайын қысқаша баяндап берейін. Москвада «Ұлттар» баспасының директоры, «Темір қазық» журналының редакторы Нәзір Төреқұлов 1923 жылы жарияланған І-санында Сәкеннің «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағына сын жазып, түгелімен жоққа шығарды. Соның үстіне жинақты ғана сынамай Сәкеннің қара басын да сынап, жұрт алдында масқара етуге тырысты. Нәзірдің осы мақаласына қарсы, мен Орынборда қазақша шығатын «Қызыл Қазақстан» журналының 23 жылғы 16-санында «Сынға-сын» деген мақала жаздым. Ол мақалада Нәзір Төреқұловта «объективтік көзқарас жоғын, оның мақсаты – Сәкеннің жинағын ғана емес, өзін құртуға тырысу екенін, Нәзір қанша жамандағанмен, Сәкен қазақ совет әдебиетінің бастаушысы екенін дәлелдедім. Содан кейін Нәзір маған қатты өшігіп жүр деп естідім. Осындай адам менің жинағымды кітап қылып баса ма? Орталық Комитеттің қызметкеріне осы қауіпті айтқан ем: ЦК ұсынғаннан кейін басуға тиісті, – деді. «Шығыс» баспасы, «Қытай қаланың» ішіндегі 25 октябрь аталатын көшеде, 4 этажды үйдің екінші этажында екен. Баспаның Қазақстандық бөлімін Әбдірахман Байділдин менгерді. Әбдірахманды ерте келген мені, бұрын көрмеген Нәзір Төреқұлов салқын қарсы алды... Креслода отырған сақал-мұрты қырулы, басында өзбек тақиясы бар адам, қағаздан шұқшиып басын көтере қоймады. Әбдірахман маған «Нәзір осы» дегендей ым қақты. Басын көтерген Нәзір: - Отырыңыздар! – деді маған орысшалап, орын нұсқап. Отырдық. Бет-бейнесіне көз жүгіртсем, өзбек түстес екен. Әбдірахман мені таныстыра бастады. Нәзір менімен

көп тілдескен жоқ. Азғана сөздерінің бәрі – өзбекше. Мазмұны: ЦҚ хабарлады, көрерміз, оқырмыз, пікірімізді айтып хат жазармыз». Оқырман өзі түсініп пайымдар деген оймен тасқа басылған жайды бұрмаламай қаз-қалпында бердік. Кейінгі ұрпақ архив ақтармайды деуге бола ма? Оның ашы сабағын ұрпақ қайталамауы үшін шындық айтылуы тиіс. Дана Абайдың «бас-басына би болған өңкей қикым» заманы әлі келмекке кеткен жоқ. Және Абай – Оразбай, әл-Фараби – Ғазали, Яссауи – Нақышбанди, Шоқан – Ерден тең дәрежедегі қарсы сыңары тууы табиғи заңдылық. Оның пайдасы да бар сияқты «мен» деген пенделіктен сақтандырып, ширықтыра түсетіні ақиқат, сөйтіп Жаратушы Ие «тарих сахнасына» қосарластырып шығарады. Сәкеннің де саясаттағы қарсыласы Нәзірдің танымайтын Сәкенді көріп-білмей оңтүстікте жатып, Мәскеуде жүріп сынауында гәп бар, оны итермелеуші біреулер бар... Нәзір ақын-жазушы емес, таққа да таласушы емес. 1922-1929 жылға дейін табан аудармай Мәскеудегі «Шығыс» баспасын басқарды. Кейін репрессияға ұшырағанға дейін Сауд Арабиясында елші болды. Қысқасы бірі ойда, бірі қырда бастары қосылмады. Сынды қазақша Нәзір жазбағаны анық. Оған дәлел көп: біріншісі Сәкен үш дәлелмен қазақша білмейтінін дәлелдеді. **Екіншісі**, Сәбит өзінің көргенін айтып отыр. **Үшінші** өзбек ғалымы Ф. Бакиров Ферғана ревкомы Нәзірдің жастар ұйымы бағдарламасын өзбек тілінде және орыс тілінде жазғанын тілге тиек етеді. **Төртіншіден**, Нәзір қалың өзбек ортасында дүниеге келсе қалай қазақша сөйлейді. **Бесіншіден**, «Ұлт тезисін» Ахмет Байтұрсынов, «Ұлт мәселесі және мектеп» еңбегін Мағжан Жұмабаев аударса, «Шығыс» баспасының «Қазақстан» бөлімін Әбдірахман Байділдин басқарса, оған Нәзірдің Сағидидың «Бустан» шығармасын білмегенін қоссақ, «Боз інген» күйін, толып жатқан қазақ танымынан хабардар болмауы тағы бар, Нәзірдің басқа мақалаларымен танысқанда стильдік қолданысының өзгешелігі осындай тұжырымға жетелейді. Нәзір зерттеуші Ғ. Қожамұратұлы «Еңбекші қазақ» газеті, №294, 1925 шыққан «Латын харпі туралы» мақаласында Нәзірдің Сәкенге жөн-жосықсыз тиісе бергенін айта отырып, былай деп түйіндейді: «Қазақ оқығандарынан біздің өтінішіміз: елді жаңа жолға бастауларыңа рахымет, бірақ, қандай жаңалық та болса, пайдасын салқын қанмен түсіндірсеңдер екен. Бірінді бірін шанышп, бірінді бірін түйреп жазсаңдар, қазақ білімділері жаңа тұрмыс,

жаңа бағытқа сүйрейді деп түсінудің орнына «өшер елдің жігіті...» қазақ мақалы есімізге түседі. Игілікті істің қадірі кетеді. Мұндай әңгімеге түсіп кетсеңдер, жанымыз ауырады. Жаңа елді ерту үшін мұндай шанышпа сөздің пайдасы жоқ. Әңгіме сол істің өзінде ғана болуы жөн» (58 б.). Ғасырға жуық уақыт өтсе де осындай «аталы сөзге» тоқтай алмай жатырмыз. Дау да, талас та жоқ Нәзір Төреқұлов – шығыс халқының алдыңғы қатарлы озық ойлы перзенттерінің бірі. Дарабоз көзқарастағы Нәзір Төреқұловтың Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов сынды қайраткерлердің кейбір пікірлеріне қосыла қоймайтындығын білдірген мақалалары Нәзірдің жеке көзқарасы, таным-түсінігі. Оны ортаға салуы саясаткер-политолог, әдебиетші, жалпы мәдени қауым басында үрке-үрпнiсе қабылдағанымен, жапа-тармағай қайнаған қызу талқыға айналып та кетті. Әдебиетке жұрт осылай тартылды. Оның өзінде Совнарком председателі Сәкен Сейфуллинге бірден ауыз салды. Халық жүрегінен терең тамыр тартқан Сәкенді жұрт шыр-пыры шыға қорғады да, Нәзір көленкеде қалды. Әйтпесе, оның сын садағы қадалмаған өнер, мәдениет, мемлекет қайраткерлері кемде-кем. Төреқұлұлының еңбектерін жарыққа шығарған нәзіртанушылардың, оның ішінде Ж. Әлмашұлының еңбектері елеулі. Әйтсе де, Жолтай Әлмашұлының «Тар жолдан» ешқандай көркемдік жоқ деп Нәзірді қоштауы әрине өз бағасы, бірақ, оқырманды, оның ішінде өскелең ұрпақты «көр соқыр» деп қарамау керек. Ұлы тұлғалар аласармасын, бірақ көтеремін деп, басқаларды дағдау да болмасын. Сәкен мен Нәзір құрдас, дүниеден қайтқан жылдары да бір, ендеше қос дала дауылпаздарын «қанжығада жолықтырған» ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезінбеушілік. Сәкенді ақын, драматург, прозаик ретінде жоққа шығаруы ақылға сыйымсыз. Сәкенге тиісуі «жоғын жоқтап, кегін кектеген» еңбекші халыққа соқтығуы. Сәкенді сынағанда не халыққа қызмет қылғанда «халық көзімен» қарап, бағалау қажет. Нәзірдің Сәкеннің шығармаларын сынауы я талап қоя білуі – заңдылық. Әйтсе де, сын арнасынан асып, келеке-мазақ, яғни, масқарампаздыққа айналдырғаны атой салып, Абай бабамыз тілімен айтсақ «әр жерден көрініп тұр-ау». Осы жағдай Халық Комиссары Кеңесінің төрағалығы кезінде «шырқ айналып, жем іздеген тауықтар» қызметтен түскеннен кейін басқа мінез танытады. Өзі ашқан Қазақ республикасының органы «Еңбекші қазақ»

газеті мақалаларын баспай қинады, әрі жұмыссыз жүріп қалды. Шәкірті Сәбит Мұқановқа да салқыны тиді (*өзі көрген құқайын «Өмір мектебінде» баяндаған*). Қашанда қиындықтан шығар жол бар. Сталинге жолығады және келгеннен кейін Сәкен Халық комиссарлары жанынан ашылған тұңғыш Ғылым (академиясы) орталығына директор болып тағайындалды. Сондай-ақ, 1925 жылы Орынборда қаулысы шығып, ашылмай қалған Қазақтың тұңғыш мемлекеттік ұлттық драма театрын ашу (1926), Қазақ жазушыларының ҚазАП-тың платформасын жазу (1925) және құру (1926), Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасын ашу Қазақстан Орталық комитеті тарапынан Сәкен Сейфуллинге тапсырылды. Екі қолға бір күрек деп жүрген Сәкен қай істі болсын тыңғылықты тындырғаны құжат жүзінде мұражайда тұр. Ғылыми комиссияның төрағасы ретінде кітап Сәкеннің рұқсатымен шығатын болғандықтан еркіндік самалы есті. «Тар жол, тайғақ кешу» романы (1927 ж.) жарыққа шыққан күні Нәзір Төрекұловтың шоқпары тағы тиді. Сәкеннің жауап жазбауына, үндемей қалмауына бұл жолы болмады. Сәкен «Жаңа әдебиет» журналының 1929 жылғы 7-санында «Тар жол, тайғақ кешу туралы» көлемді түсіндірме түрінде жауап қайырды. Сәкен жауабы: «Еңбекші қазақ» газетінің 296-санында «Тар жол, тайғақ кешу» туралы бір-екі сөз» деген Төрекұлов Нәзірдің мақаласы басылды. Төрекұловтың мен туралы жазатын сөзінің қандай болатынын, оның бұрынғы мақаласын оқыған жұрт білетін болар. Төрекұлов қонақтарына су әкеп берген Қожанасырдың мысқылын менің алдыма тартады. «Бұл суға пәлен қосса, түген қосса, пәлен қылса, сонда «дегенбай» палау болар еді деп айтқан екен Қожанасыр. Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуде» сондай. Мұны тіпті жазбай қойғаны-ақ дұрыс болар еді...» деп кейіді. «Алашорда министрлерінің қашқанын несіне жазған. Бірақ, не керек ант ұрған жазып шығарды» деп шамданады. «Қайдағы бір Тәтімовтардың, Дүйсекеевтердің, Уғарлардың, Мүкеевтердің, Шәріповтардың және басқалардың ақтармен, алашордамен майдандасқанын айтты. Өзінің төңкеріске қатынасқанын, бір жерлерде қымыз ішкенін айтыпты. Өзін мақтапты... алашорданың қашқанын мазақтап сүреттепті» дейді. «Құла қыздарды, құба қыздарды айтыпты» деп Төрекұлов көгере шатынайды. «Құла» деп Қожанасыр болмаса, қазақ малдың түсін айтушы еді. «Тар

жолда» құла қыз деген жоқ. Кәдімгі адам сияқты қыздарды айтқан. Төрекұлов сынында «француз жұртының мақалы» деп «сұлу әйел қанша сұлу болса да, бойындағы барынан басқаны бере алмайды» деген француздың қанаушы табының аузынан шыққан шірік мақалы болу керек. Барып тұрған боғауыз сөз емес пе? – деп Нәзірдің пікірін өзіне көлденең тартқан. Оқырман өздері салыстырар қай пікірдің дөрекі екенін. Сәкен жауабы: «Нәзір сынында жазған «Азия» деген өлеңді жазғанда Еуропаны жақсы жолға бастайын деген болса, «Еуропаға қазақша жазудан пайда шамалы» деген. Бұл не деген сөз? Бұл «Еуропалықтар қазақша оқымайды, сол себепті оларға қазақша жазғаннан не пайда?» деген сөз болады» дей келіп, Сәкен Сейфуллин өзінің халықаралық саясатқа терең шолу жасаған «Тәрбиелі, мәдениетті Еуропада» мақаласында: «Мен жұрттың түрлі талқысына түскен «Азия-Еуропа» деген өлеңімде Еуропаның осы обыр құлқын айтып едім ғой» деп түсінік береді. Ал, «Еуропа түнерді» атты мақаласында қатты аландаушылық білдіреді: «1914 жылы Еуропа мемлекеттері аш қорқауларша бір-біріне ауыз салған еді... кесепат шалықтарын Азияға тигізіп еді... Бір қорқау, бір жерден жемтік тауып жей бастаса, өзге қорқаулар қызықпай қарап тұрып қалмауы белгілі. Өрт бір түп көделен жанады. Еуропаның қорқаулары қазір бір-біріне ынсапсыз, ала көздерімен қарай бастады. Францияға бүгін қарсылық қылмағанымен, Германия ертең-ақ жағаласуы мүмкін». Сәкеннің өлең мен де, қара сөзбен де қырағылыққа шақырған жан айқайы шындыққа айналып, арты дүние-жүзілік соғыс өртіне ұласты. Өзара қырқыстың кесірі қуғын-сүргінге әкелді. Нәзір Төрекұловтың Сәкен Сейфуллинге әдеби-бұқаралық құрал арқылы соғыс ашуы «Ұлт мәселесі жайында» жазылған (1921 ж.) мақаласынан бастау алады: «Қашан қара қазақ еңбекшісі октябрь революциясын танымақ? Қашан өз хұқын біліп, танып ілгері ұмтылмақ? Әйтпесе, Ақмола жағындағындай қызыл ту желпілденіп, ауылдан-ауылға балашағаны үркітіп, опыр-топыр шауып жүрген «Қызыл керуен» бастаған жолдастарға (Сәкен Сейфуллин) істі беріп отырсақ қазақ республикасына бір жұманың ішінде-ақ «Коммунизм» кіргізіп жібереді. Бірақ, бұл коммунизмдері коммунизмге ұқсамауы белгілі. Не десен де айналып келгенде көп жердегі оқиғаларды сынап қарағанда біздің бел байлап марксизмнің түбінде не екендігін білуге

кірмегендігіміз көрініп тұрады. Қазақша марксизм литературасы жоқ. Бұл литератураны жазайын, үйренейін деген талапкер де көрінбейді». Нәзір Төрөкұлұлының 1921 жылы оңтүстікте жатып, Ақмоладағы Сәкен ұйымдастырған қызу іс атқарып жатқан «Қызыл керуенді» қызыл тілімен түйрейді. 1922 жылы Сәкен Сейфуллин Халық комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып тағайындалған кезеңде, тіпті, өршіп кетті. Қанша қайшы пікір туғызғанмен халық ісі мен сөзі бір Сәкенді жақтады. Неге екі қошқардың басы бір қазанға сыймады? Бірінші соқтыққан жоғарыда айттық Нәзір. Сәкен Сейфуллинге неге сонша шүйлікті? Тақ таласы десек Сәкен атаққұмар, таққұмарлықтан пәк жан. Сәкен одан кейін билік басына жоламаған, саясатқа араласпаған. Нығмет Нұрмақов Сәкен қабылдаған декрет «Қазақ тілі мемлекеттік тілдің» жасын тартыспен бір жылға зорға ұзартты (*құжат айғақ*). Сәкеннен қызғанған ел билігінің тізгінін Голощекинге қиды (*тарихтың бүкпесін біз айтпағанда кім айтады деген Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінде» ашық жазылған*). «Қызғанғаның қызыл итке жем болды» деген қатігез заңдылық орнады. Нәзірдің полемикалық мақалаларының садағы тиіп қана қоймай екеуін де сындырған Сәкен, Тұрар (*Сәбит Мұқановтың айтуынша «Орталыққа жазған хаты» Голощекинді қызметтен тайдырған. «Осу жолдарымыз»*) қазақтың қара нарлары еді, басқа қайраткерлер олардың ел басқару қабілеттерін ескерсе шоғыр жұлдыздай шоғырланар еді. Қазақ қайраткерлерінің пікір қайшылығы – ес жиғызар өткеннің ащы сабағы. Ызғырық енді терістіктен соқты, Мәскеуге Шығыс халықтарының орталық баспасының төрағасы болып тағайындалған Нәзір Төрөкұлов «Мәскеу баспасының» есігін қанша мықтағанымен (*Нәзір елші болып Геджасқа кеткеннен соң ғана «Көкшетау» поэмасын (1934) Мәскеуде шығарған*), Сәкен шығар жолды өзі билеп отырған Қазақ республикасының астанасы Орынбордан Қазақстан мемлекеттік баспасын ашу арқылы тапты. Осы баспадан жарыққа шыққан «Асау тұлпарды» омақаса құлатуға тырысқан Нәзір сыншы іске алғысыз етіп сынады. Шын мәнісінде «Асау тұлпар» жас Қазақ елінің дамуының символы еді. Жаңашылдық, түрен ізденістердің жемісі «Асау тұлпар» өлеңіндегі тұлпар (*тәй-тәй басқан, жас*

Қазақ республикасының даму көрсеткіші) енді «экспресс яғни жүрдек поезға» ауысып, қарқынына қарқын қосады.

*Бұрын атым – тұлпар еді, бәйге көк
Енді, міне, поезд болды, тұлпар жоқ.
Ұзақ жолға!*

Тұлпар қол ма?

Мейлі жорға!

*Тұлпар міну – Сарыарқада жүрсең т
ек.*

Міне, поэтикалық теңеулер «Біздің тұрмыс – экспрессе» – замана бейнесіне айналады. Автор индустриялы Қазақстанның көкжиегін көз алдыға елестетеді, енді, Қазақстанға аэроплан сатып алу керек деп, аспан әлеміне көз тігеді:

*Бауырларым, екпін күшті кернейік,
Ескіліктің есебіне ермейік.*

Ескі жоба, ескі өлішеу – тар қанас,

*Күшті жұмсап, ірікпей құлаш
сермейік.*

Қара жерден аспан асып ұшайық,

Жерді, аспанды біріктіріп құшайық.

Аспан, жерді қуыршақтай қапсырып

Алып қолға ырғап, шайқап қысайық.

Жаңа қоғам орнатуға шақырған Сәкен:

«Кел, жігіттер,

Болыңдар ер,

Жүйікті,

Орғыт тұлпарды!

Немесе

Дуниені орап, жаңғыртып,

Күңіреніп ұран таратқан.

Керемет күшті жасаушы

Тұр жалшылар, ал аттан!

Сәкен суреттеуіндегі «жасампаз күш иесі» тұлпар, қара айғыр – Махамбеттің «қара кәтеп, қара нары» сынды нанымды көркемдік теңеулер. Қазақстанды «көтерем қызыл аттай» мүшкіл халге жеткізген ел басшыларын қасқая сынаған жалғыз Сәкен емес пе? Нәзір сынды сыншылар Қазақ республикасының болашақ дамуын бейнелейтін жаңа ырғақты, көркем поэтикалық образды жаңашылдық тенденциясын «етектен тартқан ел болмас» сезіне де, «соқыр саясат» көзін байлап, көре де алмады дейік, ал, қазіргі «сыншылар» ше? Әділ сын – сын мәдениетінің көрсеткіші. Біз өзімізді қаншалықты оқығанбыз, мәдениеттіміз десек те биік өре қажет-ау! Ақиқаттан қашқан сайын, ол ізіңнен қалмайды. Жазушылар одағын өз қолымен құрған Сәкен «Шындықты айтпасақ несіне ақын болып жүрміз» деуі жазушылардың жадында болуы тиіс.



Саясат КӨКЕНАЙ,
ҚР ДИА «Дін мәселелері
жөніндегі ғылыми-зерттеу
және талдау орталығы»
Исламды зерттеу бөлімінің
жетекші ғылыми қызметкері

СӘЛӘФ ЖӘНЕ СӘЛӘФИЛІК ҰҒЫМДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Тарихта терең іздері болмаса да, қазіргі таңда көптеген ағымдар және идеалистер өздеріне көпшіліктің назарын аудартуда. Олар, модернистер, реформистер, құраншылар, құран мағынасын оқушылар десек, исламды саф негізінде ұстауды алға тартқан сәләфилер бұлардың алдыңғы қатарында. Діни сауатсыздық және дұрыс пен бұрыс мидай араласқан қазіргі жағдайда бұл ағымдар, ниеттері дұрыс мұсылмандардың адасуына, теріс жолға түсуіне себепкер болуда. **Сәләфилік XIII ғасырдан бастау алған ағымдардың бірі.** Бұл ағымның көзқарастары, жетекшілері, оларға тағылған сын-дар өз алдына бөлек тақырыптар. Біз бұл мақалада оның негізгі ұғым-терминдеріне тоқталып, қысқа түрде тұжырымдамалар береміз.

Кімдер сәләф деп аталады?

Бұхари мен Мұслимнің «Сахих» деп аталатын жинақтарында риуаят етілген хадис шәріпте; **Мұхаммед пайғамбар «Ең қайырлы буын менің кезеңімде өмір сүргендер. Кейін олардың соңынан ергендер, одан кейін олардың артынан жүргендер»** [1, 278 б.] деген хадисіндегі **«ең қайырлы буын»** деген атқа ие болған алғашқы үш буынды арабша **«сәләф»** деп атайды. Яғни, **«сәләф»** сөзі араб тілінде **«бұрынғы», «алғашқы»** деген мағыналарды білдіреді. Жоғарыдағы хадисте ислам діні даму сатысының ең биік шыңына жеткен үш буынына сілтеме берген. Сол алғашқы үш буынды қатарымен айтар болсақ, **олар сахабалар, табиғиндер, (сахабаларды көргендер) және табаға табиғиндер (табиғиндерді көргендер)**

яғни, исламның алғашқы үш ғасырында өмір сүргендер. Бұлар иманда, ілімде және амалда бүтін мұсылмандарға үлгі-өнеге болған буындар.

Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін, сахабалар исламның алғашқы өкілдері болды, Хижаз аймағында және ислам әлеміне қосылған жаңа аймақтарға исламды дұрыс уағыздап жеткізіп, көптеген шәкірттер жеткізді. Құран кәрімді, хадис шәріптерді және ислами жораларды сол кездегі мұсылмандар сахабалар арқылы үйренді. Сондықтан, тарихқа көз жүгіртсек, сахабалардың әрбірі ілімге үлес қосумен қатар иман, амал, әдеп, зухд, тақуалық және көркем мінез-құлықта өз үлестерін қосқан. Олардан кейінгі келген буынды табиғиндер дейді. Табиғиндер сахабалардың көзінің алдында жетісіп, иманды, ілімді және амалды солардан үйренді. Бұл буынның табиғиндер деп аталуының себебі, мәселеге атүсті қарамай, сахабалардың артынан жүруде көрсеткен табандылықтары мен сүйіспеншіліктері.

Сахабалардың мәртебесінің жоғары болуы, Құранда жақсылықтың жаршысы ретінде мадақталуы, Мұхаммед пайғамбардың көзінің алдында жетісіп өкілдері болуы, сонымен қатар, исламды ең дұрыс бойларына сіңіріп өмір сүрулерімен бірге, қара қылды қақ жарған әділеттіліктерінде жатыр. Ал, табиғиндердің шоқтықтарының биік болуы мына екі негізде жатса керек. **Бірінші,** олар исламды сахаба буынынан, яғни, дін амалдарын дұрыс түсініп іске асырған жандардан үйренді. **Екінші,** сахабалар кезеңінде кездеспеген, кейіннен ортаға шыққан исламға жат бейтаныс идеялар, мәдениеттер, наным-сенімдермен алғаш рет олар бетпе-бет келді.

Философиялық ағымдармен қатар, философиялық ойдан өрбіген Мұғтәзила, Жәбрия, Мүржия секілді жаңа шыққан ағымдар және түрлі мәдениеттер мен наным-

сенімдер алғаш рет табиғиндер кезеңінде ислам қоғамына еніп, түрлі көзқарастардың және ақидалық мәселелердің туындауына түрткі болды. **Табиғиндер буынынан болған ғалымдар, аталмыш ағымдармен күрес жүргізіп, сахабалардан мирас болып қалған таза ислам түсінігін, кемшіліксіз таралуына және келешек ұрпақтарға дұрыс жетуіне көпір болып, көптеген қызметтер атқарды. Міне, сондықтан, ислам негізіне жат келетін әртүрлі жаңалықтарға көзқарасымыздың қандай болатындығын табиғиндер буынынан үлгі алып бағдарымызды белгілеуіміз қажет.**

Табиғиндер кезеңі фикһи мазһабтардың негізі қаланған және жеке мазһабтардың ортаға шыға бастаған дәуір ретінде де өте маңызды. Сол дәуірде өмір сүрген Хасан Басри, Суфьян Сәури, Ибраһим Ән-Наһайй, Шағбий секілді көптеген ұлы тұлғалардың әрбірі мұжтәһид болып, жеке мазһабқа ие болды. Ханафи мазһабының имамы Әбу Ханифа да осы кезеңде өмір сүрген табиғиндер буынынан. **Табиғиндерден кейін келген, олардың шәкірттері болғандарға «табаға табиғиндер» дейді. Бұл кезең ғылыми салалардың қалыптасып кең етек жайған, хадистердің жеке кітаптар халінде жинақталып, ақидалық және фикһи мазһабтардың кемелденіп тармақталған шағы болады.** Сонымен, жоғарыда баяндалған үш буын, Құран мен сүннетте ардақталып, таза ислам түсінігінің бізге дейін кіршіксіз жетуіне жауапкершілікті өз мойындарына алып орындады. Сондықтан, аталмыш үш буынның діни наным-сенімдері, діни шешімдері мен ұстанымдары ең сенімді әрі дұрыс пен бұрыстың өлшемі болып табылады.

Фикһтағы (ислам құқығындағы) төрт мазһабтың жетекші имамдары Имам Әбу Ханифа (80-150 н.ж.), Имам Малик (94-179 н.ж.), Имам Шафиғий (150-204 н.ж.), Имам Ахмад ибн Ханбал (164-241 н.ж.) ислам дінінің алғашқы дәуірлерінде өмір сүрген. Сондықтан, төртеуін де «сәләф» имамдар дейміз. Исламның алғашқы дәуірлерінен бері бұл төрт мазһаб, Мұхаммед пайғамбар мен оның саңлақ сахабаларының ұстанымдарына негізделгендіктен «әһлу сунна уал-жамағат» деп танылған. Тарихқа қарасақ, ислам қоғамында қандай да бір толқулар туындаған сәтте бұл үш буынның үлгі-өнегесіне қайта оралу нәтижесінде мәмілеге келіп тұрақтылық жүзеге асырылған. Сондықтан, «Сәләфу салихин»

ислам үмбетіне бас тартуға болмайтын даңғыл жол және әділ таразысы есепті.

Сәләфилік дегеніміз не?

Сәләфилік – жоғарыда баяндағанымыздай исламды сәләфу салихинның түсінгеніндей етіп түсіну керектігін алға тартатын ағым. Алғаш рет XVIII-ғасырда өмір сүрген, қазіргі Сауд Арабияның шекарасының ішінде қалған Нәжид аймағында ортаға шыққан. Мұхаммед ибн Абдулуаһһабтың жүргізген «Уаһһабилік» қозғалысы да кейіннен «сәләфилік» делінген. Сол сияқты Мысырда Жәмаледдин Ауғани, шәкірті Мұхаммед Абдух тарапынан бастау алған «Исламдық реформа» қозғалысының мақсаты дінді бұрынғылардың түсінігі бойынша іске асыру, негізгі қайнар көзге оралу, мұсылмандардың мәдени, саяси ұстанымдарын реформалау және батыс отаршыларына қарсы тұру идеологиялары кейіннен сәләфилік атымен аталатын ағымның ортаға шығуына себепкер болған. Бұл екі қозғалыстың негізінде түпкілікті түсінбеушіліктер жоқ, бірақ, төменгі мәселелерде айырмашылықтар кездеседі. **Бірінші,** Ақидада Уаһһабилер кәлам мазһабтарын қабыл етпейді. Әһли сүннеттің екі атақты кәлам ғалымы Әбу Мансур әл-Матуриди мен Әбул Хасан әл-Әшғариді саф ислам ақидасын кәлами дәлелдер қолдану арқылы және ақылды нақылдан (Құран, сүннет) үстем тұтуымен негізін бұзған деп айыптайды. Сонымен қатар, Мұташабих (астарлы) аяттар мен хадистерді Алла тағаланың ұлылығына сай жорамалдануына қарсы шыққан Уаһһабилер тасаууфқа да қарсы екендіктерін ашық айтады. Ал, Ауғани мен Абдухтың жолы болса ақида саласында кәлам ғалымдарының қолданған әдістемелерін қолдап, философия, логика және кәлам секілді ғылымдарға қарсы шықпайды, мұташабих аяттар мен хадистердің, Алла тағала мен мақұлқаттарының арасында ұқсастық болмауы үшін тәуил (астарлы мағнасын түсіндірілуін) етілуін қолдайды. **Екінші,** Уаһһабилер, фикһи (құқықтық) мазһаб ретінде Ибн Таймия мен оның шәкірті Ибнул Қаййымның жолымен жүреді. Әһли сүннет мазһабтары истихсан, истислах, мәсалихи мурсәл және т.б. құқыки дәлелдерді қолданғандары үшін бидғат (жаңашылдық) енгізді деп айыптайды. Ал, Ауғани мен Абдух жолы болса, бір мазһабпен ғана жүруді қабыл етпейді. Барлық фикһи мазһабтарды бірлестіру жолын қарастырады. **Сонымен,**

араларындағы айырмашылықтарды қысқа түрде түсіндіргеніміздей, бұл екі ағым уақыт өте келе бір-біріне жақындасып «Сәләфилік» деп атала басталды. Ортаға шыққан кезеңнен, қазіргі таңға дейін сәләфилік ағымына басқа көзқарастағылар да қосылды. Сондықтан, «Сәләфилік» деген кезде ойымызға келетін әр тұлғаның бір түсінікте бір формада қалыптасқан топ емес, төмендебаяндайтын көзқарастарды бойларына сіңірген топты көруге болады.

Сәләфилердің көзқарастары

Мұташабих аяттар мен хадистер жайлы

Сәләфилердің ең айқын сипаттарының бірі, мұташабих (астарлы) аяттар мен хадистерді сөздік мағынасын негізге ала отырып, айтылғанындай қабыл ету керектігін алға тартады. Сондықтан, Құранда және хадис кітаптарында Алла тағала жайында айтылған «қол, жүз, келу, отыру, түсу, арышқа исуға ету, ашулану, күлу...» [2, 127-172 бб.]. сияқты сипаттар, мақлұқаттарға қалай айтылған болса, олардың көзқарасы бойынша, Алла тағала хақында да дәл солай қолданылуы керек. Олай болса, Құран кәрімнің көптеген аяттары бұл сипаттардың Алланың жаратқандарының сипаттарына ұқсатудың дұрыс болмағандығын айтады.

Әр ғылым саласында, сол саланың білікті мамандарының айтқандарына жүгінетіндігі ақиқат. Осы қағидаға сәйкес, тәпсір саласында, мұфассирлер, хадис саласында мұхадистер, фикһ саласында факиһтар, ақида саласында кәлам/ ақайд ғалымдары не деген болса соған жүгінуге қажет. Барша ғұмырын фикһ ғылымының терең мәселелеріне жұмсаған бір ғалымның, ақайд саласында айтқандарын, ақайд саласы ғалымының айтқандарымен бір таразыға тартуға келмейді. Сондай-ақ, қаншама жылын тәпсір саласында өткізген бір ғалымның, хадис ғылымының тереңдігі мен айырмаларын хадис ғалымы сияқты білуін күту мүмкін емес.

Тасаууф (сопылық) жайлы

Ислам әлемінде, кейбір аймақтарда тасаууф атымен ортаға шыққан бұрыс әрекеттер, сәләфилердің тасаууфқа дұшпан болуларына негіз болды. Әһли сүннетпен бірге қайнасқан шынайы тасаууфты, Батинилік, Хурафилік секілді адасқан топтармен бірге қарастыруға болмайды. Әһли сүннет жолының дұрыс сақталып

таралуына үлес қосқан шынайы тасаууф, мұсылмандардың ішкі жан дүниесімен рухани өмірінің жаңғыруына, көркем мінез-құлықтың әсемделуіне және парасатты тұлғалардың жетісуіне ықпал етті. Сахабалар кезеңінен бастау алған тақуалық жолды үлгі тұтқан тұлғалардың шыңдана түсуіне де айрықша рөл атқарды. Ақайд саласында болсын, амал саласында болсын тасаууф ғалымдарының еңбектері және көзқарастары нақты білдірілген.

Тақлид (күр ілесушілік, еліктеушілік) жайлы

Кейбір сәләфилер, фикһ мәселелерінде мұжтаһид имамдардың тақлид етілуіне қарсы шығып, бұның адамдарды шіркке, діннен шығаруға апаратын жол екендігін алға тартады. Бұл айтқандарын дәлелдеу үшін көптеген аяттар мен хадистерді дәлел ретінде қолданады. Олардың тақлидтің харамдығын дәлел ретінде алға тартқан аяттар мен хадистерге терең үңіліп қарағанда бұрмалап жорамалдау арқылы қол жеткізгендіктерін көреміз. Яғни, аят-хадистерден тақлидтің харамдығын күштеп шығарғылары келетіндігін байқаймыз. Олар тәуәссул мәселесінде қателескендері сияқты, тақлидтің харамдығы мәселесінде де үмбет ғалымдарының дәлелдеріне қарсы шыққан.

Хадис ғалымдарының арасында бір мәмілеге келген мәселелер бар. Хадис ғалымдары ижтиһад (*аят-хадистерде берілмеген мәселелерді ақылға сүйеніп шешу*) ете отырып, барлығы бір ауыздан хадистерді дәрежесі жағынан сахих, хасан және дағиф деп үш топқа бөлген. Демек, хадистерді бұлайша бөлу сол ғалымдардың ижтиһадтарына сүйенеді. Сондықтан, кейінгі ғалымдар олардың кітаптарындағы хадистерді дәлел ретінде қолданарда хадистердің дәрежесін білу үшін, олардың көзқарастарын ұстанып оларға «тақлид» жасаған, яғни, еліктеген.

Қазіргі таңда біздер үшін осыдан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген хадис рауилерінің сипаттарын (*дұрыстығын немесе бұрыстығын*) білудің бір ғана жолы бар. Ол – хадис ғұламаларының бұл мәселеде айтқан пікірлері мен жазып қалдырған еңбектеріне сүйену. Біздің қандай да бір хадистің сенімділігі мен дұрыстығына көз жеткізу жолындағы іс-әрекетіміз толығымен сол ғалымдардың ижтиһадтарына негізделіп отыр. Әрі бұл еліктеудің (тақлидтің) нақ өзі. Әр мәселеде сәләфтің жолын қуамыз деген сәләфилердің өзі хадис ғалымдарының

соңынан ерген еліктеушілер (муқаллид) болып есептеледі. Түйінделік, егер қандай да бір ғалымның ой тұжырымын, дәлелін білместен қабыл ету тақлид ретінде харам болса, бұл харамды сәләфилердің өздері де істеп жүргендігі болады. Егер, хадис ғалымдарының хадистердің дәрежелері жайындағы қанағаттарын тақлид ету дұрыс болса, мұжтәһид имамдардың фикһ жайындағы ижтиһадтарын тақлид ету не үшін харам болсын? Тіпті, өздерін салаф деп атап жүрген бауырларымыздың өзі де тақлид істеп жүргендерін білмей ме?

Қияс жайлы

Ислам құқығында шариғаттың қайнар көзі ретінде құран, хадис, ижма және қиясты дәлел етіп белгілеген. Сөз етіліп отырған сәләфилер деп аталатын топтардың арасында қиясты ислам құқығының дәлелі ретінде қабылдамайтындар бар. Олар, қиясты «Алланың дініне өз көзқарасы бойынша үкім беру» деп түсінеді. Фикһ әдістемесі кітаптарында егжей-тегжейлі баяндалған мәселелер Құран аяттарында және Мұхаммед пайғамбар хадистерінде жалпыламалы түрде айтылған, сол сияқты адамзаттың бетпе-бет келген тіршілік мәселелері үкімінің барлығы аяттар мен хадистерде егжей-тегжейлі баяндалмаған. Құран мен сүннеттен біраз мағлұматы бар адамдар бұл үкімді қабыл етіп мақұлдайды. Олай болса, үкімі Құран мен хадисте айтылмаған мәселелер жайында алдымызға екі таңдау шығады. **Біріншісі** – бұл мәселелер жайында ислам діні ешқандай да бір үкім бермегендігін айту, **екіншісі** – бетпе-бет келген мәселенің дәл өзін болмаса да, оған ұқсас үкімдер жайлы Құран мен хадисте орын алған үкімдерді, араларындағы ұқсастығына байланысты жаңадан туындаған мәселеге де қолдану керек.

Бұл екі таңдаудың біріншісінің дұрыс екендігін айту, ислам дінінің жаһандығына, жершарының әр тарапындағы адамдардың әр уақыт мәселелеріне шешімін таба алатындығын жоққа шығару болып табылады. Қиясты ислам құқығының дәлелі ретінде қабыл етпеген Ибн Хазм тарихта күлкілі жағдайға тап болған. Мысалы: Құран мен сүннетте шошқа етінің харам екендігі айтылған. Бірақ, майының харамдығы жайлы ешқандай үкім берілмеген. Міне, осы мәселеге байланысты Ибн Хазм шошқа майының халал екендігін айтқан. Қиясты фикһи дәлел ретінде қабыл етпеу нәтижесінде туындаған күлкілі жағдай.

Әһли сүннет не дейді?

Жоғарыда тұжырымдағанымыздай, сәләфилер «сәләфу салихинды» үлгі тұтқандарын алға тартса да, бұл тек қана құрғақ сөз екендігін айтқымыз келеді. Шынтуайтына келгенде, имам Ағзам Әбу Ханифа да сәләфилерден болады. Сондықтан, оның ақидаға байланысты және фикһи көзқарастарын қабылдау нақты сәләфилік болып табылады. Бұл айтылғандар басқа да шоқтығы биік ғалымдар үшін де тиесілі.

«Әһли сүннет уал жамағат» ақидасы ретінде жоғарыда баяндалғандар жайлы имам Ағзам Әбу Ханифа мен имам Шафий арасында ешқандайда бір пікір қайшылығы жоқ. Бұл екі имам ғана емес, имам Малик, Әузағи, Зухри, Ахмад ибн Ханбал, Суфиян әс-Саури, Яхия ибн Мағин, Әбу Юсуф, Мұхаммед ибн Хасан секілді т.б. көптеген ғұламалар Хижаз, Шам, Ирак имамдары Хорасан және Мауерауннаһир имамдары, Әһли рай және Әһли хадистің барлығы, олардан бұрын өмір сүрген Сахаба, табиғин, табаға табиғиндер де бұл мәселеде бір пікірде. Әһли рай мен Әһли хадис арасында бұл тақырыптар бойынша қандай да бір дау, жанжал болмағандығын тексергісі келетіндер, Әбу Ханифаның кәлам саласында жазған «Китабул Алим (уал муғаллим)», «Әл-Фикһул Акбар» және «Әл-Уасия» атты еңбектеріне қарасын. Сонымен қатар, имам Шафийдің де жазған еңбектеріне қараса, екі мазһаб арасында қандай да бір айырмашылықтың болмағандығының куәгері болады.

Жоғарыдағы айтылғандар бізге мынаны дәлелдеуде, Сәләфилердің «сәләф» көзқарасы мен шынайы сәләф арасында үлкен айырмашылық бар. Сондықтан, сәләфилік деген ағым, сәләфтік түсінікті және тәжірибені негізге алғандығын ілгері тартса да, шынтуайтына келгенде, сәләфилік түсінік пен тәжірибеге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын көзқарастарды ұстанады. Олардың өшпенділік, менсінбеушілік, қатал және тек менікі ғана дұрыс деген ұстанымдары бұрынғы сәләф ғалымдарында кездеспейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. İmam Nevevi. Riyazü's-Salihin. – İstanbul, Erkam yayınları. 607 s. III c. 2005 s.
2. Мұташабих аяттар мен хадистер жайлы кең мағлұматты, Қайрат Жолдыбайұлы. Дін мен діл. – Алматы, 288 б. 2010 ж.



Бекжан БЕЙСЕНБАЙ,
отырартанушы

«Жоғарыда зеңгір көк, төменде қара жер жаралғанда, олардың екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласына менің ата-бабаларым үстемдік құрған. Дүниенің төрт бұрышы оларға дұшпан болған. Әскер құрып, жорыққа аттанып, олар дүниенің төрт бұрышын түгел бағындырған. Олар кемеңгер де, ержүрек қазандар болған. Олардың қызметіндегілер де білгір, ержүрек болса балалары да халықпен ынтымақты болған. Олардың мемлекетті ұзақ басқарып тұрғандығы да содан».

Дана Тоныкөктің ескерткішінен. 716 жыл.

Сөз басы

Пирамида десе есімізге Мысыр елі түседі. Жыл сайын миллиондаған туристерді Мысырға қарай магнитше тартатын «Әлемнің жеті кереметінің» бірі бұл пирамидалар саны Мысырда 118. Ніл өзенінің солтүстік батыс жағалауына шашырай орналасқан бұл пирамидалардың ең көнесі – Джосер пирамидасы. Бұл пирамиданың негізі осыдан 5000 жыл бұрын қаланған. Бұл ғимараттың құрылысын Имхотеп атты шебер басқарған. Ал, Мысыр пирамидаларының ең үлкені Гиза даласында орналасқан Хеопс пирамидасы. 20 жыл салынған бұл пирамидаға салмағы 2,5- 3 тоннаға жететін 2 млн 300 мың тас кірпіш жұмсалған. Оның ішінде орналасқан «патша бөлмесінде» салмағы 80 тоннаға жететін алып кірпіштер де бар. Бұл пирамиданың биіктігі 146,6 м, әр қырының ұзындығы 230 метрді құрайды. Сол сияқты пирамидалардың Америка материгінде барын да біз бұрыннан білеміз. Әсіресе, қазіргі Мексика жерін б.з V-X ғасырларында мекен еткен Майя тайпасының салдырған пирамидалары ерекше. Майялықтар ғажайып

ПИРАМИДАЛАРДЫ САЛҒАН КІМ?

құрылыстар салумен бірге ғылым-білімнің шырқау биігіне көтерілген. Әсіресе, олардың математика, астрономия, астрология саласында жеткен жетістіктері таң қаларлық. Майялықтар бұдан 1000 жыл бұрын жасаған күнтізбенің сырын толық ашуға қазіргі заман ғылымының өзі дәрменсіз. Ал, енді, Қытай еліндегі пирамидалар туралы біз енді-енді естіп жүрміз. Себебі, қытайлықтар бұл өлкені әлі күнге дейін жабық, жасырын ұстайды екен. Бұл өлкеге шетелдіктердің баруына тыйым салынған.

Қытайдың Шэнси өлкесінде орналасқан жүздеген пирамиданың биіктігі 25-100 метр. Тек Цзя Линь өзенінің жағалауындағы пирамида ғана ең үлкен. Оның көлемі Мысырдағы ең үлкен Хеопс пирамидасынан екі есе үлкен дейді. «Ұлы Ақ пирамида» деп аталатын бұл пирамиданың биіктігі 300 метр, ал, ені 500 метр екен.

Бұл пирамидалар бұдан 5000 жыл бұрын тұрғызылған деген дерек бар.

Ал, енді, Тибеттегі атақты Кайлас тауындағы пирамидалар ең ғажайып құрылыстар. Мысырдағы Хеопс пирамидасының биіктігі 146 метр болса, Кайлас тауындағы пирамидалардың кейбірінің биіктігі 100 метрден – 1800 метрге дейін жетеді. Әрі Кайлас әлемдегі ең көп әрі ірі пирамидалар орналасқан өлке. 2012 жылы орыс зерттеушілері Қырымнан 7 ғажап пирамида тапты. Олардың жасы Мысыр пирамидаларынан да «кәрі» көрінеді. Ғимараттардың маңайынан бітімі адамға келетін аса ірі тіршілік иелерінің сүйектері табылған. Жер серігі арқылы түсірілген суретте Севастополь қаласының маңындағы Федюн жотасында үлкендігі 795x715 болатын алаңқай табылған. Зерттеушілер ол жерді өте ерте заманда шаһар болғанын анықтады. Осындай ғажайып құрылыстар мен пирамидалар тек жер бетінде ғана емес, су астынан да табылуда. Орыс-қытай бірлескен экспедициясы Қытайдағы екі мың метр биіктікте орналасқан таудағы Фушиан Ху көлінен мыңдаған жылдардан бері

мұрты бұзылмай сақталған су түбінен ғажайып шаһарды тапты. Ғалымдарды таң қалдырған дүние, қала ғажайып үш пирамиданың айналасына шоғырлана орналасқан. Ғалымдар пирамидалардың биіктігі кем дегенде жүз метрден асады дейді. Өте дәлдікпен шеңбер ішінде орналасқан пирамидалардың жасы ғалымдардың есебінше, Мысыр пирамидаларынан екі есе үлкен. Ғалымдар «Бұл әлемдегі ең көне шаһар, қаланың іргесі бұдан 15 мың жыл бұрын қаланған» дейді. Қаланың тас қабырғаларына салынған суреттер мен таңбалардың кереметтігі Мысыр пирамидаларына салынған таңбалардан әлдеқайда ғажап, көркем. Таң қаларлық жағдай, олардың ешқайсысы бұзылмаған. Ғалымдардың есебінше, Фушиан Ху көлінің жасы кем дегенде 12 мың жыл. Ал, қала одан бұрын салынған. Куба жағалауындағы Бермуд ұштағанының түбінен ғалымдар алып қала құрылысын тапты. Құрылыстың ішінде 4 үлкен пирамида бар орналасқан. Олардың біреуі шыныдан жасалған. Олардан басқа бірнеше Сфинкс және басқа мүсіндер бар. Ғалымдардың пайымдауынша қала үнді өркениеті кезінде шамамен 1,5-2 мың жыл бұрын салынған. Ғалымдар «Бұл жерде кезінде өте үлкен мегаполис болған, кейіннен қуатты жер сілкінісі мен теңіз суының көтерілуінің кесірінен қала су түбіне батып кеткен» деп есептейді. Пирамидалар Египеттегі Гиза пирамидаларына ұқсас, бірақ раз­ме­рі одан да үлкен. Ал, үлкен кристал тәріздес шыныдан салынған пирамида раз­ме­рі жағынан Египеттегі Хеопс пирамидасынан да үлкен.

Енді, «осы пирамидаларды кімдер салған» деген сұрақ туатыны заңды.

Кейбіреулер ешқандай дәлелі болмаса да бұл пирамидаларды жат планеталықтар салған дейді. Айтатын дәлелі ең кішісі 2,5 тоннадан 80 тоннаға дейін жететін тастарды мынандай дәлдікпен қалау адам баласының қолынан келуі мүмкін емес дейді. Ал, Еуропалық ғалымдар б.д.д 359 жылы ежелгі грек ғалымы Платон жазып кеткен атланттар салған дегенді айтуға құмар. Платон және бір грек ғұламасы Солоннан естідім деп ғажайып өркениетке қол жеткізген Атлантида туралы айтады. Оның айтуынша, атланттар аса зор болған. Ірі пирамидалар тұрғызған. Сонда өмір сүрген. Ғажайып технологияларға қол жеткізген. Жеті қат жердің астын һәм жеті қат көк аспанды да зерттеген. Суға сүнгіген, көкке ұшқан. Олар өмір сүрген мекен жұмақпен бірдей болған. Бірақ, кездейсоқ оқиғадан кейін (*табиғат*

апаты болуы керек) Атлантида өркениеті жойылған. Атлантиданың астанасы Атлас қаласы болған. Платонның жазуынша атланттар аралда өмір сүрген. Бірақ, ол мемлекет қай жерде өмір сүрген, ол Арал мен Атлас қаласы қайда? Бұл туралы ешнәрсе айтылмаған.

Қазір Еуропа ғалымдары осы Атлантиданың қалдығын іздеп әуре.

А) Осыдан бірнеше жыл бұрын Батыс ғалымдары ғарыштан түсірілген сурет арқылы Испания жағалауынан батып кеткен аралды, ондағы аса үлкен ғимараттардың сұлбасын көрген. Мүмкін, «Атлантиданың астанасы Атлас қаласы осы болар» деп зерттеу жұмысын бастап кетіпті. **Б)** Ал, биыл орыс ғалымдары Қырымнан тапқан жеті пирамида мен Севастополь маңындағы Федюн жотасынан табылған алаңқай орнын Атлас қаласының орны болуы мүмкін дейді. Дәлелі Федюн жотасындағы қала орны мен Платон айтқан Атлас қаласының үлкендігі (925м) дәл келеді. Орыс ғалымдары Атлантиданы осы жерден Қара теңіз түбінен іздеген жөн дейді. **В)** Ал, Америка ғалымдары Куба жағалауындағы Бермуд ұштағанынан табылған суасты қаласының қалдығын Атлантида туралы айтылғандарға дәл келеді деп есептейді. Себебі, арал табиғи апаттан суға батып кеткен.

Енді, осы түрлі болжамдар мен аңыздарды былай ысырып қойып, нақты не белгілі соны талдап көрейік.

1. Осы әлемнің түкпір-түкпірінен табылып жатқан пирамидалардың ішіндегі ең жасы оңтүстік Америка жеріндегі Майялықтар салған пирамидалар. Бұл жерде талас жоқ, пирамидаларды тұрғызған ешқандай жат планеталықтар емес, аңыздағы атланттар да емес, тарихтан белгілі майя халқы.

Майя халқының түрік текті халық екенін дүниежүзі әлдеқашан мойындаған. Алла тағаланың түркілерге салған ерекше белгісі – жаңа туған нәрестенің құйымшағында «**көкшіл таңба**» басқа бірде бір халықта болмайды. Ал, майялықтарда ол бар. Екінші майя халқының тілі түркі тілінің ішінде қазаққа өте жақын қыпшақ диалектісінде сөйлейтінін ғалымдар дәлелдеген.

2. Куба жағалауындағы су астынан табылған қала да шамамен осы үнді майя өркениеті кезінде, яғни 1,5-2 мың жыл бұрын салынған дейді ғалымдар.

3. Ал, Қырымды атам заманнан түркі халықтары мекендеп келе жатқаны даусыз шындық. Ал, енді, осы Мысыр пирамидаларын, қытай пирамидаларын, оңтүстік

Америкадағы пирамидаларды зерттеген ғалымдар олардың таңқаларлық ұқсастығын көп табады. Куба жағалауындағы су астынан табылған пирамидалардың жанынан Мысырдағыға ұқсас Сфинкстың бірнеше мүсіні табылған. Қытайдағы Фушиан Ху көлінің түбінен табылған пирамидалардағы тас қабырғаға салынған суреттердің, таңбалардың кереметтігі Мысырдағы пирамидаларға салынған таңбалардан әлдеқайда ғажап, көркем. Фушиан көліндегі пирамидалардың тас қабырғаларының үлкендігі Мысыр пирамидаларымен шамалас, ал, сәулеті жағынан Америкада майя тайпасы салған пирамидалармен үндесіп жатыр. Ешқандай Қытай жазбаларында пирамида, мұндай қала туралы ештеңе айтылмаған. Ал, Қытайлар Шэнси өлкесіндегі алып пирамидаларды бүгінге дейін жасырып келген. Қазір Қытайлықтар ол өлкені жабық аудан есебінде, ешкімге көрсетпей, сырт көзден құпия ұстап отыр. Бұл түсінікті де. Себебі, біз қазір Қытай атап жүрген ханзу халқының тарихы б.д.д бірнеше ғасырдан ғана басталады. Қытай тарихының атасы атанған Си-ма Чиян Қытай мемлекеттігінің басталу мерзімін б.д.д 697 жыл деп көрсетеді. Ал, ұлы философ Кун-Фу-Зы б.д.д 357 жылдан бастайды. Қытай тарихшылары өз елінің ең ежелгі тарихын былай бастайды: «Сиуннулардың атасы Шүн-Він есімді кісі Ши-а-Хиушы әулетінің ұрпағы болатын». **Қытайдың дәстүрлі астарлап сөйлеу мәнерінен турасына аударсақ бұл былай болып шығады: «Қытайлармен алғашқы байланысқа түскен Сиуннулар мен Қытайдың алғашқы билеуші әулеті бір әулеттен болатын». Немесе қысқаша айтқанда «Қытайлардың алғашқы билеуші әулеті көшпенділер әулетінен шыққан» деген сөз. Қытайдың алғашқы билеуші әулеті де, көне Қытайдағы бірнеше княздіктің басын біріктіріп, «Аспан асты империясын» құрған Ши Хуан-ди патша да көшпенділер әулетінің өкілдері.** Осы жерде түрік императорлары өздерін «Көктің ұлы», «Тәңір құт» деп атағанын айта кеткен жөн. Түріктердің ұстанатын діні – Тәңір діні десек, түріктер Тәңір құдайдың мекені аспанда, зеңгіркөкте деп есептеген. Ал, өздерін тәңірдің жердегі өкілі – Көктің ұлы деп атаған. Сондықтан да, олар құрған империя Көктің ұлы империясы – Аспан асты елі деп аталған.

Қанша ерте дамыған дегенмен қазіргі ғылымға белгілі қытай жазба тарихы б.д.д бірнеше ғасырдан ғана осылай басталады. Ал, «Шэнси өлкесіндегі

пирамидалардың салынғанына 5000 жыл болған» дейді ғалымдар. Фушиан Ху көліндегі пирамидалардың жасы 15000 жылға кетеді. Демек, бұл пирамидаларды салуға ханзу халқының еш қатысы жоқ. Ал, алдыңғы Азияда ең алғашқы тарихы белгілі хатқа түскен өркениеттің негізін қалаған Шумерлер де, Кіші Азия жерінде алғашқы өркениеттің негізін қалаған Хаттар да, Еуропадағы ең алғашқы өркениеттің негізін қалаған (б.д.д 1500 ж) этрускілер де түрік тектес халықтар екені қазір дәлелденген шындық.

Мысыр еліне бірнеше ғасыр билік жүргізген көшпенді халық – Гиксостар туралы дерек тарихта бар.

Ежелгі еврейлердің қасиетті кітабында пайғамбар өз үмбеттеріне **«Мен сендерге, Израйль шаңырағына, сонау алыстағы халықты, аса күшті халықты, ертеден жасап келе жатқан халықты жіберемін. Олардың барлығы да шетінен ержүрек. Олар сендердің ұлдарың мен қыздарыңды құрбан етеді,... сен сеніп отырған қамал мен қоршаған қалаларыңды күл-талқан етеді»** деп қорқытады. Ал, осы «ертеден жасап келе жатқан халық» дегені көшпенділер өкілдері Кемерлер мен Скифтер болатын. Осы жерде түрік әлемінің алтын бесігі атанған Алтайды жан-жақты зерттеген академик А. П. Окладников бастаған ғалымдар Алтай тұрғындары жасап, пайдаланған тас құралдардың жасын 200 мың жыл деп анықтапты. Тағы да бағзы замандарда Қиыр Шығыстағы Биринг жер мойнағын басып өтіп, Америкаға қоныс аударған Американың байырғы тұрғындарының тарихы туралы профессор Әділ Ахметов **«Азиядан Америкаға адам баласының қоныс аударуы дүркін- дүркін болғандығын, яғни, бірінші рет 40- 35 мың жыл бұрын, екінші рет 28- 25 мың жыл бұрын және үшінші рет 14- 10 мың жыл бұрын қоныстанғанын аңғаруға болады»** – деп көрсетеді. Осы Американың байырғы тұрғындарының түрік нәсілдес екені сырт пішінінен де тілдерінен де дәлелденген. Бұл осы мәселемен жан жақты айналысқан Америка ғалымдарының дерегі. Ал, көне өркениеттер тарихын жан-жақты зерттеген атақты француз ғалымы Рене Груссе өзінің **«Дала империялары»** атты еңбегінде былай дейді.

«... Кочевник всегда владел огромной военной властью. Он был стрелком в седле. Техническим оружием, которое давало ему великое превосходство над оседлыми народами, как артиллерия современной Европы для остального мира,

была невероятно мобильная конница опытных стрелков. Это правда, что ни китайцы, ни иранцы не имели такого оружие».

«Стрелки на седлах из степей правил над Евразией ...до XVI-го века».

«...Тюрки будучи умными, уравновешенными, практичными людьми, были, тем не менее созданы для правления».

«С появлением артиллерий эти лучники перестали быть завоевателями мира».

Еуроцентризмді ту қып ұстанған бұл ғалым алғашқы от қару шыққанға дейін көшпенділерге соғыс өнерінде тең келетін халық болмағанын мойындай тұра, түркілерді жабайы, надан етіп көрсеткісі келеді. Бірақ, қазір Еуропаның ақсүйекпіз деп жүрген халықтарынан түркілер жазу-сызуды бұрын игергені дәлелденген шындық. Ең алғашқы жазуды игерген Еуропалықтар да емес, қытай, үнді, еврейлер де емес түркі тектес шумер, хаттар болатын.

XX ғасырдың басында Югославия, Болгария жерінде Винча өркениеті табылғанда Еуропалықтар қандай қуанды дейсіз. Себебі, Винча жазуы бұған дейін әлемдегі белгілі ежелгі жеті жазудың ішіндегі ең көнесі шумер жазуынан (3100ж. Б.д.д) төрт ғасырға жуық (б.д.д 3470 ж. Винча жазуы пайда болған) көне болатын. Бірақ, тексере келгенде бұл жазу Еуропалықтарға емес, түркі тектес этруск халқының жазуының бастапқы кезеңі екені дәлелденді. Этруск әліппесі 26 әріптен тұрады, оның 5-еуі дауысты. Б.д.д. IV-V-ғасырда өмір сүрген сақтар да, б.д.д I-ғасырда өмір сүрген қаңлылар да, б.з. VII-ғасырындағы түріктер де осындай әліппені қолданған. Ал, енді, осы әлемнің түкпір-түкпірінде салынған пирамидаларға ұқсас, түркілердің ата қонысында – Орталық Азияда не бар? Орталық Азияда түріктер тастан пирамидалар салмаса да, атақты патшаларына биік қорғандар салып, оны өте қастерлеген. Қазақстан жеріндегі осындай қорған обалардан қазір қанша патшалар мен патшайымдардың алтындаған бұйымдары табылды. Бұл құнды жәдігерлер біздің ата-бабаларымыздың сол көне заманның өзінде өркениеттің жоғарғы сатысына жеткенін көрсетеді. Жақында Моңғолия жерінен осыдан 1300 жыл бұрын салынған көк түріктердің жерасты мазарын тапты. «Жер бетінен 8 м тереңдікте жатқан қорымның үстіңгі көмбесінің биіктігі 4 м. Ал, есікке бастайтын дәлізінің ұзындығы 40 м. Дәліздегі қос қабырғаның бір жерінде бос

орын жоқ. Барлығына сурет салынған» – деп хабарлайды түрікстанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы. Жақында Германия жерінде құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан неміс жұмысшылары жерастынан б.д.д 1300 жылдары жасалған өте қымбат алтын мен асыл тастардан жасалған қазына тауып алған. Қазынаны жан-жақты зерттеген неміс ғалымдары бұл заттардың бұдан 3300 жыл бұрын Қазақстан жерінде жасалғанын даусыз дәлелдеп берді.

Әлем ғалымдарын қызықтырып отырған Қазақстанның солтүстігіндегі Торғай даласында жатқан «Үштоғай төрттағаны» мен «Торғай свастикасы» деп аталатын тарихи ғимарат. Бұл ғимараттар ғарыштан қарағанда көрінеді екен Дүниежүзі археологтарын таңқалдырған бұл нысандардың көлемі Париждегі Елисей алаңы мен Мәскеудегі Қызыл алаңнан да үлкен. Ғалымдар бұл геоглифтерді б.д.д 7-9 мыңжылдықтарда салынған, Мысырдағы Гиза пирамидаларынан да екі мың жыл бұрын салынған эпикалық ғимарат дейді. Қазір ғалымдар зерттеп жатыр.

«Егер, бұл ғимараттардың Гиза пирамидаларынан «кәрі» екені дәлелденсе, бүкіл адамзаттың тарихы Қазақстан жерінен басталатын болмақ», – деп хабарлайды «Айқын» газеті. Ал, енді, осы ең кіші тасы 2,5 тонна, ал үлкені 80 тоннаға жететін алып пирамидаларды қалай тұрғызған. Бұған дейін бұл туралы талай жорамалдар да айтылды. Бұлардың ішіндегі ең көп зерттелгені Мысыр пирамидалары болатын. Мысыр пирамидаларын таудың тасынан қашап алып, блок-блоктан құрастырған деген ой көбірек айтылатын. «Бірақ мұнша ауыр тастарды қалай көтерген», – деген сұраққа ешкім де жауап бере алмады. Мысыр пирамидаларының қалай салынғаны туралы ең көңілге қонымды ойды алғаш рет айтқан қазақтың біртуар ұлы, өнертапқыш Сейілбек Қышқашов болатын.

1980 жылы ғалымдар Хефрен пирамидасының ішіндегі қазынаға апаратын жолдан тас қабырғадан елеусіз ғана шығып тұрған адамның шашын байқайды. Бұл тасты таудан қашап алған деген ойдың қате екенін, қайта пирамида кірпіштерін бетон сияқты құйған деген ойға жетелейді, Сейілбек ағамызды. Бұл бетон құйған құрылысшылардан кездейсоқ қалып қойса керек. Пирамидалардың жанынан балшық айдайтын қырманға ұқсас өте үлкен бассейндер табылған. Оның не үшін екенін ешкім де айтып бере алмайды.

«Менің ойымша бұл тас ерітетін бас-сейндер», – дейді Сейілбек Қышқашов. Ол 1993жылы көптеген тәжірибелерден соң бие сүтінен жасалған еріткішпен қызыл гранит тастарды ерітіп, бетон сияқты қайта құю технологиясын игерген болатын. Бұл тек пирамиданы зерттеген ғалымдарға ғана емес, медицина үшін де теңдесі жоқ жаңалық болатын. Бұл еріткіш организмдегі өт, бүйрек, ас қорыту жүйесіндегі тастарды тазалауға таптырмайтын әдіс еді. Ең өкініштісі сол, дарынды өнертапқыштың осы жаңалығына қазақ шенеунігі патент бермек түгілі, мазақ қылып қайтарып жіберіпті. Ал, арада жиырма жыл өткенде қазақтың ұлттық тағамы қымызды немістер патенттеп алды.

Ал, осы пирамидаларды ұзақ жылдар зерттеген мысырлық ғалымдар, жақында, Сейілбек Қышқашовтан 20 жылдан кейін, «Бұл пирамидалардың кірпіштері қолдан құйылған» деген қорытынды жасапты. Кірпішке химиялық анализ жүргізген мамандар тастың тау жынысының ұсақталып, үгінді күйінде келетінін, содан соң арнайы қоспалар қосылып, ағаш қалыпқа құйылғанын анықтаған. Виктория университетінің профессоры Кен Маккензи «Жердің ежелгі тұрғындары қазіргі заманның бетонынан сапасы асып түсетін табиғи бетон жасай алған» дейді. Әлемнің атақты қасқа бас ғалымдары енді ғана білген бұл жаңалықты қазақтың қарапайым өнертапқышы бұдан 20 жыл бұрын ашып қойғанын олар қайдан білсін. Олар әлі де біле алмай жүрген еріткішті Сейілбек Қышқашов бұдан 20 жыл бұрын тауып, көзге көрсетіп, қолға ұстатып та қойған. Бірақ, қазақтың абыройын көтерер сол жаңалықты кертартпа қазақ шенеунігі тіркемей қойыпты.

Сейілбек Қышқашовтың «Жер бетінде бір де бір өсімдік синтездей алмайтын уксусты жылқының сүт бездері ғана синтездей алады екен. Бие қымызынан қызыл гранитті еріте алатын еріткіш жасап шықтым. Пирамида тастары осылай ерітіліп, қалыпқа құйылған» – деген сөзі дәлелденсе пирамида құрылысына жылқының көптеп пайдаланылғаны дәлелденбек. Демек бұл, пирамидаларды салған көшпенді түркілер деген сөз.

2013-2014 жылдарғы жаһандық бәсекелестік рейтингі
World Economic Forum, 2013. The Global Competitiveness Report 2013-2014

	Жаһандық бәсекелестік индексі 2012-2013	Жаһандық бәсекелестік индексі 2013-2014	Орын-дардың ауысуы	
Экономика	Рейтинг	Бағалау	Рейтинг	Тренд
Швейцария	1	5.67	1	0
Сингапур	2	5.61	2	0
Финляндия	3	5.54	3	0
Германия	4	5.51	6	2
АҚШ	5	5.48	7	2
Швеция	6	5.48	4	-2
Гонконг	7	5.47	9	2
Нидерланды	8	5.42	5	-3
Жапония	9	5.40	10	1
Ұлыбритания	10	5.37	8	-2
Норвегия	11	5.33	15	4
Тайвань	12	5.29	13	1
Катар	13	5.24	11	-2
Канада	14	5.20	14	0
Дания	15	5.18	12	-3
Австрия	16	5.15	16	0
Бельгия	17	5.13	17	0
Жаңа Зеландия	18	5.11	23	5
БАӘ	19	5.11	24	5
Сауд Арабиясы	20	5.10	18	-2
Австралия	21	5.09	20	-1
Люксембург	22	5.09	22	0
Франция	23	5.05	21	-2
Малайзия	24	5.03	25	1
Оңтүстік Корея	25	5.01	19	-6
Бруней	26	4.95	28	2
Израиль	27	4.94	26	-1
Ирландия	28	4.92	27	-1
Қытай	29	4.84	29	0
Пуэрто-Рико	30	4.67	31	1
Исландия	31	4.66	30	-1
Эстония	32	4.65	34	2
Оман	33	4.64	32	-1
Чили	34	4.61	33	-1
Испания	35	4.57	36	1
Кувейт	36	4.56	37	1
Таиланд	37	4.54	38	1
Индонезия	38	4.53	50	12
Әзербайжан	39	4.51	46	7
Панама	40	4.50	40	0
Мальта	41	4.50	47	6
Польша	42	4.46	41	-1
Бахрейн	43	4.45	35	-8
Түркия	44	4.45	43	-1
Маврикия	45	4.45	54	9
Чехия	46	4.43	39	-7
Барбадос	47	4.42	44	-3
Литва	48	4.41	45	-3
Италия	49	4.41	42	-7
Қазақстан	50	4.41	51	1

(Басы. Соңы 91-бетте)



Болат ЖҮНИСБЕКОВ,
журналист

ОТАСУ

немесе Кеңес Одағының Батыры және Қазақстан Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов туралы эссе

От

Таңғы алакеуім шақ. «Томагасы сытырылған самұрық» аспан төсінде сағатына 1000 шақырымдық шапшаңдықпен самғайды. Әуе кемесінің қас-қағым қозғалысы жолаушыларға мүлде дерлік сезілмейді. Ол осы қалтында құр қомданғаны болмаса, аяқ бауы шешілмеген күйі тұғырда отырған алып құс секілді.

Құбылнама қиырдағы Америка құрылығын меңзейді.

Самұрықтың «құрсағы» кең әрі жайлы.
Рахат...

Үйреншікті мәтел сөз өңін айналдырып айтуға өзі-ақ сұранып тұр. «Ғарыш – тас жол емес». Мұнда әскери бөлімдерді аралағандай, дала жолдарының ой-шұңқырлары өне-бойынды қонаң-қонаң солқылдатпайды. Алыс жолдың апшысын қуырған жылдамдық сырын көз алдарындағы монитор ғана жайып салады.

Алақандай экраннан 11000 метрлік аспан зенгірі... титімдей ұшақтың бет-бағдары, қалай қозғалғаны, жылдамдығы мен биіктігі көзге оттай басылады.

Ғажайып темір құс айнадай жарқыраған карта бетімен қанаттары ауаны суылдай тіліп, қасқая тартып келеді.

Сағадат Қожахметұлы иллюминатордың көгілдір әйнегін жапқан пердені жайлап қана ысырып, аша бастады. Әуелде саңылаудан ұрлана сығалаған Күн сәулесі ішке қарай лап қойды.

Алып оттың өткір жарығынан көздері қарығып, жанарларын жасырғанша асыққан. Көк пердені жылдам қайта жапты.

Төбеде шартарапты шапағына ораған орасан зор шырақ бейне-бір ертегідегі айдаһарша ашқарақ аранынан Жер-анаға жалын атады.

Күн күдіреті!

Адамзат оған «ес білгеннен» құлшылық етті. Латын Америкасын атам заманда мекендеген атстектер Күн-құдайға табынған. Сол дәуірден қалған 3,5 метрлік Күн-тасқа екі қолына екі жүректі сығымдай ұстаған Құдай бейнесі қашалыпты.

Ғалымдардың айтуынша, атстектердің ұғымында Күн-құдай жердегі тірлік үшін өзін-өзі құрбандыққа шалған-мыс. Олардың түсінігінде, аса мейірімді Күн-құдай өздерінен теріс

айналмауы үшін оған да құрбандық шалу керек көрінеді.

Күн адамнан айныса, егін шықпайды, мал өспейді, сөйтіп бұл тірліктің түбіне жетеді. Бұдан соң, атстектер аянып қалсын ба, 1487-ші жылдың төрт күнінде 40 мың адам құрбандыққа шалынып, мүрделердің бастары сатылай қалана беріпті.

Бір таңқаларлығы сол, құрбандықтардың қарсыласу, тіпті қаперлеріне де келмеген. Неге? Оған да ғалымдардың жауабы әзір: қасиетті өлімді ұдайы уағыздай берсе, ажалға адамның өзі-ақ жан-тәнімен құлай, бейімделеді екен.

Ертедегі суретшілер ондай «қасиетті құрбандықты» аса зор шабытпен сомдаған.

Ардагер кітап оқып отырған күйі қалғып кеткен екен. Айналасын бір шолып өтті де, аспан түстес әйнекті қайта ашты. Жер жүзін жасырған әппақ бұлт. Ақ бүркек, тіпті ақ бүрқақ десе де жарасқандай. Мамық бұлттар бір уақ өздері бала кездерінде емін-еркін ойнақ салған қалың, күпсек қарға да ұқсап кетеді.

Ол риясыз жымиды.

Ал, аппақ ұлпа қардан әрі қарай қоп-қою қараңғылық. Ұры қараңғылық. Көзге түртсе, көргісіз. Қайдағы-жайдағыны еріксіз еске түсіретіндей. Оның қабағы қатулана қалды.

Тастай түнек... айналасы әлем-тапырақ.

Өртеніп барады. Топырақтың жанғанын бұрын-соңды кім көрген?! Тілісиз жау жалмап қоярдай, жалаң-жалаң.

Жойқын-ақ. Жолындағының бәрін талғамай талмап, жайпай жалмап келеді.

Алапат. Дүние астан-кестен. Ештеңені біліп, болмайды... ес жиғызар емес.

Арпалыс. Шаң-топырақ аузы-мұрынын толтырып, тістері шықыр-шықыр етеді. Кірпіктері айқаса маталып қалғандай. Көздері әрең-әрең сығырады.

Өрт. Күлімсі иіс қолқаны атады. Шаң мен түтін өне-бойын жегідей жеп барады.

Өлермен жанталас. Өмір үшін.

Күннің құлпаршасы шыққандай. Төңірек түгел өрт құшағында.

Көзге түртсе, көргісіз.

Өршеленген, өрекіген өрт. Жандысы да, жансызы да шырқырайды.

Ышқынған, ыңыранған дүние.

Жаның мұрын ұшында. Аспан айналып, жерге түскендей. Ақыл-ес қалмаған, жын ойнақ салады.

Окоптың түбіне бүк түсе жүрелеп, бұға бергеннен басқа шама жоқ.

Батырға да жан керек.

Қырандар Жер-ананың бауырына жабысқан күйі «соғыс құдайы» – зеңбірекшілердің жандарына ара түсер «жауабын» тістене тосады. Шыдамның шегі үзілді-ау дегенде, арқа тұстарынан жойқын жай оты көк жүзін көмкере жарқ етті.

Катюша «тәтті қылығына» басты. Бойы делсал босаңсып, жүрегі кеудесіне симай, тулап қоя берді.

Куанбағанда қайтсін! Артиллерияның әрбір шабуылынан кейін осындай көңіл-күйге түседі.

Әне, батысқа қарай сансыз от жебелері тартыла қалды. Қорқауларға «балтырын қапқызып», намыс бұған «Катюша» тағы да «шайпау» мінезіне басты. Жаулар үшін, әрине. Сағадаттарға бұл «ерке қыздың» кикар қылығындай.

Іле-шала дирижердің таяқшасын бағып тұрған оркестрдей, жүздеген зеңбіректер мен минометтер оған атойлай қосылып, жау жағын жарыса төмпештей жөнелді.

Олар сонда ғана кек бұған бойларын жазып, алға қарай ытқи жөнелуге шақ тұрды.

Жаудың жомарт «сыбағадан» кекірігі азғандай. Қарсыластар шебінің опай-топайы шығып, қалың отқа оранды.

Бірте-бірте тозаққа да еті үйрене бастағандай. Сағадат жау жағын жіті қадағалап, қарауындағы пулеметшілер взводуна ширақ команда береді. Бастамасы жаман емес. Келген беттерінде жайпай жапырып, өте шықпақ болған жаудың ойлағаны болмады. Қорқаулар маңдайларынан тиген жойқын соққыдан есеңгіреген қалыптары апандарына қайта бұғып, қансыраған жараларын жалайды.

Қырандар дүр сілкініп, тоят тапқандай. Алайда, әрбір жеңістің бір желігі болады. Оның шылауына түссең-ақ, бойыңды көзсіз сезімге алдырасың. Жанарларыңды су жасқап, қарап тұрып-ақ көрмейсің.

Сабыр қалғып кетеді.

Сақтықты мүлде ұмытасың. Қырсық та қалт басқаныңды аңдып, қапысын табатындай. Жау жағына тістене қарап тұрған Сағадаттың аяқтарының асты теңселіп кеткендей... есін жиғанында басы шыркөбелек айналып, жан-жағы көше жөнелді.

Жер өз ұясынан ауып кетіп, жұлдыздар шашылып түскендей. Келесі бір сәтте ұрыс алаңы көкпенбек шапаққа боялды.

Көзқарықтырады. Жүздеген прожекторлардың өткір сәулесі қараңғылықты сүзе тіміскілейді.

Бұғып, жан сақтау мүмкін емес.

Кейін естиді прожекторлардың отты «алдаспаны» жарқ еткенде қорқаулар апандарының түбіне омақаса құлаған күйі тұралап, едәуір уақыт естерінен тана, жатып қалыпты. Фашист кэззатпар «советтер» тағы бір жойқын қару ойлап тапқан екен» деп, кірерге тесік таппаса керек.

Ашу-ызадан «қызылсыраған» қырандар «айлалы оттың» арқасында қарсы бетке аянбай шүйілігіп, зәрулерін зәр түбіне кетірді.

Қорқауларды апандарының бірінен соң, бірінен оп-оңай індетте қуып, алды-арттарына қарауға шамаларын келтірмей, тырапайлатты.

Ал, өзінің дәрменсіз хәлі болса, мынау!.. қатты соққыдан құлап бара жатқаны ғана есінде. Қазір енді тал қармағандай халде. Денесі күйіп-жанады.

Алапат ыстық апшысын қуырып, жанын шырқыратады. Тілі аузына сыймайды. Алқымы сығымдалып, тынысы үзіліп кетуге шақ.

Елге хат жазып, арыздасып үлгергені ғана дәтке қуат. «Бітім-ау енді» дегенінде, тынысы ойда-жоқта қайта ашылып қоя берді.

Жаңағы тозақ та жым-жылас. Өне-бойы малмандай су екенін ғана сезеді. Бірақ, не болып жатқанын анық бажайлай алмайды. Әлде, бала кезде естіген әңгіменің шалығы ма... суға батып бара жатқандай.

Тұншықпайды, бірақ... Жаны жаңағы тозақтан құтылғанына жайраң қағады. Бойы жеңілдеп сала берген.

Алдамшы дүние екен. Кеудесі қайта қыса бастады. Сол-ақ екен денесі тағы да ду-ду ете түсті де өшуге айналған шоқ қайта тұтана лаулап, еркінен тыс қаулап ала жөнелді.

Су...су-у...у...

Тозақ оты қайта маздағандай.

Өргеніп барады.

Бір тамшы суға зар. С-с-у-су...

Біреу естіген секілді. Бірақ, мұнысы несі?! Аузына тосудың орнына лақ еткізіп, үстіне құя салды.

Өне-бойы шылқылдап кетті. Суықтан дірдек қағады. Тісі-тісіне тимейді.

Түпсіз тұңғиықтың ашқарақ аранына жұтылып бара жатқандай. Бірақ, қорқыныш деген қаперіне де кірмейді.

Су ғой!.. қомағайлана қарпиды.

Қанар емес. Тағы да асады.

Қанбайды.

Қайда кетіп жатыр?..

Құрсақ тұсы тесіліп кеткендей. Жендерін дар-дар айырған.

Қарынын таңған болды.

Текке дәмеленіпті.

Суық су сүйегінен өтеді. Тұңғиыққа шөгіп барады. Жүрегі лоблиды. Айқайлап, біреу-міреуден көмек күтеді.

Келесі бір сәтте судың асты сақұр-сұқыр қайнай жөнелді. Жарасы жанын шығара күйдіріп әкетіп барады. Енді болмаса, демі бітіп, тұншығып-ақ кеткендей.

«Қош»... қолынан біреу жұлқа тартты. Майдандағы ағасы Сағит екен дейді. Тән азабының бәрі лезде жуылып, шайылып кеткендей.

Куаныштан айқайлап жіберді. «Бәсе, сенбеп едім, тірі екенсің ғой, ағатайым. Болды енді. Ауылға қайтшы. Жеңешем мен бауырларым әбден сағынды өзіңді. Мұнда мен бармын ғой...»

Ағасы болса, естімейтіндей. Ол жалына, жалбарына зарлайды. Жан ағасын қайтсе де иландырғысы келеді, оқ пен оттан айнытып, туған елге, сағына күткен отбасына оралтудан дәмелі.

Бірақ, Сағит сол үн-түнсіз қалпы. Әуелден мінезі ауыр, сөзге сараң. Алайда, қазіргі мүлде

басқа хал емес пе?! Ағасына ол тілегін жеткізе алмай жанталасады.

Бәрібір естімейді. Бала күніндегідей иығына салып алды да арқалай жөнелді. «Қайда бара жатырмыз, оқ пен оттан бұқпайтыны несі?.. Екеуіміз бірдей мерт боламыз ғой. Ағатай, тастап кетші мені!»

Сағит ләм-мим деп, тіл қатпайды. Жан-жақтарынан жарқырауық оқтар зуылдап, өкіре жарылған бомбалар өкшелеп, қоймайды. Айнала астан-кестен...

Ағасы неге көрінбей кетті. Жаңа ғана келіскен сыңайлы еді. Мұнысы қалай? Өлде, «қайт-қайт» деп, ренжітіп алды ма? Жау жағадан алғанда Сағит үйде қалайша омалмақ?! Өзі қайда кетті? Көз алдында айырылды-ау...

Тұншығып барады... шөл даладан бірақ шыққандай.

Өзі жаңа ғана құтылғанша асығып, әбден зрезап болған мұздай суға енді жете алмай, босқа жұтынады.

Бір тамшыға зар.

Су...су...с...су... Тым құрыса бір ұрттам.

Тамды-ау!..

Кезерген еріндерін жалады. Аузына жылымшы дәм келеді. Таңдайы жібігендей. Еріген қардың суы екен.

Санасы сейіліп, көздерін кіреукелеген тұман түрілгендей. Ол бір қырына аунап түсіп, етпеттей жатты. Күйдіргеніне де қарамастан жаралы беттерін жылымық қарға басып, күкірт татыған судан толғай-толғай жұтты.

Отқа су бүркіп, күйігін күлдіретіп жібергендей. Дауысы шығып кетті. Сонда да қоймай, тағы да құшырлана жұтты.

Жаны сәл-пәл жай тапты. Көз алдын кіреукелеген тұман селдірей, сөгілді.

Онысы, бірақ көпке созылмады.

Жарасы қайта сыздай жөнелді. Өне-бойы құрысып, жанын көзіне көрсетеді. Аяқ-қолдарынын буындарын үзе созып, бойын керіле жазғысы келеді-ақ.

Құр бекершілік.

Тән жарасына ағасынан айырылған жан азабы қосылып, жүрегін одан бетер шаншытады. «Шиеттей інілеріне енді кім қарайды. Бар ауыртпашылық жеңгесіне түсетін болды... Сағит қайда кетті, өзі?».

Есі кіресілі-шығасылы. Өні ме, әлде түсі ме, ажыратып болмайды. Шым-шытырық бірдене... онда қазіргіден бір айырмасы ашаршылық алқымдарынан аямай алды. Омбының Шарлақ ауданындағы Қарабас ауылына қоныс аударғандарына көп бола қоймаған. Мұнда да жақын-жуық жетерлік. Әуелгіде тұрмыс та жайлы сияқты еді.

Алайда, «қарғыс атқыр» 32-нің нәубәті жеткенде «тұрымтай тұсынаның» кебі келді. Әркімнің өз жаны үшін шырқырағаннан өзгеге амалы қалмады. Өзің ақыл-естен айрылған соң, өзгеге қарайлауға мұршаң келмейді.

Жан сақтаудың жалғыз амалы – қайтсе де Сағиттың қасына жету болатын. Бөгелсе кеш болатынын олар жақсы түсінген. Қарабас деген жер атауына бұрын кім мән беріпті. Қайдан келіп

еді Қарабасқырға... жаяу-жалпылы Степнякқа жетіп, алтын кеніндегі Сағит ағаларына қосылған соң ғана естерін жиды. Онда да оңай емес. Ересектер батпақ жалдап, белуардан су кеше жүріп, алтын жуады.

Су... аш өлімге араша түскендей. Бастарының аман қалғанына шүкіршілік етеді.

Сонда көрген мехнаттары мынаның жанында рахат!

Бейбіт күнде қиындыққа қайысу беталды екен. Босқа күйіп-жанбай, тізгінді сабырға берсе! Жаймашуақ күндердің жан жадыратар шуақты сәттерін, әттең сезбей де қаламыз-ау!

Су

Ардагер иллюминатордан аспан төсін шола қарайды. Шудалана шұбатылған ақ шулан бұлттар бірде әтпақ отпа қарды, енді бірде шыныланған сіреу қарды елестетеді... қыста туған ауылы Қосым қалың қардың астында дамылдайды. Кей жылдары, тіпті арқаның адуын желі ұйтқи соғып, үйіре жинаған қар үйлерді шатырына шейін тұмшалайды. Көршілер бір-біріне тау-тау қарды ойып, терең жол салып қана қатынайды.

Балалар үшін қызықтың көкесі сонда басталады. Аппақ төбелердің астын үңгіп, неше түрлі күрке соғады. Олары ортасына түсіп кетіп, қойыны-қоныштары қарға толып, үсті-бастарына сүмек-сүмек мұз қатса да қарамайды. Қардың жапалақтап немесе көбелекше қалбалақтап жауғаны қандай! Алақандарына қондырып, баршасы қыран-топан. Бірақ, үнемі олай емес, қардың түте-түтесін шығарып, бір төбені бір төбеге қосып, боран соғады. Табиғаттың ондай дүлей күндері үйден аттап шыға алмайды.

Анасы Айсә жалғыздікті болса да екі баласын ел қатарлы еркелете алды. Жетімдіктің кермек дөмінен жеңілдету оңай болып па?!

Ана жүрегін күлдіреті!

Олар алаңсыз-ақ ер жетіп келе жатқан. Сөйтсе, бар көрешектері алда екен. Ойда-жокта әлпештеген Ана құшағынан ажырап, шын жетімнің кебін сонда киді.

Сағадат онда жетіден енді асқан. Барлық ауыртпашылық жалғыз ағасының мойнына түсті. Бірақ, ол ерте езіліп, жастайынан жүнжіп кетпеді. Сағиттың қолы жетпегенді айналасындағы адамдардың мейірімі толтыратын. Ұстаздары, ауылдың үлкендері жанашыр көңілдерін аямады.

Баланың аты – бала. Өзі құралыптас ұл-қыздармен кездескенде бәрі де ұмыт болады. Ауыл баласы, әсіресе Тихоненко ақсақалды жағалағыш. Қария қыстың суығында үйінен ұзаққа шыға қоймайды. Ал, аяздың қыры сынысымен күншуақты жағалап, құрыс-тырысын жиі жазады.

Ол алдымен олай-былай ырғалып, құрыстап қалған денесін түзейді. Үлкен кісінің жасаған әртүрлі орапайсыз қимылына бәрі мәз-мәйрам. Қария осы қалпында тап бір үстел жағалаған сәби секілді.

Ебедейсіз-ақ.

Қалтаң-құлтаң. Бірақ, ешқайсысы күліп, мазактамайды. Олар үшін ақсақалдың беделі ерекше. Сондықтан бәрі қарияға қосылып, дене шынықтыруға кіріседі.

Жеткіншектердің бұл қылығы ақсақалға да ұнайтын тәрізді. Бірақ, өзі тез ентігіп қалады. Сосын үйіне қарай бұрылады. Осы сәтті бәрі қалт жібермей, аңдып тұрады. Қарияның темекісіне айналғанын біледі. Ең жылдамы оған ере жүреді.

Іле-шала ол ақсақалдың астына салатын терінің көнін алып, қайта ілесе шығады. Тері үйреншікті орнына жайылады. Қарт оған асықпай жайғасады. Сосын қолындағы дорбасынан қағаздың қиындысын алады да оған бір шөкім темекі салып, орай бастайды. Ара-тұра жөткірініп қойып, бәрін бабымен жасайды. Тіпті, айналасында не болып жатқанымен ісі жоқ.

Ақсақал қою түтінді бір бұрк еткізген соң барып, бұлардың бары есіне түседі. Бәрін көзімен бір түгендеп шығады. Өзінің зердесін тексергісі келгендей, балаларды жайлап шола отырып, аттарын атап, түсін түстейді. Тихоненко ақсақалға өзінің осы әрекеті ерекше ұнайтын.

Қателеспейтініне қайран қаласын. Сағадатты атағанда «потомок баты-ра» деп, соңғы сөзді созыңқырай айтады. Басқалар соны аңдып тұрады. Қызығатындарын сезеді. Өзгелерден ерекшеленгісі келмегенімен, мадақ сөз жас баланың жанына майдай жағады.

Ол осыдан соң, бұлардың барын тағы да ұмытады. Жөткірініп, тамағын кенейді де «өмір бір күндеп болмады» деп, өз-өзімен әңгімелесіп кетеді. Басқа ештеңемен ісі жоқ. Әңгімесінің шумағын жайлап тарқата береді.

Баяу сөйлейді. Ойының желісінен айрылып қаламын ба деп аландайтындай. Ара-арасында тамағын қырнап қойып, сөзін одан әрі сабақтайды. Қарттың бірқалыпты мақамы балаларға да жағымды. Тып-тыныш күйлері ақсақалдың аузына телміреді.

Мүлде таусылмайтындай. Бір ғажабы, бұрын айтқанын екінші қайталамайтындай көрінеді. Әсіресе, олар қарттың бірінші дүниежүзілік соғыста басынан кешкендерін қызыға тыңдайды. Бала жүрек оның оқопта лай су кешкен күйін елестете алмай қиналады.

Көздерін ашқаннан көргендері қарт адам болған соң шығар, жас солдатты мүлде елестете алмайды... кәрі сарбаздың басы мен мойнынан, қойны-қонышынан құйылған су «дулығасынан, торғауыт сауытынан» сорғалайды.

Бет-жүзі айғыз-айғыз. Лай-лай қолын киімінің тазалау жеріне құрғатқан болады да, бетін қайта-қайта сүртеді. Тарам-тарам су бәрібір құйылуын қоймайды. Қарт сарбаздың әңгімесінің әсері соншалық балалар сол оқопта жау оғынан тап бір өздері жасырынып отырғандай... көктемнің табандарынан өткен ызғарының бойларын ала бастағанын сонда ғана сезеді. Өңшең ұсақ бала аяқ-қолдарын оңды-солды, жоғары-төмен созғылап, бір орындарында тыпыршып тұра алмайды.

Қарттың да әңгімесі үйреншікті мөлшерден аспайды. Ол кенет астынан су шыққандай, сөзін

кілт үзеді де, ешкімге жақ ашпастан орнынан қиралаңдай тұрып, аяқтарын сылти басқан күйі үйіне қарай беттейді. Бағанағы пысықтары енді еш талассыз-ақ тері бөстекті алып, ақсақалдың соңынан ереді.

Қарияның артынан ағаш есік қашан жабылғанша олар тосып тұрады. Қанша тоңса да қаша жөнелгенге ұялады. Сықырлауық қалай шиқылдай ашылса, солай қайта жабылады. Балалар да ойларына бірдеңе түскендей, жапатармағай үйлеріне қарай зытады.

Сағадат үйге кіре сала кітабын «шөліркей» қолына алады. Құрдасы Илья Колебаевтың әкесі Петр Николаевич «бос салпақтамай, оқындар, оқу – сәуле, оқымасаң қапаста қамаласың» деп, олардың сабағын қатар қадағалар еді. Ол «қапас» деген сөзден өзгеше шошынады.

Ағасы үйге кеш келетіндіктен, амал жоқ, көбінесе жападан-жалғыз шошаяды. Қараңғылықта үрей бар. Оған да амал тапты. Қорқыныш сезімі, әдетте батырлар жырын оқыған сайын сейіле береді. Қазір де «Көрұғлы» дастанын қолына алды да белгілеп қойған жерін ашып, құныға бас қойды:

*«Көрұғлы ер жөнелді
Қара атпенен сабалап
Шошынар емес тұрса да
Жүз мың дұшпан қамалап.
Күйген таудың басында
Отыр екен қырық бір ер.
Әрқайсысы арыстан, шер,
Салса бір көзін шамалап.
Көзін салып қараса,
Ойда біреу келеді,
Тас бұришақтай домалап.
Сапабек деген бір батыр
Бар еді мұның ішінде,
Қисабы жоқ күйінде...
Тоғысқанда жаулармен
Он санға өзін бағалап...»*

Сағадат кітаптағы оқиғаға өзінің қалай араласып кеткенін де байқамай қалады. Өзі шамалас жап-жас Көрұғлыға жаны ашып, бүрісіп барады... он алтыншы ғасырдағы түрік-кавказ соғысында жауға қарсы жас батырмен иықтас тұрып, қанат-тас ұрыс салады. Жырға одан әрі беріле бас қойып, еңсесі ат үстінде отырғандай, зорайып бара жатыр:

*Қашқан ерлер иіріп,
Бір жерге әкеп қамады.
Құтылмасын білген соң,
Сапабектей асыл зат
Қол құсырып батырдан
Сауаға жанын сұрады.
Құлақ салып сөзіне
Көрұғлы да тұрады.
Сапабектей асыл зат
Ұнады ердің көзіне,
Тар жерде болар жолдас деп,
Батырлардың жүзіне
Назарын тігіп қарады.
«Сұраған қырық жігітің
Осылар», – деп пірлері
Айтып еді өзіне,
Соны есіне алады.*

Таныған соң Көрұғлы
Аттан түсіп көрісті...»

«Жеңілген батырларға Көрұғлы не қылады екен» – деп, толқыған жас оқырманның жүзі келесі сәтте түлеп сала берді:

«Қырық жігітім, сен қыларсың ерлікті,
Мен көрсетпен тірлігімде кемдікті.
Көрген адам әбеліңе таң қалсын,
Масатыдан атқа салғын терлікті.
Қырық жігітім, сапарыңды ойлаңдар,
Жау дегенде жанған шоқтай жайнаңдар.

Сағадат бірте-бірте қорқыныш дегенді мүлде ұмытады. Қайта біраздан соң, қабағы катулы, бес қаруы сай, тұлпарының басын еркін жібереді:

Қызылбастың өкшесін атпен бастырды,
Жермен-жескен нешелерін тас қылды.
Ұрыс қылып Көрұғлы жалғыз өзі,
Тұс-тұсына қызылбасты қашқызды.
Һәр ұрыста шері зада арыстандай,
Қар бұзылып, көктемде су тасқандай.
Он төрт күнде ұрыс қылды Көрұғлы
Өтіп кеткен Рүстем мен Дастандай...

Ол енді алаңсыз қалпы қалғып бара жатады. Көздері ілінісімен оқығандары түгелдей жас баланың түсіне кіреді. Көрұғлыға серік боп, жауды өкшелей қуып бара жатады. Қалың қызылбастың құрған «торына» түсіп, жанталасатын кездері де аз емес. Жаны қысылғанда тез оянып кетеді. Бірақ, көздерін жұмып, қалғи бастағанда жаңағы қыспақ одан әрі тарыла түседі.

Кейін қуланып алды. Жаны қысылып, оянып кеткен кезінде бас жағындағы батырлар жырын қолына алады. Тозығы жеткен кітапты кешелі-бері жегімдеп, бүгіндеп қойған.

Кітапқа деген осы құмарлығы оған өмір бойы адал серік болып келеді.

Темір қанат самұрық он екі мың шақырымдық зеңгір көкке шарықтай көтеріліп алды. Көк жүзін жасындай тіліп, сұңқарша сілтеп келеді. Төменде көксеңгір тұманға, әлде мамыққа ұқсас ағыс нөпірі. Одан әрі ақбура бұлттар бірін-бірі баса көктей, жасаура жанышын кетердей аударыла, төңкеріле жөңкіледі. Қалың тұман мен көкішулан ағыс аспан жүзін қанша тасалаймын десе де, алып мұхиттың «тақиясына тар» келуде

Жердің жетпіс пайыздан астамында шалқыған телегей суды зор ақпараттық зерде, ерекше деректер қоры дегенмен келіспеу қиын. Үңілетін «көз» болса, планетаның миллиондаған жылдар бойы басынан кешкен талайы тағдыры онда тұнып тұр.

Сағадат Қожахметұлы шексіз де шетсіз, түпсіз де терең мұхит айдынын көңіл көзімен бағамдайды. Жүзі ашық, көңілі көтеріңкі... телегей теңіздер шынында да адамзат тағдырының әйдік зерде сандығы. Ол ардагердің де өмірінің тарыдай болса да сырларын ішіне бүгеді... титімдей ғана.

Боп-боз.

Сол көзінің қиығына қонақтағалы қашан. Алғаш қалай байқағаны есінде жоқ.

Кейін айнаға зер сала қарағанда ғана назарына ілінетін. Ол да әуелде ғой. Көзі үйренген соң, көңілінен таса болғалы қашан.

Бүгін таңертең айна алдында әдеттегіден ұзағырақ кідірді. Жеңіс мерекесінің салтанатына жиналған беті еді.

Ескі түйіршік ойда-жоқта жанарын байлады. Баяғы бүріскен қалпы.

Тиіттей.

Өседі деуші еді. Өйтпеді. Сол қалпында қала берді. Сырт көзге шалына да қоймайды. Тарыдай ғана.

Ойда-жоқта жанарын сүріндірді. Оған да мынау мереке себеп. Асығыс жиналды. Шақырған жерге кешігіп көрген емес.

Бұл жолы да әдеттегідей ертерек келді. Қашаннан қанына сіңген қасиеті. Өзі секілді ардагерлер шоғыры көп-көрім. Тәуелсіздік монументіне жиналған беттері. Олардың арасы жанына жағымды-ақ. Әр ортаның, әсілі өз ерекшелігі бар. Кей жерде жаны жабығады. Сосын ондай ортадан бойын аулақ салуға тырысады. Анық-қанығын білмеген нәрсені қоздатқанға жаны қас.

Әрине, қуаныштың бәріне қатысудың реті бола бермейді. Зейнеткер деген аты болмаса, белсенді қоғамдық қызметтің бел ортасында. Елбасы мен Үкімет шақырады... билік басындағы азаматтар ақыл қосуын сұрайды. Жастармен кездесулер, жиналыстар, әртүрлі қоғамдық кеңестердің мәжілістері, әйтеуір толып жатыр. Оның үстіне журналистер сұхбат сұрайды.

Рас, бұ дүниеге келген соң, отша жана тұрып та өртенбей, суша буырқана тұрып та асып, таспай, еңбектен тиянақ тауып, сабырды серік еткенге не жетсін!..

Ой тұңғығына тартылып барады екен, әуелі жөнелген майдан әндері қаһарманды ардагерлер ортасына қайта оралтты. Таңертеңгі жабырқау жаны жадырап сала берген.

Көзіне ыстық, жүрегіне жақын «полктастар» мен жаңағы елжіреген естелік көңілін көтеріп жіберді. Жақсы ойда да жасампаз от бар-ау! Ол жүректі тербеп, ет-жүрегіңді елжіретеді. Жаман ой, керісінше жаныңды жегідей жеп, пенденді отта қуырады. Теріс пиғыл қашанда өзін-өзі өртеп тынады.

Мерекеге жиналған ақсақалдар бір-бірімен қуана қауышып, өткен-кеткенді еске алысады...

Салтанат соңынан «Менің Қазақстаным» Әнұраны самғай көтерілді. «Ежелден ер деген даңқымыз шықты ғой...» Ардагерлер де әуенге қосылған... ғажап ән, өршіл әуен. Жүйке-жүйкеңе жайылып, ерекше сезімге бөлейді. Өзінді бүкіл елмен тағдырлас сезінесің. Бір сәтке болса да туған халқыңның тағдырымен біте қайнасып, бірге тыныстайсың.

«Намысын бермеген қазағым мықты ғой...». Әсем әуен мен мерейлі мағынаның үйлескен үндесуі ғажап-ақ! Сикырлы саз бен саликалы сөз перзенттік адал сезімді асқақтатады.

«Менің Қазақстаным!» – осындай жүрек тебірентерлік әсерге бөлеп, бойға жасампаз жігер құяды.

Тіршілік тербелісімен үйлесімді үн мен дыбыс. Әуен де тірліктің тынысындай сан-алуан. Бірақ, соның бәрінің ортақ заңдылығы бар. Баршасы соған бағынады. Мұнсыз әуен дегенін

құр айқай-шу болады да қояды. Ондай даңғаз жүйкенді жеп, құтылғанша әбден зәреzap етеді.

Оның өзінің Лирасының айтуынша, музыканың суға әркілі, яғни жағымды, бейтарап және жағымсыз әсерін ғалымдар баяғыда-ақ дәлелдеген. Әдемі әуеннен судың молекулалық құрылымы ерекше мөп-мөлдiр сән түзеді екен. Ал, жары айтса, жанының алақанын білген соң ғана жаяды.

Лира Максумовна су маманы емес пе? Кәсібіне қатыстының бәрін қызыға оқып, өз «құпиясын» екеуара ғана бөлісер еді. Тыңдап отырса, рок музыка судың құрылымын быт-шыт қиратады екен.

Демек, адам тәні 75-90 пайыз судан тұратын болса, біздің жанымызға отты әуеннің немесе саз сәулесінің әсер күші қаншалықты екені өз-өзінен түсінікті. Табиғатпен, оның тыныс-тіршілігімен үндес ән адамның жан-тәнін баурайды. Сиқырлы саз көңіл пернесін, тірлік тебіренісін тап басады. Сезімнен өріліп, ақылмен безбенделсе солай.

Әуен, ол – От пен Судың сапырылысы. Дарын өз жүрегінен туған әуенді сезім отында қақтап, сабырмен суарып, тірлік тебіренісімен тоқайластырады. Шын шебердің көкірегінен ұшқан шок ән көрігін одан әрі маздатады дерсін.

Өмірдің өзі де – Ән, әрине сәулелі сезім үшін солай. Ол, бірақ әркімге бұйыра бермейді...

Жүректегі сезімнің де өз сыры мен өзгеше сазы болады. Сол саналуан сыршыл әуенді Шәмші-шерінің сұңқар қанатынан суылдай төгілген ән жүрегінің елжіреті тұрып, намысқа қайрап салатындай. Ол бірде отқа орап, тұла бойынды буып, күйдіре-жандыра көкке шарықтатса, енді бірде үстіңнен мұздай су құйып жібергендей селт еткізіп, салқын сабыр тереніне сүңгітеді.

Сағадаттың көңіл толқынысы басылар емес. «Апырым-ау, бұған не болды?» От пен судан талай өтті, жаны мұрнының ұшына келген кезі де аз емес. Алайда, сол бір бала жетім көктемнен соң көзіне жас алып көрмепті... қалайша толқымассың?!

Бірақ, бұл күйрек хал емес, ол – рухани азып-тозған, жаны жадап-жүдеп, мүжілген пенденің мүсәпір халі.

Ал, мынау асқақ күй. Туған ел мен жерге деген жүрек тебіренісі мен жан шуағынан туған елден-ерек сезім!

Жан толқытарлық! Ол ешкімге де, ештеңеге де кіріптар болмақ емес. Иықтан басқан бодандық бұғауына ерегесе еңсесін тіктеп, өксігі көп өткенге салауат айтады.

Әнұран барған сайын аспандап барады.

Асқақ та айбынды. Әлжан ағасы айтушы еді: «Абылайханның әскері Тарбағатайдың баурайындағы жоңғарлармен соғыс үстінде қатты қалжырайды. Сол кезде он салт атты дөң үстінен ұлттық саз аспаптарымен халық әуендерін шалқытады. Сарбаздардың бойына тың күш құйылып, олар найзаларын ойнатып, болдырған аттар қайта шырыштық атыпты». Ұлттың арман-мақсаты мен уайым-қайғысы тұнған халық музыкасында осындай тылсым күш бар. Оны соғыс жылдары Сағадат өзі де талай сезінді.

Ән барған сайын әуелеп барады. «Ежелден

ер деген» даңқты халықтың намысын Шәмшінің дарыны төрткүл дүниеге таратады. Алған бетінен қайтпақ емес.

Осы бір қас-қағым сәтте бүкіл елдің арманы бір-ақ арнаға тоғысып, астасып кеткендей. Біте қайнасып, қабыса үндесіп, тілектес қауымды шапағына орайды, бойға қуат құйып, мәртебенді өсіреді.

Ерекше үйлесім.

От пен Су бір арнаға құйылады.

Жігер мен Сабыр жарасады.

Жасампаз сезім!

Жетімдік... жастығын жалмаған соғыс. Бодан заманның белден басқан әділетсіздігі. Адам табиғатына жат тоталитарлық жоян тірліктің барша ызғары жүрегін ерте суытқан.

Жанары баяғыда-ақ құрғап, ащы жастың сығындысындай, титімдей түйіршік қана бұғып қалған еді. Әнұранның бірінші шумағы аяқтала бергенде Сағадат еркінен тыс тебіреніп кетті. Салқар сезімі бір демде асыр-тұсыр сарқылдай құйылған. Алпыс екі тамыры иіді деген сол. Бұл да бір тоспада талай уақыт тосылып, тауаны шағылып, одан сәл саңылау тапқанда сарқырай жөнелген тентек су секілді.

Жаужүрек жанының тапталған намыстан өртеніп, өне-бойын қысқалы қаншама жыл... Отанға деген перзенттік сүйіспеншілік сезімі жұлын-жүйкесіне сел-сел жайылып, торыққан жанында талай жыл іштей қайнаған өртке лақ ете құйылды.

Сағадат Қожахметұлы өз еркінен тыс толқып кеткен... Жаңағы бір тебіреністі сәтте жанарын соншама уақыт күзеткен ескі түйіршіктің қалай үзіліп түскенін де байқамады. Ол талай жыл іште маздап, сыртқа шыға алмай тұншыққан орасан от-намыс ұшқынының бір ғана түйіршігі еді. Сырттағы «ызғардан» әбден суып, сүйелге айналғалы қашан. Басынан кешкен қайнаған ыстық пен сақылдаған суықтың нашар елесі іспетті.

Аспан түстес Ту көк жүзінде Күн сәулесімен шағылыса барып, көкпеңбек аспан төсіне бояуша сіңіп жүре берді. Бодандық оты қанатын шарпып, қыстыға күн кеше жүріп, еркіндікке әбден сусаған қыран-қазақ кеңбайтақ өлкенің үстімен баяу қалықтайды.

Ел амандығының қырағы күзетінде тұрғандай ол. Бейбіт өмірдің күзетінде... егемен елінің Әнұраны «Менің Қазақстаным» шынында да жүрек тебіренерлік. Онда Отанға деген оттай ыстық сүйіспеншілік және қайтпас қайсар намыс пен жасампаз сабыр тұнып тұр.

Астаң-кестең болған көңілі бір демде орнына түсті. Көзінің қиығынан үзілген ескі түйіршік жермен жосылған жаңбырдың суына қосылуы мұң, жанарды жасқанта жарқ етті. Намыстың наркескеніндей, бойында талай жыл қайнап, теміртасқа айналған ол азаттықтың алау оты бұрқ ете түсіп, вулканша лақылдай атылғанда қайта балқып кеткендей.

Кәдімгідей жанып, көз қарықтыра сәуле шашады. Су тұтқынында шыр көбелек айналып, заулаған күйі қашан зәулім ғимарат тасалағанша көзге оттай басылып бара жатты. Қалтарысты

айнала бере жанарын жасқай тағы бір жарқ еткен. Жаңағы ұшқыннан бейне бір оталау тұтанғандай болды... шығыстан жоғары өрлеген алып Күн нұры айналаны шалқар шуағына орап келе жатыр екен.

Өмір... жаныңды шырқыратар аптабы мен аязы да, жүрегіңді тербер ыстық ләзаты мен салқын сабыры да бар.

Көкжиекте толққан сағым... мұхитпен аста-сып жатты.

ОтАсу...

Ол тірлік көшіндегі тағдырына разы көңілмен шүкіршілік етті.

PS. Адам от пен судан жаралған. Қандай бақыт!.. от пен судан, жалын мен сабырдан, жүрек пен ақылдан жаралғаны. Жербесікте жаралған нәресте социалықты мол қуат пен зор сабырға бөленген. Осы ерен энергия жасампаз немесе қиратушы сипат алуы мүмкін. Бұл – адам бойындағы қуат қайнарының кіршіксіз тазалығына (тектілік) және отбасындағы, яғни жаңағы қуат пен сабыр ұялаған ортадағы жағымды немесе жағымсыз әсер-энергияға тәуелді. Ата тегінен шуақты ұрпақтың айналасына шапағы ерте бастан мол түседі.

От – сезім, намыс, жігер, бір сөзбен түйсек, адамның жаны - рухы. «Көзінде оты бар екен», «жаның тұрған жасан», «аққан жұлдыздай».

Ал, су – адамның тәні. Бір тамшыдан жаралған оның өне-бойы су. Сонымен қатар су – сабыр. «Судың да сұрауы бар». Пәк сезім. Мөлдір махаббат.

Ең бастысы, басыңа күн туған қиын-қыстау шақта да, өзеге көлеңкеді түсірмеуліз. Тіпті дар алдында да – адам болып қалу абзал.

Адам тірлігінің бестен бір бөлігі ғана сол өмірдің өзіне арналады екен. Көбіне күйбең тірлік салпақтатады. Тіпті, теледидар көруге емес, оның қосқышын іздеуге ғана талай уақыт зая.

Ғалымдар ғаламның ең қиырындағы объектілердің тынысын 4300 метрлік алып телескоппен бақылайды. Олар ақырзаманның басқа түсер кезін анықтаумен айналысуда.

Ұлы физик Эйнштейн жолап кеткенді өзіне тартып ала беретін қара материя немесе қара энергия туралы болжайды. Мұның нақты не екенін ғалымдар тап басып, айта алмай дал. Біздіңше, бойында оты немесе суы жоқ, ауасыз тұншыққанның бәрі қара энергия. Мәселен, жансыз дүние, өшкен от пен өлі су...

Сәулесі жоқ пендені де қара энергия немесе дүлей күш иектейді. Ноқайлар, дүлейлер, ұрдажықтар... олармен, тіпті телефонмен сөйлескенде-ақ жүзіңнен қан-сөл қашады. Ал, ұзақ аралас-құралас болсаң, іші-сыртың қараяды. Ниет бұзылды деген сол, әне.

«Жердің де жаны бар» – дейді ғалымдар. Демек, оның да ішіп-дейтін және оны қорытып, қордалайтын болғаны да. Сенбей көріңіз. «Жер де өзіне Адамның тап өзі секілді жан иесі ретінде қарауын күтеді» екен. Ал, оны түсінбесең... алдымен Жер-ана ышқынады, оған да болмаса, бұлқынып, тұлайды...

Жер сілкінеді. Көк селдетеді. От болып ағылады... (Челябинск метеориті), Су болып құйылады. Кулпарша етеді... кегін алмай тынбайды.

Қырғыздың Кемин аймағы. 1911-ші жыл. Жер сілкінісі. Қырылған көшпенділер. Отаршылдарға жасалған қысас.

Перудің Юнгай қаласы. 1970-ші жыл. Жер сілкінісі мұзды қопарып, айналасын қақпақылға салды. Су мен балшық көшкіні 20 мың адамдық Юнгай қаласын лезде жұтып қойды.

Арменияның Спитак қаласы. 1988-ші жыл. 80 мыңға жуық адам темір-бетон астында көз жұмды.

Аса қиын сын. Жаратушы адамзатты сынға салуда. Еркіндіктен ерігіп, беталды лағып, азғындау жиілеп барады.

Тәубаны тәрік еткендер көбейді. Шүкіршілік түстеріне де кірмейді. Өздерін-өздері тыя білмей, «өзім білем» деп өзеуреітіндер. Табиғаттың Еуропаны қырына алуы да сол қиянқұрыс «қылықтарының» қарымтасы.

Адамзат ақырзаманға асығатындай. Ол 2012-ші жылы едәуір дүрлікті.

Адам отаса отырып, талай от пен судан өтеді... ОтАсу, тірліктің отАсуы. Адам, тірліктен отасқан адам, сол тірліктің от пен суы алдынан тосқан адам.

Адам, ерекше тағдыр иесі. Соның бірі әрі бірегейі – Сағадат Нұрмағамбетов. Оған ТАҒДЫР өзі отасқан тірліктің отАсуында отиша жанған жалын мен салқынқанды сабырды тел серік етіпті.

Бұл Сағадаттың отАсуы. Абыроймен өткен жолы. Өнегелі асуы. Көргені мен түйгені. Арманы қандай асқақ болса, оның өмір жолы да сондай жарқын екен.

От – сезім, жасампаз.

Су – сабыр, баянды.

Тасыған сезім мен тыянақты сабыр.

Жасампаз баян, өскелең өмір.

Өрт пен Топан – тілсіз жасу, Апат!

Ал, сөнген Сезім мен суалған Сабыр ше?

Оттың өшуі мен Судың сарқылуы, ол да Апат!

Табиғи апат.

Тірлікте де, бірақ солай.

Жігердің жасып, сабырдың суалуы да қасірет!

Адам отасқан өмір арнасында оған От пен Су сенімді серік. Олардың жалыны мен сабырын жан-тәңізімен сезіну – зор бақыт!

Өзіңді де, өзгені де босқа «күйдірмей», текке «тоңдырмау» – Арман! Адами асқақ Арман!

От пен суға дәнекер де сол.

От пен судың арасында ауа жетпей, адаспайсың.

Ауа жайылмайсың.

От...А...Су.

«ОТ пен СУдан жаралып, қуат пен қайнар тауып, тірліктің ОтАсуында солардан таяныш іздейтін Адам.

Фәнидің отАсуында адам болып келген соң, адам болып қалудан асқан бақыт жоқ!

Алматы - Астана



Сейфолла ОСПАН,
жазушы

Таханның маған ризалығы

Сонау бір жылдары, яғни, Кеңес дәуірінде әр облыстарда әркімге себептерге орайластырылып әдебиет күндері өтіп жататын. Сондай бір мерекенің тұсында бүкіл Жазушылар одағы болмағанмен, бірсыпырасы сол кездегі басшымыз Жұбан Молдағалиевтың басшылығымен Сыр өңірі – Қызылорда облысына бардық. Ақсақалдарымыз Әбділда Тәжібаев, Мұхамеджан Қаратаев және Тахауи ағамыз, Сырбай Мәуленов, Мұзафар Әлімбаев тағы басқалар бар. Ол кезде Қызылорда облысын Есетов деген ағамыз басқаратын. Ұшақпен барған біздерді қала халқы қызылды-жасылды жалаулармен қарсы алды. Қаланың қақ ортасындағы Асқар Токмағамбетов атындағы сарайда үлкен жиын өтіп, одан соң мейрамханалардың бірінен шәй берді. Ағаларымыздың көңілі ақжарқын. Әбділда ағамыздың өзі өз еліне барғасын ба, елден ерек жарқылдап отырды. Бір кезде сөз кезегі Тахауи ағамызға да тиді. Тахаң сөзді әріден бастады.

– Ағайындар, бұл Сыр өңірінің біз үшін, яғни, қазақтар үшін орны бөлек. Бұл жер бүкіл қазақ халқының алғашқы ұшып шыққан ұясы, тіпті, қала берді, бүкіл түркі әлемінің ата-баба ордасы, бүгін біздің аяғымыз осы Киелі топырақты басып отыр. Соған қатты разымыз! – деп сөзді бір қайырып жіберді де, – сол қасиетті де қағидалы ұшқан ұямыз үшін алып жіберейік! – деп елді бір дүркіретіп күлдіріп алды. Сөйтті де, сөз соңын әзіл-қалжыңға бұрып, анадай жерде отырған Мұзафар ағамызға қарап: – Ау, Мұзаға алып жіберіңіз! – деп еді, оған Мұзаға өзінің ішпейтіндігін айтып ақтала бастағанда, Тақаң: – Мұзаға мақал керек, бізге бокал керек! – деп елді тағы бір күлдіріп, тартып жіберді де орнына отырды. Содан, көп ұзамай тағы сөз орайы

ТАХАҢНЫҢ ҰЛАҒАТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Тахаңа келгенде нысанаға тағы Мұзағанды алып: – Мұзаға шотал керек, маған тоқал керек – деп елді тағы бір желпіндіріп тастады. Өзара қалжындары жарасқан қайран ағаларым-ай десеңші. Мұзаға да оған қың еткен жоқ.

Сонымен, біздер белгіленген орындарға барып орналасып дем алдық. Дем алдық деген әшейін аты ғана, сол күні түн ортасына дейін дуылдасып жүргеніміз анық. Ертеңіне таңғы асты ішкеннен кейін, облыстық радио-телевидениенің үлкен сарайында халықпен кездесу өтті. Барған үлкен-кіші ақын-жазушылар мінберге шығып, әр қайсысы өз шығармалары жайлы айтар сөздерін айтып жатты. Ал, ақындар жағы өлең оқуда. Төрде ұлы ақынымыз Әбділда Тәжібаевтың өзі бастаған өңкей маркасқаларымыз отыр. Сөз кезегін беріп отырған облыс әкімі – Есетовтың өзі. Зал лық толы.

Бір кезде сөз кезегі маған да тиді. Мен де ел сияқты бір-ақ өлең оқуым керек. Со-сын, ойланып-ойланып өзімнің ит туралы топтамамның ішінен «Қазіргі мода – ит-терге ода» деген өлеңімді оқыдым. Онда былай дейтін:

*Не демейді нахақ тілдер жек көрген,
Мен әйтеуір көрші тұрам
иттермен.*

*Рас, рас жсараспадық әуелде,
Дауа барма мұндай баққа
жсеткерген.*

*Оң жақ көршім ақ күшіктің мекені,
Сол жақ көршім сақ күшіктің
мекені,*

*Ар жағында қара күшік тағы бар,
Шәу-шәу еткен үні бізге жсетеді.
Төбемізде сар төбет бар сызданған,
Көршісі оның қара төбет мұзданған.
Тағы басқа түрлері көп сан қилы,
Адамдардың іші күйсін қызғанған...* –

деп өлеңді аяғына дейін оқып шығып едім. Сіздерге өтірік, өзіме шын көрермен ел қол шапалақтап зал жарылып кете жаздады. Содан кейін тағы бір өлең оқуымды сұрап отырып алды, ел. Есетов ағамыз:

– Нағыз поэзия тойы енді басталғандай

болды ғой. – деп, Әбекенге қарады. Әбекен «Оқыса, оқысын!» деп рұқсат бергізді. Мен енді «Құдаймен қалжың» деген өлеңді оқыдым. Онда:

*Уа, Құдай!
Мен саған өкпелімін,
Қуа бұған көкте күнім!
Мені өзің қаратасың,
Ұрпағымды таратасың.
Неге енді несібесін тең бөлмейсің,
Телміртпін неге жұртқа*

қаратасың?!

*Құдайым, айналайын жарық тұлға,
Бай етіп мені өмірі жарыттың ба?
Үйіп-төгіп бересің жылпостарға,
Жаның неге ашиды жазықтыға... –*

дей келіп ең соңында:

*Уа Құдай!
Сен де ақылға кенде ме едің,
Әлде өзімдей,
Сөзі өтпейтін пенде ме едің.
Қаншама арыз айттым,
Шағым айттым,
Ал, демедің
Немесе бер демедің.
...Қой енді*

Мен де саған үндемедім! – деп аяқтап едім.

Халық одан сайын қол соқты. Бірақ, төрдегілер келесі өлеңге рұқсат берген жоқ.

Мен сол бойымен сыртқа шықтым. Менен кейін жедеғабыл төрде отырған Тахауи ағамыз да сыртқа шығып, – Әй, Сейфолла, сен мықты ақын екенсің ғой. Мен саған ырза болдым. Және ешкімге ұқсамайтын өз үнің де бар екен. Осы уақытқа дейін мен сені қалай байқамай келгем. Сен неге осы баспасөз бетінде жиі көрінбейсің, көріну керек қой, – деді, қолымды қысып тұрып. Мен ол кісіге ақталғандай:

– Мұндай өлеңдерді олар баспайды ғой аға-әке-ау. Сосын, тек осындай халық алдында ғана оқимын, – деп едім. Ағамыз іштей бір күрсініп:

– Иә, оның рас, мұндай шындықты айта-тын шығармаларға жол жоқ бізде, – деді де: – Мен ырзамын. Мықты бол! – деп өзінің ризалық пейілін білдірді. Бұл мен үшін үлкен олжа болды. Содан бастап ағамызбен етене араласпағанмен, жылы амандасып жүретін болдық.

Ертеңіне таңертең Әбділда ағамыз сыртта жүр екен. Барып амандасып ем. Ол кісі бірден: – Сен кеше елді бір дүр сілкінттің ғой, жарайсың. Айтпақшы, бүгін жазушылар үшке бөлініп, алты ауданға баратын болдық. Біз Қармақшы, Жалағаш жаққа барамыз. Әрі онда Тұрмағамбет ақынның

да тойы қоса өтпек. Сен бізбен біргесің, – деді. Мен іштей ырза болып таңғы ас ішуге кеттім. Артынша жұрт жиналып, Әбекен айтқандай үшке бөлінді. Бірінші топ Әбекен бастаған ақын-жазушылар Қармақшы, Жалағаш аудандарына, екінші топ Сырбай ағамыз бастаған топ Тереңөзек, Сырдария аудандарына (ол кезде бұл екі аудан қосылмаған кезі). Үшіншісі Тахаң бастаған топ Шиелі, Жаңақорған жаққа жүретін болып дуылдасып жатты. Кенет Әбекен мені дауыстап шақырып: «Сейфолла, кеше маған ана Мағираш Сарикова қарындасың келіп, мен сол жақтан едім, ала кет деп қиылған соң, сенің орныңа барса барсын дегендей болдым. Сен онсыз да өз аулыңа бармақшы едің ғой, – деуі мүң екен, мына жақтан Мұзафар ағамыз шығып: – Ай, Сейфолла, сен Тереңөзектегі орныңды маған бер. Менің сонда майдандас бір досым бар еді. Бір жолыңды маған бер – дей бергенде мына жақтан Тахаңның өктем даусы саңқ етті. – Сейфолла, сен сөзді қой, Мұзағаңа жолыңды бер, өз еліңе келіп жүрсің ғой. Одан гөрі сен, менімен бол, – деп өзіне шақырып алды да, Мұзағаңа: – Қалай дұрыс жасадым ба? – деп сәл-пәл күлімсіреп еді. Ана кісі де ырза болғандай пейіл танытып қала берді. Біз сол бетімізбен жолға шығып кеттік.

Алды-артымыз милиция, әр жеңіл машинада екеу-екеуденбіз. Алдымызда ішіп-жеміміз мол. Біз Кемел Тоқаев ағамыз екеуміз. Көп ұзамай біз ағалы-інілдей боп кеттік. Сөзіміз де үйлесіп, ойымыз да үйлесіп, ішетініміз де үйлесіп жүре берді. Тек менің ащы суды кешке қарай ішетінім ғана сәл шәркез келтірді. Ағамыз менің бұл қылығымды анда-санда келемеждеп қояды. Біздің топтың жол бастары марқұм Ғафур Мұхамеджанов ағамыз еді. Әрбір ауданның шекарасына келген сайын үлкен құрметпен қарсы алу, мол дастархан, елдің ықыласында шек жоқ.

Сонымен не керек, үшінші күннің түс әлетінде Жаңақорған ауданындағы Санаторийда кездесу өткізіп жатырмыз. Қара сөздің қас шеберлері өздерінің әңгімелерін айтып, ақындар әдеттегідей бірінен соң бірі өлеңдерін оқып жатыр, солардың бірі боп, мен де өлең оқыдым. Бұл жолы да мен «Құдаймен қалжыңды» оқып жіберейін. Ел ырза. Уақыт тығыз. Мен оқыдым да сыртқа шығып кеттім. Сол маңайда біздің ауылдың адамдары бар екен, солармен шүйіркелесіп жүргенде, мені іздеушілер де жетті. Бір жігіт: – Ау, Сәке, сізді анда іздеп жатыр ғой, бір өлең оқып, біреулердің көңілін қалдырып, дауластырып қойып, жүрісің

мынау жайбарақат, – дейді. Содан, мен де барып қонағасымызды жеп, жедел жолға шықтық. Сол кезде Тахаң маған қарап: - Ай, Сейфолла, сенің жаңағы өлеңің мына Ғафур ағанның көңіліне келіпті. Содан, мен сенің ол өлеңің бір адамға ғана арналған емес, жалпы сондай адамдарға арналған деп біраз дәлелдеп, ағанның ашуын бастым, келіп қолын ал, жол ашық болсын, – деді. Ойымда ештеңе жоқ, мен қалбалақтап барып қолын алдым ағамыздың.

Кейін естідім, ол сөздің толық төркінін. Бір жігіт маған егжей-тегжейлі айтып берді. Мен өлеңді оқып, сыртқа шығып кеткенім сол, Ғафур ағамыз тас-талқан боп ашуланады ғой. Біз сол жерге барғанда бәріміздің суретіміз тұру керек еді. Бірақ, неге екенін қайдам менің суретім жоқ. Содан мен ренжіп, соны Ғафур ағама айтпаймын ба, ол кісі «мұнысы қалай?» – деп дереу ілгізеді. Бірақ, оны мен кешірмегендей сыңай танытып, «Құдаймен қалжың» атты өлең жазып сол маңда оқып бергендей болыппын. Содан ол кісі біраз жерге барған секілді. Ақыр соңында Тахаң сөзге кіріседі ғой.

– Әй, Ғафеке, сіз босқа ренжисіз. Біріншіден ондай өлең табан астында жазылмайды. Ол рас, жәй өлең емес. Дегенмен, оны ақын әбден ойланып барып, сол сияқты сан басшының қылығына сүйеніп жазған. Бұл өлеңнің құдіреті. Жалпы шығарма елдің жанын қозғамаса, оны ойлантпаса, оқырмандар сіз сияқты әсер алмаса, ол шығарма шығарма емес, әшейін оқыла салған бірдеңе болады да шығады. Мен Сейфолланың екі өлеңін кеше тыңдағанмын, екеуі де маған қатты ұнады. Мынау соның біреуі ғана. Екіншісі ит жайлы, бұдан да өткір. Ініңізге бостан-босқа ренжімеңіз, – десе де ана кісінің ашу-ызасы басылмапты. Сонда, Тахаң кеудесін көтеріп алып, бұған иланбасаңыз өзіңіз біліңіз, онда біз сізді сол өлеңнің негізгі кейіпкері екен, – деп елге таратамыз деп күлімсірегенде, Ғафур ағамыз бірден орнынан ұшып тұрып, – Кешіріңіз Таха! Олай етпеңіз енді, түсіндім, – деп көңілін жайландырыпты.

Осы уақытқа дейін, мен Тахаңның мінбердегі арыстан жалды қалпын пір тұтып келсем. Енді, осындай, Арыстан жалды заңғар ағамыздың менің шығармам жөнінде жақсы пікір білдіріп, өзінің інілерінің бірі ретінде қабылдағанына көзім жетті. Бұл сапардағы менің үлкен олжам осы болды.

Сағыныштың сарабал бейнесі

Бұл кісінің құдіретіне тағы бір таң қалғанымның куәсі, дәл сондай әдеби күндер сапарымен осы Алматы облысы

Кеген ауданына да барғанымыз бар. Қай жылы екені есімде жоқ. Бұл да сол Кеңес үкіметінің тұсы, сонау бір жылдары. Мұнда барған жазушылар екіге бөлінді. Бірі Сырбай ағамыздың тобы, екіншісі тағы Тахаңның тобы. Алғашқы күні аудан жұртшылығымен кездесуіміз өте сәтті өтті. Енді ел аралауға келгенде Сырағаң мені өз тобына қосып алған екен, соған ыңғайлана бергенім сол еді. Тағы да Тахаң:

– Әй, Сырбай мына мен жақтағы ана тапалыңды өзіңе ал да, ана Сейфолланы маған жібер. Бізге де екі-үш ақын керек қой, – деп бұйыра сөйлеп еді, Сырағаң үн-түңсіз: – Жарайды, қалағаныңды ала қой, – деді де жөніне жүріп кетті. Сонымен, мен тағы да Тахаң тобында кете бардым.

Бірте-бірте тау ішіне ендік. Қайран қазақтарым-ай, барған елді мекендер халқы құшақ жая қарсы алып жатыр. Дастархандары мол, өздері ішпесе де, барын қонақтарының аузына тосатыны тағы бар. Біздің Тахаңның әңгімесі таусылған ба, және әңгімелерін бал тамыза айтқанда, тек тыңдай бергің келеді, тыңдай бергің. Сөйтіп келе жатқанда алдымыздағы Тахаңдар мінген машина қаңтарылып тұрып қалды. Соңынан келе жатқан біз де келіп тұрдық, олардың қатарына. Сөйтсек, ойламаған жерден алдарынан бір қызыл түлкі тұра қашыпты. Жаңағы қызыл түлкі иә ұзап кете алмай, иә қалып қоймай машинаға ілесіпті де отырыпты. Содан, жерге түсіп қуайын десе, жаяу адамға жеткізе ме, бізді бастап келе жатқан аудан басшысының орынбасары бір келіншек (атын ұмытып қалдым) бір атты адамдардың қарасы көрінсе деп келе жатыр екен. Келіншектің ойлаған ойы дегендей келеді. Кенеттен бір екі аттының қарасы көрінеді. Соларға дауыс жетер шамаға келгенде машинаны тоқтатып, аналарды шақырғанмен оларға дауыс жетпей ме, әйтеуір болмаған соң түлкіні өздері қуған болады. Сөйтсе, түлкі жаралы түлкі болып шығып, ақыры машина жүргізушілер қуып жүріп ұстайды. Соның қызығымен жолда біраз кідіріп қалдық. Сол жердің азаматтары Таха бұл түлкі сізге бұйырайын деп жүрген ғой әдейі, құдай қаласа жолыңыз болады екен, – деп жатыр. Ол кісі де күліп жатыр, оның үстіне жаңағы райком басшылығынан ерген келіншек те бір қызыл түлкідей жайнап тұр екен әрі ол әйелдің күйеуі де жоқ екен. Соны мегзеді ме Тахаң көзін сол келіншекке бір жалт еткізіп, әңгімесін одан әрі жалғап жүре берді. Және бұл кісінің әңгімесі енді аңшылықтың төңірегінде өрбіді. Ол тақырыпты да құлпыртып ала жөнелді.

Сонымен, не керек, біз дйттеген жерімізге жеттік. Бірден жиналып тұрған елдің үстінен шықтық. Аудан, ауыл басшылары қазір ентігімізді басып шайлап алайық деп еді, оған Тахаң көнбеді. Жоқ, халықты қаңтарып қоюға болмайды. Олар еңбек адамдары ренжітуге хақымыз жоқ деген соң, тура клубқа тарттық. Жиналыс басталып кетті. Аудан басшылары жиынды өздері ашып, біздерді таныстырып болған соң, сөз ең басты қонағымыз Тахаңа берілді. Тахаң өз әңгімесін сол жердің тарихынан бастап, жергілікті халықтың өздері біле бермейтін біраз тарихи деректер айтып, енді, сөзді жазушылық өмірге әкеліп құлатқанда, тап алдында тамсанып тыңдап отырған елдің ішінен бір егделеу кісі орнынан ұшып тұрп: – Таха, сіз біздің Бердібек Соқпақбаев ағамыз жайлы не дер едіңіз? Өткенде осында Бердібек ағамыздың өзі келіп-кеткен еді. Сол кісіге сіз туралы сұрақ қойып едік, сонда ол кісі «Тахауи ма, ол Тахауи ғой. Ол өзі далақбай адам, үнемі сыраhanaда сыра ішіп жүреді, ол жайлы басқа ештеңе айта алмаймын» деп сөзді келте қайырған, – деп сұрақ қойды. Тахаң жаңағы кісіге қадала қарап: – **Бердібектің мен туралы не айтқанында шаруам жоқ, айта берсін. Ал, менің Бердібек жайлы айтарым көп. Алдымен, мен сондай жазушыны дүниеге әкелген мына топыраққа тағзым етем. Топыраққа тағзым ете отырып, мына сіздерге де, яғни, еліне де тағзым етем, – деп Тахаң Бердібек жайлы және арғы-бергі балалар әдебиеті жайлы әңгімелер қозғап жарты сағаттан астам лекция оқып, елді риза етіп, ең ақыр соңында Берді-ағанның мінезіне тоқтап, оның мінезі кімге ұнар, кімге ұнамас мәселе онда емес, оның мәселесі өзінің істеген ісінде, ол бүкіл Қазақ балалары мақтан тұтатындай шығарма жазып, бүкіл әлемдік дәрежедегі шеберлігін көрсетті. Соның өзі сендерге жетпей ме?** – дегенде жаңа сұрақ қойған жігіт ағасы бетінен басып, шыдай алмай сыртқа шығып кетті. Мұндай сөзді мен тек Тахаңнан ғана естідім. Мен де құдайға шүкір, талай сапарларда болдым. Әдебиетті насихаттау бюросымен де араламаған жерім жоқ. Сонда, менің жазушылардың үлкен-кішісінен естігенім бір-ақ сөз. Ол өзінен басқа мықты акын, майталман жазушы жоқтығы. Тіпті, әр-бірден соң сол жерден шыққан жақсы жазушы болсын, жаман жазушы болсын сол жердің құнары емес пе ол, соны біз көре тұра көбінесе байқамайтындығымыз барып тұрған сорақылық қой. Біздің Тахаң сондай пендешіліктің аузына құм құйғандай әрекет

жасағанының өзі алыптығы емес пе? Дархан кеңістігі емес пе.

Содан, кеш болды. Кешкі асқа отырдық. Тахаңның әңгімесі, бірінен бірі өтіп, қызықтырып тыңдаудан жалықтырмайды. Кенет ас келетін болды. Біздер қазір тамақ келсе, мына кісінің әңгімесі бөлінетін болды-ау деп отырғанда, ас та келді. Осы кезде Тахаң бірден сөзді пышақ кескендей доғарды да: – Ал, ағайындар астан ешкім ұлық емес, – деп қол жууға көтерілді. Ел тамақтарын ішіп, одан кейін шайлап болғаннан кейін, айнала отырған кісілер Тахаңның әңгімесіне сусап отырғандығын білдірмей жатып, Тахаң өзінің әңгімесін тоқтатқан жерінен әрі қарай жалғап ала жөнелсін. Басқаны қайдам, өзім таң қалдым. Содан, түннің бір уағына дейін небір әңгімелерге куә болып, біз де демалдық. Осы жолы тағы бір байқағаным, Тахаң қай жерде отырмасын, қай жерде болмасын, өз қатарлары Әбдіжәміл, Сафуан, Зейнолла, Қалтай, Тәкен сияқты тұстастарын дәл осы дастарханда отырғандай немесе өзімен бірге жүргендей әсер тастайды екен. Ғажап емес пе Тахаңның бұл тағы бар ғажап қасиеті демекке хақымыз жоқ.

Таңертең ертемен қайтатын болдық. Қайтарда елдің әдеті ғой, әркімге бір-бір сый-сыйапат беретіні. Сол сый-сыйапат берердің алдында Тахаң тұрып: – Ағайындар, бұл сый-сыйапаттар еліміздің салт-дәстүріндей қалыптасқан ғой. Оған дау жоқ. Бірақ, бір нәрсені ескертейін, мені үлкен деп, үлкен сый жасап, басқалар еріп келген ғой деп қарамаңдар ағайын. Бұлар да болашақ біздің орнымызды басатын таланттар, елдің елеулі қаймақтары. Сондықтан, мені елден ерекше сыйламай-ақ бәрімізге тең бөліндер, ал, алда-жалда қиналатын жайлар болса, онда бермей-ақ қойындар. Біз сіздерден алу үшін келген жокпыз, ел аралап демалып, сіздермен сырласып, өзімізге рухани азық алу үшін келдік. Соған рахмет. Сіздердің көңіл-күйлеріңіз қаншалықты жақсы болса, біздің де көңіл-күйіміз сондай болмақ. Сондықтан, сіздерге мың да бір рахмет, – деп қоштасып шығып кеттік. Тахаңның бұл да бір үлкен ұлағатты сөзі болды. Бұл кісінің қатарындағы жандардан мұндай сөз естімегенімді тағы айта кетейін. Қайта қалталары қаншалықты қампайса, соншалықты байып қайтатын ағаларымыздан мұндай аталы сөз түгіл, соңынан еріп барғандарға миығынан күліп, сен кімсің-ей дегендей кемсітуге дайын тұратын ағаларымыздың да, қатарларымыздың да талайларын көргенбіз. Содан болар Тахаңмен жүрген-

дердің біреулері шығармаларының биіктігін сағынса, енді біреулерінің өзін сағынатындығы. Өзім дәл қазір сол қос сағыныштың ортасында отырмын.

Таханның екі шарапаты

Осы сапардың алдында бір-ер жыл бұрын біз, бір топ жазушылар, осы Алматы облысының Кеген ауданында болғанбыз. Ол жолы бізді бастап барған Сағат Әшімбаев ініміз болатын. Қай жерде де ақын-жазушыға деген құрмет өте жоғарғы дәрежеде ғой. Ол сапарда менің айрықша есімде қалғаны, біздің Бердібек ағамызға өз қатарластары жайлы сұрақтар көп қойылды. Ел Тахауи туралы және оның шығармашылығы жайлы көп сұрады. Сонда Берді ағаң сөзді көпке ұзатпай «Ол Тахауидың айтатын ештеңесі жоқ, жазушы ғой енді» деп доғара салатын. Ол жауапқа әдебиет жайлы тереңірек мәлімет алғысы келетіндердің көңілі көншімей жататын. Бірақ, Берді- ағаңа бәрі бір оның үстіне мінезі де қызық қой, содан кейін өзінен-өзі оңашаланып кете баратын. Ал, араға бір-екі жыл салғаннан кейінгі сапар жоғарғыдай болған. Елге сыйлы екі жазушы ағаларымыздың мінезі де екі бөлек. Біреуі айтар сөзін ауыз-екі жеткізе алмаса, ал, екіншісі көл-көсір тілімен қызғаныштың қызыл ітіне жем болмай, өз қатарына аспандатып ақтап шығып жатқаны анау. **Содан ауылға қайттық. Осы Алматымызға келгеннен кейін, (Берді-ағаңмен мен де жақсы едім). Бір оңаша тұста, алдыңғы сапардағы өзінің Тахауи жайында айтқаны, мен бұл сапардағы өзі туралы Таханның айтқанын әдемілеп жеткізіп бердім де, өзім де қарап отырмай:**

– Мұны қалай түсінуге болады? – дедім. Ол кісі әуелде:

– Ол Ақтақаш қой, Ақтақаш қой, – деп басын біраз шайқап алды да:

– Біздің жанымызды осындай алды-арты кең жандар ғана аман сақтап жүр ғой. Оның несібін айтасың, – деп өз-өзінен аздап толқып алды да, тура алдында Тахауидың өзі тұрғандай:

– Оның өзі ұлы классик қой. Сосын, ол жалғыз болсын ба, айнала-сында өзіндей адамдар жүрмесе, сәні келмейді емес пе? Менің ол жайлы сыр шертуге тілім жетпейді-ау деймін. Оның үстіне шындығын айту керек. Ондай кеңістік біздің арамызда жоқтың қасы, – деді де, – Мен саған бір қызық әңгіме айтып берейін. Ол кезде осы Та-

хауи «Қазақфильмде! Бас редактор, мен болсам осы Жазушылар одағында проза жағындағы кеңесші болып қызмет атқарам.

– Ол қашан болсын, бастықтығы мен жазуын қоса алып жүрген жан. Бір күні бізге соқты. Мен күнделікті жұмысымды түртініктеп отырғанмын. Ол мені шамалы сөзге тартқысы келіп еді, менің қолым бо-сай қоймады. Сосын, сәл тұрды да:

– Әй, Бердібек, осы сенің жалақың қанша? – деді. Мен өзімнің қанша алып жүргенімді айттым. Сол мезет Тахауи қолын бір сілтеп, әй-шәй жоқ:

– Сен менің қарауыма кел. Осы жерден алатыныңды екі-үш есе етіп берем, бола ма? – деді. Мен күйбеңдеп қалдым. Екі ойлы болып, күйбеңдеп қалғанымды бірден байқап, қыр соңыма түсті. Содан не керек, қатарынан үш күн келіп, көндіріп алды да кетті. Сонымен, мен киностудиядан бір-ақ шықтым. Жалақым шынында да екі-үш есе көп болды. Бұл жөнінде Ақтақаш сөзінде тұрды. Орнымды ауыстырғаныммен отырған орнымнан қозғалмайтын әдетім бойынша, енді сценарийлерге шүйліктім. Бірде маған Тахаң:

– Әй, Бердібек, ендігі бастығың мен емеспін бе?

– Иә.

– Онда сен, мына менің айтқанымды екі етпеуің керек.

– Иә.

– Олай болса, андағыңды жинап қой (ол үстел үстіндегі қағаздарды айтып отыр). Жүр, таза ауаға шығып сыра-пыра ішіп қайтайық, – деп қояр да қоймай, машинасына отырғызып алып кетті. Жақсылап дем алдық. Ертеңіне де сондай болды. Екі-үш күннен кейін де сондай болды. Қысқасы, отырып жұмыс істемеуге айналдым. Сосын Тахауиға жалынып:

– Мені әурелемей-ақ, өзің бара берші, – деп қиылдым.

Ақ көңіл Тахаң сәл ойланып тұрды да:

– Онда сен былай ет. Мұнда қапылған жұмыстың жоқ екенін көрдің ғой. Сен бұлай отыра бермей, үйіңе барып, өз шығармаларыңды жасай бер. Тек анда-санда осы жаққа бір соғып кетуді ұмытпа? Сосын, жалақыңды алуды да ұмытпағайсың, – деп, бөлмеден қуып шыққандай етіп үйге жіберсін. Соның арқасында жоспарлап жүрген көп жұмысымды реттеп алғанмын.

Қысқасы, маған «әй дейтін ажа, қой дейтін қожа» жоқ, бір ғажап еркіндікке шықтым дейсің. **Тағы бір күні жұмыс орнымда отыр едім. Бастығым Ақтақаш**

та отырған, кенет біреу хабарласып Тахаңмен сөйлесіп еді. Ол: «өзің келсеңші мына Бердібек те отыр. Не нәрсені де шешуге болады ғой», – деп трубкасын қойды да:

– Бердібек, сен осы, ана балаларға арналған шығармаларыңды киноға бейімдесең қалай болар екен? – деді. Мен жаңа анау Абдолла деген режиссерді шақырып едім. Кино жағынан ол үлкен талант. Ол саған нағыз таптырмайтын адам, – дегенше екі мұрты едірейіп Абдолла да жетіп келді.

Тахаң әй-шәй жоқ Абдоллаға: – Мына кісінің үлкен жазушы екенін білесің ғой, – дейді. Ол да. – Иә, иә, – деп жатыр қалбақтап. Тахаң шамалы аңырып қалды да Абдоллаға бір қарап, маған бір қарап:

Осы сендер тізе қосып жұмыс істесеңдер қайтеді? – деп жауап күткендей бізге тағы алма-кезек қарады. Алдымен Абдолла жауап берді:

– Бұл кісінің «Менің атым – Қожасын» өзім де көптен бері межелеп жүр едім. Енді бұл кісінің өзі келіссе? – деп маған қарады.

Мен:

– Бұрын-соңды сценарий жазып көрмегенмін, – деп едім.

Ақтақаш:

– Жазып көрмесең, жазасың. Ана алдындағы сценарийлердің қайсысының жақсы, қайсысының жаман екенін көріп отырған жоқсың ба? Оның үстіне мына Абдолладай іс-тәжірибесі ысылған адаммен бірігіп жасайтын болсаңдар, бұл қадамдарың сәтсіз болмас. Әумин, – деді де:

– Жүріңдер, мына істеріңнің оңға басуына деп таза ауада сыра-пыра ішіп қайтайық, – дегені. Сонымен, Ақтақаштың бастауымен біраз шайқап ішіп, кешке қарай үйді-үйімізге тарқап тындық.

Одан кейінгі істі Ақтақаш заңдастырып берді де, Әбекен екеуіміз кірісіп кеттік. Шындығы керек, менікі тек, көбінесе Әбекенді тыңдау болды. Былай ет десе былай етем, олай ет десе олай етем. Бәрібір Абдоллаға төрт аяғы тең дүние беруге жарамадым. Соған шыдамады ма білмеймін, бір күні сценарийді қолымнан алып алды да, әй-шәй жоқ Әбекеннің өзі кірісіп кетті. Бірақ, мені авторлықтан алып тастаған жоқ. Ол да бір ерекше азамат екен. Көп ұзамай бас-аяғы жұп-жұмыр «Менің атым – Қожа» атты фильм менің атымды барша әлемге

жайды. Әрине, оған себепші болған деп алдымен өзімнің Ақтақашымды айтар едім. Одан кейін құдай менің бағыма Абдолланы тап келтіргенін қарасаңызшы. Одан кейін де Абдолланың мәрттігімен «Балалық шаққа саяхат», «Жүйрік болсаң озып көр» тағы-тағыларына ұласып жүре берді. Сөйтіп, менің Жазушылар одағында өтетін бар өміріме өзгеріс енгізіп, өзімнің Ақтақашым ақ жолға алып шыққан. Ол кісіге айтар алғысымда шек жоқ. Мына өзіңнен естіп отырмын, енді ауылдағы керауыздарға да өз жауабын берген екен ғой. Сондықтан да, мен үнемі Ақтақаштай бастықтың қол астында істегеннен артық жұмақ жоқ деп елге айтып жүрем. Оған деген бар алғысым шексіз. Ал, Абдолланың кино мамандығына ешкімнің өресі жете қоймас деп ойлаймын. Алдыңғы кезде оның талабына мен де шыдас бере қоймай, сол маңдағы білгішсымақтардың сөзіне ере жаздағаным да бар. Бірақ, ол өзін-өзі «Менің атым – Қожа» фильмімен дәлелдеп шыққанда, ол кісінің үлкен қасиетін сонда ғана ұқтым» деп біраз шерін тарқатқандай болған Бердібек ағамыз. Сол әңгімеден кейін үнемі өз ортасына риза болмай жүретін Бердібек ағамыздың да көңілі бір толғанын сезінген едім...

Жазушы мен режиссердің ортасына өзінің дәнекерлік шапағатын шашқан Тахаң жайлы осы бір хикаятты да айтуды жөн көрдім.

Бірде мен Жазушылар одағына келсем, Мұқағали ағамыз теңселіп –жүр екен. Өзі қатты ашулы. Мені көре сала, анадайдан:

– Әй, Сейфолла, сен осы кілең мен қысылып жүргенде кездесетінің ғажап. Бұл жолы да солай болайын деп тұр, – деп маған сынай қарады. Мен не дейтін:

– Не болды, Мұқа, әлде неге іренжіп жүрсіз бе? – деп ем, ол жұлып алғандай:

– Иә, қатты іренжіп жүрмін, бірақ, жасыратын несі бар, ішкім де келіп тұр, – дегені. Мен:

– Мұқа, менде ақша жоқтың қасы, екеуімізге жетер ме екен, – деп ойланып қалып ем. Мұқан:

– Алдымен осы жерден қашығырақ кетейікші. Сосын, бір ретін табармыз, – деді де, қазіргі Төле би көшесімен Желтоқсанның бұрышындағы шайханаға қарай бастап жүре берді. Мен ішімнен қалтамда тұтас бес сом, оны енді мен қалай майдалаймын деп келе жатқам. Үйдегі кісі маған қатты ескерткен, қайтып келе жатқанда, пәтер пұлды төлей кел (біздің пәтер пұлы-

мыз бар болғаны сол кездің құнымен 2 сом 49 тиын болатын) қалғанына ештеңе деген. Демек, менің Мұқанды сыйлауыма сол бес сомның жартысы жетеді. Және ол алдымен тамақ ішейік деген. Ақша болса бес сом тұтас. Дегенмен Мұқанның көңілін қимаймын. Әрі-сәрі көңілмен соңынан еріп келе жатырмын. Кенет ол артына бұрылып:

– Сен өзің көңілсіз келе жатырсың ғой. Бұрын мұндайың жоқ еді, – деп арқамнан қағып:

– Мен бүгін жұмыстан қоштасып келемін. Аздап қалтамда ақшам да бар. Сен қысылма, саған бір сырымды айтайын деп ем. Сол сырым ішіме сыймай келеді, – деп алды да:

– Қазір біз бір шыны арақ алып алайық, қалғанын тағы көре жатармыз. Мына асханада тамақ, сыра боса да бар. Сол сырадан бір-екі саптыаяқтан алып, алдымен салқындап алайық, тамақтан соң. Сонымен не керек, ащы суымызды қалтамызға жасырып, мегзеген шайханаға барып, жақсылап тамақ алдырып, бір-екі саптыаяқтан сыраны тартып қойып, арасында ақты да жайластырып жіберіп, көңілдене түскендей болдық. Кенет, Мұқағали басын кекшитіп көтеріп алды да, нағыз азамат арыстан тектес болатынына бүгін көзім жетті, – деп өз әңгімесін бастап кетті. Мен де бұл кісі «не айтар екен» дегендей жүзіне қарап қалыппын.

– Сейфолла, сен де көп нәрсені көрген адамсың. Бірақ, менің мына сөзімді тыңда. Шерағаң былай қарағанда өзіме жақын адам. Ол кісінің журналистігіне дауам жоқ, бірақ, тақиясы тарлау ма деп қалам. Әрине, бір жағы өзімнен де бар шығар. Ішкіш деген атым бар дегендей. Бірақ, ол немені жетіскеннен ішеді деймісің, кейде мына айналадағы әділетсіздікке күйініп ішем ғой. Және неге екенін қайдам барынша еркін жүруге құштармын. Содан, шығар Шерхан – бастықтың бұларды тұқыртып алайын деп, келмей жатып тәртіпке бағынбасандар орынды босатындар дегені. Содан, бірекеуден басқамыз өтінішімізді өз еркімізбен жазып, жұмыстан шығып кеттік. Ал, ана екеуінің не ойлағаны бар екенін кім білсін, қалып қойды. Бірақ, олардың да сіңіп кетуі неғайбыл деп білем. Өйткені, олар кең қолтық Таханның қарауында бір жыл болса да істеп қалды ғой. Бұл нағыз жазушылық орта еді. Ондай органы Тахаңнан басқа ешкім де жасай алмайды. Таханды ел сыртынан анау-мынау дегенмен, бетіне ешкімнің де келе алмайтыны ақиқат. Өйткені, ол кісінің әруағы бар, сондықтан да, ол кісі ешкімнен де күлтектемейді, өзі де тұрған

бойы жазушылықтың өнегесі ғой. Содан да ол қымсынбай сөйлей алады, тартынбай ойдағысын жаза алады. Және жазғанда да үлкен ойдың төңірегін төңкеріп жазатыны тағы бар, – деп тамсана сөйлеп отырғанда менде әдейі, өзіңізді жұмысқа алған соң, солай дейсіз ғой, – деп ем. Маған одырая қарап, бұл не дегенің дегендей:

– Не, менің сөзім ұнамай отыр ма. Бұл шыным, ол кісінің мені қызметке алғаны да қызық, – деп әңгімесін одан әрі жалғады. Сонау, қазіргі Желтоқсан көшесінің жоғарғы жағында бір сырахана бар ғой. Радио-телевидение мекемесінің жоғарғы жағында. Жан қысылғанда мен де соған барып тұрам. Әрі жұмысым да жоқ. Және ол жерде қалтасын қағып беретін небір мәрт жігіттер де жетерлік. Бір күні салып ұрып сонда бардым. Барсам сол күні жұрттың бәрі барыпты, ел ығы-жығы. Бір жағында Тахаң, Қалтайлар тұр екен, салқын сыраны сораптап. Мен ол кезде біраз жерге барғанмын. Қызулықпен оларға жетіп барып, «Ассалаумағалайкүм» деп амандастым, олар да жалт қарап, менің сөлемімді қабылдады да жедеқабыл өз әңгімелеріне көшіп кетті. Соған жыным келіп, сіздер ішкен адамдарды ұнатпайсындар ғой білем, және соған қарамай өздерің де ішесіндер ә. Болмаса бұл жерде не шаруаларың бар – демеймін бе? Сол кезде Тахаң жалт қарап:

– Немене, біз көктен түсті деп пе едің. Біз де өздерің сияқты пендеміз. Оның үстіне шөлдей де білеміз, қарапайым елдің арасында жүре де білеміз, – деп сәл кідіріп: Ал, өзің неғып жүрсің мұнда, әжептәуір ақынсың, күнде теңселіп жүруден жалықпайсың ба? – деген кезде, мен де Тахаңның осы сөзін іліп алып:

– Жұмыссыз адам, бұдан басқа не істейді, айтыңызшы, – деп едім, Тахаң.

– Жұмыссыз болсаң жұмыс ізде, сені кім жазғырып тұр. Мен:

– Иә, біздерді жазғыратын да, жанашырлық жасайтын да ешкім жоқ қой оныңыз рас, – деп теріс айнала беріп ем:

– Иә, Мұқағали, қолың босағанда маған бір соғарсың, – дегендей болды. Арада апта өтпей сол жере тағы кездестік. Өткендегідей амандасу тағы қайталанды. Бір кезде қолымды бір сілтеп кете беріп ем. Тахаң:

– Әй, ақын! – деп санқ ете қалды да, сен жұмысқа алындың. Ертең келіп жұмысыңды істей беруіне болады, – деді. Мен тағы да ол кісінің бұл сөзін өзімше әжуаға балап жүре бердім. Ол кезде үнемі сыраханада жүрген адамды жұмысқа алындың дегенге кім сенеді. Ол қиял-ғажайып қой. Бұл

дені дұрыс адамның түсінігінше нағыз әжуалаудың өзі. Содан бастап мен Тахаңа іштей ренжіп, маңайына бармай қойдым. Келесі жолы да сол жерде ол кісіні сырттай көріп, өзім бір тасалау жерде тұр едім. Бір қарасам, алдымда Тахаң тұр. «Е, енді мына кісі мені жерлейін деп келді-ау» – деп көзімді төмен салып тұр едім. Кенет:

– Әй, Мұқағали, менің өткендегі сөзіме құлақ аспағаның ба. Мұның қалай? – деп қарап тұр. Сол кезде мен де қарап қалмай ішкі ызамды сыртқа шығарып:

– Таха, өзіңіз үлкен адамсыз, сүйте тұра мені әжуаға айналдырғыңыз келеді. Мынадай сыраханадан шықпай жүрген адамды, жұмысқа алдым деп қандай ақымақ айтпақ, – деп қойып қалдым. Сол кезде ол кісі:

– Ақымақ десең ақымақ де, басқа десең басқа де мен өз сөзімді жұтпайтын адаммын, – деді де бұрылып жүре берді. Бірақ, мені Таханның мына сөзі ойландырып тастады. Әйтсе де, өзіне баруға тәуекелім жетпей көп жүрдім. Дегенмен сол күннен бастап, өзімді-өзім ретке кетіріп қалай болса, солай жүрмей, бір күні сол сыраханаға қайта бардым. Баяғы Таханды тағы көрдім. Тура барып сәлем бердім. Сол замат Тахаң:

– Сен маған сенбей жүрсің-ау деймін. Олай болса – деді де үсті-басыма бір қарап:

– Дұрыс екен, – деді де – қазір өзіммен бірге ала кетем, кетіп қалма, сыртта күт! – деп көп ұзамай өзі де шығып, редакцияға тарттық. Барысымен өзіме тиісті орныма отырғызды да, – маған келіп кет, – деді. Мен соңынан еріп барып едім, сәл отырғаннан кейін:

– Енді іске кіріс. Қоржынындағы материалдарды ұқыпты түрде қарап шықта, өзіңе ұнағанын сұрыптап, тікелей өзіме әкеліп бер. Жұмысыңды дер кезінде орындасаң болды, басқа уақытыңда шаруам жоқ. Бірақ, аздап болса да тәртіп сақтағаның жөн. Әйтпесе, мұндағы бірен-сарандар сені алғаныма ренішін де білдіріп жатыр, – деді де, қалтасын қарманып азынаулақ ақша беріп, бұл менің сенің жұмысқа тұрғаныңды жуғаным болсын. Және ертең бухгалтериядан авансыңды алуды да ұмытпағайсың дегені, менің төбемнен жәй түсіргендей әсер етті. – Енді бар, – деді сосын. Сөйтсем, ағамыздың әнеу күнгі жұмысқа алынды дегені рас екен. Ал, мен болсам, оған түк те сенбегенмін. Былай қарасам қиял-ғажайып, бұл деген нағыз шығармашылық өнердің өрелі биігі, өзекжарды кеңістігі екендігіне, сонда ғана көзім жетті. Шынымды айтсам, содан кейін менен ардақты адам жоқ сияқты

болып көрінді. Оның үстіне ондай адам сенбес өзекті өнеге мен табиғаты бөлек тағлымы мол еті басқа емес Тахаң сияқты маркасқа жаннан көріп отырсам, қалайша төбем көкке жетпесін, – деді де, жаңа ғана қаршығадай түлеп отырған Мұқаң, бір сәтте жүні жығылып сала берді де, ал, бүгінгі күнім мынау, өз ағамдай Шерағанның істегені. Бұл тағдырға не істерсің. Ал, жоғарғы сол Таханның өзі айтқан сөзі рас боп шықты. Өз қызметкерлерінің бірі: «Таха, сіз қызық екенсіз, көшедегі «маскүнемді» де адам жұмысқа ала ма екен, қайда ол адамыңыз» – деп мазасын әбден алыпты.

Мен Таханның алғашқы тапсырмасын екі-үш күнде орындап апарып беріп едім. Ол кісі дайындалған дүниеге бір көз жүгіртіп өтті де риза пейілмен біздер отырған бөлмеге келіп, елдің көзінше, мінекей көрдіңдер ме, мына Мұқағалидың біреулер әзер дайындайтын материалды, екі-үш күнде тастай ғып дайындағанын, – деп масаттана сөйлеп, жауапты хатшыға, мына материалды осы күйінде жібересің, – деп шетіне қол қойып берді де, өз кабинетіне кетті. Жігіттер мені құттықтап жатыр. Тек жауапты хатшы (өзі әжептәуір ақын болатын) ғана тыжырына қарап қалды. Онда менің не шаруам бар. Сол сәттен бастап мен өзімді еркін сезініп, өз орныма енді келгендей болдым, – деп біраз отырып қалды. Сәлден кейін барып, осы әңгімемді кімге айтсам екен деп жүр едім. Өзіңе тап келгенім қандай жақсы болды. Тахаң деген сондай адам, – деп бір-ақ тоқтады.

Бүгінде Таханның өзі жоқ болғанмен елі 90 жылдық торқалы тойын атайын деп жатқанда осы бір жайлар есіме түсіп, Таханның әруағы ырза болсын деп қағазға түсірдім. Бұл менің Мұқаңның өз аузынан естіген әңгімем.

Түйін орнына

Бірде біз Жазушылар одағының шығармашылық үйінде жатқан болатынбыз. Бізбен бірге әдебиетіміздің маркасқаларының бірі Тәкен Әлімқұлов ағамыз да жатқан. Ол кісі мені күнде шақырып алып, дүкеннен түрлі ішімдіктер және салқын сыра алдыртып тұратын еді. Және мен ол кісімен қатар отырып ішуге жоқ едім. Содан ба, әйтеуір, мені қатты жақсы көретін. Және күннің қай мезгілі болмасын, менің бөлмеме келіп, өтінішін айтатын. Бірде тапсырмасын орындап, енді кете беріп едім, Сейфолла ішпесенде қасымда отыра тұршы, аздап әңгімелесейікші, – деді

де, сен осы Қуан-ағамен, ана Хизмет ағамен сыр шертіскенде кереметсің. Сонда менімен отырғың келмей ме деп бөлмесінен жібермей қойды. Мен бұрын Қуан-ағаның үйіне жиі баратынмын, және ол кісі Хизмет ағамызбен дос еді. Екеуі де мені жақсы көретін. Жалпы, менің араласпаған ағаларым кем де кем. Өйткені, оған себеп, сонау 1958 жылғы Москвада өткен он күндікте көпшілігінің кітабы шыққан. Және ол кітаптарды алғаш рет ұстайтын мен едім. Тәкең соны айтып отыр.

Сонымен әңгімеміз жарасып жүре берді. Ол кезде ағамыз өзінің Москвадағы араласқан достарымен арадағы естеліктерін жазып жатқан кезі. Содан не керек, сол күні ұзақ сөйлестік. Әрине, әңгімеміздің түп-төркіні әдебиет төңірегінде болды. Мен де бұрын-соңды естімеген бірсыпыра орыс жазушылары жөнінде біраз хабардар болдым. Бірақ, Тәкең сөзге сараң жан ғой. Сұрақпен бір ретін келтірмесең ол кісіден дерек алу мүмкін емес болатын. Сондай бір шақта мен ағамызға:

– Сізге бір сұрақ қойсам ренжімейсіз бе, – дедім. Ол кісі алдымен бетіме таңырқай қарап алды да, «жарайды қойсаң қой», – деді. Сосын мен:

– Аға осы мен сіздерге кейде таң қалам. Сіздердің, яғни, Тахаң мен Сіздің екеуіңіз де әдебиетте салмағы үлкен адамсыздар. Бірақ, бір-біріңізді ұната бермейтін сияқтысыздар. Мысалы, мен сіздің Тахаң жайлы жазған мақаланызды оқыдым. Оның қаншалықты маңызы барын біле алмадым. Бірақ, оған Тахаң жауап бермеді. Соған таңмын, – дедім. Ол кісі тағы да менің бетіме бір бағдарлай қарап, құйтырқы бірдеңе аңғарғысы келгендей болды ма, кенет ондай жайды сезбеген соң маған тіл қатты:

– Тахауи ма, ол мені 1:0 ғып жеңіп кетті. Өйткені, мен ол мақаланы біреулердің даурықпасымен жазып едім, расында. Кейін өзіме-өзім жыным келіп өкінгенім бар. Бірақ, одан не пайда. Атылатын жебе атылып кетті. Ол соны білді де маған қарсы мақала жазбай қойды. Онысы жөн еді. Өйткені, бұл әңгіменің екеуімізге де абырой бермейтінін ол алдын-ала білген еді. Міне, сондықтан мен 1:0 боп жеңілдім деп отырғаным осы. Тахауи есті жігіт қой. Онысына мен іштей рахмет айттым, – деді де түрегеп бойын бір жазып алды да, жүр тамаққа кеттік – деді.

Бұл да Тахаңның өз қатарларының ал-

дында да өз парасатын танытқаны ма деп қалдым. Болмаса өзі сияқты дара талант Тәкеңдер де оңайлықпен мойындамайды ғой деп білем.

Тағы бір айтарым, сонау 1991-92 жылдардың бірінде күзге қарай, қазақтың бекзат ақыны – Қуандық Шаңғытбаевтың 70 жылдық торқалы тойында, мен баяндамашы болып, ақынның еліне бардық. Ол кез Ақтөбе өңірінің күзгі қоңыр салқынын төске алып тұрған шағы екен. Егін-теріннің алды жиналып, соңы сарала қазданып, берекесі еніп тұрғанда, елдің нағыз баданадай толықсып тұрған шағында көруге жазған екен. Сол жолы біз ақынды өзінің ескі жұртына аунатып қайтқанбыз. Сол жолы біз қаланың орталығынан бастап Қарабұтақ, Ырғыз, Шалқар аудандарында болғанбыз. Сонда, біз қай жерде елмен кездеспейік, алдымыздан үнемі, өткен жылы осы жерлерді аралап өткен осы Тахауи ағамыздың елге және ел басшыларына үнемі «Сіздер менен гөрі келесі жылы жетпіске толатын Қуандық Шаңғытбаев ағаларыңды дұрыстап күтетін болындар» – деп жүрген жеріне де, облыс, аудан басшыларына да айтып жүріпті. Біз соған куә болдық. Соған орай, Қуан-ағанның да көңілі қайта-қайта босап, біздің Ақтақаштан басқа бұл сөзді кім айта алады деп әлсін-әлі солығын басып солқылдағанына да куә болғанбыз. Бұл біздің Тахаңдай ұлы адамның ұлағатты қырының бірі ғана еді.

Иә, Тахауи ағамыз жайлы айта берсе сөз көп, ол кісінің сан қырлы жақұт тастай қасиеттерін айтып тауыса алмайтынымыз ақиқат. Ол кісінің афоризмге айналып кеткен сөздерін былай қойғанда, ол кісінің әрбір жүрісі, әрбір сапары аңызға толы адам екендігінде сөз жоқ. Бір жолы бір жас жазушының қазанамасының басында тұрып:

– Япырмай, бұл ажал деген итің де тым жасарып бара жатыр-ау, – деп, елді еріксіз еңіреткені де бар. Содан да болар, ондай кісіні ешкім де ажалға қиған емес. Тіпті, қатты ауырып, шет елде емделуге қаражаты жетпей бара алмағанда, оған көмекке келмеген қоғамға налып айтқан Шерхан ағамыздың: «Тахаңдай азаматына көмек бере алмаған біздің қоғамнан не күтуге болады», – деген сөзі әлі күнге құлақтан кетпей, Тахаңның ұлы бейнесін елестетіп тұрғандай сезіледі. Бұл сөз және Тахаңның аса ардақты жан екендігін әйгілеп тұрса керек.



Бердалы ОСПАН,
мәдениеттанушы

ЖИЫП-ТЕРГЕНДЕР, КӨҢІЛГЕ ТҮЙГЕНДЕР...

Ұлылар да түс көреді

Базар жырауға: Маңдайыңа берейін бе, таңдайыңа берейін бе? – деп түс көрген.

Қазақ халқы ықылым заманнан бері көрген түсте бір тылсым күш бар деп сенген. Түс туралы түрлі мақал-мәтелдердің пайда болуының себебі де сондықтан: «Түстің шешімі – жоруында», «Бір қыз күйеуге шықса, қырық қыз түс көреді», «Түс түлкінің боғы».

Түс туралы түрлі аңыздар да жетерлік. Түстердің көбі ұлы адамдарға телінеді. Шоқан Уәлихановтың досы Григорий Потаниннің жазғаны:

Может быть, о том же воззрении на поэзию как на примиряющий с жизнью элемент свидетельствует и киргизское предание о первом шамане Куркуте, который, как есть некоторые основания думать, считался по преданию первым киргизским поэтом. Он однажды увидел сон: какие-то люди роют могилу и на вопрос, что они делают, они отвечали, что роют могилу для Куркута. Он бежал на северный край света и думал там спастись от смерти. Но и там тот же сон. Потом он побежал на южный край света, на восточный, на западный, и везде его преследовал один и тот же сон. Тогда он убедился, что от смерти не уйти, примирился с этим роковым фактом, возвратился на родину, в киргизскую степь, и здесь, усевшись, на разостланный ковер, начал играть на балалайке и играл и пел до самой смерти. В этой легенде киргизский народ, может быть, выразил мысль, что только искусство красит жизнь и удаляет от нас преждевременно появляющиеся мрачные призраки.

Кітап: Ш. Уәлиханов, шығармалар жинағы, 5-том. Алматы, 1985. 333-бет.

Аттила көз жұмған түні оның жауы Маркиан түсінде Аттиланьң сынған жебесін

көреді. Себебі, бүгінгі қазақтардың бабасы Аттила-Еділ батырдың жауынгерлерінің қаруы садақ болатын. Абылай ханның түсі де бүгінгі күнге Міржақып Дулатұлының жазып қалдырған нұсқасы бойынша жетіп отыр. Абылай хан жасы ұлғайып келе жатқан шағында ата жұртым Бұқараны аламын деп, Үш жүздің атақты батырларын жиып аттанды. Ешкімнен беті қайтпай келіп, Түркістанға өзінің бір баласын, Шымкентке Ғабдолрахман деген сартты һәм Ташкентке Мырза Ахмет деген сартты хәкім қойып, Самарқандқа қарай жүреді. Абылай хан Самарқанд шаһарының бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көріп, ертеңіне қасындағы түс жоритын қариясына жорытады: «Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс келіп шөгіп жатып алды, бұл не қылған жолбарыс деп таң қалып қарап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. Жаңа жолбарыс еді ғой, қалайша аю болып кетті деп екінші қарағанымда қасқыр болып, одан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таң қалып жатқанымда, оянып кеттім, – деді. Сонда қария: «Жолбарыс көрсен, басыннан бақыт құсы ұшқаны, баяғыдан бері бетің қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шағында «Абылай хан сарттан өліпті» деген атқа ұшырамай қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны – сенен соңғы балаларыңның заманы аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтер. Қасқыр болғаны – немерелеріңнің заманында қасқырдай жұдысып өтер. Түлкі болғаны – онан кейінгі заманда шөберенің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны – онан кейінгі заманда қорқып өтер» деген екен.

Абылай ханның немересі, ұлы ғалым Шоканның әкесі Шыңғыстың есімі нағашысы Сарғалдақ қожаның ұлы Пірәлінің түсіне енген. Бұл туралы жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Аққан жұлдыз» романында жазған: Шыңғыс туарда, Уәлінің үйіне, Айғанымның ағасы – Пірәлі ишан келіп жатты. Сарғалдақ «әулие» ол кезде

өліп, жұрт оның барлық қасиеті Пірәліге ауды, оқуы әкесіндей болмағанмен, бұл да ғайыпты болжайтын сәуегей, бұл да аспаннан пері түсіріп, жерден жынды қуатын ғылымын біледі, бұның да алғысы – алғайды, қарғысы атады» дейтін.

Пірәлі келіп жатқанда Айғаным ұл тапты. Уәлі қайнағасынан сәбидің атын қоюды өтінді. Пірәлі жиеніне ат қоярдан бұрын, әке-шешенің де, былайғы жұрттың да көңілін бөлерлік сөз айтты.

– Түс көрдім, – деді ол, – түсімде әулие атам аян беріп, осы баланың туарын айтты да, атын «Шыңғыс қой, балам!» деді. «Неге әулие ата?» деп ем, «хандардың әуелі де Шыңғыс, ақыры да Шыңғыс, соңғы Шыңғыс – осы жиен болар», – деді.

Пірәлінің сәуегейлігіне сенетін жұрт та, Уәлі мен Айғаным да бұл сөзге нанды. «Соңғы Шыңғыс осы» деп сенген әкешеше де, басқалар да, нәрестені кішкене күнінен қадыр тұтты.

Қабанбай батыр бір жорықта далаға қонады. Түсінде бір адам келіп:

*Қасың биік қабақтай,
Мұның сенің табақтай.*

Батыр бол, балам, қайтпайтын

Қаһарман атты аруақтай, – деп бата береді. Осылайша Қабанбай қазақ тарихындағы «аруақты батырдың» бірі болады. Ал, ақ сақалды қария дегені – Қызырмыс. Қазақтың ескі нанымдарында Қызырға жолығып, оның батасын алған адам қасиетті адам ретінде қаралады. Осы жолы Қабанбай үлкен олжамен оралады.

Алматы қаласындағы «Атамұра» баспасынан 1994 жылы жарық көрген «Кіші жүз шежіресінде» Балқы Базар жыраудың түсі туралы дерек бар: Болашақ ақын бірде малда жүріп түнде далада ұйықтап қалса, оған ақ киімді, ақ таяқ ұстаған, ақ сақалды әулие келіп «балам маңдайыңа берейін бе, таңдайыңа берейін бе?» – дейді. Сонда қарны ашып, шөлдеп жатқан бала «таңдайыма бер» депті. Содан бала Базар орнынан өлең айтып ояныпты. Айналадағы суырылып соққан жел де, шалқып жатқан көл де, көл жағалай көз ұшына көсіліп жатқан ашық даладағы сыңғыр қаққан шенгел де, әуелеп ұшқан құс та ғажайып ұйқастармен өлеңдетіп тұр екен дейді. Осыдан бастап Базар жырау халқының қасиетті ақыны, айтулы азаматы болған. Ел жұртының ерік, жігерін ұштайтын өлеңдер шығарған.

Бұндай оқиғалар басқа ақындарының да басынан өткен. Қазақтың біртуар ғалымы, әдебиет зерттеуші Ханғали Сүйіншіәлиев ақын Құлыншақ Кемелұлының көрген түсі туралы былай дейді: Ақындық жолға түсу себебін ол ескі наным тұрғысында түсіндіреді. Жас шағын еске алған сөзінде ақын маған Қара кісі боп келген пірім ұйықтап жатқанымда аян бергенді, ол маған: «Көген тілеймісің, өлең тілеймісің деген еді. Мен өленді қалап алдым да ақын болдым.

Өзінің ақын болатынын түсінде білген Сүйінбай Аронұлы өзі малын бағып жүрген Шүйбек байға бұл жайында өлеңмен айтқан:

*Ассалаумағалейкум, Шүйбек байым,
Әкет деп құлағыңа айқайлайын.
Қораның түбінде мен жатыр едім,
Пірлері бүгін келді Сүйінбайдың.
Атыңнан айналайын, қызыр бабам,
Түсімде таңға жуық келді маған.
Білмеймін «өлең» деді, «көген» деді,
Сайрауық құстар келіп төнді маған.
Мен бақтым қозыңды да, қойыңды да,
Бір қабат сергітпедің бойымды да.
Болса да ұлы думан, күнде қызық,
Сен маған көрсетпедің тойыңды да.
Менің тұр қолды-аяққа тұрғым*

*келмей,
Қойды ғой қойыңа да қырғын келмей!
Аузымнан түйдек-түйдек шыққан
сөзді
Не дейін сөз кестесі – өлең демей?!
Сен маған ұлықсат бер, Шүйбек
байым,
Әйтеуір тегін емес Сүйінбайың.
Жын соқты ма, білмеймін,
таңертеңнен
Көңілім ұйқы-тұйқы құйындайын...*

Қазақтың ең көрнекті музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанұлы өзінің «Замана бұлбұлдары» атты кітабында Ақан серінің елуден асқанда шығарған үш сұлу қыз туралы айтылатын «Үш тоты құс» әнінің сөздерін келтірген:

*Бүгін мен ұйықтап жатып көрдім бір
түс,
Көргенім Иран бақта үш тоты құс.
Бірің маржасан, меруерт, сапы бірің,
Көргенде үшеуіңді көңілім қош.*

Қазақтың Балуан Шолағы атанған күш иесі де көрген түсіне көп мән берген. Балуанның соңғы түсін жазушы Жайық Бектұрұлы күш иесінің кенже ұлынан жазып алған екен:

– Біздің әкей 1918-1919 жылдары қайтыс болды, – дейді туған ұлы Құдайберген. Қырбық қар түсіп, сілбі қата бастап еді. Күздік сойылған. Әкем Қалғұтан жаққа жолға шықты. Маған божысын ұстатты. Шанамен жүрдік. Жеккеніміз қос күрең. Балuanның жем-жеттекке үйренген боз жорғасы басына түрілген жүген-ноқтасымен шана соңынан желе-жортып отырды. Қонысымыз қалың Керейдің бұрынғы кең жайлауы Қандықарағайдан, Ақсудан бергі Үй-жығылған, Айқайқабақ, Қайрақты, Мат өзендерінің бауырындағы қара орман іші. Осы күнгі ана Астраханка ауданына қарайтын Қалғұтандағы Ордабайдың Нұрышының үйіне қондық. Атбасар жақтағы құдамыз Қожантай балаларына бармақшы Шөкен. Таңертең әкем маған жалт бұрылып:

– Балам, қораға шығып, боз жорғаны қарашы, неғып тұр екен? – деді. Шықтым. Әшейінде алдына бір қап сұлы төксең де түк қоймайтын жемқор ат басындағы дорбасын шайқақтатып, жем жей алмай сенделіңкіреп тұр. Мойнын, кекілін сипадым. Айтып келдім.

– Апыр-ай, түс көріп ем! Ана бір шал түсімде «өзінді алайын ба, атыңды алайын ба?» деді. «Атымды ал» дедім. «Жарайды, әуелі атыңды алайын, кешікпей өзінді де алам» деп ұйқылы-ояулы жатқанымда аян беріп кеткен! – деді әкем. Шай ішісімен ізімізше кейін қайттық. Екі ара едәуір жер. Үйге келе боз жорға пышаққа ілінді. Кешікпей әкейдің өзі де қайтыс болды.

1964 жылдың қаңтарының 30 күні Мәскеу Кремлінің ауруханасында жатқан академик Қаныш Сәтбаев қызы Мейізге: «Өте қызық түс көрдім, соны айтып берейін бе?» дейді. Түсімде тау үстінде жүр екенмін. Жан жағымның бәрі шатқал мен күз. Ал, мен болсам биікке кең жерге шыққым келді. Осылайша бір қараңғы жерге келіппін. Қанша өрмелеп шықпақ болсам да төмен сырғанап кете беремін. Дәл осы кезде белгісіз бір керемет күш пайда болып еш қиындықсыз жоғары көтеріле бердім. Міне, тау басына да шыққандаймын, бірақ, менің көз алдымда биік шыңдар емес кең дала жатыр еді, кәдімгі өзіміздің Сарыарқа! Кеудемді толтыра ауаны жұттым да қуанғаннан айқайлап жіберіппін... Бұған не дейсің қызым?

– Сонда да өте жақсы түс екен. Бірақ, Сіз түске сенбеуші едіңіз ғой...

Қызының бұл сөзіне Қаныш ағамыз: Сонда да өте жеңілейіп қалдым. Жақында үйге қайтатын шығармыз. Сен ертең Мәскеу базарларына барып жеміс-жидек алып келші, деп тапсырма береді. Бірақ, ұлы ғалымға туған жерінің кәусар ауасын құшырлана жұту жазбапты. Ертесіне қызы Мейіз неге екені белгісіз жеміс-жидек алуға бармай бірден ауруханаға барады... 1964 жылдың 31 күні академик Қ.Сәтбаев көз жұмды.

Әбділда Тәжібайұлы «Есімдегілер» кітабында ақын Қасым Аманжолұлына көрген түсі туралы баяндаған хатын келтіріпті:

«Қасымжан! «Жан» дегенім жанымның сөзі. Осында келгелі бір мезгіл ойымнан шыққан жоқсың. Кейде жүдеу көрінсең, кейде әжептеуір болып онағандай, өлең бастағалы отырғандай көрінесің. Сені бірнеше рет түсімде көрдім. Ойлағанымдайсың. Бірде жүдеулеу, бірде көңілді боп жүресің. Осының бәрі сенің сырқаттығыңа байланысты сезінулер болу керек. Сарадан (Ә.Тәжібайұлының өзінің жұбайын айтып отыр – Б.О.) екі-үш рет сұрап ем: «Бір қалпы, өзің көргендей», дегенді айтты. Илаһим, тәуір бол. Бойындағы, ойындағы жалынды күштер шипаң болсын, панаң болсын. Талай тың жырды кесел құрсаулап жатқаны көбіміз үшін күйінішті нәрсе. Ештен де кеш жақсы, айығып кетсең, булыққан үндер, іркілген сөздер төгіліп-төгіліп кетер, кідірген мерзімнің олқы жері тез-ақ толығыр. Тек сонымен сүйсінетін болайық.

Ағаң Әбділда. 4.12.1956.»

Хат мәтінінен кейін ақын былай деп жазыпты: «Мен ертемен Мәскеуге сабаққа келісімен алдымен әдет бойынша хат-хабар іздедім. Қасым қайтыс болды деген телеграмма алдым. Сондағы жіберілмей қалған хатты бүгін қайта ашып отырмын. Мүмкін бұ да керек шығар деп осында қостым».

Әбділда Тәжібайұлы түске сенген. Бірде ол ғалым інісі Құлбек Ергөбекке: «Түс көрдім, 124 жасқа келеді екенмін деймін. Соны өзім өтініп 113 жасқа түсірттім. Қолжазбамды ақтарып шықтым. Ешқайда жарияланбаған 73000 жол өлеңім бар екен. Соны көшіріп дайындауым керек, деп айтқан». Ұлы абыздың бұл түсін Құлбек Ергөбек 2004 жылы «Егемен Қазақстан» газеті арқылы халыққа жеткізді.

2012 жылы жарық көрген «Астана» журналында атакты «Теміртау» атты көркем шығарма жазған **Зейін Шашкиннің** ауруханада соңғы рет тілдескенде жұбайына айтқан түсі туралы жазылған: «**Әңгіме жазайын деп отырмын. О дүние жайында. Менің о дүниеге қалай барғаным, мені комиссия қалай қабылдағаны жөнінде түс көрдім. Соны жазамын. Дөңгелек үстел. Жағалай таныс адамдар отыр. Үстелдің бір жағында шоқша сақалды Абай да көрінеді. Михаил Ломоносов комиссияның төрағасы. Менен бұрын Айқын Нұрқатовты тергеп жатыр екен. Мен шеткерірек барып, тізе бүктім. Ломоносов орнынан тұрды да: «Айқын, сен неге ерте келдің? Шашкин сенен үлкен» деді. Сонда Айқын былай деді: «Мен автомобиль қақтығысына ұшырадым». Жазушы осыны айтады да, жүзін тез бұрып әкетіп «Сағат екі жарым болып қалды. Сен тезірек үйге қайт, Гүлжанның қарны ашып қалды» дейді. Жазушының жұбайы ертесіне таңертең ауруханаға бармақ болып, табалдырықты аттай бергенде, үйге беттеп келе жатқан бір топ жазушыны көреді. Олар З.Шашкиннің қайтыс болғанын естіруге келе жатты.**

Қазақтың тағы бір ақиық ақыны **Иса Байзақов** көз жұмарынан бір күн бұрын досы Қалижан Бекқожинге көрген түсін былай баяндап беріпті:

– Қалижан, түнде түсімде мен баяғы Рамазан сыйлаған ақбоз атқа мініп аспанда құйғытып жүрмін. Бұл жазылатыныма аян, – дейді Қуаң сәби сенімділік білдіріп.

«Қара машина» атты өлең жазғаны үшін университеттен қуылып 1991 ж, 31 шілде күні 31 жасында көз жұмған ұлы ақын **Бауыржан Үсенұлы:**

Иштен тынып құр күйіктен,

Талайлар жүр соры қайнап.

Түсімде ылғи бір биіктен,

Желбірейді Бөрі байрақ... – деп жазған өлең жолдары көп жылдардан соң 2011 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды.

Адамзаттың табиғи болмысын зерттеумен айналысқан ғалымдар түс туралы түрлі тұжырымдар жасағанымен түске сенуге бола ма жоқ па деген сұрақ әлі де көптеген адамдарды мазалауда. Әрі бұл сұраққа

таяуда жауап берілуі де екіталай. Бірақ, иә бірақ...

– Осы мен де түске сенетін болып барамын, – депті ақын **Қасым Аманжолұлы** досы Жайық Бектұрұлына...

Қасымдай жыр алыбымен пікір таластыру қиын-ақ.

Ұлылар да көзіне жас алады

Шетелге делегацияны басқарып кетіп бара жатқан кезінде Мәскеуде Шәкен Аймановпен бірге болады. «Шетелге кетіп бара жатырмын. Қандай сый алып келейін?», – дегенінде, Шәкен «зажигалка алып кел» депті. Бірақ, Димекен шетелден келсе, Шәкен қаза тауып кетіпті. Сол кезде көзіне жас алып тұрып «Айналайын, Шәкеннің бір өтініші еді, мына оттықты саған берейін, кейін мұражайына қоярсың» деп Асанәліге беріпті. Журнал «Жұлдыздар отбасы» №20, 2008. 19-бет. Серік Әбдірайымұлы, жазушы, Дінмұхаммед Қонаев атындағы қордың президенті. «Димекен пенделіктен жоғары тұрушы еді». Сұхбаттасқан Жарылқап Қалыбай.

Өмірді жарыс деп түсінген әр адамның арманы әр басқа. Анаған қолым жетсе, мынаған қолым жетсе, мынадан кем болмасам, ана біреуден асып түссем, деген күйбең тіршілікпен өмір өте береді. Осы асығыстық адамды бір сәт бұл өмірдің мәні не деген сұраққа жауап іздеуге шама-сын келтірмейтін де сияқты. Адам болып жаратылған соң қуаныш та қайғы да қатар жүреді. Адамға құлу де, жылау да тән. Бұл фәни дүниеде көз жасын төгудің де себептері жеткілікті. Пенде болған соң қуанса да жылайды, әсіресе бірін-бірі жоғалтып қайғырса да көзіне ерік береді.

Кейбіреулер белгілі, атакты адамдардың өмірі керемет, олар не ішем, не жеймін демейді, көңілі тоқ, көйлегі көк деп ойлайды. Оларға қызығады, қызғанады... Солардай өмір сүрсек дейді. Бірақ, иә бірақ... Бұл дүние адамдарды ұлықсың немесе кішіксің деп бөлмейді. Кезі келсе күлдіреді, керек болса жылата да алады.

Бүкіл түркі (*түрік емес* – **Б.О.**) әлеміне көсем бола білген ойшыл, саясаткер Мұстафа Шоқайға анасы төрт жасында оқу мен жазуды үйретеді. Ал, домбыра тартуды бала Мұстафа бес жасынан бастап үйрене бастаған. Кейінтуғанелі Қазақстандағы саяси заман дүрбелеңі оны шет елге кетуге мәжбүр етті. 1922 жылы **Мұстафа Шоқай** жұбайы Мәриямен Францияның бір этнографиялық мұражайына барады. Сол жерде қазақтың қара домбырасын көрген Мұстафа Шоқай қатқан қазықтай боп тұрып қалады. Біраздан

соң бойын жинап мұражай қызметкерінен «домбыраны қолға ұстап көруге бола ма», деп рұқсат сұрайды. Бабаларының көне аспабына қолдары тигенде жүрегі алып ұшып, кішкентай сәбиді құшағына алғандай күй кешеді. Домбыраның құлағын бұрап келтіріп, қазақтың әдемі де әуенді бір күйін тартады. **Күй шертіліп болған соң домбыраны жәй ғана аса бір ыждахаттылықпен орнына апарып қояды. Дәл осы сәттерде туған жері есіне түскен Мұстафа Шоқайдың жанарлары жасқа толып кеткен. Қазақтың елім деген ері, Мұстафа Шоқайдың жаны осындай нәзік екені жұбайы Мәрияның «Ножаннан хат жазып отырмын» атты естелігінде жазылған. Бұған дейін және бұдан кейін мен жұбайымның бұндай қобалжығанын көрген емеспін, дейді Мәрия апайымыз.**

Бұл өмір ешкімді де аямайды. Небір қиыншылықтарды алға тартады. **Кенен Әзірбайұлы** басынан өткен қиыншылық туралы ақынның қызы Төрткен апамыз «Кенен ата» естелік кітабында жазған. Ақынды 1928 жылы қырғыз достары шақырып кетеді. Сол кездері бірінен соң бірі екі ұлы, үш жарым жасар Базар мен бір жарым жасар Назар қайтыс болады. Ол кезде жеделхат жазып, шақырып ала қоятын жағдай жоқ, жұбайы Нәсиха мен туған-туысқандары жылай-жылай балаларды жерлейді. Кенен келгенде болған жағдайға сенерін де, сенбесін де білмейді. Басын ойға да, қырға да ұрып, не істеп, не қоярын білмей домбырасын қиратып, балалары жатқан бейіт басына қайта-қайта барып айқайлап жоқтап жылайды. Туыстары ақынды жынданып ауырып кетер ме екен, деп қатты уайымдайды. Базар мен Назарға дейін Болысбек, Тұрсын деген сәби ұлдарынан айрылған Кенен үйінен шығуды қойып қатты ауырады.

Ақынның жұбайы Нәсиха бұл қайғылы күндерді былай деп еске алады: Күндіз анау-мынау үй тіршілігімен айналысып білінбегенімен, түн баласы ұйқы безіп жылай береміз. «Біз бұл құдайға не жаздық, неден мұнша сормандай болдық» — деп басымыз қосыла еңірегенде етегіміз толады. Екеуміздің сол зарымыз ән болып төгіліп, өлең болып өрілді емес пе? Бір күні үйінің алдында отырған ақын егіз лағынан айрылған сорлы ақ ешкінің безілдеп жүргенін көріп, сен де мен сияқты балаларыңнан мезгілсіз айрылған бейбақ екенсің-ау деп шырқап қоя береді:

*Зарланасың ақ ешкі лағыңа;
Емшегіңнен емізген шырағыңа.
Кел, екеуміз қосылып бір жылайық,
Жетер ме екен құдайдың құлағына...* — деп басталатын «Базарым-ай, Назарым-ай» деген атақты әні осылай пайда болған еді.

Міржақып Дулатұлының қызы Гүлнәр Міржақыпқызы 1994 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған естелігінде атақты әнші, Францияға барып ән салған күміс көмей **Әміре Қашаубайұлы** туралы былай деп жазды: «Бір күні кешке таман (өлерінен үш күн бұрын) Әміре сап-сау қалпында біздің үйге келді, отырған мені көріп: «Гая-ау, (М.Дулатұлының жұбайы *Ғайнижамалды көпшілік осылай атаған — Б.О.*) Гүлнәріміз бой жетіп қалыпты ғой, қайран Жақаң (*Міржақып Дулатұлын жасыңдары жақсы көріп осылай атаған*) баласының қызығын көре алмай жүруі — қандай обал, қиянат» деп ағыл-тегіл жылағаны көз алдымнан кетпейді. Менің ағаны ақырғы рет көруім екен, бұл — 1934 жыл болатын».

Жүз жасаған **Жамбыл** ақынның жүрегі де сезімтал болғаны белгілі. Ақынның хатшысы болған Ғали Орманов 1940 жылдың 15 мамырында күнделігіне былай деп жазыпты: «Ақын бұлтпен араласып тұрған Алматы тауларының басын көрінді. Жәкең киініп, терезе алдында отыр. Көзі Алатауда. Жәкең қатты босады. Көзіне жас алып, ағыл-тегіл жылайды. — Неге жылайсыз? — Токсан жаста туған топырағыңды көргенде қалай егілмейсің?!

Алматы. Жазушылар, қала халқы түгел қарсы алды. Жәкең тағы жылады». Ғ.Орманов күнделігіндегі бес күннен кейінгі жазу: «Жәкеңнің сүйікті адамдарының бірі **Кенен Әзірбайұлы** ауруханаға келді. Жәкең дереу басын көтеріп, амандасуға әлі келмей, еңкілдеп жылап жіберді.

— Өліп тірілдім, шырағым. Сол науқастың қатаң күнінде де есімнен сен кетпедің. Көрмеймін ғой деп едім. Көрдім, шырағым. Бәріңе рахмет!»

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кез. Бірде Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Әбділда Тәжібаевты шақырып «Правда» газетінен телефон соғылды, редактор Ленинградтықтарға арналған, жеңіске шақырған өлеңді Жамбылдан сұрайды дейді. Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Марк Тарловский деген ақындар жолға

шығады. Барған соң ақынға қоршаудағы қаланың жағдайын айтады. «Жәкең оң қолын созып, саусағын жыбырлатады. Бұл оның домбырасын сұрағаны екен. Біз дереу домбырасын ұстата қойдық, деп еске алады Әбділда Тәжібаев.

– Бір қаланың миллион халқы тас-түйін боп түйілген. Өлуге бар, жеңілуге жоқ екен ғой, шіркіндер, – деді Жамбыл өзімен өзі тілдескендей, – Ел деп осыларды айт, ер деп осыларды айт! – деді бізге қарап, біз Жамбылдың кәрі көзінен шүпілдеген жас көрдік. Түнде туған ғажап жыр, ертеңіне орысша аударылып телеграфпен Москваға жөнелтілді. 1941 жыл, 5 қыркүйекте Марк Тарловский аударған даңқты жыр «Ленинградцы – дети мои» деген атпен «Правдаға» шықты. Жамбыл жыры басылған мыңдаған плакаттар қоршаудағы Ленинград көшелерінде, алаңдарында ілулі тұрды. Жыршының көзіне жас алып шығарған өлеңі жау қоршауында қалған ленинградтықтардың көзіне жас келтірді. Қаланы қорғаушылардың бірі жазушы-драматург В.Вишневский: «**Біз бұл өлеңді көзімізге жас алмай, қуанышқа бөленбей, тебірене толқымай оқи алмаушы едік**» дейді.

Белгілі жазушы Герольд Бельгер «Із кесуші» атты кітабында **Мұхтар Әуезұлымен** жақын таныс болған бір қарт жазушының мынадай бір таңқаларлық әңгімесін келтірген: Бірде, соғыстың соңғы жылдары болуы керек, жаздың қас қарайған шағында, ол Мұхтар Әуезұлының Опера театрының маңындағы Калинин көшесіндегі үйіне бет алады. Есік ашық екен, бірақ, қоңырау шалғанына ешкім шықпайды, бөлмелерде жарық жоқ, қараңғы. **Қобалжыған қонақ жәй ғана үйге кіріп ешкім жоқ бөлмелер арқылы балконға өтеді де не істерін білмей тұрып қалады. М.Әуезұлы тауға қарап үн-түнсіз егіліп жылап тұр екен. Ұлы жазушының бетін көз жасы жуып кетіпті. Жазушының бұнысын көрген әлгі кісі не бұрылып кетерін не сәл жөткірініп өзінің келгенін білдіре алмай ыңғайсыз күй кешеді. Бұл ауыр да ыңғайсыз жағдай қаншаға созылғаны белгісіз. Бір сәтте ұлы жазушы, бір нәрсе есіне түскендей бұрылып келген қонағын көзі шалып: «Ә-э... бұл сенбісің?.. Төрлет...» деп қолымен бетін сүртіп, өзінің жұрт білетін қалыпты кейпіне енеді...**

Атақты жазушы неге жылады? Елім деп өмір сүрген дара тұлға өте бір қиын ғұмыр кешкенін біреу білсе, біреу біле бермейді.

Кезінде М.Әуезұлын Кеңес өкіметі екі жыл түрмеде қамаған. Өзін босатқаннан кейін туған ағасын тұтқындап көп жылдар бойы: «Інің Мұхтарды ұлтшыл деп айт, қағазға қол қой» деп әбден қинаған. Ұлы жазушының көзіне жас алуының бір себебі осы.

2011 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген жазушы Әмірхан Абділлиннің «Ахаң ән арнаған Іңкәр кім?» атты мақаласында жазушы **Сәбит Мұқанұлының** көңілінің босаған бір сәтін былай бейнелеген:

*Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты,
Сөзі бар алуа, шекер, балдан тәтті.
Адамның өзін көрген абзалы екен,
Айттайын өлең қылып перизатты...*

Ахаңның – Ахмет Байтұрсыновтың «Аққұм» әні осылай басталады. Сырбай Мәуленовпен бірге болған Торғай сапарында Сәбит осы әнді ерекше елжірей тындаған еді. Көзіне жас ала отырып «Жарықтық, бұл Ахаңның әні ғой. Мына Ақкөл бойы Ахаңның туған жері», – дегені бар. Ол кезең Ахаң, Жақан, Мағжан, Жүсіпбектердің әлі де ақталмаған шағы да. Сонда да, Сәбегінің батылы жетіп солай деді, шындықты айтты.

Қазақтың даңқты бишісі **Шара Жиенқұлқызы** Қостанай, Ақмола, Қызылжар жаққа шыққан концерттік сапарында атақты «Дудар-ай» әнін айтып бүкіл қазақ еліне белгілі болған Мәриям Жагорқызы туралы «Мәриям апай әлі бақуат, балаларының қолында тұрып жатыр» деп есітіп, жолыққысы келеді. Ақмола басшылығы Шарадай ұлы бишінің айтқанын екі етпейді. Сахнаға шығар алдында Ш.Жиенқұлқызы:

– Бүгінгі концертімді ардақты апамыз Мәриям Жагорқызына арнаймын, деп атақты әнді шырқап, ара-арасында билеп, екі ғашықтың жүрек түбінен тебіренген толқынысын бейнелейді. Қарасам, деп еске алады Шара Жиенқұлқызы «Өмірім менің – өнерім» кітабында, апамыз жылап кимешегінің ұшымен көзін сүртіп отыр екен. Алдына барып сәлем бердім, халық толқып кеткендей. Жұрттың кигізген шапаны бар еді, соны иығына жаптым. Өзін сахнаға алып шықтым.

Жасы келген М.Жагорқызы бәсең даусымен өзінің атын шығарған әнді айтып болған соң өнерлі қызы Шараға қолындағы күміс білезігін сыйға тартыпты.

Қазақ биінің ұлы білгірі Шара Жиенқұлқызының өмірінде де көзіне жас алған кездері аз болмаған. Бір күні ел басшылығы

бишіні Өзбекстанға атақты би майталманы Тамара ханумнан өзбек биін үйреніп келуге бір айға жібереді. Тамара ханум «Қазақ досым» деп дастархан жайып жақсы қарсы алғанмен би үйрете қоймайды. Күнде қонақ, бірінен соң бірі шақырады, әсерлі әңгімелер, күлкілі көңілді дастархан жалғаса береді. Бұл аз болғандай Тамара ханум бір күні бір жаққа кетіп қалады. Амалы таусылған Шара Жиенқұлқызы көз жасын көл етіп қонақүйде жылап отырса өзбектің белгілі биші қызы Мұкарама Тұрғынбайқызы келіп қалады.

– О нема, неге қапа бүліп отырыпсыз? – деп сұрап жағдайды білген соң үйіне, ертіп апарып би үйреткен екен.

XX ғасырдағы қазақ поэзиясының анасы **Мәриям Хакімжанова** 1950 жылы Невель қаласына Ұлы Отан соғысының батыры Мәншүк Мәметованың жатқан жеріне сапар шегеді. Қызы Нұржамал Серғалиқызы Бермұхамедова екеуі тамыздың 14-күні ойлаған жеріне жетеді. Ақынның қызы күнделігінде былай деп жазған: «Мәншүктің зиратына бардық. Зират Невель қаласының жүрегіне орналасқан екен, өзін өте әдемілеп салған. Айналасы қоршау, қоршаудың іші толған гүл. Кіре бергенде сұр цементтен құйылған бірнеше ескерткішті көрдік. Соның ең біріншісі біздің Мәншүк екен. Көрісімен анам көзінің жасын домалатқан күйінде сұр тасты сүйіп құшақтап: «Қарағым-ай, жатқан жерің торқа болсын, қия шеттен іздеп келген апана тым болмаса басынды бір көтермейсің ғой» деп біраз тұрды. Сол кезде менің де жүрегім елжірей жылап жібердім».

Қанша ұлы болса да бейбіт мамандық иелерінің көзіне жас алғанына көпшілік түсіністікпен қарар. Бірақ, жүрек пен сезім жаумен не өмір не өлім деп шайқасқан батырлар да бар. Бірде батыр-партизан **Қасым Қайсенұлы** ақын Жұмағали Саиннің үйіне барса, бір кісі домбыра шертіп отыр екен. **Жұмағали Саин** екі Қасымды, ақын **Қасым Аманжолұлы** мен партизан **Қасым Қайсенұлы**н таныстырады. Қасым Қайсенұлы бұл туралы «Ағалар туралы аңыз» атты естелік кітабында былай еске алады: Біраздан соң аға маған қарады да: Жұмағали екеуіміз ұзақ сонар әңгімеге кірісіп, аттас отырып қалды ғой, домбыра шертіп берейін, – деп домбырасын қолына алды. «Домбыра шертіп берейін» деген соң күй шертетін шығар деп қалдым.

Домбыраның күйіне келтіріп алған кезде ақын аға мүлде өзгеріп кетті. Домбыра ішегін екілене қағып жіберіп, әнге басты. Жарықшақтанып шығатын даусы небір жүрек тебірентер сөздерге толы өлең шумақтарын төгіп отыр. Біз ұйып тыңдап отырмыз. «Оралым, менің Оралым», «Дариға сол қызды» бірінен соң бірін айтып, аз кем тынды да, есіне майдандас достарын түсірді. Абдолла сияқты батырлар жаумен арыстандай алысып, туған жерден жырақта сүйегі қалғанын қабырғасы қайыса отырып айтып «Туған жерге» басқанда:

*О, дариға, алтын бесік туған жер,
Қадіріңді білмей келсем кеше гөр!* – деп барып:

*Сенде туып, сенде өсіп, сенде өлсем,
Арманым жоқ, бұл дүниеде дер едім!* – деген жеріне келгенде ары қарай шыдап отыру қиынға соқты. Егіліп кеттім. Көз жасымды жасыруға төмен қарадым. Көзімнің астымен екі ақынға қарасам, олар да оңып отырған жоқ екен, көздеріне жас толып кетіпті. Бір-бірімізге қарап, көңіл күйімізді үнсіз отырып түсіністік.

Майдан даласында жаудан қаймықпаған батырлар кейде қолынан келер шара болмаған кезде көз жасына ерік береді екен. Желтоқсан көтерілісінен кейін бір күні ақын, желтоқсан оқиғасына байланысты мемлекеттік комиссияның төрағасы Қадір Мырзаәліге **Қасым Қайсенұлы** телефон шалып кездескісі келетінін айтады. Қ.Мырзаәлі «Иірім» кітабында осы кездесу барысын былайша баяндаған: Ол мені Жазушылар одағында күтетін болды. Сол уәделі жерде кездестік. Оңаша бөлмелердің бірінде отырып сөйлестік. Әңгіме басталар басталмастан ағамыздың еңкілдеп тұрып жыламасы бар ма! Неге? Не үшін? Не болып қалды? Түсінсем бұйырмасын!

– Қасеке! Қасеке! – дей беремін. – Сабыр! Сабыр! Не болып қалды! – дедім не істерге білмей.

– Аямады ғой, аямады! Шырқыратып сабады ғой жастарды! Көрдім! Өз көзіммен көрдім! Бәрін де көрдім! Бірақ, дәрмен жоқ. Түк істей алмадым. Өйткен партизандығы құрысын! Фашистердің өзі қорлай алмап еді! Қорлатпап едік! Бұлар қорлады!

– Біз бере алмасақ та, жазасын Құдай берер! Сабыр етіңіз, Қасеке! – деп жұбаттым.

Қасекең өксіп-өксіп алды да кілт тоқтады. Содан кейін: – Осыны айтайын деп келдім. Ал, қош бол, бауырым! – деп шығып кетті.



Еділ ЖАНБЫРШИН,
Ақтау қаласының әкімі

«Ақтау ауылынан Ақтау қаласына дейін...»

«Елу жылда ел – жаңа, жүз жылда – қазан», – деген екен дана қазақ. Бұл сөздің мағынасы әрине, кең, бірақ тобықтай түйіні: елу жылда жаңа ұрпақ ауысып, жаңа заман келеді дегенге саяды. Соның бір айқын да, анық көрінісі, өзіміз куә болып отырған түлеген түбектің ақмаржан қаласы – Ақтаудың тарихы, тыныс-тіршілігі. Құрылғанына биыл 50 жыл толып отырған қаланың «іргесін қымтап, керегесін кеңіте» түскен әр «қадамына» өзіміз куәміз. Осы орайда Маңғыстау облысының 40 жылдығы, Ақтау қаласының 50 жылдығының қарсаңында қаланың қазіргі басшысы Еділ Терекбайұлы Жаңбыршинмен аз-кем әңгіме-дүкен құрдық.

– Еділ Терекбайұлы, қазақтың ақиық ақыны Мұқағали ақын «Өмір» деген өлеңінде: «жүрмегендей, сүрмегендей сенде біз» деп, жүрген ізінде тұтас бір ғұмыр, таусылмас тарих жатқанын сыр ғып айтқан екен. Рас-ау, Ақтау қаласының тарихына көз жүгіртіп көріңіз, ақын сөзіне іштей келісіп, тарих беттерін өзіңіз де ойша парақтай кетесіз... Сіз өзіңіз де осы Маңғыстауда туып өстіңіз, ата-бабаңыздың кіндік қаны тамған жер. Әңгімемізді тарихтан бастасақ, ертедегі Ақтау ауылы, қалай Ақтау қаласына айналды? Осыны өзіңіз айтып берсеңіз.

– Дұрыс айтасыз, Ақтау ауылынан Ақтау қаласына айналған бұл қаламыздың тарихын ауыз толтырып айтуға болады. 1961-1964 жылдары қала Ақтау поселкесі деп аталды. Одан бергі уақытта ХІХ ғасырдың ортасында Қазақстанға жер аударылған украин ақыны Тарас Шевченконың құрметіне Шевченко қаласы деп өзгертілді. Ал 1991 жылдан бері қазіргі атауымен аталады.

Ақтау – өнеркәсіптік қала. Өнеркәсіп қаласының құрылуына Кеңес одағы басшылығының, сол кездегі министр Е. П.

Славскийдің басқаруымен елдің ядролық қалқанын жасау туралы шешімі әсер етті. Нәтижесінде уран кенін өндіру, оны өңдеу және байыту сияқты амалдарды орындай алатын ерекше кешен құрылды.

Қаланың бас жоспары 1968 жылы бекітілді. Жобалау құрылыс істерінің архитекторы А. В. Коротковтың басшылығымен жүргізілді. Ал, Ақтау қаласының архитектуралық ансамбілін жасаушы сәулетшілер, конструкторлар мен құрылысшылар тобына Лениндік (1966 ж.), КСРО Мемлекеттік (1977 ж.) сыйлықтары, қатал табиғат жағдайында адамдар тұрағын әсем көгалдандырғаны және сумен қамтамасыз еткені үшін Халықаралық архитекторлар одағының алтын медалі мен Патрик Акберкомби атындағы сыйлық (1975 ж.) берілді.

– Еділ Терекбайұлы, 1991 жылы аңсаған Азаттыққа қол жетіп, Тәуелсіз ел атандық. Кеңес одағының ыдырауына байланысты кешегі кеңестік елдерінің бір-біріне байлаулы экономикасы құлдырап, ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай орнады. Біздің қаламыз да бұл қиындықтарды бастан кешті. Зауыттар жабылып, өндіріс тоқтады, балабақшалар жабылды, бюджет тапшылығы байқалды. Мұның өзі халықтың ертеңгі күнге деген сенімінен айырды. Осы тығырықтан Ақтау қалай шықты?

– Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясаты қысқа уақытта ел экономикасын жаңа жолға қойды. Жаңадан сыртқы саяси және аймақтық байланыстар қалпына келтірілді. Мемлекетпен бірге атауы қайтарылған Ақтау қаласы да түлеп қайта жаңғырды. Қала Тәуелсіз Қазақстанның теңіз қақпасына айналды. «Ақтау теңіз порты арнайы экономикалық аймағында» инновациялық зауыттар, цехтар, мектептер мен балабақшалар, заманауи тұрғын үй кешендері салынды, мұнай-газ секторы дамыды, кәсіпкерлік қауымдастығы жетіліп, қаланың барлық саласын өркендетуге атсалысты.

Ақтау қаласы ХХІ ғасырдың басында өз дамуының екінші кезеңін бастады. Оған дәлел жетерлік. Ақтау — бүгінде аймағымыздың орталығы, еліміздегі болашағы зор қалаларының бірі. Бұл күнде Ақтау Мұнайлы ауданымен бірге, 300 мың тұрғыны бар Ақтау агломерациясын құрайды.

Еліміздің теңізге шығар қақпасы саналатын Ақтау қаласы болашақта халықаралық ірі логистика кешені мен туризм және іскерлік байланыс орталығына айналмақ.

— Қала халқы жылдан жылға өсіп келеді, бұл орайда тұрғын үй мәселесін шешу қалай жүзеге асуда?

— Баспана — кез келген адамның бірінші ретгі қажеттілігі. Баспананың қадірін пәтерден-пәтерге ауысып, жалға төленетін ақыға жұмыс істеп, бір ай бойы төккен маңдай терін пәтеракыға төлегендерден артық білетін жан болмас.

2013 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша 4500-ден аса адам мемлекеттік тұрғын-үй қорынан баспана алуға кезекте тұр.

Тұрғын үйге деген сұраныс күннен күнге артып келеді, ал, оның бағалары қол жетімді деп айта алмаймыз. Бұл ретте ел Үкіметі бірқатар игі жұмыстарға мұрындық болып келеді. Соның бірі — «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы. Бағдарламаның 9 бағыты бар. Оның бірінші бағыты осы жергілікті атқару органдарында кезекте тұрған азаматтарды бір шаршы метрінің бағасы 80000 теңгеден аспайтын баспанамен қамту. Халықтың бұл категориясы үшін алдағы үш жылда шамамен 18 мың шаршы метр немесе үш 100 пәтерлік тұрғын үйді қолданысқа беру жоспарланып отыр.



2013 жылы 32 Б ықшамауданындағы 100 пәтерлі шағын отбасылар үшін тұрғын үй мен балаларға арналған шағын орталық қолданысқа беріледі. «Тұрғын үй жинақ банкі» арқылы несиеге берілетін үйлердің құрылысы «Аққу» шағын ауданында екі кезеңде жүзеге асырылмақ. Осыған орай келесі жылы 25 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысы аяқталуы тиіс.

Ақтау қаласында үй бөлудің айнала-сында жағымсыз пікірлер көп айтылады, маған қабылдауға келген азаматтар осы мәселеге «нүкте» қоюды сұрайды. Осыған орай, ендігі жерде барлық пәтерлерді бөлу жария, ашық түрде іске асырылатын болады. Қызмет бабына келген күннен бастап алғашқы тапсырмаларымыздың бірі де коммуналдық тұрғын үй қорына инвентаризация жүргізу болды. Нәтижесінде, ағымдағы жылы Ұлы Отан соғысының үш ардагері баспанамен қамтамасыз етілді.

Ақтаудың 2035 жылға дейін бекітілген бас жоспарына сәйкес қаладағы құрылыстың барлығы солтүстік-батысқа қарай дамитын болады. Жаңа 19 шағын аудан құрылысы жоспарлануда. *Оның ішінде 10 шағын аудан тыныш, жайлы орындарда орналасатын болады. 5 шағын аудан бойынша есжеі-тегжеілі жобалау жоспары (ПДП) жасалған, 6 шағын аудан жасақталу үстінде, 8 шағын ауданға қаражат қарастырылған.*

Бұл жұмыстарға бюджеттен қомақты қаржы бөлінген, бірақ оларды тиімді жүзеге асыру үшін алдымен бой көтеретін тұрғын үйлерді орналастыратын жер және тиісті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселелерін шешуіміз керек болды. Осыған орай, жаңа шағын аудандарды жылу, су, электр, газ желілерімен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.

– **Бәрекелді, Еділ Терекбайұлы, өмір бір арнада тұрмайды дегендей қазір барлығы жедел даму үстінде. Ақтауды салыстырмалы түрде «жас қала» деп есептесек, жас қаланың жаңа заман ағымына қарай жаңаша дамуын айта отырсаңыз, қаланы жаңартуда инновациялық өзгерістер бар ма?**

– Болашақта қала мен оның өндірістерін электр қуатымен толыққанды қамтамасыз ету үшін энергия үнемдеу технологиясына көшу және шаһардың ескі электр жүйелерін кезең-кезеңмен модернизациялау қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ел экономикасын электр қуатын үнемді пайдалану технологиясына көшіру қажеттігі жөніндегі тапсырмасын, «Энергия үнемдеу және энергия

тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын жүзеге асыру мақсатында, Ақтау қаласының әкімдігі мен «Олимп Юнион» ЖШС арасында әріптестік туралы Меморандумға қол қойылды. Аталған Меморандумда иелік ету субъектілерінің энергия үнемдеу технологиясына өтуі мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында жұмысы анықталған.

Сонымен қатар, қазіргі таңда Ақтау қаласы Қазақстанда алғашқы болып толықтай жарықтандырудың жаңа жүйесіне көшпек. «Телеметрия» деп аталатын қондырғының көмегімен шаһар көшелері тегіс жарықтанады. Телеметрия түгелдей іске қосылған кезде көше жарықтарынан 25-30 пайызға дейін үнемдеуге болады. Бұл қала бюджетіне айтарлықтай үнемді табыс әкеледі.

Үнемдегіш құрылғының тағы бір ерекшелігі – қалада іске қосылмай қалған немесе күйіп кеткен жарықшамдар компьютерден белгі беріп, көрсетіп тұрады. Сондай-ақ, бұлтты күндері кешен автоматты түрде жарықты қосады. Ресейлік құрылғыға кеткен шығын 2,5 жылда өз-өзін толық ақтайды.

– **Ақтау қаласында қолды болып кеткен жерлер қайтарылып, қаланың кеңеюіне жол ашылып жатыр деген әңгімені ара-тұра естіп қаламыз осыны өз аузыңыздан естісек...**

– Қала территориясында мақсатқа сай пайдаланылмайтын немесе уақтылы игерілмеген жер телімдерін мемлекетке қайтару жұмыстары қолға алынды. **2012 жылдың қыркүйек айынан бастап жалпы мемлекеттік меншікке 1464,6062 га жер қайтарылды.** Соның ішінде, Ақтау қаласының солтүстік-батыс аумағындағы «КазЭмирДеловопментАлматы» ЖШС-ның жеке меншігіне берілген 1430,00 гектар жер учаскесі бар.

2013 жылы «Базис-А» ЖШС меншігінде болған 15 шағынаудандағы жер және 1-ші шағынаудандағы «Солдатский пляж» аталып кеткен жағажайдағы жер учаскілері толық мемлекеттік меншікке қайтарылды.

Қазіргі жаһандану дәуірінде мемлекет тұрмақ, ешқандай елді-мекен томаға-тұйық дами алмайды. Осыған орай Ақтау алыс-жақын шетелдердегі бірқатар қалалармен достық қарым-қатынас орнатуда. Мысалы, Оңтүстік Корея Республикасының Чханвон қаласымен, Әзірбайжан Республикасының Сумгаит қаласымен, Иран Ислам мемлекетінің Горган қаласымен, Қытай

Халық Республикасының Қарамай қаласымен, Ресей Федерациясының Волгоград қаласымен тығыз достық қарым-қатынас, бауырластық орнату бағытында келісім жасалған.

Ақтау қаласында туризм саласын дамыту мақсатында ағымдағы жылы Қазақстан Республикасындағы Чехия Республикасының Төтенше және өкілетті Елшісі Бедржих Копецкидің қатысуымен «TREE of LIFE Kazakstan» курорттық реабилитация орталығының алғашқы іргетасын қоюға арналған салтанатты шара болып өтті. 35 млн. доллар көлемінде инвестиция тартылған 200 орындық курорттық реабилитация орталығының құрылысы әлеуметтік маңызға ие нысан болмақ. Сонымен қатар, «TREE of LIFE Kazakstan» демалыс орны ашылды. Сыйымдылығы 40 көлікке арналған автотұрағы, 2 және 3 бөлмелі жайлы үйлері, теңізге қараған VIP коттеждері, жазғы бары, шығыстық, еуропалық және ұлттық асханалы мейрамханасы қамтылған және теңіздегі түрлі ойын-сауық қызмет түрлерін ұсынатын демалыс орнында демалушыларға толық жағдай жасалған.

– Мемлекет тарапынан білім және медициналық қызмет сапасын арттыру, мәдени-қоғамдық өмірді жандандыру, спортты дамыту, халықтың әлауқатын көтеру бағытында айтарлықтай жұмыстар жасалып жатыр. Соның бірі – мектепке дейінгі балалардың мәселесін шешу. Балабақшамен қамтамасыз ету – Үкімет тарапынан аймақтарға қойылған міндет. Ақтауда бұл мәселені қалай шешіп жатырсыздар?

– Бүлдіршіндерімізді толықтай балабақшамен қамтамасыз ету – басым мақсаттардың бірі. Алдағы үш жылда 8 балабақшаны мемлекет меншігіне қайтару, 10 балабақшаның күрделі жөндеу жұмыстары, 10 шағын орталықтың ашылуы жоспарланды. Сонымен қатар, бүлдіршіндердің тәрбиесімен де жүйелі айналысуымыз керек. Оларға ойын алаңдары мен балабақша салып берумен мәселе шешілмейді. Сондықтан осы жылы 1 қыркүйек айынан бастап, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқу-әдістемелік құрал дайындалып қолданысқа енгізілді.

Сонымен қатар, әңгіменің орайы келгенде айта кетейін, келер жылы бірнеше әлеуметтік нысан іске қосылады, олардың бірі – 33-ші шағын аудандағы ҚР Тұңғыш Президентінің зияткерлік мектебі. Абай

атындағы мәдени демалыс кешеніне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Спортты дамыту бағытында да елеулі жұмыстар атқарылмақ. Қала халқын спортқа көптеп тарту үшін мектепаралық, оқу ордалары арасында және шағын аудандар арасында түрлі спорттық шараларды ұйымдастыру ойымызда бар.

Біз қаламыздағы кез-келген адамның тағдырына бейжай қарамауымыз керек. Қоқыстан тамақтанып, базарда қайыр сұрап жүрген баспанасыз адамдарды көргенде кім де болса еріксіз қынжылады. Адамдардың осылай күн кешуіне не себеп? Олардың тағдырына кім араласады, кім қорғайды? Бұл мәселені шешу үшін 100 орындық бейімдеу орталығын салу жұмыстары басталды.

Тындырылған іс те, тыңғылықты ойластырылған жоспар да жетерлік. Сізге оның бір парасын ғана айтып отырмын.

– Рахмет, Еділ Терекбайұлы. Жазушылар шаһардың бір күнгі тіршілігі, бір қалалықтың өмірі арқылы бір кітап жазып жатады, әрине, оның жанында, біз бір сұхбат аясында талай мәселені сөз еттік десек болады. Енді, қаланың болашағы туралы аз-кем баян етсеңіз.

– Бұл күнгі жасап жатқан жұмысымыздың барлығы болашақ, жас ұрпақ үшін. Бір сөзбен айтқанда болашақтағы Ақтау – бұл өндірістің жаңғыруы, туризмнің дамуы, Каспий теңізінің, транспорттық-логистикалық торабы, мәдени орталық және шығармашылық бастамалар ордасы, жастар болашағы, Қазақстанның даму нүктесі болуы тиіс.

Басты мақсатымыз – халыққа адал қызмет ету. Ол – адамдық борышымыз. Сондықтан біздің есігіміз тұрғындар үшін әрқашан ашық. Жақында іске қосқан Ақтау қаласы әкімдігінің сайты арқылы кез келген қала тұрғыны өзін толғандырып жүрген мәселе бойынша, я ұсынысы болса, тікелей жеке блогыма жаза алады. Оған міндетті түрде жауап береміз. БАҚ өкілдерімен де жүйелі жұмыстар атқарылуда, бұл бағытқа жауапты – қалалық ішкі саясат бөлімі. Тырнақ астынан кір іздеуді мақсат тұтпай, әділін айтып, өз қаласына жанашырлықпен қарайтын азаматтармен қоян-қолтық жұмыс жасауға әзірміз.

– Уақыт тауып сұхбаттасқаныңызға рахмет. Сізге де барша жақсылықты тілейміз.

Сұхбатты жүргізген
Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ.
Ақтау қаласы



Сәрсен Бек САХАБАТ,
ақын, түркітанушы,
Ресей Халықаралық Психология
ғылымдары Академиясының
мүше-корреспонденті

Айтары мол «Ақтолғай»

Роман жазудан бой қашыртатын Марқа ағам өте дұрыс істейді. Өйткені, бұл Марғасқаның мөлтек мақамына қиянат. Өз болмысын сақтау керек, бұл ерлік. Әңгіме жанры ата малымыз. Әлдекімге сырттағыға еліктеп новелла, новеллист деудің де керегі жоқ. Қазақ прозасы құлағымызға қанша құйып тастаса да біз отаршылдардан әдебиет-мәдениет үйренген дәуірден әлдеқайда ілгері атамзаманда басталған. Ауызекі аңыз әңгімелерде сақталған өз үрдісі болған. Бүгін айтылған жаңалық емес, небәрі классик жазушы һәм әдебиетші Тәкен Әлімқұлұлының жағындамыз, сол кісінің пікірін қолдаймыз. Қолдан келгенінше байытуға тырысып бағармыз.

Қысқасы, әңгіме жанры романның, хикаяттың атасы. Демек батагөйі! Әдемі әңгімеге әуес Тәкен тектіміз, Мархабат марғасқамыз, ендеше, өз ата жолында дұрыс келе жатқан қарымды қаламгерлер. Тәлімі де осы болар. Тәкен тектіміз қазақты ауылдық, қалалық деп бөле-жармайтын аталы үрдіс қалдырды. Марғасқа Махаң да ойланбай осы жолға қойып кеткен. Әдебиеттанудағы қалшиған қағида - таптық көзқарас: бай, қожа-молда мен кедей-кепшік, жұмысшы мен шаруа, асфальтта өскен бала мен қаратабан ауыл баласы ешкімге уафа әкелмеді. Өзі де жасандылыққа ұрындырмай қоймайтын кесір. Азар-безер болуымызға осы себепші!

«Ақтолғай» эссе жанрын қалай пайымдапты! Мәдени тұрғыдан, әлбетте. Авторлық көзқарас тұрғысынан, әрине. Жұрт қаласын-қаламасын біз Дала мәдениетінің өкіліміз. Алматыдай әйдік қалада туып-өскен жалғыз қаламгер Олжас Сүлейменов. Осының өзі талай нәрсені аңғартса керек. Номад дер, тіпті, түбі бір туысымыздың өзі «жалпақбас Түркі» деп миықтасын Даланың даңғайыр ділінен ажырай алмаймыз. Қанша сілкілесе де.

Киев Русі «дала» мен «орманның» күресін бастап жіберді. Батыстық мәдениетке еліктеймін деп бойын билей алмай қалды. Бұдан ең әуелі өзі опық жеді. Осыны енді-енді ғана, ептеп мойындай

Жазары көбейген жампоз жазушымыз жүрісінен жаңылмай, сұлу жорғасынан жазбапты. Жампоздың аты-жөні жәмиғатына мәшһүр майталман Мархабат Байғұт. Жанға жайлы, құлаққа жағымды есім. Ат үркітетін атақ-лауазымын тізбегеннің өзінде, осылай өзіне тән харизмасымен жылы жымимақ. Марғасқа ағамыз соңғы жылдардың бедерінде айтулы екі дүниелік жазды. Көлемі шағын қарапайымдылық қағидасынан айнымаған. Аз болғанымен саз жазылыпты. Соцреализмнің қасаң қағидасынан құтылды десек те сындағы жаңа критерий айтыла-жазыла қойған жоқ. Сын әлжуаз, ең жаманы – енжар.

«Әдебиет пәнінің періштесі» қазақ прозасында мәрсия жанрында жазылған тұңғыш еңбек. Алдыңызға сый тартылған «эсселерден кестеленген» Ақтолғай жұпары жусандай жылы мемуарлық машық. Мемуарлық жанр, әлбетте, қазақ әдебиетіне жаңалық емес. ХХ ғасырдың басындағы С.Көбеевтің «Орындалған арманы» жол салып кеткен, бұрын да болған, алда да бола бермек.

Алпысқа жасы толғанда бір қызық әңгіме айтылды. Осы Шымқалада ағамыздың ағасы «Мархабат алпысқа да келдің, енді роман жаз» деді. Өз кезегіміз жеткенде шыдай алмадық: «Марқа ағамыз роман жазбаса да өзіне тән айшықты бедерімен Қазақ прозасының тарихында лайықты орын тапқан қаламгер. Ақыл жағына келсек, ол шіркінің алпыстың белортасы отызында толып қойған» дедік. Ағамыздың ағасы сөзімізді қатты ауырлады. Мейлі дедік. Орыс мәтелінде айтылғандай «елдің бәріне ұнайтын онсомдық - червонец емеспіз».

бастады. Өйткені, Рим империясы құлаған м. V ғасырдан әргіні белден сызып тастай салу кәдімгі мәдени есерлік. Мұнымен Көшпеліні де, католик әлемін де өзіне жау тұтып мұқата алмады. «Жасурапалық» роман, герман, славян мәдениеті, міне, осындай пұшайман.

Мархабат Байғұттың ауыл мәдениеті мүлдем бөлек. Мұны жасқанбай айтуға тиістіміз. Жеріне жеткізе алсақ кәні. Жолай әрнеге бір аунап кетпей дегенім ғой. Естелікнама «Қарагерлер» бөлімімен ашылады. Мысал келтірелік: «**Жуалы асып, көсегенің көк жонын кезіп, көкпар іздеген. Билікөлдегі бөлелерін қайрапты. Балықтысу бойындағы қыстауларына біржолата қоныстанып қалған қарашекпенділерге тісін қайрапты. Қайран қайда?! Билікөліңіз бүк түскен. Бас көтерер бір жан жоқ. Жер шұқылайды бәрі.**» Еліттіру дегеніміз осы! Әдеби шеберлік те. Мархабат марғасқа социалистік совет ауылында туып-өскен, көзқарас-танымы қалыптасқан қабырғалы қаламгер. Алмағайыпта нарық заманына аяқ басқанымен өткенге елеңдейтіндей, әлденені қимайтындай. Мәселе алайда мүлдем мұнда емес. **Мархабат Байғұт социализм, нарықтан басы биік, іші мазмұнды қазақ қаламгері. Мәдениеті бөлек дей беретініміз де осы. Байғұт Мархабаттың бойында отаршылдық ала келген мәдениетке ішкі қазақы қаны тамшылаған қарсылық бар. Мұны кімнен естігеніне, есінде қалай сақтағанына, не айтқысы келгеніне, әрине, естелікнаманы оқығанда барып қанығасыз.** Елдің бір мінезі бар. «Өзін мақтаған өгіз тентек» деген сыңайда мәтелдей салмақ. Мұның шылғи дұрыс еместігіне, орайы келгенде орнымен мақтануға болатынын өзгелердің мәдени үрдісінен көріп те жүрміз. Олардан неміз кем, қай жеріміз олқы.

Махаң өзі нақында ғұмырнамалық роман жаза алмайды. Мұның айтулы екі себебі бар. **Біріншіден**, кез келген кейіпкер өзі нақында роман жаза алмайды. Өйткені, роман жанры қоғамның яғни, өзгенің көзімен тарихи кейіпкерге баға беріліп жазылатын дүниелік. Басқаны айтпағанның өзінде жаны жоқ еңбеккеш Бальзактың да өзі нақында роман жазбағанын ойланып көріңіз. Ол нақындағы ғұмырнамалық романды австриялық қаламгер Стефан Цвейг жазып шықты. **Екіншіден**, роман бір басына жанрлық ерекшелігі жетерлік әдістеме, ең бастысы ғұмырнамалық құжаттарға сүйеніп әдебиеттанудың қағидасын қағыстырып

жазылады. Мемуарға бұл есте қол емес. Өйткені, жан дүниесі көлеңкеде қалмақ, болмыс бояуын шарттылық жеңіп кетпек. Орыс әдебиетіндегі ең мықты эстет-эссеист Марина Цветаеваның ғұмырнамалығын өзі емес, сіңлісі жазып шықты. Қалай өзі ойлануға татый ма екен. Ендеше, эссе-естелікнама жанрын таңдаған марғасқа ағамыз болашақта ғұмырнамалық жазуға ниеттенер талапкерге дайын ерекше материал қалдырып отыр. Оған қалғаны - жанрлық сұрыптау мен екшеу, архив қарап әр деталын құжатпен дәлелдеп шығу.

Жалпы, Байқуат пен Байғұтты, Әсем анамызды, Қаратай Ахметовты, Жуалының желін, сүт сәулесін, өскен ортасын эссеист Марқа ағамнан артық білемін деу күпірлік, құры тыраштық. Аталмыш «Ақтолғайдың» мәдени артықшылығы, міне, осылай өріле бермек. Алдағыны болжай алмадық, әл-әзірге шартты түрде «бөлім» деп ныспылағанымыз онға тартады. Бастамасы ширақ. Аяқ алысы құмбыл. Машығы таныс, айтары – бейтаныс. Қызығушылық тудырған еліктіруі – сұрапыл. Себебі, бұл жазушы Мархабаттың таныс-бейтаныс жан дүниесі, тән – көзге таныс, жан – жұмбақ, оған жетіп жығылу оңайға яки арзанға түспейтін өнер. М. Байғұт – оқылықты автор. Оқырман өзіне ұнаған қаламгерімен жиі жарасқанды жаны қалайтын ерекше категория. Көзге түсе бермейтіні қаншама.

Эссенің әдебилігіне, мінездеме берудегі шеберлігіне бірер мысал келтіре кетейік: «**Зият пен Еркебаланың үйі кең екен. Пейілдері одан да кең. Қарлығаштай тізілген қыз-келіншектер қызығып қарайды. Көбісі орыс қыздар. «Ой, какой красивый мальчик!» – деп кезек-кезек құшақтайды. Ауруы жұғады-ау демейді.**» Орысшасы шамалы, өзі іш сүзегіне ұрынып қалған, өліп-тірілген баланың шынайы ойы. Жарасымды һәм нанымды. Қызыға бересіз. «... **жандайшап жетті жабысымен: «жеңеше, бүгінгі оқиға тістен шықпай-ақ қойсын. Сіздер де тыныш, селсебет те тыныш, жарай ма?» деді ыржиып. Шешеміз шіренгендей. Әбдікәрім байдың қызы, алты ағайынды Ахметовтердің қарындасы ғой. «Басынғанды көтере алмайтыным бар дә. Ешкімге айтпаймыз. Жарайды», – деді киікөтының иісі бүрқыраған шайды шайқай ұрттап.**» Мінездеме беру, кейіпкерінің көркін ашу – кез-келген жазушының мәртебесі, қойылатын басты талап. Бұл жағынан Марқа ағам қамшы салдырмайды. Мұнысы аздай

жанрын жазбай танығанынан бөлек өнері. **Үшіншіден**, көп айтылатын қазақарлығы. Қытайға қуып тықсаңыз да, Конгоға көгендеп қойсаңыз да, Канар аралына жер аударсаңыз да Мархабат Байғұттың жазатыны, жаны сүйсінетіні қазақы көзқарас. Көп қасиетінің ең мақтаулысы.

«Қос бұрымы тізесіне жетеғабыл жас келіншекке қырық бес жастағы Байғұттыңыз бір көргеннен ғашық болған сыңайлы. Жиырма жас үлкендігіне қарамай. Ашаршылық кезінде қап-қара боп қатып қалғанына қарамай». Бұл мәдениетті, ойлы, қазақуар жазушының тіл байлығы, жанашыр қалжыңбастығы сүйегіне сүтімен біткеніне мысал. «Стил-адам» (Боффо) деп жатамыз ғой. Нағыз машықғой. Бедер-бояулы, нұсқалы мұндай селт еткізер тұстары аз емес, сезімді шымшып сөзбен өрілген сұлулыққа сілтей салар. Сарабалды да әсте осал емес.

«Қайғы жұтқан қазақтардың күлуінен жылауы көп-ті». Марқа ағам көзімен көре қоймаса да осыны тым жиі есітіп өскен. Жадына жазып алған. Ендігі ұрпақ мұны естігінде «е!» деп есіркер, бірақ, Марқа ағамдай езіле қоймас. Арасы алшақтап кеткен. Көзімен көрген ахуалынан мүлде бөлек. Ағама айтатын бір әзілім бар еді: **«Сіз бен біз кимешекті кемпірдің тәрбиесін көргендердің соңғы тұяғымыз»** дегендей. Кінәратсыз шыным. Өйткені, кинода, тілебезерде, анда-санда мерекелік ұлттық қойылымдарда, театр сахнасында көргеніміз болмаса. Мұның бәрі арзан арт, әдемі ғана әртістік. Өйткені, кимешектің сақар сабынға жуылған ерекше иісі бұрқырамайды. «Таид» ұнтағының лимон қоспасына шая салады. Сақырдай сықырлап тұрмағасын қайдан сендіре қойсын!

Сұрапыл естелік. Сұлу естелік. Сұңғыла естелік. **«Шіркін-ай, жұрттың бәрі Марқа ағамдай жан-тәнімен беріліп жазса эссе, естеліктер неге оқылмасын»** деп қиялданып бір тамсанарсыз. Сенбілік санын күтеміз. Өйткені, озбыр отаршылдық, ашкөз ашаршылық, қуғын-сүргін жалпақ тілмен көркем кестеленген. Осының бәрі оқырманға олжа, кінәратсыз қазақ қоғамының дәуірлік дәптер беттері. Естелікнаманың айрықша ерекшелігі ретінде Түркібасы өңірінің қазақша мөлдіреген жер-су атауларын айтар едік. Құлаққа түрпідей Корниловка, Ванновка, Азатлық, т.б. сынды атаулардан бөлек, әуезі әуесінді келтіретін Белбұлақ, Көлтоған, Қызтоған, Қоғалы, Бозторғай, Көкбұлақ, Бесқасқа, т.б. Осылар арасынан ел білетін Жуалы ата-

уына ерекше тоқталғым, Марқа ағамды толықтырғым келеді. Пікір айтудың өзі де жазылған – айтылғанды құры қайталауда емес, ой жарыстыруда болса керек.

Арамыздан қыл өтпейтін тату Аян көкем бар. Мені бала пайғамбардан студент кезімнен біледі. «Лениншіл жасқа» өлеңдерімді жариялатқан жанашырым. Сағынып көрісеміз. Дастарханда қатар отырамыз. «Жуалыға» келгенде дауласа кетеміз. Ағам балуан, күрестен спорт шеберінен үміткер болған заманында. Бичурин ғұламаға сүйенетін супер ағам «Пиязтау» дейді. Қаламасам да, менің қарсы келіп қала беретінім осы. Қайтпаймыз ғой. Қасымыздағылардың зәресі қалмайды. Үндемей қалғаны жақтырмағаны ғой. Менің уәжім мынау:

– Аян көкем-ау, арақтан соң сасыған пияз, ол табылмаса жалаң жұдырығын иіскейтін орыс яки ол сүйенетін сарымсақ жеген қытай жиһанкездері тауда ғана өсетін жуаның не екенін қайдан біледі? Олардың бар білетіні – қолдан егілетін техникалық дақыл пияз. Бичурин мықты оқымысты, заты түркі болғанымен шоқынып кеткен шерменде. Шоқан Иакинф әкейді жақтай тұра ішінара сынға алатыны сондықтан. Орысшаға «Луковые горы» деп аударған, пияздан басқаны білмейтін сол Бичурин. Қытай терминінің өзі де калька, біздің жуа мен Жуалы. Мұны аз десеңіз талай жыл бойына орысшалап «Луговое» деп келгеніміз «Луковое» (жуалы), «Лисья голова» (Түлкібасы) дегеніміз Бартольд нұсқасында: «Лысая голова» (таз, жалаңаш тау басы).

Аян көкем жеңілгенін мойындағысы келмейді. Бір жақсысы жата сабамайды. Татулығын білдіріп менің алдымдағы қауын кесесінен іліп алып жейді. Мен де сөйтем. Басымыз түйісіп қалады. Осыдан соң ішкі бөлмеге қатар салынған төсекке ағалы-інілі құшақтасқан күйімізде құлай кетеміз.

Қаріпшілдік жаман дерт. Адым аштырмайды. Түркі сөздігінде «йова», «юва», бұл қыпшақ диалекті. Айналып келгенде сол жуа! Жуалының көне тарихы осылай көмескі тартпақ. Қытайдың кінәсі жоқ, түркі тілінен өз тіліне аударып калька жасап алған. Бар кінәрат жуаны танымай «Пиязтау» деп аударған орыс түркітануында.

Жуалы – картографиялық нұсқасында болмасын қытай жылнамашылардың суреттеуінде болмасын тап осы күнгі орнынан тапжылмай тұрып қалған. Тянь-Шань ұласпалы тау тізбектерінің қақ

ортасы, Талас Алатауын Алай-Памир жотасымен жалғастырып, Ферғана жазығының теріскейін қоршап жатыр. Ал, Пиязтау атауы Ферғанада, Таразда болмасын зәуі-қайым ұшыраспайды. Жуалы ешкімнің ойына кіріп-шықпайды. Транслитерацияның тәлкегі, міне, осындай!

Елеулі ер Марқа ағам Көк Түркіге, оның тілдік материалына дендеп бармағанымен қазақы жоралғыда, сірә, дес бермейді. Мұның артықшылығы сол, бізге, яғни, түркітанушыға дайын трамплин сайлап береді. **Қазақ жанын түсіну ауырға түсіп тұр. Себебі, бірнеше тарихи һәм тілдік мәдени қабаттарды ерінбей саралап шығуға мәжбүрміз. Осынау күрделі мәдени басқыштың елеулі сатысын еркін менгерген Марқа ағаммен түсінісу әлдеқайда жеңілдемек. Үйір бола кететініміз содан.**

«Қарапайым болсын!» дейді Марқа ағам қай нәрсені ақылдассам да. Қарапайымының өзі талай атанға жүк. Өйткені, «даналықтың өзі қарапайым қисынымен қымбат. «Қара» анықтаушын дұрыс пайымдасақ та : 1.көне «ғарда», ортағасырлық «қара», бүгінгі – тау. 2.көне «ариф», ортағасырлық «қара», бүгінгі - текті. Сонда, архетип мағанасында қара пайымыңыз - текті пайым, қара халық - текті халық болып оқылуға тиіс. Алайда, Қоқан, Бұқардың, отаршылдықтың мәдени экспансиясы миымызды әбден шірітіп, ақылдан алжастырып қойды. Ештен кеш жақсы. Культрагерліктен арылсақ көшіміз түзеліп кетер.

Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының 250 жылдығын жұрт дүрілдеп тойлап жатқанда «жоқ, өз еркімен емес» деп айтуға орда бұзар отыздағы жігіт Мархабат Байғұттың батылдығы жеткен екен. Көшеде яки өзін қолпаштайтын шағын ортада емес кәдімгідей салтанатты жиналыс мінберінен. Обкомда шала туылған баладай жеті ай істеген Марқа ағам мұны қалай айтты екен деп іштей сенбеуші ем. Естеліктерді оқыған соң бұл райымнан қайттым. Құлтасыз сендім. Оған себеп, Байқуат, оның қарагер жүйрігі, қарашекпендіден көрген қорлығы, жан азабы. Осының бәрін өзіне тән әңгімелеу машығымен жатық жеткерген бала Мархабаттан жампоз жазушы марғасқа Марқа ағама өсіп кемел тартқан қаламгер тағы бір шығармашылық асуды алқынбай еркін бағындырыпты.

Біз осыған қуанамыз.

Асулардан аса беріңіз.

2013-2014 жылдарғы жаһандық бәсекелестік рейтингі
World Economic Forum, 2013. The Global Competitiveness Report 2013-2014

Экономика	Жаһандық бәсекелестік индексі 2012-2013	Бағалау	Жаһандық бәсекелестік индексі 2013-2014	Орын-дардың ауысуы
	Рейтинг		Рейтинг	Тренд
Португалия	51	4.40	49	-2
Латвия	52	4.40	55	3
Оңтүстік Африка	53	4.37	52	-1
Коста Рика	54	4.35	57	3
Мексика	55	4.34	53	-2
Бразилия	56	4.33	48	-8
Болгария	57	4.31	62	5
Кипр	58	4.30	58	0
Филиппин	59	4.29	65	6
Үндістан	60	4.28	59	-1
Перу	61	4.25	61	0
Словения	62	4.25	56	-6
Венгрия	63	4.25	60	-3
Ресей	64	4.25	67	3
Шри-Ланка	65	4.22	68	3
Руанда	66	4.21	63	-3
Черногория	67	4.20	72	5
Иордания	68	4.20	64	-4
Колумбия	69	4.19	69	0
Вьетнам	70	4.18	75	5
Эквадор	71	4.18	86	15
Грузия	72	4.15	77	5
Македония	73	4.14	80	7
Ботсвана	74	4.13	79	5
Хорватия	75	4.13	81	6
Румыния	76	4.13	78	2
Марокко	77	4.11	70	-7
Словакия	78	4.10	71	-7
Армения	79	4.10	82	3
Сейшель аралдары	80	4.10	76	-4
Лаос	81	4.08	—	—
Иран	82	4.07	66	-16
Тунис	83	4.06	—	—
Украина	84	4.05	73	-11
Уругвай	85	4.05	74	-11
Гватемала	86	4.04	83	-3
Босния және Герцеговина	87	4.02	88	1
Камбоджа	88	4.01	85	-3
Молдова	89	3.94	87	-2
Намибия	90	3.93	92	2
Грекия	91	3.93	96	5
Тринидад және Тобаго	92	3.91	84	-8
Замбия	93	3.86	102	9
Ямайка	94	3.86	97	3
Албания	95	3.85	89	-6
Кения	96	3.85	106	10

(Соңы. Басы 60-бетте)



Сайлау БАЙБОСЫН,
ҚР Еңбек сіңірген мәдениет
қызметкері, Ерейментау
ауданының құрметті азаматы

ЕКІ ШЫҒАРМА – БІР ОҚИҒА

немесе «Жантай батыр» мен
«Батыр Баян» дастандары жайлы

Талай уақыттардан бері көзден таса болып келген Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастаны бертін, тоқсаныншы жылдардың басында қалың оқырманмен қайта табысты. Шағын поэмаға сюжет етіліп, сол кездегі қазақ-қалмақ соғысының бір кезеңі, батырдың өз басынан өткен трагедиялық оқиға (*тұтқынға түскен қалмақтың қызымен бірге қашып кеткен өзінің інісі Ноянды атып өлтіруі*) және Баянның өзінің Балқаш көлі маңындағы ұрыста опат болуы сөз етіледі. Кезінде Баян батыр мен оның інісі Ноянға қатысты, осы оқиғаны Илияс Есенберлиннің «Жанталас» романынан да оқығанбыз. Ілекеңнің сол уақытта бұл оқиғаны өз шығармасына деталь етіп Мағжанның «Батыр Баянынан» да алуы ғажап емес. Себебі Ілекең заманындағы адамдардың «Батыр Баянды» сонау заманда алғаш басылған кезінде-ақ оқығаны даусыз. Кейін, Мағжан ақын ақталып, «Батыр Баян» тасқа басылып, қалың елге тарады. Б. Тілеуханов қобызға қосылып дастаннан үзінді орындайтын болды. Кинофильм түсірілді. Халықтың Баян батыр тұлғасына деген қызығушылығы оянды. Бұның бәрін сөз етіп отырған себебіміз, XVIII ғасырдың абыз жырауы Үмбетей Тілеуұлының «Жантай батыр» деп аталатын дастаны бар. Бір қызығы, екі дастанға да арқау етіліп алынған Балқаш көлінің маңында болған қазақ-қалмақ ұрысы, яғни, «Шаңды жорық» атанған бір ғана оқиға. Мағжан ақын ел аузынан естіген тарихи әңгімеге ақындық қиялын жалғап, көркем дастан тұдырса, Үмбетей өзі тікелей ішінде болып, көзімен көрген оқиғаны жырлаған. Айта кететін бір жайт, ауыздан-ауызға ауысып жүріп, Үмбетей дастанының біраз стильдік өзгерістерге ұшырағаны

байқалады. Бірақ, оқиға желісі сол қалпында сақталған...

Үмбетей шау тартқан шағында Бөгенбай батырдың немересі Бапан би келіп: «**Жырау ата, бабам Бөгенбаймен жорықтас болдыңыз, сол заманнан қалған ғибратты әңгіме болса айтпайсыз ба?**» – дегенде, қарт жырау осы «**Жантай батыр**» қиссасын жырлап берген екен. Кейін дастанды Бапанның өзі де айтып жүріпті. Кезінде Үмбетей шығармашылығы жайлы біраз ізденген қаламгер, шежіреші Ғалымжан Мұқатов 1953 жылы «**Жантай батыр**» дастанын ауыл жыршысы Жылыбайдың Жұмағұлы деген адамның аузынан жазып алып, қайдан үйрендің деп сұрағанда, Жұмағұл қиссаны Төлеш деген адамнан үйренгенін айта келіп:

«Төлеш-ау, үйрендің сен мұны қайдан?», – дегенде ол ұқтым деді Атқыбайдан.

Атқыбай-Үмбетейдің шөбересі,

Қиссаны ауызымен жұртқа жайған.

Қиссаны одан бұрын Бапан айтқан,

Бапан би өз тұсында бопты жайсаң.

Қазақта белгілі гой тілдің майы,

Кей жерін кейінгілер көп ұлғайтқан», –

деп, дастанның біраз өзгеріске ұшырағанын да меңзеп өтеді. Өкінішке орай, Үмбетей шығармашылығы кезінде жете зерттелмей, бұл дастан өткен ғасырдың 40-50 жылдарына дейін ел ішінде айтылып келгенімен, тасқа басылып, қалың оқырманға тарамаған. Түбі ерейментаулық жорналшы, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен айналысқан марқұм Ғалымжан Мұқатов: «**Үмбетейдің артында 1500 жол әдеби мұра қалған**» деп жазады. Соның негізгі бөлігін құрайтын, осы «**Жантай батыр**» дастаны. Дастанды бергі заманға жеткізген Үмбетейдің өзінің шөбересі Атқыбай жырау Байкенжеұлы, оның баласы Имақан ақын, Қыпшақ Сатыбалдының Жаманқұлы, Бейсекейдің Төлеші, Жылыбайдың Жұмағұлы деген адамдар екен. Тағы бір айта кетерлігі, осы оқиғаға арнап Саккұлақ бидің немересі, белгілі ақын, талай жылдар Ерейментаудағы Қоржынкөл болысын басқарған Олжабай

Нұралыұлы да дастан жазыпты. Одан басқа сол өңірдің тағы бір жүйрігі, Олжабайдың замандасы Жадайдың Молдажаны да кезінде **«Жантай батыр»** деген бір дастан шығарған (*Бөгенбайдың ағасы Көлбайдан тарайтын Молдажан аса дарынды ақын, айтулы зергер болған кісі. Оның «Жантай батыр», «Бөгенбай батырдың бір жорығы» атты дастандары мен біраз өлеңдері ҚР Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы*). **Қолға түскен тарихи деректерді өзек етіп біз де (С.Б.)** өзімізше 2000 жылы «Ел қонған» атты дастан жазған едік. Сөйтіп, осыншама адамға шығармашылық шабыт берген **«Жантай тақырыбы»** несімен құнды, несімен қызықты деген заңды сұрақ туады. Оның себебі, біздіңше, Жантай бастаған батырлардың сол алапат шайқаста ерліктің асқан үлгісін көрсетуінде. Жантайдың азғана қолмен (*бір деректе 500 десе, енді бір деректе 80 адам делінеді*) қалың қалмаққа шабуы. Сол кездегі Ерейменді жайлап жатқан қалмақтарды он мың түтін еді дейді, бүгінге жеткен әңгімелерде. Осы он мыңның шаңырақтан, жоқ дегенде атқа мінетін үш-төрт мың сарбаз шығады десек, ол аз күш емес. Соншама жауға азғана әскермен қарсы шабуға қандай жүрек керек екенін біле беріңіздер! Дегенмен, күш тең болмаған, осы ұрыста қазақтар жағы тегіс опат болып, Жантай өзінің қос ұлы Мырзагелді, Тоқашпен ғана қалады (*Мырзагелді ол кезде отау түсірген, бесікте Жанболат атты бір ұлы бар, ал, інісі Тоқаш әлі үйленбеген, жасы он алтыда ғана екен*). Осы қиян-кескі шайқаста Жантайдың немере інілері Үйсінбай мен Найманбай, уақ Баян батыр да шаһит кешеді. Он жеті жерінен жарақат алып, әбден қансыраған Жантай бұл жерден аман шықпасын біліп, үлкен ұлы Мырзагелдіге: **«Бізге топырақ осы арадан бұйырады, білем, үшеуіміз бірдей опат болсақ, Бозымнан (қанжығалы ішіндегі бір ата) ел қондыратын адам қалмас! Садақты бір тартып, саған жол ашатын халым бар, Сарыбауыр атқа мін де, қоршауды бұзып елге қаш»,** дейді. Бірақ, атадан батыр туған Мырзагелді: **«Жоқ, әке, мен өлсем, соңымда атымды атандыратын Жанболатым бар. Әлі отау көтеріп, үй болмаған, мына, Тоқаш кетсін елге, өліп кетсе, өмірге келмегендей болады ғой!»** деп бас тартыпты. Сөйтіп, әкелі-балалы үшеуі қош айтысып, Тоқаш Сарыбауыр атпен қоршауды бұзып, шығып кетеді. Егер, Мырзагелді жанын күйтеген адам болса, тура келген ажалдан басын сауғалап, өзі кетер еді. Бірақ олай істемей, басын өлімге қиып, ұрпақсыз қалмасын деп

жолын інісі Тоқашқа ұсынады. Міне, шын ерліктің үлгісі! Қалам ұстап жүрген кез келген адамды тебіrentетін-ақ оқиға!

Жоғарыда аталған әдеби шығармалардан басқа, Жантай батыр жайлы деректер Шоқан еңбектерінде біршама айтылады. Кезінде Шыңғыс сұлтан өзінің қасында болған қыпшақ Сатыбалдының Жаманқұлы деген жыршыға **«Жантай батыр»** киссасын айтқызып, оны Шоқанға жаздыртып алып, облыстық шекара бастығы полковник М.Ладыженскийге тапсырған екен. Жантай батыр жайлы ел ішінде айтылған ескі әңгімелерді негізге алып Шоқан өзі былай деп жазады: **«...хан стоял на сборном месте, не двигаясь, он дожидался храброго батыра Баяна, несмотря на ропот других батыров. Наконец явился с 540 человеками и он предстал перед ханом. ...В это время канджигалинец Джанатай батыр (Жантай батыр – С.Б.) державший передовой караул с отрядом в 500 человек в расстойнии суточной езды, был убит калмыками. ...Когда узнал Джанатай о смерти любимого своего брата, сделал проклятие и поклялся против убиц: «Или умру, или напьюсь вашей кровью!» Велел подать лошадей, с 500 человек ворвался в ставку калмыков, их было 10 тысяч, и утонул в битве-битва была страшная, киргизы шли на смерть. Уйсинбай с распоротым животом, держа внутренности в полах своего халата, дрался и спрашивал: «А что, Джанатай батыр, с распоротым животом можно ли жить?»».**

Все пали, остался Джанатай и 8 человек и сын его Тоқыш (*Тоқаш – С.Б.*). Джанатай слез с лошади, подал ее сыну, говоря: **«Отправляйся домой, пробейся, ибо не будет человека который при случае мог бы за меня отомстить».**

Когда Абылай узнал о смерти Джанатай, плакал неутешно, говоря: **«не дававший себя точить, черный булат мой!»** (*Ч.Валиханов. 1 том. Стр. 225-226. Алматы.1961*).

Бір өкініштісі, тарихи тұлға ретінде соншама қызығушылық тудырған, қаншама әдеби шығармаларға өзек болған Жантай батыр Төлекұлын Ерейментау елі болмаса, былайғы жұрт біле бермейді. Оның басты себебі, кеңестік кезеңде тарихымыздың дұрыс зерттелмеуінен және Жантайға байланысты жоғарыдағы шығармалардың әдеби айналымға түспеуінен деп білуіміз керек. Тіпті, Жантай есімі көп уақытқа дейін Жанатай болып қате жазылып келді. Мысал, Қазақ Совет Энциклопедиясында бұрындары **«Жанатай»** болып жазылса,

кейінгі жылдары шыққан Қазақ Ұлттық Энциклопедиясында «Жантай» болып түзетілгенімен, «...батырдың сүйегі Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Жанатай ауылының жанында жатыр» деген жаңсақ дерек жүр.

1960 жылы Ғалымжан Мұқатов бастаған бір топ ерейментаулық азаматтар Жантай батыр есімінің қате жазылып жүргені жөнінде «Қазақ ССР тарихын» редакциялаған академик Әлкей Марғұланға хат жазады. Оған Әлекең төмендегідей жауап беріпті: «...Жантайдың «Қарабұжар Жанатай» болып жазылуы Шоқаннан тарады. Шоқанда тура Жанатай (соч. Чокана Валиханова под ред. Н.И. Веселовского, 1904 г. Стр. 312, 319, 320).

...Жантайды Шоқанның «Жанатай» деп жазуына себеп болған тегінде арап харпінің толық жеткізе алмауынан болуы керек. Мұны тек Жантай батырдың ұрпақтары сақтап келген қария сөзбен, тарихи әңгімелермен, жыр ұйқасымен өздеріңіз ғана дәлелдейсіздер. Сәлеммен Әлкей». Ал, енді, «Қарабұжырға» қайта оралсақ, ол Жантайдың емес, Үмбетей жыраудың лақап аты екен дейді бүгінгі ұрпақтары. Бұл жөнінде белгілі ғалым, марқұм Қайым Мұхаметханов төмендегідей пікір айтыпты: «...Қанжығалы Үмбетей жырауды Мағжан да мадақтап: «Әрі ақын, әрі батыр Қарабұжыр, айтатын өрлеп барып аспанға сыр» дейді ғой («Батыр Баянда» осындай жолдар бар – С.Б.). Сондай-ақ, Қарабұжыр деген ата Павлодар облысындағы Ақкөл-Ақтоғай өңірін жайлаған қанжығалылар ішінде бар. Ал, Жантай Ереймен қанжығалыларының бір атасы Бозымның Нияз деген тармағынан тарайды. Нияздан – Шағыр, Төлек, Қабыл, Күнбас, Дархан. Төлектен – Мोजы батыр, Жантай батыр туады. Қабылдан – Арқандыр батыр, Күнбастан – Үйсінбай, Найманбай батырлар. Жантайдың өзінен – Мырзакелді, Тоқаш, Қырғыз атты үш ұл. Мырзакелді Жантайдың өзімен бірге шайқаста опат болды дедік. Одан туған Жанболат Бапан бидің замандасы, Қанжығалының төбе биі атанған адам. Жанболаттың баласы Әуен де ел арасына билік айтқан, өз заманында ауылнай сайланған, көкірегі ояу, өлеңге ұста адам болыпты. Әуен айтыпты деген кейбір сөздер бүгінге дейін жетіп отыр. Бір атап өтерлігі, осы Нияз әулетінен батырлар көп шыққан. Нияздың тағы бір баласы Шағырдан тараған ұрпағы, ел ішінде бала Сыздық атанған Сыздық балуан Бейсенбіұлы 1916 жылғы Ереймендегі

халық көтерілісінде Бас сардар болып сайланған.

Қос дастанға арқау болған оқиға

Енді, оқырманға түсінікті болу үшін, екі ауыз сөзбен жоғарыда айтылған екі дастанның қысқаша мазмұнына тоқтала кетейік. Оқиғаға арқау болған XVIII ғасырдың 20-40 жылдары Сыр бойынан ауа көшкен Момын Арғынның бір тармағы Қанжығалы елінің Ерейменге келіп қоныстануы. Ол уақытта Ереймен тауларын Уса Серен бастаған 10 мың үйлі жоңғарлар жайлап жатыр еді дейді бүгінге жеткен, Ереймен тарихы жөніндегі деректе. Бөгенбай бастаған батырлар күндіз-түні ұрыс салып, осы қалың қалмақты Ерейменнің оңтүстігіндегі Аюлы-Нияздың Қаракөліне қарай аударып тастайды. Мал-жанына өріс тарылып, қысымшылық көрген қалмақтар Абылай ханға кісі салып, оның баласы Қасым төрені қонаққа шақырып, қыз құмарлау немеге қалмақ бегінің қызы Әйніш сұлуды көрсетелік, алам десе әйелдікке берелік, сөйтіп Қасым арқылы қазаққа дегенімізді істетерміз деп шешеді. Абылай хан Уса Сереннің бұл ұсынысына көп ойланып, ақыры жанына бірнеше кісі ертіп, Қасымды қалмақтарға жібереді. «Жантай батырда» осы мәселеге Қасым төренің шешесі Топыш сұлудың да ықпал еткені айтылады. Ол баласын Усаның ауылына қонаққа жіберуге Абылай ханды көндірмекке былай дейді:

«Ей, сұлтан, абыройың жұрттан асқан,
Бағың мен тағыңа елде жоқ таласқан.
Құмартып шақыртқанға жібермесен,
Демей ме біреу сені асып-тасқан.
Жарың боп, қосағың ем қолқа салған,
Бір сапар жолдас ақым беліме алған.
Жіберші естияр көп нөкер қосып,
Тәуекел, көрсін қызды Қасым задаң».

Бұл тарихта шын болған оқиға, себебі, ол жөнінде Үмбетей өз дастанында былай деп жырлайды:

«Қонаққа Қарауылдан шешен Қанай,
Сүйіндіктен баспа, қу би Төлебай.
Уақтан батыр Сары бірге аттанып,
Жырауды Үмбетейдей қосты болмай».

Яғни, оқиғаның ішінде Үмбетей өзі де болған. Алған сый-сияпаты мен қалмақ бегінің қызы Әйніш сұлудың көркіне елтіген Қасым төре, оны әйел етіп алмақ болып, кейін Ерейменнің Қоржын көлінде өткен жылында «Қалмақтарды қаңғытпай, қоныс беру керек» деген ұсыныс айтады. Бұған ашуланған Жантай батыр: «Сен телімге түскен қалмақтың қызы Топыштан туып едің, нағашыңа бүйрегің бұрып тұрма, қалмақ бізге ел болмайды, біржола әрі қарай асырып тастау керек!», – деп

қарсы шығады. Бұл сөзді жалпы Орта жүз батырлары жақтағанымен, Абылай хан мен Бөгенбай елді уақытша бітім жасауға көндіріп, қалмаққа Ерейменнің сыртқы бетіндегі теріс қыстаулардан қоныс беріп, бейбіт тірлік жасауға келісім жасап, екі араға Жантайдың немере інісі Арқандыр батырды шолғыншы етіп қояды. Бірақ, жаулыққа бекінген қалмақтар Әйніш қызды, енді, Арқандырға салып, қыз оның да басын айналдыра бастайды. Арқандыр бірде аң қуып жүрген Үйсінбайдың астындағы жүрдек нарына қызығып, сұрайды. Бұған Үйсінбай: **«Қалмақтың асыл тұқым мың түйесі бар, жігіт болсаң барып алмайсың ба?»**, – дейді. Намысы келген Арқандыр мың түйенің ішінен тоғыз нарды айдап алады. Ақыры, осының аяғы қантөгіске ұласып, қалмақтар далада жалғыз-жарым жүрген Арқандырды өлтіріп, бір түнде ауа көшіп қашады. Бұл уақытта Жантай батырдың ауылы Өлеңтінің бойындағы Ажы тауын жайлап отырса керек. Жанболат атты немересін сол жазда бесікке салыпты. Суық хабар жеткен соң қаһарына мінген Жантай азғана кісімен Қоржынкөлдегі Бөгенбайдың ауылына келіп:

– Бөке, қылдың да, тындың! Қалмақ түбі бір қастық қылады деп едім ғой, ақыры соны істеді. Тез атыңа мін! – дейді.

– Сайланып бара жатқан жау азғана қолға алдыра ма, сәл аялда, дайындық қылайық, – деген Бөкен сөзін ашулы Жантай құлағына ілмей, «не қырылып келем, не қырып келем!» деп аттанып кетіпті.

Жантай кеткен соң Бөгенбайдың бәйбішесі Баяу анамыз:

– Өлгінің аузынан «қырылам» деген сөз бұрынырақ шықты, бір қатерге ұрынып жүрер, Бөке, жылдамырақ шығыңыз! – деп ақыл қосады...

Енді, «Екі дастан бір оқиғаға арналды» деген сөзіміз дәлелді болу үшін бірер мысал келтірейік. **«Батыр Баянда»** осы жорыққа атсалысқан батыр-билер жайлы:

*«Жиылды өңшең ноян ығай-сығай,
Бәйжігіт, Тасболат пен би Толыбай.
Ту баста Абылайды хан көтерген,
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.
Ашуы жасаған қардай, шөккен нардай,
Қарт қыран Қанжығалы қарт
Бөгенбай.*

*Бөкеңнің жас жолбарыс жеткіншегі,
Аузынан жалын шапқан жас Жанатай.
Найзасын найзағайдай ойнататын,
Жас барыс Бәсентіін Сарымалай.
Балталы, екпінді оттан Оразымбет,
Сырғалы шапшаң оқтан ер Елшібек»*

– десе,

«Жантай батырда»:

*«Керейдің Еменалы ер Жабайы,
Барыстай Бәсентіін Олжабайы.
Балталы, Бағаналы, Сіргеліден,
Елшібек, Оразымбет, Жаулыбайы», –*

дейді.

Қазақ қолы қуып жеткен соң құтылмасын білген қалмақтар Абылайға елші салады. Елшінің сөзіне иланып, біраз уақыт күтпекші болған Абылайға **«Жантай батыр»** қиссасында Баян батыр былай деп наразылық білдіреді.

«Хан сөзін уақ Баян ұнатпады,

Қасарып бәрі де оны қуаттады.

«Нанбаңыз, шын бағынса ант бұза ма?» – десті жұрт:

Ол сұмырай зытат тағы»

«Хан ием, аңқау деме Усаны сен,

Пигылын о залымның таныдым мен.

Осылай күліп жүріп тұзақ құрып,

Еліңе ажал оғын бүркеді ертең.

Бұл Уса шет елдерді сан алдаған,

Бодансып Қытайды да екі арбаған.

Елшісін құрту керек», – деп қанжарын,

Қынаптан суырып алды Сары Баян»,

– десе,

«Батыр Баян» дастанында бұл жөнінде:

«Тұрды да деді: Алдияр, Абылайым,

Мергеннің мылтығына қарсы жүрмес

Қырдағы адам түгілі құландайын.

Сөзімді не кектерсің, не жұптарсың,

Ойыңды теріс дейді Баян-айы!

Талқыға салмай шындық табылмайды,

Құл ғана қожаны ылғи қабылдайды.

Қу қалмақ күні кеше алдамап па еді,

Шоңқитып Ой Қытаймен Өр Қытайды»,

– дейді.

Екі дастанды оқып отырып, Мағжан кезінде осы оқиғаны Үмбетейдің **«Жантай батырынан»** алмады ма екен деп ойлайсың. Олай болуы әбден мүмкін. Себебі, Қанжығалы мен Атығай-Қарауыл елі Жеті Момыннан тарайтын түбі бір туыстас ағайын. Жаз жайлауы аралас, қыз алысып, қыз берісіп жататын жұрт. Оның үстіне сол уақытта **«Жантай батыр»** Көкше мен Ереймен, Омбы аралығындағы қазақтардың арасында кең тарап, жиі жырланған қисса. Және Мағжан ақын Омбы өңірінде ғұмыр кешкен, түбі ерейментаулық Қанжығалы-Жиенбайдан тарайтын Ғабыдрахман молда Жолдасұлы, Сәкен халфе Ғылманимен таныс, аралас болған. Сондықтан, Мағжан Үмбетейдің **«Жанатай батырын»** естімеді деуге негіз жоқ.

Екі дастандағы бар айырмашылық – **«Батыр Баянда»** жауды қуып жеткен соң, олардың салған елшісінің сөзіне иланып, кейін қайтпақшы болған Абылай ханның айтқанына көнбей, Баян батыр қалың жауға

100 кісімен шабады. Және сол шайқаста Жантай екеуі қатар жүріп қаза табады.

«Қасында жалғыз жолдас – жас

Жанатай,

Қансырап зорға ғана кірпік қаққан».

«...Қайран ер, қайсар Баян, жолбарысым,

Алайда уақыт өтті, құлап түсті

Құшақтап Жанатайдайын жан жолда-сын» – делінеді.

Ал, «Жантай батырда» Бөгенбай мен Баян бастаған бір мың сарбаз қашқан қалмақтың соңынан қуып соғысады делінеді.

Ел аузындағы тағы бір хикая

Осы «Шаңды жорық» оқиғасына қатысты тағы бір дерек, Ерейментау өңірінде, сонау, замандардан бері атадан балаға ауысып келе жатқан, Қанжығалы елінің осы жерді қалай келіп қоныстанғаны жөнінде баяндалатын тарихи әңгіме бар. Оны бала жасымыздан естіп өскенбіз. Ертеде үлкендер осы әңгімені айтқанда: «**Жантайдың жанында өз туыстарынан басқа уақ руынан Баян деген батыр болыпты**» – деп айтып отыратын. Бірақ, ол кезде Баян тұлғасына дәл бұндай қызығушылық туады деп кім ойлаған... Осы әңгімені өткен ғасырдың елуінші жылдары Тұқпидың Өмірбекі деген адам (*Қанжығалы ішінде Қылышар деген атадан*) кейінгі ұрпақ біле жүрсін деп, арап харпімен қағаз бетіне түсіріп кетіпті. Өмірбек өзі жетпісінші жылдары сексеннен аса беріп қайтыс болған кісі. Кейін бұл хикаяны тарихтан хабары бар Өміржан Мауин деген ел адамы сол кездегі Ерейментау аудандық партия комитетінде қызмет істеген Серік Сыздықов атты жанашыр азаматқа беріп, кириллицамен қайта тергізеді. Қазір осы қолжазба біздің қолымызда.

Аталмыш тарихи әңгіменің басында Өмірбек ақсақал: «**Мен бұл әңгімені бала күнімде Төре ауылындағы Сәкей атты жездемнің үйінде жасы сексеннен асқан Кенжалы деген қарттан естіп едім**», – дейді. Өмірбек өткен ғасырдың 70-інші жылдары сексеннен асып барып өмірден озды дедік. Яғни, бір мың сегіз жүзінші жылдардың аяғында дүниеге келді деген сөз. Сонда, бұл әңгімені естіген уақыты бір мың тоғызыншы жылдардың басы болуы керек. Ал, әңгіме айтушы Кежалы қарт сексеннен асқан адам болса, бір мың сегіз жүзінші жылдардың басында өмірге келген деп білеміз. Яғни, осы хикаятты Бөгенбай заманын көзімен көрген адамдардың аузынан естігені айдан анық. Сондықтан, бұл дерек ешқандай алып-қоспасы жоқ, тарихта болған оқиға деп сеніммен айта аламыз!

Бір қызығы осы әңгімеде Баян батыр Абылай мен Бөгенбай бастаған қолдың ішінде емес, керісінше, Жантай батырмен бірге болады. Жантай ашуға мініп, 40 кісімен

Қоржынкөлден аттанып кеткен соң, алдынан 40 кісімен Баян батыр қарсы жолығады және жанында Жантайдың ағасы Құнбастың ұлы Үйсінбай батыр бар екен. Осы сексен адам үдере жортып, Балқаш көлінің шығысында қалмақ көшін қуып жетеді. Қалың қалмақтың көзіне көп болып көрініп, шаңды молайту үшін аттарының құйрығына бір-бір құшақ қараған байлап алып шабады. «**Шаңды жорық**» атану себебі осыдан екен. Осылай деп Олжабай мен Молдажан ақындардың дастандарында да, Үмбетейдің «**Жантай батырында**» да, біз сөз етіп отырған қолжазбада да айтылады. Сөйтіп, осы шайқаста батырлар тегіс опат болып, Тоқаш Сарыбауыр атпен қоршауды бұзып шығып кетеді. Абылай мен Бөгенбай бастаған қол соңынан жетсе, қалмақтың алды ұзап кеткен екен. Соңында қалғандарын біраз қырғынға ұшыратып, кейін қайтыпты дейді. Қаза болған Жантай, Мырзакелді, Үйсінбай, Найманбай, Баян, тағы басқа батырлардың сүйектерін тауып, сол жердегі Күркілдек, Шүмекті деп аталатын өзендердің қиылысындағы бір жартастың түбіне сауыт-саймандарымен бірге жерлеп, басына тас орнатыпты. Қазір Балқаш көлінің төңірегінде (*деректерде батыс жағында делінеді*) осындай өзендер бар ма екен, іздеп көрсе деп ойлайсың. Мүмкін осы мақаланы оқыса, білетін адамдары бізбен хабарласар деп ойладық.

Сол заманнан ұмытылмай бүгінге жеткен мынадай бір ауыз өлең де бар:

«Жылқысы ер Жантайдың ала санды,

Күркілдек, Шүмектіде қала салды.

Өлді деп батыр Жантай естігенде,

Басы Қаныс, төрт қатын қара салды».

Қаныс – Жантайдың бәйбішесінің аты болса екен», – дейді. Қашып бара жатқан жау қолы қуғыншы қазақтар судан тарықсын деп, жолдағы құдық біткенге малдың, иттің өлімтігін тастап арамдап отырады. Қазақ жағы қайтарда судан таршылық көріп, осыдан ұшынып, кара тышқаққа ұшырап, көп адам қайтыс болады. Олардың ішінде Бөгенбайдың ағасы Көлбай да бар екен. Бұл жайлы Үмбетей дастанында да, ел ішіндегі әңгімеде де айтылады. Бүгінде Жантай батырдың үш ұлынан тараған ұрпақтары Ерейментау өңірінде сау-саламат өмір сүріп жатыр.

Жоғарыда айтылған екі дастанға қатысты азғана әңгіме осындай. Ауыз әдебиетінде Бұқар жырау секілді тұлғамен нықтас тұрған Үмбетей жырау Тілеуұлының шығармашылығынан, оның «Жантай батыр» дастанының шығу тарихынан және «Батыр Баян» дастанымен байланысы жөнінен оқырман жұртшылықты хабардар етсек деп ойладық.

КҮДЕРІ АҚЫННЫҢ КӨҢІЛ АЙТУЫ

Жалпы, қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрінде, уақыт өткеніне қарамастан дүниеден өткен жаннның ағайын-туысына, бала-шағасына, ілік-жұрағатына арнайы келіп көңіл айту парыз саналған. Бұл «**Қуанышты бөліссе көбейеді, қайғыны бөліссе азаяды**» деген қазақы ұғым, дәстүрлі түсінік ғана емес, жақындықтың, ағайындықтың, сыйластың белгісі. Сонымен қатар, өліге құрмет, тірінің қайғысын сейілту еді. Ел аузында әлі де болса ұмытылмай сақталып, білетіндер үзік-үзік болса да айтып жүрген, мұрағат сөресі мен сирек қолжазбалар қорында жарияланбастан ұзақ жылдар тұрған белгілі ақын Күдері Жолдыбайұлының Торғай елінде билікке араласып, әділдігімен, мырзалығымен, білімділігімен танымал болған Смағұл мен Хакімбектің және олардың әкелері Төкенің қазасына көңіл айтуы. Аталған жандар өз заманында Торғай еліне еңбегі сіңген, белгілі тұлғалар еді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен кейінгі жылдардағы аласапыранда, дәлірек айтсақ 1919 жылдың көктемінде Торғайда большевиктерді жақтаған 17 адам атылғаны белгілі. Солардың бірі Хакімбек Токин. Хакімбек оқығаны да, тоқығаны да көп, сөзге шешен, батылдығы, қиып айтар өткірлігі бар ел ішіндегі айтулы азамат еді. **Сонымен қатар, Хакімбектің туған ағасы Төкенің Смағұлы да елге танымал тұлғалардың бірі болатын. 1916 жылы Торғай халқы солдатқа адам бермейміз деп толқығанда өзі бас болып, он үш болыс Торғай елінің атынан Орынборға генерал губернатор Эверсманға, одан кейін Петербургке патшаға арыз апарған еді. Сол Смағұл 1918 жылдың маусым айында Қазақ Өлкесінің І-съезіне делегат болып, Орынбор қаласына барғанда, съезд жүріп жатқанда 59 жасында кенеттен қайтыс болады да, Орынборда жерленеді.**

1916 жылдың күзіндегі Татыр, Торғай соғысынан кейін, патша үкіметінің жазалау шарасынан қауіптеніп Торғай төңірегіндегі ел босып көшеді. Осы Смағұл мен Хакімбектің туған әкесі Төке Сүттібайұлы да қол астындағы елімен Сарыталдағы сары, жолдыбек руларымен қатар (*бұрынғы Крупская совхозы*) Алакөлде қоныстанып отырғанда 96 жасында қайтыс болады, да сол Алакөлде жерленеді. Бұл кезеңде, дәлірек айтсақ, 1916-1919 жылдары Торғай халқының көрген зәбірі де, азабы да ауыр еді. Атап айтқанда, осы жылдары ел ішіндегі толқу, бүліншілік, алашордашылар, казактар, қызылдар, биліктің дүркін-дүркін ауысуы толастаған жоқ. Ел азаматтары ат үстінде болды немесе тұтқында ұсталды, халықтың мал мүлкі талауда болды. Осы аласапыран ауыр жылдары, ел бұрынғы тұрған

мекендерінен атыс шабыс, тонаудан қауіптеніп мал-жанымен ауа көшіп кетті. Алғашында, көтеріліс жылдары патша үкіметінің жазалау отрядтарынан, кейін қызылдардан ығысқан ел уақытша ата қоныстарын тастап, билік біресе аққа, біресе қызылға ауысып, атыс-шабыс толастамаған Торғай қаласы мен жол бойындағы елді мекендерден алысырақ көшіп барып тұрақтады. Бір жағынан өздерінің тұрған жерлерінен алысқа ұзамай, жүріс тұрыс та шектеулі болғандықтан да болар, Күдері ақын жоғарыдағы қазаға ұшыраған елге сыйлы азаматтарға көңіл айтып бара алмайды. 1919 жылдың күзінде уақытында келіп көңіл айтылмағанына кешірім сұрай отырып, Күдері ақын Төкенің ұлы Қамбар мен оның анасына қазаға көңіл айтуға арнайы барады. **Ел сыйлаған Күдерінің кереметі сол, қазаға көңіл айтқанда өлеңдетіп, домбырасын зарлата шертіп, өткенді қозғап, олардың елге сіңірген еңбегін айтып, жақсының өткеніне өкініш білдіріп, өз ішіндегі шерін де тарқатады. Домбырасын да бебеулетіп шебер тартатын Күдері ақын, өлеңменен арасында шағын үзіліс жасап, кезекпе кезек Төкеге, Смағұлға, Хакімбекке арнайы тоқталады.** Өз заманында Торғайдың билігіне бір адамдай араласқан, айтқаны болған, қалағаны жасалған Төкені жоқтап, үлкен кішіні жылатып, зарлы өлеңмен көңіл айтқанда бүкіл ауыл жиналған екен. Қара сөзбен желдіртіп, бастырмалатып сөйлей келе, өлеңді де түйдек түйдек төгіп жібереді.

Қош енді, Сүттібайдан Төке туды

Артық боп қатарынан әсеке туды.

Әр бала атасына ұқсай бермес

Баланың көбі ойласақ текке туды – деп
бастаған Күдері ақын, Төкенің мырзалығын, жомарттығын, ерлігі мен намысқойлығын, биліктегі әділдігі мен сөзге ұстапайтын тапқырлығын, тауып айтар шешендігін баяндайды.

Он үште Төке атанды мініп атқа,

Білдірді қайрат күшін не бір затта.

Мырзалық, ерлік, билік бәрі келіп,

Бермеді қолдан намыс өзге жатқа.

Жомарттық атасынан қалған мирас.

Жұмсады бар қуатын салтанатқа.

Орыны Әйдеркенің Төке, Құлжан,

Мағұлым болған жұртқа екі датқа.

Орта жүз баласында арғын, қытшақ,

Қарасаң туған ұл жоқ бұларға ұқсап.

Жар болып Ғайып Иран, Ер Мадуар,

Аяғын неше жүйрік кеткен тұсап.

Ерлердің назар салар нағыз өзі,

Дұшпаны досы түгіл жсайған құшақ.

Қалдырмай сипаттап бір баяндасақ,

Тиылмай жас ағады көзден бұршақ,

Дүниеда түгел мақсат бәрі болды,

*Мырза еді Атымтайдай ашық қолды.
Прием болған жылы заман айнып,
Ел үркіп көшті біраз оңды солды.
Қытаққа көшіп барып қыстағанда,
Ақирет нәсіп етті сапар жолды.
Елінде болмады деп ойламасаң,
Абырой екі жиған бірдей толды.
Алды жұмақ, арты базар болған ерім,
Басына бақыт құсы қонған ерім.
Ақырын ұрпағыңа қайырлы еткей*

Айындай он төртінде толған ерім, – деп қайырып, жиналған қауымға Төкенің азаматтығын, кеңдігін, мәрттігін айтыпты. Алдындағы сусыннан алып, өзін қоршалай отырғандарға бір көз тастап, Қамбарға, теңселіп көз жасын сүргіп отырған оның анасына, Торғай еліндегі екінің біріндей болған Смағұлдың қазасына көңіл айтады.

*Екінші Смағұлды айт замандасым,
Қайтқан соң болды мәлім таба алмасым.
Кетейін бір екі ауыз тағрип етіп (тағрип етіп – бас иіп – деген мағынада)*

*Тұрғанда тән саламат, аман басым.
Зор дертке Лұқпандай табатын ем,
Жайыңға ашқан аузын болмаған жем.
Дариға-ай Смағұлды айт туысы артық,
Тағдыр сол дер кезінде басылды дем.
Қазақта, орыспенен қатарынан,
Салмағы артық шықты, болмады тең.
Көрініп көзге түсті биік таудай,
Атадан болмаған соң туысы кем.
Болжасаң келешекті кемеңгерім,
Істеді мақсұт қылып дегендерін.
Үстінен тау жарылып құласа да,
Көрмедік қайғы уайым жегендерін.
Сұқтанған білім-өнер қайратына,
Мағұлым Бегенменен шегендерің.
Қатардан пікір ойы терең еді,
Жеткізген қолы нашар төмендерін.
Көргенде көз сүйсінер порым қандай,
Дұшпаны айбатынан қорындай.
Мұрын, қабақ, мойыны әмә тұлға,
Байқасаң нәсіл-тұқым орын қандай.
Тереңнен айтқан дәлел сөздеріне,
Тоқтаған не бір шешен зорың қандай.
Бас иген орыс қазақ біліміне,
Сабаздың ел сүйсінген порымын-ай.
Таусылдың селдің көзі, елдің бегі,
Білмейсің қайнағанын сорың қандай.
Фәниден Смағұл да кетті өтіп,*

Ел жүгін тартар енді нарың қандай – дейді. Қазақты ғана емес орысты да бас идірген білімділігі, ақылдылығы мен орнықты терең сөзі, саликалы порым-пішіні баяндалып, өлеңмен құйылып «Ел жүгін енді тартар нарың қандай» дегенде тыңдаған ел теңселіп, көздерінен жас пора-пора ағылса керек. Биліктегі қызметін өз бас пайдасына емес, ел үшін арнаған, қарапайым көпке жанашыр болып, солардың мұңын жоқтап, екі билікте де өз қалпынан айнымаған Смағұл,

сол жылдары Торғай уезіндегі ел сенген, ел сыйлаған азамат еді. Торғай еліндегі айтулы тұлға, ұзақ жыл Саркопа, Майқарау болыстарын билеген, аузы дуалы Иманқұлдың Әбдірахманы «Достасқанмен достасу, қастасқанмен қастасу екінің бірінің қолынан келеді. Ал, досы түгіл жауына да кешірімді болу, жақсылық жасау мыңның бірінің ғана қолынан келеді. Жарықтық мұндай іс мейірімді, парасатты, кімге де болса кең Смағұлдың ғана қолынан келетін еді» дейді екен. Әбден бабына келген Күдері ақын:

*Смағұл болған елдің бас адамы,
Дос түгіл жамандас қас адамы.
Қалыпты өткен ердің біреундей,
Орнынан тұрмай қалған жасағаным.
Айрылып екі көзің көр болғандай,
Артында жылап қалды бас аمانы.
Орыны бар орда көшсе жоқтатпайтын,
Аруақты алтын діңгек босағасы.
Белі еді Әйдеркенің баласының,
Пайдасын көргендер көп панасының.
Қайтқан соң ел сәруәрі басшы болған,
Қосына ұқсады елім қалашының.
Әлі де шүкіршілік қол құр емес,
Бәрі бір атасы мен анасының.
Ақырын кейінгіге қайырым етсін,*

Салмақты ердің қайғы жарасының, – деп бір тоқтапты. Жақсы көріп сыйласқан, бір адамдай араласқан замандасы Смағұл қазасына көңіл айтып, орыс пен қазақты аузына қаратып, өз қатарластарының алды болған азаматты баяндағанда, тыңдаған ел егіле жылапты деседі. 1916 жылы ел толқығанда Орынборға генерал-губернаторға, одан әрі бірнеше адаммен Торғай еліндегі жайды айтамыз деп Петербургке патшаға арыз алып барған, орысша-қазақша сауатты, өткір әрі сөзі байыпты, салмақты Смағұлды баяндап өлеңдеткенде, ақынның ащы даусы мен домбыраның үні ғана естілсе керек. Ел қамын жеген Смағұл дүниеден өткен соң, ел «қалашының қосына ұқсап, елеусіз, ескерусіз қалды» дегенді айтқанда, тыңдағандар аһ ұрыпты. Жиналған жұрт көз жастары парлап, егіліп отырып тыңдапты.

Күдері ақын Смағұлдан соң, Торғайда ақ пен қызыл алма кезек алмасып, ел де екіге жарылған аумалы-төкпелі заманда мерт болған, дәлірек айтсақ, большевиктер жағында болғаны үшін атылған 17 адамның бірі Хакімбек қазасына көңіл айтып, жылап, сықтаған көпшілікке тоқтау салады, басу айтады. Сондағы ақынның өлеңі:

*Аһ, дариға Хакімбектей даныштан,
Несібесін тілеген ел алыстан.
Жаңұт тастай жайнап туған шаһбозым,
Жайын үріккен шыққан дүбір дыбыстан.
Атасына тартып туған сәруәрім,
Көзге түсті тауындай ақ дағыстан.
Қатарынан үздік, ашақ зейінді,
Білім дария ақылына танысқан.*

*Қайырымды, ізгі ниет бауырым-ай,
Табысынан нашарларға жағасықан.
Падишалық заң-жарлыққа қарсы боп,
Сарбаз жинап найзаға үкі тағысқан.
Ақпен қызыл келді елге таласқан,
Ел бүлінді бір бірімен жарасқан.
Батыр жүрек өз бетінен айнамай,*

Ақырында қазаланды алаштан, – деп қазаға көңіл айтқан ұзақ өлеңін аяқтапты. **Ашығын айтатын жай, өзі де 1916 жылғы халық көтерілісіне қатысқан, кейін қызылдарға іш тартқан Күдері ақын «ақ пен қызыл билікке алма кезек келіп ел бүлінгенде, қызылдар жағында болған біраз азаматтардың құрбан болуын, олар алаштың қолынан қаза болды» деп ашық айтты. Әділін айтсақ, алашты кінәлады. Осы атылған 17 адамның ішінде өзінің жақын аталас туысқандары елге белгілі сыйлы тұлға, болыс, қажы Иманқұлдың Әбдірахманының үлкен ұлы Шәрафиденнің, Нарынбайдың үш ұлы Сәкен, Мәди, Сейткерейдің, Жарқынбайұлы Алпыспайдың қазаға ұшырауы да себеп болған шығар. Әрине, көп мәселені қазіргі көзқарас тұрғысында қарау орынды болмас, солай болғанымен сол кезде Күдері ақын «алаш жақсылары құрбандыққа, жазалауға жол берді» деп ашық түрде кінәлай айтқаны ақиқат.**

«Қазаның ішінде бола алмадым, сең соққан балықтай әрі-сәрі болып, әрлі бері жан сактаумен жүргенде араға жылдар түсті. Парызым еді арнайы келдім» деген Күдері ақынды сөзін аяқтасымен, Қамбар құшақтап еңкілдеп тұрып «Өлді деп сеніп едім, бәріне көніп едім. Қайтейін көнбеске амалым да қалмап еді. Қайта тірілтің-ау, қайғымды сейілттің-ау» деген екен. Сонда, Күдері ақын:

*Қамбаржан өзің барсың елге тұтқа,
Соқтырма қарашаңды мына жұтқа.
Елі іші алай түлей, сапырлысқан,
Бәлшебек әлде жұт па, әлде құт па?
Асылдың сынығысың ардақ тұтар.
Басыңды көтер кәне, сыртқа шықта,
Не боларын ертеңнен хабарым жоқ,*

Не болса да шырағым жүнің жықпа, – деген екен. Алашты да кінәлай сөйлеген ақынның, қызылдарға да көңілі толмай «бәлшебек әлде құт па, әлде жұт па?» деуінде үлкен мән бар еді. Әлде Кенес үкіметіне де сеніксіз емей, келешектегі өзі құрбанына айналған 1930-1932 жылғы ашаршылық зұлматын сезді ме екен деген де ой келеді.

Қамбарға қайғысына ортақтасып көңіл айтқан Күдері ақын «Енді елге өзің тұтқа бол, алай-түлей заманнан еліңді аман алып шық, қайғыға иілме, басыңды көтер» деп, «жақсыдан қалған тұяқсың, енді еліңе бас-көз бол» деп айтады. Күдері ақын көңіл айтып, жұртты жұбатып, ел еңсесін көтеріп, бірнеше күн

қонақ болып сый-сыяпатпен еліне аттаныпты. Қамбар Күдері ақынның алмаймын дегеніне қарамастан, жетегіне семіз бесті байлапты. Алпысқа тақаған ақынның өлең-жырларын сағынған, әрі Төке, Смағұл, Хакімбекті аспан-да көтеріп, жоқтап, қайғыра көңіл айтып, елді жұбатқанына риза болғаны болар, «Күдері ақын келді» деп жиналған қалың арғын-қыпшақ Күдеріні жылап тұрып, шығарып салып, қимай қоштасыпты. Көрші ауылдың белді адамдары арнайы келіп, Күдері ақынға қолқа салып «Біздің ауылымызға келіп қонақ болыңыз. Ән жырыңызға сусадық» десе керек. Сонда, елмен қоштасып қасындағы серіктерінің қаумалауында, қошаметпен кетіп бара жатқан Күдері ақын Төке, Смағұл, Хакімбекті тағы еске алып, қызара батып бара жатқан күнмен жарыса, кешкі тұнық ауаны жарып шырқапты. Кең далада кешкілік дауыс жаңғырып алысқа жететіні белгілі. Ашық дауыспен шырқалған Күдері ақын өлеңін ел селт етпей тыңдапты.

Көздің жасасы таусылды жылай-жылай,

Көп көрді оларды да бізге құдай.

Тоқсан қатын Торғайда толғатса да,

Ер тумас Төке менен Смағұлдай.

Қиямет адам айтмас бастан өтті,

Құдайым енді бізді жылатпағай.

Жақсының сұрауы бар бұл фәниде,

Шанбозды Хакімбектей құлатпағай.

Дұға оқып аруақтарға қолым жасайдым,

Арнайы келіп жатып бір аптадай.

Арғынның босағасы ед ел тоқтаған,

Басында жақсылардың шырақ тұрғай, – депті.

Тыңдап отырған қалың ел «Апыр-ай, Тоқсан қатын Торғайда толғатса да, ер тумас Төке менен Смағұлдай. Арғынның босағасы ед ел тоқтаған, басында жақсылардың шырақ тұрғай деп», қалай тауып айтылған сөз, Күдеріден артық кім айта алсын» деп тамсаныпты. «Жақсының артында сұрауы бар, енді ел ішінен шыққан Хакімбектей жас өрен азаматтарымызды құдайым құлатпасын, қиянатқа душар қылмасын, аман болғай» дегенде қоршаған көпшілік «Әмин» деп бетін сыйпапты.

Жалпы, қазақ салт-дәстүрінде, оның ішінде Торғай елінде де өлімге көңіл айтып келген адамды шығарып салмайтыны белгілі. Солай болғанымен, іштегі булыққан шерін шығарып әкесіне, бауырларына көңіл айтып келген ақынды сыйлағаны болар, ән жырына қанып риза болғаны болар Күдері ақынды атының шылбырынан ұстап Қамбар өзі ауыл сыртына дейін шығарып салыпты. Сонда, ақын Күдері Қамбармен қоштасып:

Қамбаржан енді өзіңмен қоштасайын,

Амандық білдіріп тұр, елдің жсайын.

Келе алмасам қартайдым айып етпе,

Жүргізбейді аяқ та басқан сайын.

Шідерлеп қайғы-шерді кеттім дейін,

*Сейіліп өлең жырды төктім дейін.
Еңсесін қайғылы елдің көтерем деп,
Қанарын ән мен жырдың сөктім дейін.
Белі де, белбеуі де өзің елдің,
Берік бол болған іске, кетпе кейін.
Хакімбек деп ешкімге кек сақтама,
Күні жетсе шешілер бұл бір түйін.
Ақынның бар байлығы өлең жырды,*

Осы ғана жасаған менің сыйым, – деген екен. Он жеті адамның ішінде Торғайда атылған Хакімбек қазасы әркімнің көңілінде «неге бұлай деген» сұрақ туырғанымен, сол жолы өз жақындарынан айрылған Күдері ақын да Қамбарға «**ешкімге кек сақтама, уақыты келгенде бұл түйін де шешілер**» деген ниетте басу айтады. Әр сөзі өлеңмен өрілген Күдері ақын Қамбарды құшақтап тұрып:

*Қамбарым жан теңгермей ұлықтадың,
Жараны жан сыздатқан құлыптадың.*

Жақсының орнына кеп дұға оқыдым,

Риза бол Күдеріні ұмытпағын, – деп қошта-сып жүріп кетіпті.

Кейін бұл оқиға ұзақ жылдар бойы ел ішінде Күдерінің Қамбарға көңіл айтуы деп айтылып жүріпті. Естіген жұрт тамсанып, бірден бірге айтады екен. Білмейтіндер білетіндерді арнайы іздеп келіп, қолқалап айттырады. Ел бас қосқан жиын тойда Күдерінің көңіл айтуын, осы біледі ау дегенді арнайы ат жіберіп алдырып, айтқызып, тыңдаған көпшілік көздерінен жас ағып отырып, «**Апырай, бұл айтпаса Күдері Күдері бола ма. Қайран Күдері**» деп тамсанып тыңдайды екен. Білетін көне көздердің айтуынша Күдері ақынның өзі, қайсы бір өлеңі болмасын өлеңімді бұзып айтады, арасына сөз қосады деп қасындағылардың ішінде өзі көңілі жатқан адам болмаса, сұрағандарға, үйренгісі келгендерге айта қоймайды екен. Жоғалмай жеткен осы бір жәдігерді өткеннің мұрасы ретінде кейінгіге ұсындық.

Айта кететін жай, бізге жеткен өлең жолдарының нұсқаларында азды-көпті айырмашылықтар бар. Мысалы, Е.Есенжолов нұсқасында «**Жақсының сұрауы бар бұл фәниде, Шаһбозды Хакімбектей құлатпағай**» деп алынса, М.Хакімжанова нұсқасында «**Теректі**

Хакімбектей құлатпағай» деп алынған. Сондай-ақ, Е.Есенжолов «**Хакімбек деп ешкімге кек сақтама, Күні жетсе шешілер бұл бір түйін**» десе, М.Хакімжановада «**Араздасып ешкімге кек сақтама**» делінген. Сондай-ақ, М.Хакімжановада «**Жақсының орнына кеп тізе бүктім, Риза бол Күдеріні ұмытпаған**» делінсе, Е.Есенжоловта «**Жақсының орнына кеп дұға оқыдым, Риза бол Күдеріні ұмытпағын**» делінеді. Осындай сөз саптаудағы әркелкілік, сөздердің әртүрлі қолданылуы бірнеше жерде кездескенімен, өлең құрылымындағы ой желісі сақталған, ауытқу байқалмайды. Осы екі нұсқаны архив сөресінен алып, ұзақ уақыт талдап, ой елігінен өткізіп «**Қайсысы Күдері ақын сөзіне жақын, ауытқушылық бар ма, қайсысын қолданған дұрыс**» деп, Торғай елінің кешегі бүгінгі тарихында өз қол таңбасын қалдырған ақын-жырауларының сөзінің қадірін бір адамдай білетін, түсінетін этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметовтен сұрап, ақылдасқанда «**Ерғали Есенжолов нұсқасын алғаның дұрыс болар. Біріншіден, Е.Есенжолов араға көп уақыт салмай шамамен 1921-22 жылдар шамасында елге келгенде жазып алған. Екіншіден, ол Күдері ақынның жақыны, туысқаны. Ақын өлеңіне өте сақ, мұқиятты адам болған. М.Хакімжанова бұл өлеңді Торғайға 1946-47 жылдары келгенде жинап, білетіндерден жазып алған. Ол кезде айтушылар да, білетіндер де азайды, араға уақыт түсті. Әркім өзі білетін шумақтарын жеткізді. Солай құрастырылып жинақталды. Сонда артық-кемі болуы мүмкін**» деп еді.

Мен де осы пікірге сүйеніп, негізіне Е.Есенжолов нұсқасын алдым. Егер, тағы да білетіндер, қосатындар болса нұр үстіне нұр. Өткеннің оралуы, өшкеннің жануы деп қабылдар едім. Бірақ, біз білетін екі нұсқасында Күдері ақынның өлеңі желісінде, құрылымында елеулі өзгеріс болмады-ау деп ойлаймын.

Құрманғали ДАРКЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қазіргі таңда бүкіл әлемді түрлі көріністе пайда болып жатқан жаһандық экологиялық мәселелер ерекше толғандырып келеді. Халықаралық катынастар саласындағы экономика, саясат секілді маңызды орын алатын бағыттар қатарына экология да қосылды. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жаһандық сипат алып

келеді. Өнеркәсіптік революция атауымен қалған кезеңнен бастап, жағдай күрт өзгерді. Бұл өзгеріс биосфераға қатты әсер еткен.

Бұл орайда жер бетін мекен етушілер санының күрт көбеюі мен табиғатқа антропогендік әсердің күшеюі ғаламдық экологиялық жағдайды қиындата түсуде. Экономикалық жедел даму,

ғылыми-техникалық прогресс қоршаған ортаға, онда мекен етуші адамдардың денсаулығына зиянын тигізіп жатыр. Адамзат табиғатты құрбан ету арқылы дамудың салдарларына енді көңіл бөле бастады. Дегенмен, өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл мәселелер талқыланып, шешілу жолдары іздестіріліп келеді.

Орталық Азия аймағы басқа да әлем өңірлері секілді экологиялық дертке душар болуда. Жаһандық экологиялық мәселелермен қатар, аймақтың өзіндік ерекшеліктегі табиғатпен тікелей байланысты мәселелері бар. Бұған бірден-бір мысал – сумен қамтамасыз етілудің қолдан жіберілген қателіктері. Оның үстіне, КСРО құрамында болған бұл мемлекеттер шикізат көзі мен сынақтар аймағы ретінде табиғаты көп зардап шеккені де құпия емес. Аймақ мемлекеттерінде жүргізілген Кеңес Одағының ядролық сынақтары бүлінген топырақ пен уланған ауа қалдырып кетті.

Орталық Азия, негізінен екі өзен – Әмудария мен Арал теңізіне келіп құятын Сырдария – арқылы сумен қамтамасыз етіледі. Аймақта су ресурстары біркелкі орналаспаған, Қырғызстан мен Тәжікстанға аймақтағы су қорының 80,7 пайызы тиесілі [1].

Орталық Азиядағы су ресурстарының біркелкі бөлінбеуі басты сумен қамсыздандырушылар (Тәжікстан мен Қырғызстан) мен оның негізгі тұтынушылары (Өзбекстан, Қазақстан және Түркменстан) арасындағы келіспеушіліктерді туғызуда.

Судың жетіспеуімен қатар, су сапасы да күрт төмендеп кетті. Бұл, бірінші кезекте, өзендер мен жинаушы-дренаждаушы жүйеге ауыл шаруашылығында қолданылатын улы химикаттармен және пестицидтермен кірленген судың түсуімен, коммуналды шаруашылық суын, ластанған өнеркәсіптік суларын төгумен байланысты [2].

Екіншіден, суару жерлерінің көлемі өсуімен қатар, оның құрылымының да өзгеруі, бәрінен бұрын, мақта өсіру алқаптарының кеңеюі жүрді. Оның үстіне, бұл – ең ылғалсүйгіш ауыл шаруашылық дақылдарының бірі, су қажеттілігін бірнеше есеге көтеріп жіберді. Ирригациялық жүйелерді жасау бойынша техникалық мүмкіндіктердің көбейгеніне қарамастан, бұл жүйелер ескірген технологиялармен жасалды. Нәтижесінде, 1950-жылдардың өзінде тек фильтрацияға бүкіл өзеннен алынатын судың 50 пайызы кетіп жатты (тіпті, қазіргі бағалау бойынша, шаруашылық қажеттіліктерге алынатын судың 56-76 пайызы қайтарымызсыз жоғалып жатыр). Тек 1960-жылдардан бастап магистральды каналдар салу кезінде бетонды науаны (лоток) қолдана бастағандықтан, фильтрация деңгейі төмендеді. Дегенмен, судың суғаруға шығыны баяғы күйінде қалды, кейбір бағалау бойынша, нормадан 4 есе көп.

Осы факторлар су-экологиялық мәселелердің (СЭМ) пайда болуына алып келді, сонымен

қатар, шаруашылық айналымына қолданыла алатын су қорларын тауысты деуге болады. Атап айтқанда – Сырдарияның сол жақ тармағынан айырылуы мен Арал қасіретіне алып келген Сырдария мен Әмударияның арналарынан бақылаусыз су алу көп зардаптарын тигізді. Оның салдарлары: Аралдың кепкен түбінен тұз бен шаң шығуы, Сырдарияның пестицидтермен қауіпті ластануы мен тұздануы, жерасты суы деңгейінің көтерілуі мен құрылыстардың бұзылуы, топырақ құнарлығының төмендеуі мен жайылымдар деградациясы, өсімдік және жануар әлемі генофондының азаюы, өмір сүру жағдайы мен халық денсаулығының нашарлауы, жалпы және бала өлімі деңгейінің өсуі. Жалпы Орталық Азияның жазықтық бөлігінің акваториялерінде су сапасы қатты өзгеріске ұшырады. Орташа және ірі ирригациялық жүйелер әрекет ететін зонада айтарлықтай аумақтар тұзданды және су астында қалды [2].

Каспий теңізі – әлемдегі бірегей көмірсутегінің қомақты қоры мен бекіре тұқымдастарының әлемдік қорының 90 пайызы бар ағынсыз су айдыны. Оның жағалауында аймақтың екі мемлекеті – Қазақстан мен Түркменстан орналасқан. Жағалау территорияларының, оның ішінде мұнай алынатын аудандардың да, су басуы теңіз айдынына мұнай өнімдерінің, өнеркәсіптік және коммуналды-тұрмыстық қалдықтардың келіп түсуіне алып келеді. Ал, бұл Каспий теңізінің экожүйесін сақтау мен биоалуантүрлілікке қауіп төндіреді. Каспий бекіресін жылдық аулау көлемі он мыңдаған тоннадан ондаған тоннаға күрт төмендеп кетті [3].

Тәжікстанның Таулы-Бадахшан Автономды облысында теңіз деңгейінен 3252 метр биіктікте орналасқан Сарез көлі суы табиғи тау бөтетін бұзып өткен жағдайда үлкен қауіп төндіреді. Көлдің жалпы аумағы – 86,5 км², ұзындығы – 70 км, максималды ені 3,68 км-ге дейін. Су қоймасының орташа тереңдігі – 190 м, максималды – 505 м. Мамандардың айтуынша, судың қатты ағыны болған жағдайда Бартанга, Пянджа мен Әмудария өзендері алқабында апатты сел болады. Есептеулерге сәйкес, апат Тәжікстан, Өзбекстан, Түркменстан мен Ауғанстанда 6 млн. халқы бар шамамен 69 мың км² жерді қамтиды. Осындай қомақты су көлемінің тасқыны болса, төменгі сағаларға дейін жетіп (биіктіктегі айырмашылық 3000 м), жоғары жылдамдықтағы қатты су ағыны жолындағының бәрін бұзып өтеді. Оның ішінде түрлі сипаттағы құрылыстарды, көпірлерді, автомобиль жолдарын, электртарату жүйелерін, өнеркәсіптік объектілер мен ғимараттарды қиратып өтеді, бұл адам шығынын санамағанның өзінде. Сонымен қатар, Сарез көлі Арал теңізін толтыру көзі ретінде де қарастырылып жүр [4].

Орталық Азиялық аймақ үшін судың маңыздылығын асыра бағалау қиын, себебі, аймақта оның есебінен тұрғындардың 34 пайызы жұмыспен қамтылған, 38 пайызы электрэнергиясы өндіріледі, ұлттық табыстың 23 пайызы

құралады. Соның өзінде мамандар Орталық Азияның су жағдайына айтарлықтай әсер етуші тұрақсыздандыратын бірқатар сыртқы және ішкі факторларды белгілейді. Сыртқы факторларға мыналар жатады: Тұрғындар санының өсуі мен экологиялық талаптардың көбеюі;

- Ауыл шаруашылық өнімдеріне әлемдік бағаның төмендеуі мен ауыл шаруашылық дақылдары құрамының өзгеруі;

- Климат өзгеруімен байланысты ылғалдылық көлемі бойынша экстремальды жаздардың көбеюі;

- Өзендер режимі мен су қоймалары жұмысының бұзылуы.

Ішкі факторлар құрамында:

- Сулылық болжамдары дәлдігінің төмендеуі;

- Өнімсіз су шығынын көбейтетін су инфрақұрылымының ескіруі;

- Қайта құрастыру мен пайдалануға жеткіліксіз қаржы бөлу, осыдан кадрларды жоғалту;

- Су қолданушылар санының өсуі мен суды үнемдеуге жеткілікті көңіл бөлінбеуі [5]. Топырақ деградациясы мен шөлденуге елеулі үлесін қосқан КСРО кезеңіндегі 1954 жылы басталған тың игеру науқаны болды. Биполярлық жүйедегі мемлекеттің имиджі үшін жасалған бұл шараға қаншама күш, мыңдаған техника жұмылдырылды.

Мемлекет басшылары (яғни, КСРО басшылары) Сталин қайтыс болғаннан кейін, Мао терминімен айтқанда, ауыл шаруашылығында «үлкен секіріс» жүргізуді көздеді. Идея, негізі, жаман емес еді. Көп уақыт бойы бұл саладағы жағдай нашар болатын.

Асығыстықтың нәтижесі болар, көптеген қателіктер жіберіліп, мемлекет жер пайдасын аз уақыт ғана көрді. Жіберілген кейбір қателіктер туралы Д. Л. Арманданың «Нам и внукам» атты кітабында жазылған: «Қазақстан мен Батыс Сібірде тың игеру кезінде жердің толық зерттелмегендігі салдарынан қателікпен жақсы жайылымдық, бірақ егістікке жарамсыз алаңдар жыртылып жатқан да жағдайлар болды.

Оған құмды жерлер мен сортаңдардағы, құламалы еңістердегі жайылымдар жатады. Егістік жеріне айналғанда олар өте аз өнім беріп, эрозияның, дефляция мен ары қарай тұздану құрбаны болатын. Ал, қожайындар түбегейлі мелиорациялау мен жерді арнайы тәсілдермен өңдеудің орнына оны жылы жауып қоя берді».

1989 жылы публицист Сергей Баймұхаметов «Поле битвы» мақаласында тың игерудің салдарлары қандай болғандығын ашып көрсетті. Оның айтуынша, «қырық екі миллион гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды. Аумағы бойынша бұл Франциядан кішірек және Бельгия, Голландия, Дания, Ұлыбритания мен Португалиядан үлкендеу. Бірақ бұл тек жыртылған жер ғой, яғни соқаның жүріп өткен жері ғана. Ал, оның салдарлары барлық жақын территорияларда көрініс табады...».

Бірнеше жылдардан кейін гумус қабатының

жұқаруына, топырақтың құрғауына, жел және су эрозиясына, жер асты суы деңгейінің төмендеуіне алып келген тың және тыңайған жерлерді асыра игеруден де көлемдірек экологиялық апаттарды айтуға барлық негіз бар.

Айтарлықтай үлкен территория жапа шекті. Шөлдену тарала бастады, климаттық жағдай нашарлай бастады. Себебі, топырақ қабатының әлсізденуі, көлдердің тартылуы, жер асты суы деңгейінің төмендеуі нәтижесінде жер беті қаттырақ қызып, күн сәулесін белсендірек қайтарады. Жоғары атмосфералық қысым зоналары құралады, құрғақ қызған ауа жаңбырға кедергі жасай отырып, жоғары көтеріледі. Ал сирек қатты құйындар эрозияны одан әрі күшейте түседі [6].

Орталық Азия аймағы бұрынғы КСРО мемлекеттерінен тұратыны белгілі. Ал, қырғи қабақ соғыс кезінде КСРО өзінің ядролық Семей полигонын ашты.

Семей ядролық полигоны КСРО Министрлер Кеңесінің шешімімен 1947 жылы 21 тамызда ашылды. 1949 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигонында бірінші сынақ жасалды. Бұл Қазақстанның ядролық қасіретінің басы еді, ол 40 жылдан астам уақытқа созылды. Республика жерінің түгеліне жуық полигонға айналды – сынақтар Каспийден Алтайға дейін барлық облыстарда өткізілді. Қазақстан аумағында барлығы жиынтық қуаты 50 мегатоннан асатын 470 ядролық жарылыс жасалды.

Бұл сынақтардың салдарлары Қазақстанның Семей облысына қасіретті болды. Жергілікті халық сынақ кезінде де, одан кейін де ластанған жерде, радиация астында өмір сүрді. Сынақтар ауыл шаруашылық жерлер мен жайылымдардың, ауыз судың ластануына, шөлденуге, ауыр сырқаттарға, атап айтқанда, обыр ауруының бірнеше түрлеріне, жүрек-тамыр ауруларына, аскорыту, тыныс алу органдарының ауруларына, сонымен қатар, жаңа туылған сәбилердің дамуында артта қалу мүмкіндігінің өсуіне алып келді. 1997 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы халықаралық қауымдастықты Қазақстан үкіметіне полигонда ядролық сынақтар салдарларын жоюға көмек көрсету 52/159 М резолюциясын қабылдады.

«Возрождения» аралы Қазақстан мен Өзбекстан арасында Арал теңізінде орналасқан. 1936 жылы арал кеңестік Қорғаныс министрлігі қарауына Қызыл Армия ғылыми медициналық институты полигоны ретінде көшкен болатын. Оның оқшау орналасқандығы мұнда 1952-1992 жылдар аралығында биологиялық агенттер және аэрозольдармен, сонымен бірге, топалаң, оба және шешек агенттерімен тәжірибелер жасауға мүмкіндік туғызды. 1992 жылы полигон ресми жабылғаннан кейін Ресей мен АҚШ әскери мамандары аумақты залалсыздандыру бойынша біріккен әрекеттерді бастады. 2001 жылы қазанда АҚШ Қорғаныс департаменті мен Өзбекстан Қорғаныс министрлігі келісімге қол қойды. Оған сәйкес қауіптерді жою бойынша ынтымақтастық бағдарламасы шеңберінде қалдық споралар-

ды құрту арқылы қоршаған ортаға және адам денсаулығына төніп тұран қауіпті жоюға 6 миллион АҚШ доллары бөлінді. Аталған аурулар спораларының кеміргіштердің топырақ арқылы тарату қаупі Арал теңізі көлемінің азаюымен және арал мен жағалауды жалғастыратын дәліздің пайда болуымен күшейді. Оның үстіне дәліз ұлғайып келеді [7].

Орталық Азияның дамуына кедергі жасайтын бұл экологиялық мәселелерді аймақ мемлекеттерінің қаржы жеткіліксіздігі мен қажет тәжірибенің болмауына байланысты халықаралық қауымдастыққа жүгінуге мәжбүр. Дегенмен, халықаралық ұйымдар мен дамыған мемлекеттер де аймақтағы экологиялық мәселелерді шешуге ынталарын білдіруде.

Қазіргі таңда аймақта UNEP, БҰҰ Даму бағдарламасы, GEF, ТАСИС, ЕЭК, USAID, ЭСКАТО, АДБ ұйымдары мен қаржылық құрылымдары техникалық және қаржылық көмек көрсетіп келеді. Әсіресе, Арал теңізін қалпына келтіруге, Семей полигонының зардаптарын азайтуға, шөлденумен күресте бірқатар бірлескен әрекеттер жасалды. Аймақта халықаралық ұйымдар мен қорлар қолдауымен Аралды құтқару халықаралық Қоры, Аймақтық экологиялық орталық құрылған.

Сонымен қатар, аймақ мемлекеттері халықаралық экологиялық келісімдер мен конвенцияларға қосылған. Олардың қатарынан: ХХІ ғасыр Күн тәртібі, БҰҰ шөлденумен күрес конвенциясы, Климат өзгеруі бойынша БҰҰ шекті Конвенциясы, Киото протоколы, т.б. Орталық Азия республикалары «Еуропа үшін қоршаған орта» үдерісіне, Азия және Тынық мұхит мемлекеттерінің қоршаған ортаға байланысты Министрліктер конференциясына қатысады. ЕО Орталық Азия арасында тығыз қатынастар ЕО-тың және Германияның Орталық Азиямен серіктесу стратегияларынан байқалады.

Аймақтың өз ішінде де экологиялық бағытта ынтымақтасу байқалады. Оған мемлекеттер арасында жасалған келісімдер мен аймақтық ұйымдар (ТМД, ШЫҰ) ішіндегі қадамдар мысал бола алады. Республикалар қоршаған ортаны қорғауға қатысты заңнамаларын бекіткен, бірқатары әрекет жоспарларын жасаған.

Орталық Азияның мемлекеті ретінде Қазақстан да осы экологиялық үдеріске қатысып келеді. Оның үстіне Орталық Азияның біраз экологиялық ошақтары (Семей полигоны, басқа да КСРО кезеңіндегі биологиялық, химиялық полигондар, Байқоңыр ғарыш айлағы, Арал теңізі, т.б.) Қазақстан территориясында орналасқанын да ескеру қажет.

Қазақстан Республикасы 1995 жылғы Конституциясында жағымды экологиялық ортаға адамның құқығы бекітілген. Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан экологиялық заңнамасын жасап, толықтырып, жетілдіріп келеді. Соңғы уақыттарда еліміздің экологиялық жобаларға назары ерекше

ауа бастады. Оған басты себеп – Қазақстанның ЕХРО-2017 көрмесін өткізуге мүмкіндік алуы. Осы көрменің тақырыбы ретінде Қазақстан баламалы энергия көздерін алды. Яғни, Қазақстан көмір, мұнай, газ секілді энергия көздері болып келе жатқан жанармайлардың шектеулі ресурс екендігін, әрі оларды өндіру мен қолданудағы қоршаған ортаға тиер зияны көп екендігін мойындады. Олардың орнына экологиялық тиімді күн, жел энергиясын алу жаңа тәсілдері келетін болады. Дамыған елдерде бұл тәсілдерді қолдану біраз бұрын басталғанымен әлі де жетілдіріліп келеді. Ал, ЕХРО-2017 көрмесі арқылы Қазақстан бұл жаңа тәсілдерді елімізге ендіруді көздеп отыр. ЕХРО-2017 көрмесіне қатысты тағы бір қуантарлық жаңалық «Жасыл экономика» тұжырымдамасының жасалуы болды. Ол бойынша елімізде табиғи ресурстардың жағдайын жақсартуды, су мәселесін шешуді қарастыруда. Бұл тұжырымдама еліміздің экологиялық дамуына серпіліс береді деген ойдамын. Оның үстіне, өткен жылы Президент Н.Назарбаев халқына Жолдауында «Қазақстан-2050» Стратегиясын жариялады. Стратегияда экологиялық салаға көп көңіл бөлінген. Мұның бәрі республикамыздың экологиялық саясаты дамып кел жатқандығын көрсетеді.

**Айсұлу ӘЛМАШ,
Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ 4-курс студенті**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Проблемы использование водных ресурсов государствами Центральной Азии. Иностранная печать. Серия Экономический и научно-технический потенциал /ВИНИТИ. 2002. - N 1. - С. 8-9.
2. Бушков В. Водные проблемы Центральноазиатского региона. // <http://kungrad.com/ara/ekology/water/>
3. ВСУР Региональный экологический центр Центральной Азии «Центральная Азия на пути к устойчивому развитию» сборник. - Алматы, 2002. – С. 5.
4. Водные проблемы Центральной Азии: Монография / К.Л. Валентини, Э.Э. Оролбаев, А.К. Абылгазиева; МИСИ при ПКР, Социнформбюро, фонд им. Ф. Эберга в КР. - Бишкек. - 2004 - 142с.
5. Социально-экономическая стабильность и продуктивность воды: продовольственная и водная безопасность в Центральной Азии// http://www.icwc-ara/uz/workshop_march08/report.htm
6. Баландин Р.К. Полигоны смерти? Сделано в СССР. – М.:Вече, 2008. – 80 с. – С. 13-25.
7. Environmental Performance Review of Kyrgyzstan. Geneva: United Nations Economic Commission for Europe. Global Security Org. 2003.



Мендолла ШАМУРАТОВ,
журналист

ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ ҰЯТЫ ҚАЙДА?

Бүгінде өмірімізді ұялы байланыссыз елестету қиын. Қалта телефонымызға тәуелділік деңгейіміздің өскені сондай, бір күні оны ұмыт қалдырсак, қоршаған ортамен байланыссыз қалғандай күй кешетініміз рас. Еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін «соткасыз» жүрмейтін болды. Бұл бейнелі түрде айтылған теңеу емес...

ҚР Статистика агенттігінің мәліметі бойынша елімізде қазір 17,0 млн. халық тұрады екен. Ал, ұялы байланысты қолданушылар ретінде тіркелген абоненттер саны 29,19 миллионға жеткен. Бұл статистика агенттігінің биылғы жылы наурыз айында тіркеген мәліметі. Ел тұрғындарының ұялы байланыспен қамтылу деңгейі 172 пайызға жетіп отыр. Таңдай қағарлық-ақ көрсеткіш. Осы мәліметтерге қарап, тұрғындардың кемі екі-үш сим-картаға иелік ететінін болжау қиын емес. Әйтседе, бізде ұялы байланыс өз деңгейінде дамыған, оның қызмет ақысы көкейге қонымды деп айта алмаймыз. Былай қарағанда, Қазақстанда қалаларды айтпағанның өзінде ауылдардың өзі ұялы байланыспен қамтылып жатыр. Қолға тиген соңғы мәліметке қарағанда ел аумағының 95 (!) пайызында ұялы байланыс бар. Сонда неге бізде ұялы байланыс дамыған деген тұжырым жасауға келгенде тіліміз күрмеле береді?

Қолымызға кездейсоқ түскен «Global Information Technology Report 2013» бүкіләлемдік экономикалық форумының мәліметтеріне сүйенсек, еліміз аумағының 95 пайызын ұялы байланыспен қамти отырып, қызмет көрсету тарифы бойынша әлемде 42-ші позицияда екен (0,19\$). Бір айта кететін жай, ұялы байланыс қызметінің тарифінде Ресей бізден кейінгі 46-шы позицияны (0,19\$) иеленеді. Ал, Молдова 76-шы (0,31\$), Тәжікстан 66-шы (0,27\$) по-

зицияда. Бауырлас ел Қырғызстаннан, біз, тіпті кейінге қалғанбыз. Айыр қалпақты ағайындар Бүкіләлемдік экономикалық форум рейтингінде 31-ші позиция (0,16\$) иеленеді. Украина болса 2-ші позицияға (0,01\$) жайғасқан.

Бізде ұялы байланыс нарығының дамуы кейбір көрші елдерден неге кейіндеп қалған? Мамандар бұған қатысты бірнеше факторды алға тартады. Оның ең бірінші сатысында демографиялық ахуал тұр. Жоғарыда еліміздегі халықтың нақты санын келтірдік. ҚР Статистика агенттігінің мәліметі халықтың жылдық орташа өсімі бізде 1,7 пайыздан аспайтынын көрсетеді. Бұл жылына шамамен 263,3 мың адам. Яғни, халықтың өсімі тым баяу деген сөз. Осы көрсеткіштерге қарап бізде ұялы байланыс нарығы өзінің шарықтау шегіне жақындап келеді деп айтуға толық негіз бар. Екінші себеп, елімізде Интерконнектің жылдық мөлшерлемесі тым жоғары. Интерконнект деген бір ұялы байланыс операторының өзінің желісінен тыс басқа байланыс операторымен арадағы өзара қосылуы үшін алынатын төлем. Мысалға алсақ, Билайн абонентіне Кейсел операторы абонентімен сөйлесу құны тым қымбатқа шығады. ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігі зерттеуіне назар салсақ, біздегі Интерконнект мөлшерлемесі 13,02 теңге көлемінде екенін көреміз. Ал, мәселен, ТМД елдерінде мұндай мөлшерлеме 3-5 теңгеден аспайды. Көріп отырғаныңыздай, айырмашылық екі еседен де жоғары.

Ұялы байланыс нарығын дамыту жолындағы үшінші фактор ретінде елдегі бюрократизм атап көрсетілген. Өйткені, бізде радиоэлектронды құралдарды пайдалануға рұқсат беретін құжаттарды алу тым ұзаққа созылатын процесс көрінеді. ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің мәліметіне сүйенсек, бізде радиочастоталық ресурс жетіспейді екен. Мұндай ресурстың 90 пайызын әскери қызмет иеленіп алған. Ұялы байланыстың отандық нарығын дамытуға тағы бір кедергі, ұялы мен тұрақты байла-

ныс операторларының арасындағы техникалық мәселелерге келіп тіреледі. Дәлірек айтқанда, бұлардың арасында бірыңғай есеп трафиі жоқ, сондай-ақ, жергілікті телефон байланысы мен ұялы байланыс операторының тікелей қосылу мүмкіндігі мүлдем қарастырылмаған.

Тар нарықтың тәлкегі

ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің бізге берген мәліметіне көз салсақ, елімізде ұялы байланыс GSM (900, 1800), UMTS (700, 2100) және CDMA (450, 800) үлгісінде жүзеге асырылады. Мұның ішінде GSM, UMTS үлгісінде келесідей ұялы байланыс операторлары жұмыс істейді. **Біріншісі**, бақылаушы акция пакеті «TeliaSonera» холдингіне тиесілі «Кселл» АҚ. Акциясының 47 пайызы «Fin Tur» скандинав-түрік холдингіне тиесілі бұл компания біздің нарықта Kcell, Activ және Vegaline сауда белгілерімен танымал. **Екіншісі** ресейлік «Вымпел-Коммуникация» холдингінің еншілес компаниясы «КаР-Тел» ЖШС. Оны біз Beeline сауда белгісі арқылы танымыз. **Үшінші** оператор соңғы кезде жиі ауызға іліге бастаған Tele2 сауда белгісі. Бұл сауда белгісін бізге «Мобайл Телеком -Сервис» ЖШС ұсынды.

Ал, енді, CDMA үлгісінде «Қазақтелеком» АҚ-на қарайтын «АЛТЕЛ» АҚ қызмет атқарады. Бұл компанияның еншісінде нарықта Dalacom, Pathword және City атауларымен танылған сауда белгілері бар.

ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің жылда жүргізілетін есебі республикамыздағы ұялы байланыс нарығындағы бәсекелестіктің дамымағанын дәлелдей түседі. Нарықта жоғарыда санамалап шыққанымыздай бар-жоғы төрт оператор ғана жұмыс істейді. Ұялы байланыс нарығының негізгі басым бөлігін тек екі оператор – «Кселл» АҚ мен «КаР-Тел» ЖШС қалыптастырып отыр. **Біріншісінің** еншісіне нарықтың 51 пайызы тисе, **екіншісі** 31 пайызын иеленеді. Мұндай жағдай сөз жоқ, нарыққа қатысушылардың қызмет бағасы тиімді қалыптасуына кері әсерін тигізіп келеді. **Жоғарыда айтып өткеніміздей, бізде осы азғантай операторлар арасындағы өзара қосылу тетігі де (Интерконнект) мешеу күйінде қалған. Осы Интерконнектің мөлшерлемесі 13,02 теңге, бұл өзге елдердегіден екі еседен де жоғары деп отырмыз ғой. Шындығында, бұл баға Үкіметтің**

арнайы қаулысымен төмендетілген түрі екен. Ол бұдан бұрын, яғни, 2010 жылдары 19,98 теңге болған. Үкіметіміз «Интерконнект қызметін табиғи монополиялар саласынан шығарып, бәсекелестік ортаға беру туралы» 2011 жылғы 26 тамыздағы №966 Қаулысына сәйкес қабылданған шаралар негізінде бұрынғы бағаны 34,8 пайызға төмендетуге мүмкіндік туған. Осы 2011 жылға дейін ұялы байланыс операторларының өзара қосылу тарифі бақандай 11 жыл бойы (!) ешқандай өзгеріске ұшырамағаны да таңдандырмай қоймайды. ҚР Көлік және коммуникация министрлігі мен ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің соңғы мәлімдемесіне сенсек, Үкіметіміз Интерконнект мөлшерлемесін төмендету бағытындағы жұмыстарды одан әрі жалғастырмақ ниетте. Егер, бұл шешім біртіндеп жүзеге асатын болса, санаулы жылдарда біз де ТМД елдеріндегі осы саладағы көрсеткішке табан тіреп қалармыз.

Активім, Кселлім иең осы кім сенің?

Қазақем біледі, майлы жілік ешуақытта иесіз болмайды. Оның басын ұстайтын ие де анау-мынау емес, алпауыттардың сойынан болып келеді. Kcell, Activ және Vegaline сауда белгілерін бір уысында ұстап, еліміздегі нарықтың тең жартысынан астамын жаулап алған компания – «Қазақтелеком» ААҚ-ның «GSM Қазақстан» ЖШС» деп аталады. Бұл компания бізде 1998 жылдың 30 қыркүйегінде құрылып, 1999 жылдың ақпан айынан Kcell сауда белгісімен өз қызметін бастаған. Сол жылы қыркүйек айында нарыққа Activ брендин ұсынған. 2001 жылы Қазақстанда тұнғыш рет мәліметтерді жөнелту – Ғаламторға қосылу және электронды пошта қызметі іске қосылды. Содан соң, 2003 жылы GPRS (*жалпы пайдаланымдағы радиобайланыс пакеті*) негізінде Kcell абоненттері үшін мобилді Ғаламтор, WAP, MMS сервистері пайда болды. Ал, келесі жылы Kcell өз абоненттері үшін EDGE мәліметтерді жоғары жылдамдықпен жөнелту технологиясының тұсауын кесті. Бүгінде компания LTE базалық стансасын іске қосу арқылы мәліметтерді жөнелту жылдамдығын 80 Мбит/секундқа жеткізді. 2010 жылы алғаш рет Астана, Алматы қалаларында 3G жүйесін іске қосты.

Бұдан соң 2012 жылы HSPA+ технологиясына сәйкес келетін 3G UMTS/WCDMA стандарт жүйесі енгізіліп, абоненттерге интерактивтік мультимедиялық қызметтердің барлық түрін пайдалануға мүмкіндік туған еді. «Қазақтелеком» ААҚ-ның «GSM Қазақстан» ЖШС» өткен жылы «Кселл» АҚ болып қайта құрылды. Енді, осы компанияның мәліметтеріне көз салсақ, 2012 жылдың қорытындысында еліміздің 5015 қаласы мен ауылын ұялы байланыспен қамтыған. Биылғы жылдың мамыр айына дейін тағы жүзден астам елді мекенді байланыс аумағына енгізіп, абоненттік базаны 14,1 миллионға жеткізген. 2013 жылдың алғашқы тоқсанында компания өз табысын өткен жылғы дәл осы кезеңмен салыстырғанда 4 пайызға өсіріп, кіріс мөлшерін 43 млрд. теңгеден асырып жіберген екен. Тек дыбыстық қызметтің кірісі биылғы жылдың бірінші тоқсанында 33,29 млрд. теңгені құраған. Айта кету керек, компанияда дыбыстық қызметтің үлесі жалпы кірістің 77,32 пайызын құрайды. Ал, мәліметтерді жөнелту арқылы 4,11 млрд. теңге кіріс келтірген. Компанияның басқалай кірістері, мәселен USB модемдерін, ұялы телефон түрлерін сату, акпараттық-көңіл көтеру қызметінен түскен табыс керсінше 66,93 пайызға (51 млн. теңгеден 17 млн. теңгеге) төмендеп кеткен. Бірақ, басқа жағынан алғанда компания еселенген табыс тауып жатқандықтан, әлгіндей кіріс түрлерінің төмендеуі жалпы есепте мүлдем көрінбей қалады.

Біз білмейтін Билайн

Ұялы байланыстағы екінші ірі сауда белгісі, жоғарыда айтқанымыздай, Beeline. Осы белгіні ұсынушы компания «КаР-Тел» ЖШС-ның негізі де біздің елімізде 1998 жылы Алматы қаласында қаланды. Ол кезде бұл компания белгілі түрік телекоммуникациялық консорциумының құрамдас бөлігі ретінде жұмыс жасады. Арнайы лицензияға қол жеткізген «КаР-Тел» ЖШС 1999 жылдың ақпан айында GSM стандартындағы K-Mobile жүйесін іске қосты. Сондай-ақ, K-card бренді де пайдалануға ұсынды. Кейін бұл жүйе EXCESS (ұялы байланысқа карта арқылы бірлік жүктеп, алдын ала төлем жасау) ретінде жаңартылды. Әйтседе, компания нарықтағы орнын нық айқындай алмады. Енді қалай болады деп жүргенде, 2004 жылдың 14 қыркүйегінде ресейлік «Вымпел-Коммуникация» ААҚ сатып ал-

ған болатын. Бұдан соң «КаР-Тел» ЖШС-ның бағы жанды десе болады. Арада алты-жеті ай өткенде біздің нарық үшін су жаңа бренд Beeline қызметін ұсынды. Жаңа нәрсеге жұрттың ықыласы ауған болуы керек, 2007 жылдың 1 шілдесінде компания K-Mobile мен Beeline сауда белгісін біріктіру жөнінде шешім қабылдайды. Содан кейін-ақ K-Mobile ұялы байланыс саласында өз атауын мүлдем жоғалтты. 2011 жылы ДОС деген брендті нарыққа шығарған еді. Алайда ол аса танымал емес.

Нарықтың біраз бөлігін жаулап алған Beeline, обалы не керек, абоненттеріне үнемі жаңа қызмет түрлерін ұсынуға тырысады. Мәселен, 2009 жылдың мамыр айында корпоративтік қолданушылар нарығына BeelineBusiness бағытындағы қызметті ұсынды. Бір жылдан соң Астана мен Алматы қалаларында LTE технологиясы базасында 4G жүйесін көрсетілім арқылы жариялады. Ал, 2011 жылдың бірінші қаңтарынан 3G жүйесін еліміздің барлық қалаларында қолданысқа енгізді. Қазіргі уақытта компания GSM 900/1800 стандартындағы ұялы байланыс, тұрақты телефон, FTTB және 3G технологиясы бойынша жоғары жылдамдықтағы Ғаламтор қызметтерін ұсынып келеді. Бұл компанияның да кірісі ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Биылғы жылдың бірінші тоқсанындағы есеп бойынша компания өз табысын 28,65 млрд. теңгеге жеткізген. Табысы «Кселлден» екі есе төмен болғанына қарамастан, осы жылдың бірінші тоқсанында Beeline сөйлесу құнын 32 пайызға азайтқан екен. Абоненттерінің жалпы саны 8,5 млн. адамды құрайды. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2 пайызға артық. Байқап отырғанымыздай, «Кселлге» қарағанда абоненттік базаның өсуі баяу. Компания негізінен бұрынғы клиенттерін сақтап қалуға күш салатынын байқау қиын емес.

Tele 2, нарыққа бекі!

Швециялық Tele2 байланыс операторы біздің нарықта 2010 жылдан бастап бой көрсете бастады. Оны бізде «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС ұсынып отыр. Негізінде бұл компания нарықта 2007 жылдан бар. Ол кезде «Neo» брендімен жұмыс жасаған еді. Бүгінде Tele2 Қазақстан қалаларын түгел қамтыды. Тіпті, 1000 адам тұратын шағын қалалар да бұл байланыс түрін, соның ішінде дыбыстық, жоғары жылдамдықтағы мобилді ғаламтор

қызметін пайдалана алады. Жалпы есеппен алғанда ел тұрғындарының 83 пайызы Tele2 байланыс аумағына кіреді. Тағы да биылғы жылдың бірінші тоқсанындағы есепті алып қарайтын болсақ, компанияның бұл кезеңдегі табысы 6,8 млрд. теңгеге жеткенін көреміз. Өткен жылғы табыспен салыстырғанда өсім 83 пайызды құраған. Нарыққа кеше ғана кірген сауда белгісі үшін бұл үлкен жетістік екені сөзсіз. Биылғы жылдың екінші тоқсанында Tele2 абоненттері тағы 309 мың адамға көбейген. Әйтседе, ұялы байланыс нарығына Tele2 сауда белгісінің келіп қосылуы бәсекелестік ортаға әсерін тигізе алмады. Жалпы алғанда басқа операторларда қызмет бағасы сол күйі өзгеріссіз қалды.

Арзанның аты – «Алтел»

Ел нарығындағы төртінші оператор «Алтел» АҚ бізге PATHWORD, City, Dalacom сауда маркалары арқылы таныс. «Алтел» АҚ телекоммуникациялық қызмет нарығында 1994 жылдан бері жұмыс жасайды. 2003 жылдан бастап қана нарықта ұялы байланыс пен сымсыз Ғаламтор қызметін ұсынған еді. Бүгінде ол елімізде CDMA 2000-1X стандартында жұмыс жасайтын бірден бір компания болып отыр. Сондай-ақ, Қазақстанда 2010 жылы ең бірінші 3G технологиясымен Ғаламторға қосылу мүмкіндігін ұсынған компания ретінде де ұялы байланыс тарихына енді. Бастапқы кездері PATHWORD, City, Dalacom сөйлесу құны ең арзан сауда маркасы ретінде қалың бұқараның арасына тез таралған болатын. Ғаламторға қосылу да айтарлықтай арзан болды. Бірақ, неге екені белгісіз, бәрібір абоненттік базасы өзге әріптестерінен әлдеқайда төмен. Бар-жоғы 1,04 млн. адамға әзер жетеді. Компания 2012 жылы 4G технологиясын енгізді. Содан соң, сол өткен жылдың желтоқсан айында «ALTEL 4 G» сауда маркасымен Астана мен Алматы қалаларында LTE технологиясын пайдаланушылардың игілігіне берді. Сөйтіп, бұрынғы сауда маркаларының қатарына тағы екі жаңа бренд – «ALTEL 4G», «JET»-ті қосты. Соңғысы Ғаламтор желісі.

Компанияның аудиторлық қаржы есебіне қарағанда, 2012 жылғы табыс көлемі 12,0 млрд. теңгеге әзер жеткен екен. Бұл 2011 жылғы көрсеткіштен 14,0 пайыз-

ға төмен болып шықты. Бұлай болатын себебі, абоненттік төлемнен, телефондар мен аксессуарларды сатудан, каналдарды арендаға беруден түсетін табыс көлемдері жылдан жылға кеміп барады. Бақандай бес брендті бар компанияның нарықтағы өз позициясын біртіндеп жоғалтып бара жатқанын байқау қиын емес. Бұдан бір жыл бұрын ұялы байланыс нарығының 14 пайызын иеленген компания биылғы жылдың екінші тоқсанында 4 ақ пайызын уысында ұстап қалыпты. Сарапшылардың пікірінше, «Алтел» өзінің бар ресурсын негізінен жаңа қызмет үлгілерін ұсынуға жұмсап жіберген сияқты. CDMA 2000-1X стандартындағы бірден бір оператор болғандықтан да абоненттер санын көбейту бағытына аса мән бермейтін болуы да мүмкін деген пікір де айтылып қалады. Қалай дегенмен де «Алтелдің» бар мүмкіндігі әзірге осы болып тұр. Осындайда қазақтың «арзанның тұзы татымас» деген сөзі еріксіз еске түседі.

Тобықтай түйін

Бірден айтайық, таяу жылдары еліміздің ұялы байланыс нарығында айтарлықтай өзгеріс бола қоймайды. Өзгеріс болуы үшін нарыққа жаңа «ойыншы» қосылуы тиіс қой. Біздің сараптама, енді, жаңа оператордың бой көрсету мүмкіндігін жокқа шығарып тұрғандай. Елімізде 17 миллион халық болса, ұялы байланыстың жалпы абоненттік базасы 29, 19 миллионға жеткен. Қамтылу деңгейі 200 пайызға жуықтап қалғандықтан, бізде нарықтың дамуы өзінің шарықтау шегіне жетті десек те, артық айтқандық емес. Енді, осы деңгейден төмен құлдыратып алмасақ деген қауіп бар. Ондай жағдайға жетпес үшін біздің нарықтағы төртеу (ұялы байланыс операторларын айтып отырмыз) қызмет түрлерін үнемі жетілдіріп, тиімділігін арттыруға күш салуы керек. Нарыққа ерте бастан орныққан екі алыпты (*Kcell* мен *Beeline*) ығыстыру үшін жаңа «ойыншыға» мүлдем жаңа, сапалы әрі арзан қызмет түрін ұсыну керек болады. Біздегі радио ресурстық кеңістіктің 90 пайызы әскери қызметтің еншісінде екенін ескерсек, бұл тіптен мүмкін емес жағдай екенін еріксіз мойындауға тура келеді. Сондықтан, осы күйімізден айырылып қалмасақ екен деп тілейміз де.



Айтжан АХМЕТ,
ұстаз

**Ел болам десең, бесігіңді түзе, алдымен
ананың халін біл!!!**

Мұхтар Әуезов

Бесіктен шығып, есіктен аттаған баланың тәрбиелі болмағы қоғамның алғашқы сатысы, баланың тұңғыш түсер топтық ортасы – білім ордасы. Ал, білім ордасының бесігін тербеткендер бүгін кімдер? Олардың халі нешік? Мен бүгін осы ұлы Мұхтардың ұлағатты сөзін «Ұлт болам десең, ұрпағыңды түзе, алдымен ұстазыңның халін біл!» – деп толықтырғым келеді. Оқу-ағарту ісі – болашақтың ісі. Қазіргі мектеп балалары болашақ қазақ азаматтары. Ал, сол ұрпаққа біздің қоғам толық жауап бере алып жүр ме? Жоқ.

Мен еліміз зиялыларына бір сұрақ қойғым келеді. Балаңыз қандай мектепте оқиды және балаңыздың оқыған мектебіне көңіліңіз тола ма? Бұл сұрақ зиялы атанып жүрген біраз ағамыздың жүрегін сыздатары хақ.

Себебі... ойланамыз әрине...

Ұстаз – ұлт болашағын тәрбиелеуші, бүгінгі ұстаз ертеңгі ұлттың тізгінгеріне бағыт сілтеуші.

Ақырын сөйлеп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, – деп Абай ағамыз айтпақшы, еңбегін далаға емес балаға шашар, ұрпақтың көзін ашар ұлттың ұлы ұстазы Ахметтердің бүгінгі іні-қарындастарының ілімі мен білімі қалай? Ұрпаққа берер өнегесі қаншалық? Дарыны мен жалыны, айлығы мен байлығы ше? Бұл бір емес бірнеше мақалаға жүк.

Ұстаз деген ұлы ұғымды сан-саққа жүгіртіп ақпаратты ақтарып отырсаң, аптасына кемінде бір мәселе көтеріліп келеді. Мұның өзі ұстаз орнының маңызын дәлелдесе керек.

ҰЛТ БОЛАМ ДЕСЕҢ, ҰСТАЗЫҢНЫҢ ХАЛІН БІЛ!

Мен әрі ұстаз, әрі ата-анамын. Қазақ атам айтушы еді, шымшық сойса да қасапшы сойсын, – деп, сол үшін де ұстаздың шын бағасын, күнделікті қыры мен сырын сол қазанда бірге қайнап жүрген бізден жақсы ешкім білмес. Сондықтан да, әділ-төрелігін айтуды өзімізге міндет санадық. Әділетін айтайық, жарылар өттер жарыла тұрсын, ұрпақтың болашағы былғанбаса, біздің арманның орындалғаны, міндеттің ақталғаны.

Ал, ұстаздарға айтарым, тағы да сол атам қазақ айтушы еді, қарға қарғаның көзін шұқымайды, – деп бірақ, менің сөзім шымбайларыңызға тисе де ойланыңыздар, біз қарға емес шындығын айтар адамбыз ғой.

Кешегі ұстаз

Елдің ертеңін тәрбиелеген ұлы тұлғалар, кешегі қоғамның ең зиялысы еді. Адамдық сананың қалыптасқаннан бастап көргені көпті ұстаз тұтып, шешендердің соңына еріп ұрпағы өскен ел едік. Ауылға алыстан ақын, шешен, не би келсе болашағынан үміт күттірер бір баласын жетектеп келіп әңгіме тыңдатып, үйіне қондырып баласына тәрбие бергізетін дәстүр жалғасқан ұлы халық едік. Баланың алғашқы ұстазы атасы мен әжесі ертегімен тәрбиелеп тыйым сөздерімен тыйып, салт-дәстүрмен тәлім беріп отырушы еді. Одан кейінгі ұстазы ауылдың ақыны, сөзмер шешені, әйтпесе игі жақсысы болатын. Олардың бәрі ауызша сауатын аштыратын, нақтырақ айтсақ, ұрпақтың санасын оятып, ойлантатын. Одан кейінгі ұстаздар ауылдық медреселердегі хат танитын молдалар және алыстан оқып өздігінен сауатын ашқан сол аумақтың зиялысы еді. Сол сапарды сүзіп шықсақ, қазақ қоғамында арысын айтсақ, төрелер мен хандарды жыраулар мен жыршылар, билер мен шешендер тәрбиелесе, мұғалім деген сөз енген тұста сол атақты Ыбырай, Шоқандар алғашқы болып иеленіп, сол үрдісі қазақ қоғамына жалғап алғашқы мектептердің іргетасын қалап, қазақ оқу-ағарту ісінің негізін қалап еді.

*Қалап қана қойған жоқ,
Бір Аллаға сыйынып,*

*Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге*

Ықыласпен тоқылық... – деп жар салды.
Қазақ қоғамын оқуға шақырды.

Бұл ғана емес сол ғасырда қазақ қоғамын оқуға үндеген ұлы Абай атамыз да:

*«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,*

Қолымды мезгілінен кеш сермедім»... – деп өз өкінішін ұрпағы қайталамасын деп, ұрпаққа ұстаз атанып, шәкірт тәрбиелеп кетіп еді. Одан кейінгі бір айтпаса болмайтын ұлы ұстаздар, ол – Алаш қайраткерлері еді, Ұлттың ұлы ұстазы атанған Ахметтен тартып әр алаш қайраткері әртүрлі оқулықтар жазып, қазақ оқу-ағарту ісін қолға алғанды. Анығын айтсақ, кешегі өткен ғасырдың аяғына дейін ұстаздардың дені, тәрбие мен тәлімді қолға алғандар ұлттың сорпа бетіне шығар қаймағы еді.

Ахмет Байтұрсынұлының: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктер түзелгенде оқумен түзеледі. Оны түзететін – білім мен білікті ұстаз» деген сөзінен-ақ оқыту ісін Алаш қайраткерлерінің басты бағытта ұстағаны көрінеді.

Бүгінгі мектеп және мұғалім

Солардың заңды жалғасы бүгінгі ұстаз кімдер? Олар кешегі қоғамдағыдай ұлт зиялысы міндетін атқара ала ма? Өзгелер зиялы деп қарай ма? Мектеп ше? Ойланып көрелік. Білімсіз халықты басқару және айтқанға көндіру ең оңай жұмыс санаған өзгелердің отарлық саясаты келгелі білім ордасы да азды, аздырды. Ұстаздың ұлағаты азайды. Ұрпақтың ұяты әлсіреді. Ұстаз деген аттан, мұғалім деген есімге қарай сырғыған тәрбие мен тәлім иесі тәрбиені бере алмастай күйге түсті. Қоғамның тұлғасы болу емес, қара басының қамынан аспайтын дәрежеге жетті. Ұстазының алдын кесіп өтпейтін кешегі қазақ қоғамынан, ұстазын адам қатарына санамайтын санасыз күйге жеттік. Ұстаздың мәртебесі мен мәні кетті. Бұл іске кінәлілердің алғашқысы, айтуға оңай жүйе, келесісі қоғам, соңғысы ұстаздардың өзі. Себебін ізделік:

Жүйе дегеніміз:

– Ұстаз мамандығын ұлықтай алмаған, басты назарда ала алмаған, қоғамдағы мәртебесін анықтап бере алмаған білім саласының біліксіздігі.

Қоғам дегеніміз:

– Өзі болған бала әкесін танымайды дегендей толып білімін жинағандар, қоғамның

әр саласындағы ат тізгінін ұстаған игі жақсылар ұстаз туралы ұмытты. Өскен мектебі туралы ойлануды азайтты. Ұлт зиялылары мектеп өмірінен алыстады. Ұстазды көзге ілмейтін күйге жеттік, мектепте таяққа жықсада елемейтін болдық. Қосылып жамандайтын болдық (сол жандарды мектепке әкеліп бір апта мұғалім етсе ғой, басынан кешсе қадірін білер ме еді).

Ұстаздардың өзі дегеніміз:

– Қадірі қашқан мамандыққа білікті бармайтын болды. Қарынның қамын ойлағандар ақшаны кім жақсы төлесе, кім жұмсақ орындық сыйласа соған қарай жүгірді де, ұстаздар дегеннің көп сандысы біліксіз, білімсіз күйге жетті. Өзі оңала алмай жүрген мамандықтың одан әрмен құты қашты. Сонымен, бүгінгі қоғамның ұстаздар (*бәрі емес әрине көп сандысы, өкінішке орай ащы да болса шындық*) мамандық иелерінің ең төменгі сатысы болып, ең нашарлар, сырттай білім алғандар, әйтпесе сатып алғандар мен танысы барлар ұстаз атанып, ұлт болашағын ұсақтатып барады.

Сөзіміз дәлелді болсын:

Бірде 30 жылдан астам уақытын мектепте өткізген ұстаздан балаңызды қазіргі мектептерде оқытқыңыз келе ме – дегенімде әлгі ұстаз:

– Жок, көңілім толмайды, – деген еді. Өзі ұстаз болып жүрген, өз баласын оқытқысы келмейтін ұстаздың бұл сөзі біраз шындықтың бетін ашса керек (*Ал, мен өз баласын оқытқысы келмей, ал, өзгенің баласын оқытуы қылмыс дер ем*).

Қат-қабат қағаздардан ғана бас алмайтын бүгінгі оқыту жүйесінің шындығы мынаған келіп тіреледі:

– Бүгінгі күні ең үздік ұстаз – ештеңе сөйлемесе де, бәрін жазып қоятын ұстаз; ең үздік сабақ беруші, ол – қағазда сабақ даярлаушы. Яғни, ең үздік ұстаз, ол өтірікті шындай, ақсақты тындай етіп қағазға түсіруші. Баланың тағдыры емес, басқарманың тексерісі ойландырады. Ал, бүгінгі мектеп – керексіз қағаздардың мұражайы!!!

Әрине ойланатын жағдай...

Ұстазға тағылған айыптардың анығы мен қанығы

Бүгін ұстаздарды әркім сынап мінейтін болды, сынаған сайын сыны қашты, өзін ұстаз болғандықтан да, бүгінгі біздерге тағылған айыптардың анығы мен қанығын анықтап бергім келді. Турасын айтайық. Өйткені, бұл іс ұлттың болашағы.

Бірінші айып:

– Мұғалімдердің білімі нашар. Бұл айыптың келісетін жағы да, келіспейтін

жағы да бар. Келісетініміз кезіндегі арманымен ұстаз болған, мол білімімен келген қауым бұл күні зейнетке кетті немесе бүгін, ертең деп отыр. Ал, нарық заманына келіп, тұрмыс таксіретін қуғалы үздіктеріміз ұстаз болудан үзілді-кесілді бас тартып, орташалар мен одан кейінгілер (оның өзінде басқа жұмыстың тізгіні бұйырмағандар) ұстаздыққа келді. Өйткені, нарық заңдылығы бойынша ақшасыз жерге ақымақтар барады. Сонысымен ащы да болса шыны керек, өз пәнін төрт түгілі үшке әрең білетін шала сауатсыз ұстаздардың қарасының қалыңдағаны да өтірік емес. Ойланатын жағдай әрине.

Үйдің отағасының басты міндеті отбасын асырау болғандықтан, ер азаматтардың ақша табу басты мақсатына айналып, мектептердегі ер мұғалімдердің саны 10% - ға жетпейтін күйге жеттік те, тәрбиені тек әйелдер айналысты. Бұдан барып қыз мінезді, нәзік ер балалар көбеюде. Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби бабамыз: «Адам да гүл сияқты жақсы күтіп, баптап тәрбиелемесе қурап қалады» – деген екен. Иә, шындық. Әр адам күнделікті ізденіп тұруы шарт. Оның ішінде ұстаздар ең ізденімпаз болуы керек. Ал, отбасының тірлігімен, қат-қабат қағаздан аса алмайтын нәзік жанды ұстаздарымыз бен аз санды ұстаз атанған ер азаматтарымыздың іздену түгілі, білмегенін іздеуге де мұршасы келмейтін күйге келді. Олай болса, білімді ұрпақ келмейтін, келсе де жалғасты іздене алмайтын бұл мамандық иелері нашарламай кім нашарласын. Осындайда қат-қабат қиыншылықты жеңіп, үздік шәкірттер тәрбиелеп жүрген ұстаздарға басыңды иіп ілтипат көрсетпеске шараң жоқ. Тек жатсаң, тұрсаң сол аз санды білімділер мектептен алыстамаса екен деп тілейсің.

Келесі айып:

– Тек ақша жинағанды біледі, әрі қосымшаға ақы талап етеді. Бұны да екі жақты қарастырған абзал. Бір жағы, айлығы шайлығынан аспайтындар, әр тапсырманы орындауға қалтасынан ақша шығара бергенге қайдан дәрмені жетсін. Онсыз да аз ғана айлық. Әрі нарық қоғамында сағаты санаулы жандар тіршілік үшін отбасы мұғалімдік (репититор) істеуі де заңды. Оның үстіне сапасы нашарлаған, білім жүйесінде талабы ауырлаған қоғамда мектептегі міндетті білім ізденушінің қажетін қанағаттандыра алмасы хақ. Сондықтан, білігі жеткен мұғалімдер қосымша бұл саланы табыс көзі етері заңдылық та.

Екінші жағы: онсыз да жүгі ауыр ұстаздар жүгін ауырлатып жалақысын көбейту үшін көптеп сағат алады, қосымша

және береді. Бұл сабақтың өнімін нашарлатады. Бірақ, амал не? Жалақы құрғыр жетпейді, ақша көптік етпейді.

Үшінші айып: ұсақ-түйек өсек деңгейінде.

Негізі ұстаз деген ұлы тұлғаны бұл деңгейге түсіру қасірет болса керек. Өйткені балаңыз сіз жамандап отырған адамның сөзін ешқашан тыңдамайды, оны сыйламайды. Сол деңгейде тәрбиесіз тәлімсіз ұрпақ ер жетеді.

Ұстазын ойламаған ұлттың болашағы бұлыңғыр

Осы күні ұстаз деген ұғым кімді ойлатады? Ұстаздыққа кімдер барады деген сұраққа жүгінейікші. Осы жерде мектепте болған мына бір оқиғаны кірістіргім келеді. Бірде бір апай, өзіне көп көмектескен бір оқушыға:

– Балам, мұғалім бол, – деген еді. Әлгі оқушы шошынғандай:

– Апай, қарғамаңызшы, – дейді. Сонда, біз ұстаз бол деген ұлағатты сөзді қарғыс деңгейіне түсірдік. Осыдан барып ұстаздық құн әлсіреді.

Бүгін кімдер ұстаздық мамандыққа түседі?

Бірінші: Байқамай, ақыл беретін адам болмай, ұстаздық мамандыққа түсіп кеткендер, бұлар біршама жақсы оқығандар, бірақ өз ақылы толғанда дипломы бойынша мамандығын жалғастырмайды көп сандысы. **Екінші:** Басқа мамандыққа ҰБТ-да алған ұпайы жетпей ұстаздықты амалсыз 3-ші не 4-ші мамандыққа таңдағандар (ең төмен балмен түсуге болатын мамандық болғандықтан). Ал, енді күтіңіз. Сіз өзі үшке немесе екіге оқығандар балаңызды беске оқытады деп. Бұл ертегі. **Үшінші:** Тек диплом үшін оқитындар. Бірақ, жақсы жері мұндайлар мектепке мұғалім болып бармайды. Бұған дәлел, бірде, жақын досым ауылдағы өзі оқыған мектептің жайын айтты. Оның айтуынша, 400-ден астам бала оқитын ауылдық мектепте зейнет жасына жеткен екі мұғалім, облыстағы колледждің күндізгі бөлімінде оқыған екі мұғалім, мемлекеттік университеттің күндізгі бөлімін тәмамдаған үш мұғалім бар екен. Ал, қалған елуге жуық мұғалім сырттай оқығандар, сатып алғандар немесе мүлде басқа мамандық оқығандар. Естіп отырып 400 баланың тағдыры үшін жылағым келді. Бірақ... мұндай ауылдар қаншама? Астаналықтардың жайы өзімізге түсінікті болғанда.

Әр бала ұстаздан тәлім алады, ал, баласының болашағы ойлантпас ата-ана

болмаса, ұстаз туралы ойланбайтын қоғам болмауы керек.

Ұстазға баға, ұрпаққа баға

*Суда жүзген кемеңіз ізі қалмайды,
Қалса да лездік толқындар легі жалмайды,*

*Басылса егер тарих бетіне ізгі ізін,
Дауыл, толқын мәңгі өшіре алмайды,*

Ізсіз қалу адамзат үшін жан қайғы, – деп жырлаған қазақтай ұлы халықтың ұрпағын тәрбиелеп, артына сансыз шәкірт, мол дарын иелерін ерткен ұстаздардың жолы – ұлы жол еді, әрине.

Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын демей ме және сол атам қазақ. Әркім жеке бастың қамымен кеткен бұл күнде, бас шаруасын бала тәрбиесіне алмастырған ұстаз қауымын ұлықтау, сыйлау әрбір өсер ұрпаққа бұлтартпас борыш болса керек. Қатқабат тірлігін қайырып қойып, үйінде бала, жұмысында және бала тәрбиелеген қайтпас қажырлы ана, дарынды ұстаздың жолы еді – біз түскен бұл шиыр. Бұл жол әр адамға өнеге жол, қайтпас қажыр сыйлайтын, бағыт бағдар беретін жол еді.

Ұлы Ыбырай, Шокан, Абайлар бастап «Ұлтты түзеу – ұрпақты түзеуден, ұрпақты түзеу – ұстазды түзеуден басталады» – деп ұлағатын сыйлаған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынан қалған ұлы жолды басып өткен ұстаздар ерлігі өз алдына бір төбе еді. Ұстаздардың басқалар назар аударар бермейтін қасиеттері де мол. Бұл қасиеттер әр азаматқа бағыт болса деген ізгі тілек бізден. **Айталық, қайтпас ерлігі, отбасының түгемес тауқыметін, мектептің шаруасымен қатар алып жүріп, қатар тербету екінің бірінің қолынан келмес ерлік. Бұл – ұстаз арманы болу керек! Өзгенің баласы деп жүріп өз баласын ұмытқан ұстаздарымыз қаншама!**

Ұстазды сыйлай білейік, ұлықтай білейік. Ал, ұлықтауға толмайтын ұстаз – ұстаз болмағаны абзал!

Ұлт болам десен, ұстазыңды түзе

Дамыған кез-келген елде ұстаз мамандығы нөмірі бірінші мамандық. Ең үздік мектеп түлегі сол мамандыққа түседі, ең жоғары жалақыны ұстаздар қауымы алады. Ең жақсы жағдай ұстаздардікі. Сол үшін де сол елдердің оқу-ағарту ісі қарыштап дамып, ғылым техникасы бізге қуып жеткізбей барады. Ал, бізде бәрі керісінше. Мен осы барыста, ұлт болам десен ұстазыңды түзе деген ұранды ұстанып, бұл мәселенің кезек күттірмейтін мәселе екенін айтқым келеді. Әрі ел ағаларының назарына мынадай шешу жолын жолға қояр ем.

Бірінші, ұстаздық мамандығын бірінші жоғары деңгейдегі мамандық дәрежесіне көтеру керек. Бұл үшін ұстаздардың жалақысын жоғарылату керек, әрі университеттегі ұстаздық мамандықта тәрбиеленіп жатқан мамандық иелеріне баса назар аудару керек. **Екінші,** ұстаздарды жаппай сынақтан өткізу керек. Мұнда жинаған және жазған қағазымен жылына бір рет әділ түрде өз мамандықтарынан емтихан алу керек. Мұнда қазіргі дәрежеде ҰБТ-ны ұстаздардың өзіне жүргізе салу жеткілікті (*Соның өзінен сүрінетіндер жетіп артылады. Қорқатындар мектепке жоламай-ақ қойсын*). Сүрінгендер мамандығын ауыстырсын немесе қайтадан кемінде бірекі жыл даярлаудан өтуі керек. **Үшінші,** қағазбастылықты азайтып, мұғалімдердің шығармашылық жұмысына мән беру керек. Мұғалімдерді өтірікке толы қалың қағазына қарап емес, шәкіртінің нәтижесімен бағалайтын күйге жетуіміз керек. **Төртінші,** қазіргі кездегі, айлық, күндік, тоқсандық курстарды жойып орнына мұғалімдерді өз мамандығы бойынша кешенді дайындайтын бағдарлы жылдық курстарды ұйымдастыру керек. **Бесінші,** мемлекеттік бақылауды күшейтіп, мұғалімдердің оқушыға өзі қойған бағасы арқылы мұғалімдерді бағаламай әр деңгейдегі әкімшілік бағалауларды жандандыру керек. Мұның өзі өтірік қағаз болып кетуі үшін жұмыс жасалып жүр бұл күні. **Алтыншы,** мұғалімдерді марапаттауды және тұрмыстық қамтамасыз етуді ұмыт қалдырмау керек. Республикалық, Халықаралық олимпиада үздіктерін тәрбиелеген және басқа да жетістікке ие шәкірттер тәрбиелеген ұстаздарды қомақты сыйлықтармен немесе тұрғын үй сияқты мәселесін шешіп жас ұрпақтың ұстаздыққа деген қызығушылығын арттыруға және ұстаздар арасындағы бәсекелестікке ұмтылуға жол ашылуы керек. Әрине, бұл жерде жемқорлыққа жол бермеу маңызды. **Жетінші,** мұғалімдікке жұмысқа қабылдауды департамент немесе әкімдік арқылы тікелей қадағалап, мұғалім боламын деген білікті мамандардың жас деген желеумен жұмыссыз қалып орнына таныстықпен кірген шала мамандарды жою керек. Әрі мемлекет бойынша сырттай бітірген әр қандай адамды ұстаздыққа жолатпаған абзал.

Ұстаз – ұлт болашағының айнасы. Сондықтан, бұл істі ешқашан ертенге қалдыруға болмайды. Ұстаздарымыздың ұлағаты кемімесін, ұлтымыздың рухы әлсіремесін, ұяты кемімесін, ұлылығы артсын десек бұл істі қоғам болып қолға алайық. Билік ойлансын!



Айман ҚҰЛПАТШАЕВА,
журналист

АДАМ АҒЗАСЫ САУДА- САТТЫҚҚА ТҮСЕТІН ТАУАР ЕМЕС

Дүниеге келгенде 12 мүшең сау болып, ішкі ағзаларың өз қызметін дұрыс атқарып тұрса, онда одан өткен бакыт жоқ. Деніңді сау етіп жаратқан Алланың бұл саған деген үлкен сыйы деп білген жөн. Ал, осынау сыйдың сұрауы да жоқ емес. Өйткені, Құран Кәрімнің «Ниса» сүресінің 58-аятында: **«Негізінен Алла сендерге аманаттарыңды өз лайық орнына тапсыруларыңды әмір етті»** – дейді. Бұлай деп ой қорытуға бүгінгі таңда біздің қоғамдағы, медицинадағы қарқын ала бастаған трансплантация жайы себеп болды. Сөз жоқ, әлемнің медицинасы қарқынды дамыған елдерінің жоқтан бар жасап беруге талпынған бұл саласы өлім аузындағы адамға керекті мүшені өзгенікінен алып, салып беру арқылы оны аяғынан тік тұрғызып келе жатқаны ертегідей көрінген. Енді біздің отандық өз медицинамыз да осы жолда аянбай еңбек етіп, тер төгіп, мамандарын шетелде оқытып, аталмыш жетістікті өз тәжірибемізге енгізіп жатқан жайы бар. Соның жарқын көрінісі деп білуге боларлық мына жайттарға назар аударып көріңіз: **Быттыр елімізде бірінші рет науқасқа донордың жүрегін ауыстырып салу операциясы сәтті аяқталды. Ал, А.Сызғанов атындағы хирургияның ұлттық орталығында 1978 жылдан бері 600-ге жуық бүйрек трансплантациясы жасалған. Бұл оңай көрсеткіш емес. Сондықтан да болса керек, біршама тәжірибе жинақтаған отандық медицинамыз өткен жылы әлем бойынша бүйрек пен ұйқы безіне трансплантация жасайтын төртінші ел атанды. Бұған дейін АҚШ, Оңтүстік Корея, сосын Италия қол жеткізген бұл жетістікті осылайша Қазақстан да енсерді.**

Жақынын жоғалтқысы келмеген әрбір жан тиынын тістеп-тірнектеп жинап, шетелде керекті мүшені ауыстырып салғызып келіп жатты. Бар қаржының сол сырт елдерде қалып жатқанына ашынбасқа тағы болмайды. Мәселен, өткен жылы шетелдерде емделуі тиіс 99 пациентке отандық клиникаларда

операция жасалған, оның ішінде 50 бүйрек трансплантациясы, 1 жүрек, 22 ересек адам мен 8 жас балаға сүйек майы трансплантациясы жасалыпты. Қазіргі кезде елімізде 4000 адамның ағза ауыстыру үшін тіркеліп, кезегі келетін сәтті асыға күтіп жүргенін ескерсек, онда олардан түсетін ақшаның өз қоржынымызда қалатынына жылы қабақ танытасың. **Ал, жоғарыда айтып өткен ойымызға оралсақ, онда ісі мұсылман үшін трансплантацияның қаншалықты және қандай жағдайда қажеттілігіне мән бермеске болмайды.**

Шариғат рұқсат етпеген үкімдердің зәру жағдайларға байланысты кей тұстарда өзгеруі мүмкіндігін ескертеді, осы сала мамандары. Мысалы, аяғы ауыр әйел адам дүние салса, құрсағындағы тірі шарананы ананың ішін жарып аман алып қалу. Өйткені, анасы қайтыс болса да, тірі бала құтқарылып, өмір сүруі қажет (Ихтияр, 4:167; Раддул Мухтар, 1:602). Осы үкімге сүйенген шариғат ғалымдары ағза мүшелерінің ауыстырылуына да оң көзқарас білдіреді. Бұл жағдайда **«көбіне қайтыс болған адамның мүшесі ғана донор ретінде берілуі тиіс»** дейді олар. Бұл жайында Каирдегі әлемдік әл-Әзһар университетінің ғалымы Ахмад әш-Ширбаси: **«Ағза мүшесі тек өмір мен өлім арасындағы адамға ғана ауыстырылуы керек.** Сонымен қатар, бұл операция туралы негізінен сол саланың білікті маманының шешім қабылдап, жасағаны дұрыс. Оған қоса, қайтыс болған адам ағзаларын беруге келісім білдірген қағаздың да болуы шарт. Келісім туралы қағаз болмаған жағдайда мәйіт жақындарының ризалығы керек. Ал, қайтыс болған адамның «мен қайтыс болғанда денеме тимендер» деген өсиеті болса, онда ешкімнің оған тиісуге хақысы жоқ. Дене мүшесі өлім аузында жатқан адамнан алынбайды. Кейде дәрігерлердің өзі үміттерін үзген адам Алланың құдіретімен қайта өмірмен қауышып жататын жағдайлар да кездеседі. Сондықтан, уақытынан бұрын өмірді тоқтату дұрыс емес» дейді. Кейде тірі адам екі бүйрегінің бірін береді. Мұндағы мақсат адам өмірін сақтау болғандықтан, ағза беру аса зәру жағдайда ғана қолданылады. Құранда кімде кім жазықсыз адам өлтірсе, бүкіл адам-

ды өлтіргенмен тең. Ал, бір адамды өлімнен құтқару бүкіл адамды құтқарғанмен тең («Маида», 32-аят) екені айтылған. **Осыған сүйенген діндарлар қансырап жатқан адамға да қан беруге болатындығын айтқан. Тіпті, қан мұсылман емес адамнан алынса да жарайды (Ясъатунака фид-дин уәл хаят, 1:604-608). Өз ағзаларын өзгелерге берген адам ол үшін ақы сұрамауы керек. Өйткені, адам ағзасы дүкенде, не базарда сатыла беретін тауар емес. Сондықтан да, адам шариғат заңынан аспай, дене мүшесін садақа, сыйлық ретінде бере алады.**

Ал, қазіргі біздің жағдайда шынында солай ма? Өкінішке қарай, олай емес. Жан тапсырған пенденің «бүгін тәнін бұзып, керегін алсақ» деген ой ғана қазіргі біздікі. Мәселен, өмірден өткен жақындарының ағзасын жарғызып, керегін беріп жатқандардың қолында сол марқұмның тілдей рұқсат қағазы бар екенін кім көрсетіп жатыр? Ешкім де. Өйткені, ең алдымен, донор болуға жақыны келісім берсе, сол жетіп жатыр. Ал, оларды біз «**бірнеше адамға өмір сыйлауға мұрындық болған жан**» ретінде теледидар арқылы дәріптеп келеміз. Егер, шындығына келгенде, осы келісімі үшін ол бір тиын да алмады дегенге кім сенеді? Сондықтан да, бұл шариғаттың «**мүшені сатуға болмайды**» деген заңын оңды-солды басып, бауырын, бір бүйрегін саудаға салатындардың қатарын көбейтпесіне кім кепіл? Тағдыр тауқыметіне қарсы тұра алмаған кейбір жандардың тағы да сол теледидар арқылы мүшелерін саудалап шыққанын естігеніміз есімізде. Осынау даулы тақырыпқа байланысты Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Құқықтану Ислам академиясының кеңесі Сауд Арабиясының Жидда қаласында өткен төртінші сессиясында «**Тірі немесе қайтыс болған адамның дене мүшелерін трансплантациялау**» тақырыбындағы құқықтық және медициналық зерттеулерінің Академияға түскен нәтижелерімен танысып, талқыға салған екен. Сондағы ортақ бір шешімге келгендері мынау болыпты:

Бірінші, адам мүшесін денесінің бір жерінен екінші жеріне трансплантациялауға операциядан күтілетін нәтиже жоғары дәрежеде болса және операцияның мақсаты жоғалтқан мүшені қалпына келтіру немесе оның формасын және табиғи қызметін қалпына келтіру болса ғана рұқсат етіледі (мысалы, қазіргі таңда жасару үшін, жыныс мүшелерін, т.б. болмайды);

Екінші, бір адамның дене мүшесін екінші адамға трансплантациялау дене мүшесін беруші адам қан немесе тері жағдайларындағыдай физиологиялық регенерация (қайта қалпына келу) қасиетіне ие болған жағдайда жүзеге асады. Бұндайда донор толығымен іс-әрекетке қабілетті болуы

және операция кезінде шариғат қағидалары сақталуы міндетті;

Үшінші, донордың ауруына байланысты одан алынып тасталынған мүшені ғана трансплантациялауға рұқсат етіледі. Мәселен, алынып тасталған көздің мүйізгек қабығын трансплантациялау;

Төртінші, адам өмірі үшін маңызды болып саналатын жүректі трансплантациялауға тыйым салынады.

Бесінші, тірі адамның мүшесін трансплантациялауға ол адамның өліміне алып келмесе де, өмірі үшін маңызды болып табылатын басқа мүшелерін асқындыратындай қолайсыздық тудыратын болса, тыйым салынады.

Ал, донорға қатысты төмендегі қағидаларды сақтауды ескертеді:

Бірінші, дені сау, ақыл-есі дұрыс, өз шешімінде тұратын болу қажет. Ислам ғұламалары дене мүшесін беруде сол зәру мүше ауруды өлімінен құтқаратын болса ғана беруге болады деп рұқсат берген. Әрине, ғайыпты білуші бір Алла, десе де, дәрігерлердің де оған көзі жету керек;

Екінші, балиғат жасынан асқан адам болуы шарт. Осы ретте ғалымдар мен дәрігерлердің бір ауыздан бекіткен жасы – жиырма бір. Жиырма бірден асқан кез келген азамат шешімді ешкімнің мәжбүрлеуінсіз өзі қабылдауына міндетті. Тіпті бұл мәселеде ата-анасы өз баласын күшпен көндіруге де хақысы жоқ;

Үшінші, донор адам беріп тұрған мүшесіне өзі қатты мұқтаж болмауы керек. Дене мүшесін бергені үшін өзі донор іздейтін жағдайға жетпеуі қажет;

Төртінші, жыныстық мүшелерді ауыстыру, алмастыру үлкен күнә болып саналады.

Өлі денеден трансплантация жасауға егер емделушінің өмірі немесе ағзасының өмір үшін маңызды қызмет атқаратын мүшесі трансплантациялауға тәуелді болса ғана рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда донордың өзі оның өлімінен кейін сондай операцияға келісімін бергендігі туралы шарт сақталуы керек. Өлген адамның кім екендігі немесе мұрагерлері анықталмаған жағдайда, трансплантация жасауға рұқсатты мұсылмандардың өкілетті басшысы береді.

Жалпы, біздің заңымыз трансплантацияны дамытуды көздейді. Оған қоса, шариғат та жоғарыда айтып өткендей мүмкіндіктерді белгілеп берді. Бірақ, бәрі де осы көрсетілген тура жолмен жүрсе жақсы. Кешігіп қолымыз жеткен мәйітке де ертеңгі күні «қайсыбір ішкі мүшелері алынып қалған жоқ па?» деген күдікпен қарап тұрсақ, қорқынышты емес пе? Десек те, бәрінен бұрын Алла тағаланың өмірмен бірге өлімді де бергенін ұмытпайық, ағайын!

Ана тілі туралы ойлар

Қазіргі қазақ тілі – небір керемет философиялық толғаныстарды да, күрделі терең ойларды да, қылдан нәзік, жібектен биязы, аяулы сезім-тебіреністерін де емін-еркін әсерлі жеткізетін көсілмелі, кең құлашты көркем тіл, «толқынын жүрегінің хаттай танытар» ғажап тілдердің бірі. Бұған барша қазақ баласы мақтана алады.

Ана тілі
Ананың құнар сүті ғой,
Ғұмыр бойы сен еметін.
Ана тілі
Халқыңның ырыс-құты ғой,
Игілігіңе кенелетін.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ.

Жалпы, түгел тәуекелге мінбей тұрып, жалқы ештеңе бітіре алмайды. Қарапайым ел деген болмайды. Жеріне, суына, тіліне, дініне, тарихына, тағдырына ие Халық деген болады. Тек сондай халық ғана есерін түзеп, еріне медет бола алады. Қорлана бермей, арлана білейік. Намыстың сөзін сөйлейік.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ.

Халықтың мәңгі ғұмыры оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін Ұлы.

Шыңғыс АЙТМАТОВ.

Қазақ тілі – аса бай тіл, икемді тіл. Орамын, бұрамын тауып, қисымын, орайын келтіріп пайдалансаң, бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, текемет оюға болады-ау. Бұл тілден май тамады десе де сияр. Халықтың тіліне, жырына құлақ салсаң не бір алуан – шекер балдай татитын нәріне, әріне әсте, тоймайсың. Ғашықпын қазақ тіліне! ... Осындай майса сұлу тілді қалай өгейсітуге болады.

Нұртас ОҢДАСЫНОВ.

Ана тілінсіз халық болмайды. Тілінен айырылған ұлт – тарихынан, түп-тамырынан айырылған ұлт. Тілсізді ұлт деуге болмайды. Тілінен айырылған халық – ата-бабасының, туған әкесі мен анасының атын ұмытқан халық. Ал ондайларды мәңгірт деп атайды.

Шерхан МҰРТАЗА.

ҚАРАША

Дс.	4	11	18	25
Сс.	5	12	19	26
Ср.	6	13	20	27
Бс.	7	14	21	28
ЖМ. 1	8	15	22	29
Сб. 2	9	16	23	30
Жс. 3	10	17	24	

*Қараша желтоқсан мен сол бір-екі ай,
Қыстың басы – бірі ерте, біреуі жай.
Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп,
Бқтырмамен күзеуде отырап бай.*

АБАЙ.

Қарашаның атасы-қыркүйек, әкесі-қазан, қосағасы-қыс.

Қараша – жылдың іңірі, қыстың босағасы.

Қараша – қара суық айы, арбамен қоштасар, шанаға топтасар кез. Күпін шешкізіп, тон кигізеді.

Қараша – «Толған Ай тұрса Үркерге қарсы қарап, қыс түсер шақырайып, боран сабап» дейтін он үш тоғыс айы.

Қарашада аспан түнереді. Жер бауырлап дымқыл тұман түседі, зілмауыр бұлттар көшеді. Күн қысқарады, ашық шуақты кез сирейді. Қар кейде жауып, кейде еріп, түнге қарай тоң қатады. Қарашада қара жерге қар түспей соққан өткір желді салқындықты – «қара суық» дейді.

Қарашаның қары-ала шабыр жолдас қар.

Қарашаның аяқ кезінде (он үш тоғыста) таутеке тауешкімен, құлжа арқармен үйірге түседі. Бұл амал «теке бұрақ (бұрқылдақ)». Бұл айда төл марқайып, мал семіреді. Күзеу тозып, жаздай мал тұяғы таптаған өріс қараяды. Жердің оты кетіп, бел-бедері күлгін тартады. Ащы шөптер ғана шырын жинайды. «Қараша – қауыс, көрі-құртанды тауыс» (мәтел) айы.

Қараша болжамы

– маса ұшырасса-қыс жылы, күн күркіресе-қаһарлы;

– ай тұтылса-келер қыс суық, ай шалқасынан туса, қар қалың түсіп, қаһарлы қыс ұзаққа созылады;

– ағаш бұтақтарын қырау басса, ертеңіне қар жауады, шөпке ызғарлы қырау қонса, жаңбыр жауады;

– қар ерте түссе, көктем ерте келеді;

– найзағай жарқылдаса, келер жаз жаңбырлы;

– кемпірқосақ көрінсе-қыс қатты, көктем жаңбырлы болғанмен, жаз ыссы, қуаңшылық.

Бірінші он күнде

– тоң қатып, салқын жел тұрса, қаңтарға дейін қар жаумайды; ағаш жапырақтары түспей, жауған қар ұзақ жатпайды; ашық күн болса – келер қыс жылы; бұлт жиі үйірілсе, желтоқсан айының ортасында қатты аяз тұрады.

Екінші он күнде

– түскен тұман тез тараса, күн жылынады; қар жауса-келер қыс қаһарлы; бұлтты және желді келсе, қаңтардың басында қар көп жауады.

Үшінші он күнде

– құдықтың суы көтерілсе – аяз тұрады; қар аралас жаңбыр жауса, желтоқсан айында күн жылынады; айдың соңғы күні, ауа райы қандай болса, қыс бойы сондай.

Нағыз қыс алғашқы қардан 40 күннен соң түседі.

МЕРЕКЕЛЕР мен АТАУЛЫ КҮНДЕР

01 – Вегетарианшылардың халықаралық күні.

02 – Ерлердің дүниежүзілік күні.

06 – Соғыс және қарулы қақтығыстар кезінде қоршаған ортаны пайдаланудан сақтаудың халықаралық күні.

7-13 – Ғылым мен бейбітшіліктің халықаралық апталығы.

08 – Мемлекеттік статистика күні.

09 – Дүниежүзілік сапа күні.

10 – Дүниежүзілік жастар күні.

13 – Халықаралық зағиптар күні (БҰҰ).

14 – Дүниежүзілік диабетке қарсы күрес күні (ЮНЕСКО).

15 – Ұлттық валюта күні.
– Халықаралық темекіден бас тарту күні.

16 – Төзімділіктің (толеранттықтың) халықаралық күні (ЮНЕСКО).

17 – Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні.

– Жол-көлік оқиғалары құрбандарын еске алудың дүниежүзілік күні.

– Иммигранттардың дүниежүзілік күні.

– Халықаралық студенттер күні.

20 – Африканың индустрияландыру күні.

– Дүниежүзілік балалар күні.

21 – Дүниежүзілік теледидар күні.

– Халықаралық ғылым мен бейбітшілік аптасының басталуы.

– Дүниежүзілік құттықтау күні.

23 – ҚР жол полициясы күні.

25 – Әйел зорлауды жоюдың халықаралық күні.

26 – Ақпараттың дүниежүзілік күні.

29 – Палестина халқымен ынтымақтастықтың халықаралық күні.

МЕРЕЙТОЙЛАР

01 – Жазушы-педагог Спандияр Көбеевтің туғанына 135 жыл (1878-1956).

– Заң ғылымының докторы, профессор. Қазақстан ҒА-ның академигі Мұрат Баймаханов 80 жаста.

02 – Сыншы Бақыт Кәрібаева 70 жаста.

04 – Әдебиетші ғалым, педагог Ахматбек Кіршібаевтың туғанына 80 жыл.

07 – Қоғам қайраткері, журналист Қайретдин Болғанбаевтың туғанына 120 жыл (1893-1987).

– Жазушы, драматург Өтен Ахметов 75 жаста.

08 – Әдебиет зерттеушісі Көбей Сейдаханның туғанына 80 жыл (1953-2002).

10 – Ақын Нұтфолла Шәкеновтың туғанына 80 жыл (1928-1983).

11 – Шоқанның әжесі, айтулы қайраткер Айғаным Сарғалдаққызының туғанына 230 жыл (1783-1853).

20 – Филология ғылымының докторы, профессор, ақын Тұрап Айдаровтың туғанына 80 жыл (1928-1996).

27 – Доптаяқтан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Саян Шаймерденовтың туғанына 60 жыл (1953-2002).

28 – Ақын Айманкүл Тәжібаеваның туғанына 125 жыл (1888-1952).

ОҚИҒАЛАР

02 – Бұдан 85 жыл бұрын (1928) Адай көтерілісі басталды.

03 – Бұдан 20 жыл бұрын (1993) Мәскеуде Ресей мен Қазақстан премьер-министрлерінің кездесуінде Қазақстанның сом аймағынан шығатындығы туралы шешім қабылдады.

05 – Бұдан 20 жыл бұрын (1993) Қазақстан Президенті «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Жарлығына қол қойды.

08 – Бұдан 40 жыл бұрын (1978) Л.И.Брежневтің «Тың» кітабы жарық көрді. Онда Қазақстан, қазақ ұлты жайлы өте жақсы пікірлер айтылған.

11 – Бұдан 80 жыл бұрын (1933) Қазақстан ҒҚА-ның Әдебиет және Өнер институты құрылды.

13 – Бұдан 20 жыл бұрын (1993) ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығы мен Елбасының Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына, барлық халықтарына Үндеуі баспасөзде жарияланды.

15 – Бұдан 20 жыл бұрын (1993) Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – теңге енгізілді.

27 – Бұдан 50 жыл бұрын (1963) Алматыда М. Әуезовтың мұражай үйі ашылды.



СОДЕРЖАНИЕ

Мухтар Ауэзов. Обращение к сверстникам, которые учатся.

Н. Назарбаев. «Евразия в XXI веке: лидерство через обновление»

Сайн Борбасов. Основные направления внешней политики Казахстана.

Жания Абдибек. Проблема нынешнего казаха.

Ергали Омаргазы. Мы являемся полиэтническим, но в то же время однопациональным государством.

Сабетказы Акатаев. Стыдно ли быть националистом?

Жарылкасын Боранбай. «Берекет, то что сказано тебе, а пусть будет уроком для других».

Сейлбек Мусатаев. Не пойдут ли казахи на поводу другой культуры и цивилизации

Назгуль Сапиянова. Почему Сакен и Назир не смогли прийти к соглашению?

Саясат Кокенай. Разница между понятиями саяфы и саяфиты.

Бекжан Бейсенбай. Кто построил пирамиды?

Бүлат Жүнісбеков. Пройти огонь и воду.

Сейфолла Оспан. Нравственные качества Тахауи Ахтанова.

Бердали Оспан. Из жизни великих.

Едил Жаныршин. С аула Актау до города Актау

Сәрсен Бек Сахабат «Актолгай», которому есть много чего сказать.

Сайлау Байбосын. Два произведения по одному сюжету или о дастанах «Жантай батыр» и «Батыр Баян»

Курмангали Даркенов. Соболезнования поэта Кудери

Айсүлу Альмеш. Экологическое состояние Средней Азии.

Мендолла Шамуратов. Есть ли совесть у сотовых операторов?

Аятжан Ахмет. Если хотите быть нацией, надо заботиться о здоровье своих учителей.

Айман Күлпатшаева. Человеческий орган не является товаром, предназначенным для торговли.

Год-двенадцать месяцев. Ноябрь.

Содержание журнала на русском и английском языках.

CONTENT

Mukhtar Auevov. Appeal to contemporaries who are studying.

N. Nazarbayev. Eurasia in the 21st Century - Through Renewal to Leadership.

Sain Borbasov. The main directions of the foreign policy of the Republic of Kazakhstan.

Janiya Abdibekov. The problem of the present-day Kazakh.

Yergali Omargazy. We are a multi-ethnic but one-nation state.

Sabetkazy Akatayev. Is it considered shameful to be a nationalist?

Zharylkasyn Boranbai. "Bereket, I say it to you, and others need to pay attention too".

Seilbek Musatayev. Are not the Kazakhs going to be tied to the chariot of different cultures and civilization?

Nazgul Sapiyanova. Saken's response to Nazir's criticism.

Sayasat Kokenay. Difference between the concepts Salaf (predecessor) and Salafists.

Bekzhan Beisenbai. Who did built the pyramids?

Bulat Zhunisbekov. Go through fire and water?

Seifolla Ospan. Moral qualities of Takhaui Akhtanov

Berdaly Ospan. Life stories of great people

Yedil Zhanbyrshin. From the village Aktau to the city Aktau.

Sarsen Bek Sakhabat. "Aktolgai" that has a lot to tell

Sailau Baibosyn. Two great poetries with one and the same plot about poems "Jantai batyr" and "Batyr bayan".

Kurmangali Darken. Kazakh bard Kuderi's words of sympathy and condolence.

Aisulu Almesh. Ecological condition of Central Asia
Mendolla Shamuratov. Where is the conscience of mobile operators?

Ayatzhan Ahmet. If you want to be a nation, start with inquiring about the health of your teacher.

Aiman Kulpatshayeva. Human organs are not for trading
Year - twelve months. November.3

The table of content of the magazine in Russian and English languages.

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. **Факс:** 8 (7272) 394-37-62. **электронды адрес:** akikat1921@mail.ru
www.akikatkaz.kz

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 09. 2013 ж. қол қойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ: *Техникалық редактор* – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, *Корректор* – Айгүл МАҚАТАЕВА, *Компьютер операторы* – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР – Ораз ҚАУҒАБАЙ.

Мұқабаның бірінші бетінде: Мәдина Ахметова. «Сүндет той».

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.

Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.